Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ: 811.512.1ʼ1

Қолжазба құқығында

ИЛЬЯСОВА НАЗГУЛ БУЛТИРИКОВНА

«Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің (XII ғасыр) лингвотекстологиясы

6D020500 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесші:
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент
Б.Р. Кулжанова

Отандық кеңесші:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Ж.Қ. Түймебаев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
докторы, профессор Гүрер Гүлсевин
(Измир, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 4

1 АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «ҺИБАТ-УЛ ХАҚАЙИҚ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ..... 12

1.1 Түркітанудағы лингвотекстология..... 12

1.2 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші нұсқалары және зерттелу тарихы..... 26

1.3 «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктер..... 37

1.4 Қыпшақ, оғыз тілдеріне тән сөздердің өзге сөздермен (араб, парсы, оғыз, қарлұқ) ауыстырылуы..... 49

1.5 «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттер..... 83

1-бөлім бойынша қорытынды..... 95

2 АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «ҺИБАТ-УЛ ХАҚАЙИҚ» А, Ә, Б НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ..... 97

2.1 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы зат есімнің қолданылуы, түрлену жүйесі, статистикалық сипаты..... 97

2.2 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сын есімнің жұмсалу сипаты, статистикалық ерекшелігі 115

2.3 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сан есімнің қолданылуы, статистикалық сипаты..... 122

2.4 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы есімдік түрлері мен қолданысы, статистикалық сипаты..... 126

2.5 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы етістік, үстеу сөздердің қолданысы, статистикалық сипаты..... 140

2.6 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы көмекші сөздердің қолданысы, статистикалық сипаты..... 168

2-бөлім бойынша қорытынды..... 174

ҚОРЫТЫНДЫ..... 177
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 181
ҚОСЫМША А. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларының фотокөшірмелері
ҚОСЫМША Ә. Профессор Б. Сағындықұлының Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішіне жасаған сыни (тұрақты) мәтіні

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Түркі тіліндегі тарихи жазба деректер біздің заманымызға әртүрлі жазу үлгілерімен келіп жетті: руна (Орхон-Енесей), армян-қыпшақ, соғды, араб-парсы, ұйғыр т.б. Осылардың арасында орта ғасырларда араб әліпбиімен жазылған әдебиет пен жәдігерліктер тілі ерекше орын алады. Бұлардың барлығы әуелгі кезеңде нақтырақ айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысынан таныстырылу бағытында зерттеле бастады. Көптеген ескерткіштер ғылыми жағынан сипатталып, транскрипцияланды, орыс, неміс тіліне, тағы басқа тілдерге аударылып, сөздіктері, түсініктемелері берілді. Кеңес өкіметі орнаған кезеңнен бастап, Ресейде, шетелдерде бұдан да тереңірек зерттеле бастады. Толып жатқан ғылыми мақалалар, зерттеулер, кандидаттық, докторлық диссертациялар жазылып, жарияланды. Мұның барлығы түркологияның қарқынды түрде дамуына әсер етті.

XII ғ. жәдігерлігі болып саналатын Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші – түркі дүниесінің тарихи тамыры, генетикалық коды. Сондықтан бүгінгі таңда көне ескерткіштердің лингвотекстологиясын зерттеу, оларды қазіргі түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі өзгерістермен, дамуымен сабақтастықта кешенді түрде зерделеу қажеттігі даусыз.

XXI ғасырдың бас кезінде әр дәуірде жазылған тарихи мәтіндерді лингвотекстологиялық, лингвостатистикалық тұрғыдан зерттейтін жаңа бағыт өмірге келді. Бұл зерттеу бағытының бастауында филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Сағындықұлы тұр. Ол 2018 жылы Астана қаласында Халықаралық түркі академиясының «Ғылым» баспасы арқылы «Һибат-ул хақайиқ» нұсқаларының (XII ғ) қолданбалы мәтіні» атты екі томдық зерттеу еңбегін жариялады. Бірінші томы – «Ескерткіштердің лингвостатистикасы» деп аталса, екінші томы – «Ескерткіштердің лингвотекстологиясы» деп аталады. Зерттеу жұмысы практикалық мақсатта орындалған. Бірінші томда Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) аталатын дастанының ғылыми сипаттамасы, зерттелу тарихы, ескерткіштің үш нұсқасының транскрипциясы, сөзбе-сөз аудармасы, мағыналық аудармасы, түрікше-қазақша, арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктері, алфавит тәртібіне түсірілген сөздік-мәтіні және кері алфавит тәртібіне түсірілген сөздік-мәтіні, кісі есімдерінің, географиялық атаулардың, ескілікті ұғымдардың түсініктері беріліп, баспа жүзінде жарық көрген. Екінші томда ескерткіштің үш нұсқасы қатар салыстырылып, ондағы фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік айырмашылықтар толық ашылған. Көшірмешілер тарапынан жіберілген әртүрлі орфографиялық қателер, стильдік жаңсақтықтар, логикалық қисынсыздықтар түзетілген. Нәтижесінде ғылыми жолмен қалпына келтірілген **авторлық вариант** (кейбір ғылыми еңбектерде **сыни мәтін, тұрақты мәтін**) пайда болды. Ғылым болашағы үшін авторлық варианттың маңызы зор.

Түркология тарихында көне түркі, ескі түркі жазба ескерткіштерін текстологиялық тұрғыдан зерттеу еңбектері көп болғанымен, лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу тәжірибесі жоқ. Лингвотекстологиялық зерттеу профессор Б. Сағындықұлы тарапынан XII ғасыр мұрасы – Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) атты дастанының қолжазбаларына алғаш рет жүргізілді. Мұның барлығын көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуші ғалым болашақ ізденушілерге шикізат есебінде ұсынып отыр. Жәдігерліктер іс жүзінде қалай зерттелуге тиіс екендігіне ізденушілердің назарын аудартып, бағыт-бағдар көрсетеді. Демек, профессор Б. Сағындықұлының аталған ескерткішке байланысты көтерген мәселелерін одан әрі тереңдете зерттеуді біз де алдымызға мақсат етіп қойдық.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Лингвотекстология ғылымы зерттеу нысанына орай ауыз әдебиеті үлгілерінің лингвотекстологиясы, ежелгі дәуір әдебиетінің лингвотекстологиясы, қазіргі заман әдебиетінің лингвотекстологиясы деп бөлінеді. Шығарма стилі мен палеографиялық зерттеулер арқылы авторды анықтауға болады. Зерттеп отырған шығарма көшірмелері өте аз немесе қалып кеткен, басылымға түспеген тұстары болса, түпнұсқаны қайта қалпына келтіру мүмкін болмай қалады. Ал қазіргі лингвотекстологияның басты міндеті тұрақты мәтін қалыптастыру болып табылады.

Орта ғасыр ескерткіші авторының өз қолтаңбасымен жазған еңбегі біздің дәуірімізге келіп жетпеген. Әлемдік лингвистикада ескерткіштің жеті нұсқасы белгілі. Біз диссертациялық жұмысымызда жазба ескерткіштің үш нұсқасын негізге аламыз. Атап айтқанда, Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» дастанының Стамбул қаласында Айа-София кітапханасында сақталған белгілі каллиграф Зейнул-Абидин Джурджаний Хусейни ұйғыр жазуымен 1444 жылы көшірген қолжазбасы (А нұсқасы); Стамбул қаласында Айа-София кітапханасында сақталған Шейхзада Абдур-Раззақ бахши ұйғыр жазуымен 1480 жылы көшірген қолжазбасы (Ә нұсқасы). Бұл қолжазбада ұйғыр жазуы жолма-жол араб жазуымен транскрипцияланған; Стамбул қаласында Топ-Қапы кітапханасында сақталған бірыңғай араб жазуымен көшірілген қолжазба (Б нұсқасы). Бірақ бұл қолжазбаны қашан, қай жерде, кім жазғаны белгісіз. Ғалымдардың жобалауынша, XIV ғасырдың аяғында, яки XV ғасырдың басында көшірілген.

Біз көшірушілердің қолынан шыққан нұсқалары бойынша әр аспектіден зерттеуде қиындық келтіретін факторлар бар екені анықталады. А, Ә, Б көшірмелерінің пайда болған мезгілдері, көшірушінің сауаттылығы мен ұқыптылығына байланысты, нұсқалардың сақталу сипатына орай көптеген фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ерекшеліктер мен өзгешеліктер орын алған. Көшірушілер тарапынан нұсқалардың лексикалық қабатына біршама өзгерту және түзету жұмыстары жасалған. Ескерткіш мәтіні поэтикалық жанрда жазылғандықтан көшірмешілер бәйіттің тармақ санына, шумақ және ұйқасына өзгерістер енгізіп отырған.

Көшірмешілер мәтінді көшіру барысында қолданыстан шығып қалған көне сөздерді алып тастап, кірме сөздерді қосып жазуы немесе өзгертулер жасауы текстология ғылымының түрлі мәселелерінің туындауына себеп болды. Мақсатсыз түрде жасалған өзгертулер «қате» деп аталады. Бұған мәтіннің дұрыс оқылмауының әсерінен немесе баспаға терілу барысында жіберілген әріптік қателер жатқызылса, мақсатты түрде жасалған өзгертулерге белгілі бір сөздердің көнеруі, мағыналарының көмескіленуі оқырманға түсініксіз болғандықтан, көшірмеші тарапынан қосқан өзгертулерді анықтау диссертациялық жұмыстың басты өзектілігі болып табылады. Лингвотекстологиялық зерттеулердің нәтижелері ескерткіштің тарихын айқындау, барлық пайдаланылған (немесе сақталған) көшірмелерді анықтау және жариялау, көшірмелер арасындағы мазмұндық және лингвистикалық сәйкессіздіктерді сипаттау ғана емес, сонымен қатар тіл тарихының белгілі бір мәселелеріне қатысты көптеген көзқарастарды түбегейлі қайта бағалау диссертациялық жұмыстың өзектілігі болады.

Орта ғасыр әдеби ескерткіштерінің барлығы да сол дәуірде өмір сүрген халықтар тілінің оғыз-қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр элементтерінің араласуы негізінде жазылған. Себебі сол дәуірлердегі тарихи, саяси-әлеуметтік, әскери-одақтастық, дипломатиялық, этномәдени қарым-қатынастарға байланысты оғыз тілінен қыпшақ тіліне немесе керісінше қыпшақ тілінен оғыз тіліне сөз ауыспауы мүмкін емес еді. Сол кезеңдегі халықтардың ескерткіштер тілінде қайсысының үлесі басым, қайсы тіл негізге алынған, тілдік фактілердің әр халық тіліне бөлгенде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық нақты көріністері зерттеу ғылыми жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Бұл сұраққа статистикалық және лингвотекстологиялық талдау арқылы ғылыми тұрғыдан саралау зерттеу жұмысының өзектілігі. Осы бағытта зерттеулер жүргізу біздің диссертациялық жұмысымыздың негізгі міндеттерін құрайды.

Зерттеу жұмысының нысаны – Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің (XII ғасыр) көшірмелері, Р. Арат және М. Махмудов жасаған транскрипциялар. Б. Сағындықұлының «Һибат-ул хақайық» ескерткішіне жасаған сыни (тұрақты) мәтіні.

Зерттеу жұмысының пәні – Көне түркі жазба ескерткішінің тарихи фонетикасы, тарихи лексикологиясы және тарихи морфологиясы.

Зерттеудің негізгі мақсаты. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» (XII ғ.) дастанын лингвотекстологиялық және статистикалық аспектіде зерттеу.

Алдымызға қойған мақсатымызға орай **міндеттер** туындайды:

- түркітанудағы лингвотекстология саласындағы ғалымдардың ғылыми еңбектеріндегі кешенді зерттеудің әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, ескерткіш тілін лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу;
- Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларының көшірмелерін өзара салыстырып, ұқсастық және айырмашылықтарын айқындау;

- Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдау;

- қыпшақ, оғыз тілдеріне тән сөздердің өзге сөздермен (араб, парсы, оғыз, қарлұқ) ауыстырылуын айқындау, көне қыпшақ тілі сөздерінің, көне қыпшақ фразеологизмдерінің жаппай жалпы түркілік сөздерге немесе араб-парсы сөздеріне ауыстырылуының негізгі себептерін анықтау;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттерді Ахмед Йүгінекидің авторлық қолданысын көшірмешілер нұсқалары негізінде бастапқы қалпына келтіру;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптарының қолданылуын, түрлену жүйесін қарастырып, статистикалық сипатын анықтау.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» А, Ә, Б нұсқаларындағы 3000-ға жуық тілдік бірлік іріктеліп алынды. Сонымен қатар, Р. Арат, Қ. Махмудов жасаған транскрипциялар және профессор Б. Сағындықұлы құрастырған **авторлық вариант** (сыни, тұрақты мәтінде) пайдаланылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалықтары. Зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі түркі тілдерінің тарихы, тарихи лингвотекстологиясының теориялық мәселелерін нақты тілдік деректермен толықтырады. Зерттеудегі ғылыми жаңалықтар қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» (XII ғ.) дастаны теориялық тұрғыда алғаш рет лингвотекстологиялық және статистикалық аспектіде зерттелді;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттер лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтірілді;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткішінде оғыз-қыпшақ тілінің лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілгендігі анықталды;

- ескерткіш тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді;

- «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің жетінші нұсқасы туралы деректер қазақ тіл білімінде алғаш рет сипатталды;

- диссертацияда «Һибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптарының қолданысына кешенді түрде зерттеу жүргізіліп, тұңғыш рет статистикалық сипаты сараланды.

Зерттеу жұмысының ғылыми теориялық және әдіснамалық негізі. Көне және орта ғасырлық қолжазбаларды зерттеу бойынша отандық (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Т. Сауранбаев, С. Аманжолов, М. Балақаев, М. Томанов, Ж. Аралбаев, Ғ. Айдаров, Ә.Т. Қайдар, Р.Ғ. Сыздық, А.Айғабылов, Б. Сағындықұлы, Ә. Құрышжанов, Т.А. Арынов, Ә. Керімов, Ә. Ибатов, Е.Н. Жанпейсов, Т. Жанұзақ, Ж.Қ. Түймебаев, Ж.А. Манкеева,

А.Б. Салқынбай, М.Б. Сабыр, Р.Н. Шойбеков, Р.Ә. Авакова, Б.Р. Құлжанова, С.Е. Боранбаев, Е.З. Есбосынов, Р.Д. Досжан, Б.М. Сүйеркұл, Г.М. Раева, Б.М. Сманова, С.Қ.Тәшімбай, Р.К. Байымбетова, Г.Ж. Баялиева, Ж.А. Исина, А.А.Жолдасова, М.Ә. Жүнісова, С.Қ. Иманбердиева, Г. Өтегенова, Б.Д. Шығырова, К.Х.Абдрахманова) және шетелдік ғалымдардың (М. Қашқари, Г. И. Рамстедт, В. Котвич, Э.Н. Наджип, Е.И. Фазылов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, С.Е.Малов, Е.Э. Бертельс, М. Көпрүлү, В. Радлов, Э.С. Севортян, Н. Гаджиева, А.М. Щербак, А.Н. Кононов, Н. Асым, Р.Р. Арат, Қ. Махмудов, С. Чакмак, Y. Карул) еңбектерінің әдіснамасы басшылыққа алынды.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсат-міндеттерді шешу барысында қазіргі түркітануда қалыптасқан негізгі принциптер мен әдіс-тәсілдер қолданылды. Диссертацияны жазу барысында деректанулық, семантикалық және компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс және мәтіндерді қалпына келтіру (сыни мәтін), өңдеу, сұрыптау, аудару, бақылау, сипаттау, жалпылау, тортастыру, жүйелеу тәсілдері қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Диссертацияда орта ғасыр ескерткішінің қолданбалы мәтінін зерделеуде, талдауда пайдаланылған теориялық тұжырымдар, тіл тарихы, тарихи грамматика, тарихи лексикология, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын және лингвотекстологиясын зерттеу жұмыстарына өзіндік үлесін қосады. Орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінің араб және көне ұйғыр нұсқаларын өзара салыстырып, ондағы қолданылған тілдік элементтерге статистикалық салыстырулар жүргізу бойынша тілдік элементтердің қыпшақтық немесе оғыздық тілдер тобына қатысын ажыратып, қолдану жиілігін текстологиялық тұрғыдан анықтауға көмектеседі. Қыпшақ тобындағы тілдерге тән фонетикалық ерекшеліктерге қатысты пайымдаулар, салыстырмалы фонетика, лексикология салаларын дамытуға септігін тигізсе, морфологиялық топтарға жасалған статистикалық талдаулар, «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығын көрсетіп, жазба ескерткіштер тілін жүйелі талдауға көмектеседі.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғарғы оқу орындарында салыстырмалы-тарихи грамматика, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, орта ғасыр ескерткіштерінің тілі, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы салалары бойынша оқылатын дәрістерде, арнайы курстарда қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлық нұсқалары бойынша авторлық нұсқаны қалпына келтіруде тың деректер болып табылады.

Зерттеу жұмысының қорғауға ұсынылатын тұжырымдары. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып, қорғауға төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

1. Түрколог ғалымдар Р. Арат, Қ. Махмудовтың ескерткіш тіліне жасаған транскрипцияларын және Б. Сағындықұлы жасаған авторлық нұсқаны (сыни, тұрақты мәтінді) оғыз-қыпшақ тілінің көне формасы деп тануға ескерткіш тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізу арқылы көз жеткізуге болады. Зерттеу нәтижелері көне түркі және орта ғасыр ескерткіштерінің барлық нұсқалары бойынша авторлық нұсқаны қалпына келтіруде тың деректер болып табылады.

2. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші нұсқаларының көшірмелерін өзара салыстырылды, ұқсастық және айырмашылықтары айқындалды;

3. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктерді саралау, ескерткіш тілінің сол дәуірде өмір сүрген халықтардың тіліне қатысын анықтауға көмектесетін дауысты және дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерін талдаудың нәтижесі ескерткіш тілінде оғыз тілі элементтерінің басымдығын көрсетеді;

4. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші тіліне лингвотекстологиялық және статистикалық талдау жүргізудің нәтижесі көне қыпшақ сөздері және көне қыпшақ фразеологизмдері ескерткіштің қолжазба нұсқаларынан мақсатты түрде ығыстырылғандығын, бірқатар оғыз сөздері де алмастырылғандығын көрсетеді;

5. Һибат-ул хақайиқ» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттерді лингвотекстологиялық талдау негізінде қалпына келтіру барысында көне қыпшақ тілін білмегендіктен яки түсінбегендіктен көшірмешілер бір алуан бәйіттердің идея-мазмұны бұрмалап, мүлдем өзгертіп жібергендігі анықталды.

6. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші тіліне морфологиялық аспектіде талдау жүргізудің нәтижесі дастандағы оғыз-қыпшақ тілі лексикасы қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық формалары арқылы берілгендігін, дастан қолжазбаларында таза оғыздық-қыпшақтық грамматикалық белгілердің сақталғандығын айқындайды. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сөз таптар қолданысы оғыз тілі сөздерінің жалпы түркі сөздерімен немесе араб-парсы сөздерімен ауыстырылуының негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудегі статистикалық талдаулар, «оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған» деген ғылыми болжамның нақтылығын көрсетіп, жазба ескерткіштер тілін жүйелі талдауға көмектеседі.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, ғылыми-теориялық халықаралық конференциялар негізінде 11 мақала жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, ҚР БҒБ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 4 мақала, халықаралық конференцияларда және шетелдік журналдарда 6 мақала жарияланды.

Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала:

1. Comprehensive methods of reconstructing author’s original work // Joural of language and linguistic studies. - 17(3). - 2021. – P.1266-1276.

ҚРБжҒ саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 4 мақала:

1. Текстология ғылымының өзекті мәселелері //ҚазҰУ Хабаршысы. - №2 (170) – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 102-109 бб.

2. Phonetik, morphological, semantic differences betweenthe vocabulary of «hibat-ul-haqayiq and Kazakh language» // ҚазҰУ Хабаршысы. - №4 (172). – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 63-68 бб.

3. Phono-morpho-semantic development of names associated with the human body //ҚазҰУ Хабаршысы. - №4 (176). – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 137-141 бб.

4. Түркі тілдері лексикасын зерттеудің аспектілері// Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының Филология сериясы. - №4 (176). – Астана, 2024 ж.

Диссертацияның негізгі қорытындылары мен нәтижелері бірнеше отандық және шетелдік халықаралық конференцияларда сыннан өтті:

1. XI ғасырдың Энциклопедиялық сөздігі // Bilimseleksen. - №23. - Анкара (Түркия) 2018. – 134-139 бб.

2. Текстология ғылымының зерттеу нысаны // V Халықаралық Фараби оқулары жинағы. – Алматы: Қазақстан, 2018. - 3-13 сәуір. – 262-263 бб.

3. Қазақ тілінің тарихы ескерткіші тіліне текстологиялық талдаулар жасаудағы әдіс-тәсілдер // VI Халықаралық Фараби оқулары жинағы. - Алматы, 8-11 сәуір, 2019. – 424-425 бб.

4. «Һибат-ул хақайиқ» дастанында кездесетін тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдер // Проф. Берікбай Сағындықұлының 80 жылдығына арналған «Тарих және таным: Көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Халықаралық түркі академиясы. – Алматы: Қазақстан, 2019. - 24 мамыр. – 224-228 бб.

5. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің А, Ә және Б нұсқаларындағы есімдіктер және олардың статистикасы // Ақымет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған «Ақымет Байтұрсынұлы – ұлттың рухани көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, филология факультеті, А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тілі білімі кафедрасы. - Алматы, 2022 жыл. - 14 сәуір. – 265-275 бб.

6. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә және Б нұсқаларындағы сын есімдердің айырмашылықтары// ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист «Мырзатай Серғалиев және филология мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қазақ тіл білімі кафедрасы, – Астана, 2023 ж. – 17 наурыз. – 223-229 бб.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті, А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тілі білімі кафедрасының ғылыми семинарында (2024 жыл, 26 желтоқсан, номері 4) талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «ҺИБАТ-УЛ ХАҚАЙИҚ» ЕСКЕРТКІШІ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАСЫ

1.1 Түркітанудағы лингвотекстология

Әлемдік түркологияда Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші аз зерттелген. Сондықтан біз осы ескерткіш тіліне кешенді түрде текстологиялық және лингвотекстологиялық зерттеулер жүргізуді мақсат еттік. Біз зерттеу еңбегіміздің бірінші тарауында Ахмет Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші тілінің лингвотекстологиялық парадигмасын қарастырдық. Неджип Асым «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішін ғылымға алғаш танытушы ретінде танылады [1]. Түркітанушы ғалымдар Р. Арат [2], Қ. Махмудов [3], Е. Малов [4], Э. Бертельс [5], Э. Наджип [6] ескерткіштің текстологиясын жасап, аударып, қазіргі тілмен ұқсас-айырмашылықтарын ажырытуда, профессор Б. Сағындықұлының [7] ескерткіштің бұрын-соңды қолға алынбаған лингвотекстологиясын жасауда еңбектері зор болды.

Мәтін – әдебиеттану мен тіл білімінің өзегі болып табылатын көптеген анықтамаларға ие ұғым. Ол коммуникативті өнім болумен қатар, сөйлемдердің жай, кездейсоқ және тізбектелуінен жасалған қарапайым құрылым емес. Мәтін – адам тілінің ең жоғарғы бірлігі, саналы түрде жасалған сөйлемдер мен айтылымдардың жиынтығы, қысқасы, қарым-қатынас құралы.

Б. Жұбатова қазақ тіл білімінде мәтінге мынадай анықтама береді: «Мәтін – мағыналық және құрылымдық жағынан тиянақты, автордың жеткізіліп отырған хабарламаға белгілі көзқарасы бар, мақсатқа бағындырылған, прагматикалық әлеуетке ие ауызша немесе жазбаша үлгідегі хабарлама» [8, 17].

Мәтін әлемдік тіл білімінде көп қарастырылған лингвистикалық ұғымға жатады. Тіл білімінде де, әдебиеттану саласында да мәтінге қатысты берілген пікірлер сан алуан. Мәтін сөзі латынның «texo» сөзінен пайда болған «тоқу» деген мағынаны білдіреді. Ғалым Г. Смағұлова еңбегінде мәтінге мынадай түсініктеме береді: «Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол – логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарам-қатынас бірлігі» [9, 9].

Мәтінге қатысты берілген түсініктемелерді қазіргі түрік лингвистикасындағы тілші ғалымдардың пікірімен толықтырайық. Түрік ғалымы Д. Гүнәй: «Мәтін – белгілі бір қарым-қатынас жағдайында бір немесе бірнеше адам ауызша немесе жазбаша түрде шығаратын тілдік жүйе», - дейді [10, 44]. Түрік тілі сөздігінде мәтінге мынадай анықтама беріледі: «Мәтін – пішіні, мағынасы және тыныс белгілері арқылы мәтін құрайтын сөздердің тұтастығы» [11, 1382]. Сондай-ақ ғалым Б. Гөкче өз еңбегінде бірнеше жіптердің бірінен соң бірі бірігіп, бір-біріне қосылуы арқылы, тоқу процесінің соңында матаның қалыптасуы сияқты, мәтін де автор арқылы бірнеше байланысқан сөйлемдер, тізбектелген ойлар арқылы түзіледі деп пайымдайды [12]. С. Акбайырда өз еңбегінде мәтінді анықтау үшін

келісімділік, жүйелілік, мақсаттылық, қолайлылық, кездейсоқтық, даналық және мәтінаралық байланыстар сияқты әртүрлі критерийлерді пайдаланды [13, 11-13].

Тілдік тұрғыдан алғанда мәтін – бір-бірімен байланысқан, бірізділік пен мағыналы тұтастық құрайтын сөйлемдер тізбегі. Мәтін мен сөйлемнің ең айқын айырмашылығы - мәтін бірегей тұтастықтан тұрады. Сөйлемнің өзі пайымдауды, болмысты және әрекетті білдірсе де, біртұтас көзқараспен қараған кезде ол ойды толық жеткізе алмайды. Осы себепті тілдік мағына жоғалмау үшін лингвистикалық қондырмалар бағалану керек. Сондай-ақ, мәтін тұрақты емес, керісінше динамикалық болып есептеледі. Мәтін – автордың өзі жасаған туынды. Сонымен бірге, оның оқырман тарапынан жүктелетін мағыналық-процесстік қасиеті бар. Мәтінтану мәселесін қарастырғанда текстологияның алатын орны зор.

Текстология ғылымы жазба әдеби еңбектердің дүниеге келуімен бірге, олардың мәтінін қағаз бетіне дұрыс көшіріп жазу, қатесіз түсіндіру, көшірмелерін жасау, көбейту, қарапайым салыстыру негізінде пайда болғаны белгілі. Текстология – авторлардың қолжазбаларын, көзі тірісінде және қайтыс болғаннан кейін басып шығарылған әдеби шығармалары, күнделіктері, қойын дәптерлері, хаттары, ауыздан-ауызға таралып, кейіннен хатқа түскен қолжазбаларын зерттейді.

Текстологияның басты міндеті мәтінді тарихилық тұрғысынан қарастырып, ғылымға белгілі барлық нұсқаларымен салыстыра отырып, авторлық мәтіннің нағыз, дәл нұсқасын айқындап, ешбір қоспасыз, қатесіз баспаға әзірленетін мәтінді қалыптастыру болып табылады.

Текстологиялық жұмыстарды көне дәуір текстологиясы, ортағасырлық текстология, халық ауыз әдебиеті текстологиясы, шығыс әдебиеті текстологиясы және жаңа заман әдебиеті текстологиясы деп қарастыруға болады. Зерттеу нысаны көркем шығарма болғандықтан, көп жылдарға дейін текстология ғылымын әдебиеттану саласы зерттеп келді.

Көшірмешілер мәтінді көшіру барысында қолданыстан шығып қалған көне сөздерді алып тастап, кірме сөздерді қосып жазуы, өз ойынан мақсатты және мақсатсыз өзгертулер жасауы текстология ғылымының түрлі мәселелерінің туындауына себеп болды. Мақсатсыз түрде жасалған өзгертулер «қате» деп аталады. Бұған мәтіннің дұрыс оқылмауының әсерінен немесе баспаға терілу барысында жіберілген әріптік қателер жатқызылса, мақсатты түрде жасалған өзгертулерге белгілі бір сөздердің көнеруі, мағыналарының көмескіленуі оқырманға түсініксіз болғандықтан, көшірмеші тарапынан қосқан өзгертулерді атауға болады.

Жазба мәтіннің әр жылы шыққан басылымдарының қай түрі болмасын бір-бірінен көп айырмашылықтары болмауы тиіс. Тек қалың оқырманға арналған мәтіндегі кейбір түсініксіз сөздер ғана сол бетте сілтемемен берілуі керек немесе көркем шығарма мәтіні оқырманның таным деңгейіне, жас мөлшеріне байланысты қысқартылып, не мәтін жеңілдетіліп беріліп, міндетті түрде ескерту жасалуы тиіс. Мәселен, «көркем шығарма мәтіні қысқартылып

берілген», «көркем шығармадан үзінді» немесе «көркем шығарма мәтіні жеңілдетіліп берілген».

Текстология саласын зерттеуші ғалымдардың пікірі әртүрлі. Айталық, текстологиялық мәтіндердің қысқартылып берілуі, көне сөздердің алынып тасталуы, мәтіннің жеңілдетіп берілуін қолдамайтын ғалымдардың пікірлері бар. Текстологиялық айырмашылықтардың болуын қостамайтындардың бірі – орыстың көрнекті текстолог маманы Б.М. Эйхенбаум мәтіндегі көне тіл элементтерін жаңаша беру тарихқа қиянат жасау деп есептейді.

Осындай мәселелерден кейін текстология саласы тек әдебиеттану саласына ғана емес, лингвистика саласының да зерттеу нысанына айналып, тілдік тұрғыдан да зерттеу жұмыстарын жасау қажеттілігі айқындалды.

Ғылым саласы ретінде текстология тарихы тым әріден басталады. Еуропалық текстология бірнеше кезеңдерді қамтиды және қоғамдық өмірдің ғылым мен мәдениет дамуымен тығыз байланысты болды.

Текстологиялық зерттеулер діни шығармалардың мәтінін қалпына келтіру кезеңінен бастау алады. «Інжілдік сын» дамуының ерте кезеңі Цельс, Порфирий, Ориген есімдерімен байланысты болса, олардың тәжірибесіне сүйене отырып, «інжілдік сын» кейінгі кезеңдерде ғылыми сипатқа ие болды. Мәтіндерді түзетуде, түсіндіруде және түсініктеме беруде текстологиялық әдіс-тәсілдер белсенді қолданылған. XVII-XIX ғасырларда інжіл кітаптарына Б. Спиноза, И.С. Землер, Г. Гегель, Д.Ф. Штраус тағы басқалар ғылыми талдау жасау қағидаларының негізін қалады.

Қайта өркендеу дәуірі жаңа тарихи сана-сезімді қалыптастыра отырып, текстологияның гуманитарлық саланың ғылымдарымен байланысын нығайтса, еуропалық жаңа заман текстологиясының негізін қалаушылардың басты назары дереккөздерді, біртекті мотивтерді, архетипті анықтау айналасында болды. Берлиндік профессор И. Беккер (1785-1871) грек-рим классиктерінің басылымдарын дайындауда сыни әдісті жасап шығарды. Ал оның ізін жалғастырушы – неміс тарихшысы Леопольд фон Ранке (1795-1886) – кең ауқымды тарихи зерттеулер саласына И. Беккер әдісін қолданды.

Неміс текстология мектебі негізінен ежелгі әдебиет ескерткіштерін зерттеуге иек артты. Мәтіннің жаңа филологиялық сынының негізін Карл Лахман (1793-1851) қалады. Оған «ортақ қателіктер» теориясы тиесілі болды, аталмыш «ортақ қателіктерді» анықтау қолжазбалардың шығу тегі ұқсас екенін көрсетті.

Жаңа заман әдебиетін зерттеуде текстологиялық зерттеу қағидаларын қолдануды М. Бернайс пен В. Шерердің неміс текстология мектебі енгізді. К. Лахманның идеялары Прага текстология мектебінің еңбектерінде де әрі қарай дамыды. Оның ғылыми теориясы және саламандық жұмысы негізінен текстологияның тарихи-филологиялық бағытында өрбіді.

Алайда К. Лахманның теориясы әмбебап болған жоқ. Оны Ш. Бедье сынға алды. К. Лахман бұрынырақ жазылған мәтінді артық көрді. Себебі, оны кейінгі тізімдерде «бұрмаланады» деп санады. Жаңа әдебиетке қатысты қолтаңбалар мен алғашқы жарияланымдар «өзгеріс енгізілмеген» деп саналды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Францияда текстологияға көңіл аудару күшейді. XX ғасыр Г. Лансонның ғылыми текстология мектебінің пайда болуымен, париждік Көне мәтіндер тарихы институтының белсенді жұмысымен ерекшеленді.

Орыс ғалымдарының еңбектерінде текстологияның негізгі міндеттері түпнұсқаны анықтауға қол жеткізу, өзгерістер мен түзетулердің себептерін түсіндіру, қажет жағдайда автор психологиясын зерттеу, мәтін жазылған кезеңді зерттеу, мәтін нұсқаларын анықтап алу, т.б. осы сияқты қазіргі текстологияға қажетті негізгі тұжырымдарды, оларды зерттеуді жүзеге асырудың әдіснамасын көрсетіп бере алды.

«Текстология» терминінің дұрыс бағытта қолданылып, термин ретінде қалыптасуына Б.В. Томашевскийдің қосқан үлесі зор болды. Бұған дейінгі батыс және орыс ғалымдары «мәтін сыны» деген атауды қолданған болатын.

А.С. Рейсер, Б.В. Томашевский, Д.С. Лихачев, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, П.Н. Берков, Е.М. Прохоров, В.С. Нечала, Н.Л. Горина т.б. орыс ғалымдары текстология саласында үлкен еңбек етіп, теориялық зерттеу жұмыстарын жасады. Олар X-XVIII ғасырлардағы көне орыс жазба мұраларын, классик ақын-жазушылардың шығармаларын зерттеу нәтижесінде көптеген теориялық еңбектер жариялады. Ал, Л.Д. Окульская, И.Г. Ларина, М.В. Безродный, В.А. Западов сияқты ізденуші ғалымдар кандидаттық, докторлық диссертациялық жұмыстарын жазды.

Орыс филологиясында текстология теориялық, әдістемелік негізі қалыптасқан іргелі ғылым салаларының бірі. Тіпті, жазба ескерткіштері мен тарихи құжаттарына тек қана әдеби тұрғыдан ғана емес, тілдік тұрғыдан да талдаулар жүргізілген. Д.С. Лихачев «Текстология» атты еңбегінде мәтіндерді жарыққа шығару оны тәжірибеде қолданудың бір ғана саласы деп таныды [14].

Тіл тарихын зерттеуде жазба ескерткіштеріміздің алар орны ерекше. Ал олардың түрлі көшірмелерін бір-бірімен салыстырып, мәтінге тілдік тұрғыдан зерттеу жүргізу тарихи грамматика үшін өте қажет.

Ежелгі дәуір әдебиеті мәтіндерін салыстыру барысында өзбек, әзірбайжан, түркімен филологиясындағы мынадай еңбектерді атап өтуге болады: П. Шамсиев «Научно-критический текст Хамса Новой». - Ташкент, 1970 [15]; Д.Ж. Додалишаев «Поэма «Хафт и Манзар» Хатыфы и ее научно-критический текст». - Душанбе, 1974 [16];

Текстология саласында ежелгі дәуір әдебиеті шығармаларының бірнеше нұсқалары салыстырылып жазылған кандидаттық, докторлық диссертациялар да бар. Мысалы, М.Х. Рашидова «Текстологические исследования произведения Алишера Навои «Назмул Джавахир»» АКД, - Ташкент, 1991[17]; Г.К. Ругия «Подготовка научного текста, текстологические исследование и комментирование труда Фридун-Бека Кочарли» АКД, - Баку, 1981 [18]; И.Г. Галяутдинов «Тарих-наме и булгар» Таджетдина Ялсыгулова/лингвотекстологический анализ списков памятника. Фонологические интерпретаций графики, морфология/АКД, - Москва, 1977 [19] т.б.

Қазақ филологиясында алғашқы текстологиялық жұмыстар Абай шығармаларына жүргізуден басталды деуге болады. 1965 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Р. Сыздықованың мақаласында: «Ұлы ақын Абай шығармаларының ең соңғы 1957 жылғы басылуы шын мәнінде едәуір толық ғылыми текстологиялық жұмыстың жүргізілгенін және ол жұмыстың дұрыс бағыт алғанын көрсететін үлгі деп айта аламыз», - деді [20].

З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Б. Кенжебаев, Ғ. Мұсабаев, Т. Абдрахманов, Қ. Өмірәлиев, Ш. Сарыбаев, Ә. Құрышжанов, Р. Сыздық, Б. Сағындықұлы, Қ. Жұбанов, М. Малбақов т.б. ғалымдар классик ақын-жазушылардың, ежелгі дәуірлерден келіп жеткен жазба мұралардың мәтінін ғылыми басылымға әзірлеуде аса құнды еңбектерімен танылды.

Б. Әбілқасымовтың «XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің жазба мұралары» [21]; Ғ. Айдаровтың «Орхон ескерткішінің тексті» [22]; Е. Жұбанов пен М. Малбақовтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу эпосының текстологиясы» [23] т.б. еңбектерді орта ғасыр және ежелгі дәуір әдебиеттерін зерттеуде жасалған текстологиялық жұмыстардың жемісі деп есептеуге болады. Ш. Сарыбаев пен Ә. Құрышжановтың «Халық жырларының текстологиясы» [24], Ә. Ибатовтың «Абай тілінің сөздігін жасаудағы кейбір текстологиялық ескертпелер [25], Қ. Мұхамеджановтың «Бұхар жырау» [26], Н. Келімбетовтың «Жыраулар поэзиясын сөз етсек» [27], Қ. Өмірәлиевтің «Иә, терең зерттеу қажет» [28] деген мақалалары текстологиялық мақсатқа тікелей бағытталмағанымен, шығарма дәлдігін айқындауға қатысы бар аса маңызды мәселелерді қозғаған дүниелер болды.

Осы еңбектердің негізінде тарихи грамматикаға көптеген жас ғалымдардың назары ауып, көне ескерткіштер тілін жан-жақты зерттеу жұмыстары қолға алынды. Атап айтсақ, Г. Убайдуллаеваның Алтын Орда дәуіріндегі түркі тілдес халықтар тілінде туған ең көрнекті жазба ескерткіштерінің бірі – Хорезмидің «Мухаббат наме» ескерткіші тіліне жасаған текстологиялық жұмысы. Автор еңбегінде аталмыш ескерткіштің бізге жеткен барлық жазба нұсқаларын салыстыра отырып, тілдік тұрғыдан алғашқы текстологиялық зерттеу жұмысын жасап көрсетеді [29]. Сонымен қатар, «Мухаббат-наме» ескерткішінің үш араб әліпбиімен, бір ұйғыр әліпбиімен жазылған қолжазбаларының басын қосып, өзара айырмашылықтарын көрсетіп, салыстырмалы мәтін ретінде ескерткіштің ғылыми транскрипциясы мен лингвистикалық материалдары, көшірмешілердің текстологиялық айырмашылықтары көрсетілген еңбек жарияланады [30]. Ғ. Әнес «Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект» атты докторлық диссертация жұмысында Махамбет өлеңдерінің түрлі басылымдарын салыстыра келіп, түпнұсқаға немесе авторлық текске, ең жақын деген сыни текстті белгілеуді, автордың ойын адресатқа жеткізу жолдарын айқындауды мақсат еткен [30]. Ғалым текстология туралы мынадай тұжырым айтады: «Текстология – ғылымдағы нақтылықтың, дәлдіктің көрсеткіші іспетті. Аса маңызды сала болумен қатар, кеше мен бүгіннің аралығын жалғастырудың құралы, тіл тарихының ұзақ та күрделі даму жолын айқындайтын бағдаршам. Текстология, байқап қарасақ, шығарма

тексінің тарихын, тілдің жай-күйін, сондай-ақ, автор, көшіруші немесе айтушы, оқырман немесе тыңдарман мүддесін көздеуден, олардың арасын байланыстырып, көпір болу қажеттігінен пайда болған ғылым... Текстологиялық зерттеулер жүргізген кезде қиындықтар тіпті беріректе жазылған мұраларды қалпына келтіру кезінде де жиі ұшырасады. Айталық, түрлі техникалық себептер, әлеуметтік қайшылықтар (баспа қызметкерлері тарапынан кететін қателіктер, саяси жағдайлар әсері, цензура, т.б.) да түрлі дәрежеде атқарылар істі күрделендіре түседі» [30, 8-9].

Көп уақытқа дейін текстология «прикладная филология» деп аталып, практикалық пән ретінде ғана қарастырылып келді. Текстологияны кәсіп деп, ал әдеби шығарма сәтті жасалған текстологиялық зерттеулерді текстологтың талантына байланысты өнер деп қабылдаған кездер де болды. Дұрысына келсек, текстология ешқандай кәсіп емес, ол – бірнеше ғылымның тоғысқан, зерттеушінің ізденушілік, тапқырлық талантының нағыз ашылар көзі. Себебі, текстолог тек мәтіннің жарыққа шыққанға дейінгі тарихын зерттеп қана қоймайды, әрбір қолжазбадағы өзгерістердің себебін дәлелдеу барысында сол шығарманың жазылған дәуір тарихын, әдеби ағымдарын, этностың тілін, саяси-мәдени жағдайларын, тіпті көшірмешінің мақсатын да байқап, ескеріп отыруға міндетті. Мәтінге жасалған кейінгі зерттеулердің дұрыс бағыт алуы да текстология ғылымына тікелей тәуелді. Демек, текстология – филологияның көмекші пәні емес, керісінше, оның бастауы мен негізі, өзіндік даму тарихы бар ғылым саласы.

Ғылыми әдебиеттерде текстология терминіне мынадай анықтамалар беріліп келеді. Түрік ғалымы Д. Гүнәй: «Мәтінді зерттейтін ғылымды текстология деп атайды. Текстология мәтіннің ұйымдасқан түрін және оның ішіндегі әлеуметтік, интеллектуалдық және басқа құрылымдарын қамтиды», - дейді [10, 46]. «Лингвистикалық терминдер сөздігінде»: «Текстология» – (анг.texstology, fijacon de un texto). Раздел филологии, занимающийся установлением точного текста литературных памятников и исторических документов для их научного издания» [32], - десе, әдеби энциклопедиялық сөздікте әдеби шығармалардың мәтінін зерттейтін филологияның бір саласы деп түсіндіріледі [33]. Бұлардан гөрі кеңірек түсінік беретін анықтаманы «Советтік энциклопедиялық сөздіктен» табуға болады. Онда: «Текстология (от текст и логия), отрасль филологии, литературоведческая дисциплина, изучающая произведение писменности, литературы и фольклора в целях критические проверки, установления и организации их текстов для дальнейшего исследования и публикации», - делініп, бұл ғылым саласының зерттеу нысаны біршама толық көрсетілген [34].

Қазақ тіліндегі анықтамаларға шолу жасар болсақ, текстологияның мән-мағынасы жан-жақты ашылмай, тым қысқа түсіндірілгені аңғарылады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Текстология әр алуан әдеби мұралар мен тарихы документтердің текстін анықтайтын филология ғылымының бір саласы» [35] деген түсініктемеден текстология ғылымы жайында толық мағлұмат алу қиынға соғады. Бірақ, «Қазақ Совет энциклопедиясында» «текстология – филология ғылымының әдеби мұралар мен тарихи

документтердің тексттерін анықтайтын саласы. Объектілердің көне-жаңалығына қарай текстология өте ертедегі нұсқалардың, орта ғасыр ескерткіштерінің және сақталған жағдайларына орай әрбір халықтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетінің ерекшеліктеріне сай текстологияның әдіс-тәсілдері сан қилы болады», - деген анықтама беріліп, бұл ғылым саласының принциптері мен міндеттері, қолдану аясы, зерттелуі кеңірек сөз болған [36]. Бұларға қарағанда «Әдебиеттану терминдерінің» сөздігінде «текстология (лат. textus және грек logos – сөз, ғылым) – филологияның шығарма текстінің анық-қанықтығын сақталған қолжазбасымен, түпкінұсқасымен салыстырып тексеретін, жариялайтын саласы» деп оқырман қауымға түсініктірек анықтама беріледі, дербес ғылым ретінде қалыптасуын өзге ғылым салаларымен байланысы сөз етіледі [37].

1998 жылы Сорос қорының көмегімен жарыққа шыққан «Тіл білімі сөздігінде»: «Әдеби және басқа да шығармалар мәтіндерін зерттеумен айналысатын филологияның бір саласы» деген анықтама беріліп, бұл терминді қазақша «мәтінтану» деп қолданылу ұсынылған [38].

2006 жылы шыққан «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» текстология жақшаның ішінде «мәтінтану» деп беріліп, әдебиеттанудың шығарма мәтінін қолжазбамен, түпнұсқамен салыстыра тексеретін саласы деп көрсетіледі [39]. 2009 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» текстология деген термин сөз мүлдем кездеспейді. Бұл терминге байланысты ұғым «мәтінтанудан» ғана табылады. Сөздікте «мәтінтану филология ғылымының әдеби мұралар мен тарихи құжаттардың мәтіндерін анықтайтын, оларға түсініктеме беріп зерттейтін саласы. Мәтінтану қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды», - деген мағлұмат беріледі [40].

Осы анықтамалардан кейін қазақ тіл білімінде текстология терминінің мүлдем жойылып бара жатқандығы аңғарылады. Бірақ, «текстология» терминінің орнын басып отырған «мәтінтану» термині орыс тіліндегі «текстоведение» сөзінің мағынасына қаншалықты сәйкес келеді. Біздіңше, «мәтінтану» термині «текстоведение» сөзінің мағынасымен мәндес, «текстология» терминінің мәнін толық ашып бере алмайды. Орыс тіл білімінде «мәтінтану – кешенді интеграциялық білім саласы. Ол мәтін туралы түрлі ғылым салаларын жүйелейді, зерттеудегі жан-жақты тәсілдерді жинақтап, мәтіндегі бірліктерді айқындап, олардың байланысу түрлерін, мәтінге сай нормаларын қарастырады [41, 106] .

Мәтінтану саласы белгілі бір мәтіннің идеясын, жазылу тарихын, шығарманың стилін, автордың ойын, түйін сөздерін, абзац т.с.с. мәтінге қатысты жан-жақты зерттеу жұмысын жасаса, ал текстология мәтіннің ішкі құрылымын сипаттап, жазба мәтіннің бірнеше нұсқаларын немесе әр жылғы басылымдарын салыстыра отырып, мәтін тіліндегі ұқсастық пен айырмашылықтарын зерттейтін ғылым саласы.

Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін көптеген термин сөздер қазақшаланған болатын. Ол термин сөздердің дұрысы да, бұрысы да

бар. Кейбір термин сөздердің бүгінде бірізділікке түспей, әрқалай аударылып, қолданылып жүргені де баршамызға аян.

«Қазақ совет энциклопедиясында» текстологияға байланысты Ө. Күмісбаев: «Қазақ әдебиеттану ғылымында текстология әлі бұғанасы қатпаған жас ғылым. Қазіргі әдебиетімізде бұл ғылымның әліппесі өте қажет. Текстология табиғатын, мән-жайын, кешегісі мен бүгінгісін түсіндіретін аударма оқулық кітап жоқ...», - деп атап көрсеткен болатын [36]. Мұндай пікірді Ғ. Убайдуллаеваның зерттеу жұмысынан да көре аламыз: «Белгілі бір шығарманың мәтінін зерттеу үшін әлі күнге дейін орысша әдебиеттерге сүйенуімізге тура келеді. Ал қазақ әдеби шығармалары мен тарихи жазба мұраларымыздың өзіне тән ерекшеліктері текстологияның орысша әдебиеттерде берілген теориялары тұрғысынан қарауға сай келмей өзіндік қиындықтар тудыратыны белгілі. Сондықтан, қазақ текстологиясы, бүгінде, арнайы теориялық оқулыққа мұқтаж» [29, 10]. Пікірлерге сүйене отырып, текстология саласында жазылған ғылыми еңбектердің аздығы бұл салада әлі де зерттеу жұмыстарын жүргізу керектігінің өзектілігін дәлелдейді.

Мәтіндерді зерттеу өз кезегінде тілдік норманы оның тарихи нақты формаларында сипаттауға мүмкіндік беретіндіктен, лингвотекстология тіл тарихын зерттеуге негіз бола алатын пән – лингвотекстология. Оның мақсаты - мәтіннің лингвистикалық тарихын, яғни тарихи тұрғыда өзгеретін тілдік норма аясында кез-келген зерттелетін мәтіннің құрастырылғаннан бергі өзгеру тарихын анықтау болып табылады.

Орыс ғалымы Е.А. Кузьминова лингвотекстологияға мынадай анықтама береді: «Лингвотекстология – бұл мәтінтану ғылымының саласы болып табылатын ғылыми пән, оның мақсаты мәтіннің лингвистикалық тарихын құру, яғни тарихи өзгеретін тілдік норма аясында кез келген зерттелген мәтіндегі пайда болған кезден бастап өзгерістер тарихы» [42, 102].

Лингвотекстологияның зерттеу пәні – диахрондық тілдік өзгерістер аясындағы мәтіннің тарихы. Алайда қазіргі лингвотекстологиялық зерттеулер жан-жақты, көп өлшемді талдауды қамтып, нәтижесінде мәтіннің тарихы туралы ғана емес, тілдік құбылыстардың дамуы туралы мәліметтер алынады.

Лингвотекстологиялық бағыттың пайда болуы Л.П. Жуковскаяның ғылыми мектебімен байланысты. Л.П. Жуковская өзінің алғашқы еңбектерінде лингвотекстологияның қолданылуы мен әдістерін қалыптастырды. Лингвотекстологияның негізгі саласы бақыланатын мәтіндік дәстүрі бар ескерткіштер – Інжіл және ғибадат мәтіндері болды, оларды Л.П. Жуковская 60-70 жылдары жасалған еңбектерінде XX ғасырдағы идеологиялық себептерге байланысты «дәстүрлі мазмұндағы ескерткіштер» деп атауға мәжбүр болды. Лингвотекстологиялық әдіс жазба ескерткішінің типологиялық, текстологиялық және тілдік деректерін кезең-кезеңімен зерттеу ретінде қалыптаса бастады. Ескерткіш (туынды) және көшірме (қолжазба) терминдері нақты ажыратылды, ескерткіштің редакциясы (лингвистикалық), ескерткіш тілінің өзгешелігі, ескерткіш көшірмелерінің

текстологиялық және типологиялық жіктелуіндегі терминдер айқындалды, лексикалық нұсқалардың негізгі түрлері сипатталды, текстология аясында маңызы бар лингвистикалық элементтердің тізбесі жасалды және т. б. Л.П. Жуковская «Текстология и язык древнейших славянских памятников» атты кітабында автордың Інжіл мәтіні мен тілінің тарихы саласындағы көпжылдық зерттеулерін қорытындылап қана қоймай, ол лингвотекстологиялық бағыттың қажеттілігін айқын көрсетіп, сонымен қатар бұл бағыттың «авторлық» дамуын аяқтады [43].

Ұқсас лингвотекстологиялық зерттеулерді Л.И. Шелепова, Т.А. Алексеева, С. Кожухаров, М.А. Момина, А.А. Алексеев, Г.С. Баранкова, Д.С. Ищенко, А.М. Камчатнов, А.М. Молдован, А.А. Пичхадзе, М.С. Крутова, О.Г. Злыгостьева, В.В. Калугин, Т.В. Пентковская, С.И. Панова сияқты ғалымдар жүргізген.

Л.Г. Панин лингвотекстологиялық әдістер туралы мынадай пікір білдіреді: «Лингвотекстологиялық аспектінің өзі ерекше маңызға ие, яғни ескерткіш тіліндегі өзгерістерді анықтау. Осы аспекттегі зерттеулер лингвотекстологиялық әдісті қалпына келтіру, ескерткіштің тілін дамытуда оның түпнұсқасын қалпына келтіру мақсатында қолданылатын ғылыми-зерттеу әдістері сияқты, бір ескерткіштің сипатын зерделеуде қолданылатын тәсілі ретінде жазбаша ескерткіштің типологиялық, текстологиялық және тиісті лингвистикалық фактілерін кезең-кезеңімен қарастыруды көздейді» [44, 98]. Л.Г. Панин атап көрсеткендей, бұл ретте лингвистің міндеті – ескерткіш тілінде анықталған айырмашылықтарды хронологиялық, жергілікті және мәдени-лингвистикалық аспектілерде тілдік тұрғыдан түсіндіру.

Дәл осы анықтама қазіргі лингвомәтіндік зерттеулердің көпшілігінде негізге алынады, оның басты объектісі – белгілі бір әдеби шығарма, ал басты міндеті - ескерткіш тілінің дамуын нақты қарастыру. Алайда, бұл әдісті қолдану туралы айтылған барлық жұмыстарда ол іс жүзінде қолданылмайды (анықтамада берілген мағынада), кейбір жағдайларда тек сәйкессіздіктерді талдау әдісі қолданылуы мүмкін.

Лингвотекстологиялық зерттеулердің нәтижелері ескерткіштің тарихын айқындау, барлық пайдаланылған (немесе сақталған) көшірмелерді анықтау және жариялау, көшірмелер арасындағы мазмұндық және лингвистикалық сәйкессіздіктерді сипаттау ғана емес, сонымен қатар тіл тарихының белгілі бір мәселелеріне қатысты көптеген көзқарастарды түбегейлі қайта бағалаудан көрінеді.

А.Х. Востоков, И.И. Срезневский, А. А. Шахматов, Д.С. Лихачев және т.б. зерттеулері кешенді түрде, әдебиеттану мен лингвистиканың тоғысында, яғни нақты филологиялық бағытта жүргізілген.

Осылайша, қандай да бір жазба ескерткіштің тілдік деректерін жан-жақты зерттеу – лингвотекстологиялық зерттеу болып саналады. Оған зерттеу жүргізгенде лингвист, әдетте, шығарманың идеялық-семантикалық негізінде көрініс табатын мәтіннің әдеби ерекшелігін, ол құрастырылған

тарихи кезеңнің өзгешілігін, дәуірдің мәдени аясын басты назарға алуы керек.

Бірнеше тізімде сақталған жазба ескерткіштерінен басқа лингвотекстологияның зерттеу нысандарына бір туынды аясында қайталанатын немесе әртүрлі туындылардың құрамындағы бірдей үзінділер жатады.

Л.П. Жуковская мұндай мәтіндерді (немесе олардың бөліктерін) зерттеуді әр көшірме бойынша емес, бір уақытта барлық сақталған көшірмелер бойынша жүргізген дұрыс деген ғылыми тұжырымдаманы негіздеген. Кез-келген қолжазба мәтіннің жеке көшірмесінде алғашқы мәтіннің және барлық аралық көшірмелердің тілдік элементтері болады. Көптеген көшірмелерді бір уақытта зерттеу архетиптің тілдік негізін және оған көшіру мен редакциялау кезінде қосылған тілдік қабаттарды анықтауға және хронологиялық түрде ажыратуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, жазбаша дереккөздерді түсіндірудің негізгі сұрағына: бұл көшірменің авторлық түпнұсқа мәтінге қатысы қандай, яғни оның лингвистикалық элементтерінің қайсысы көшірме жасаумен кезеңдес, ал қайсысы архетипке немесе аралық көшірмелерге қатысты бола тұра одан көнерек деген сұраққа жауап табуға мүмкіндік береді. Осыдан кейін архетиптің, аралық көшірмелердің және нақты көшірменің тілдік ерекшеліктерін тілдік норманың тарихи өзгерісінің сипатымен байланыстыруға болады.

Л.Ф. Килина ескерткіш тілінің түпнұсқасын қалпына келтіру үшін бір ескерткіштің көшірмелерін лингвотекстологиялық зерттеуді рет-ретімен үш кезеңде жүзеге асыруға болатынын былай көрсетеді:

1. Таңдалған ескерткіштің мазмұны мен құрылым элементтерін салыстырмалы типологиялық зерттеу. Мұнда мәтіннің жеке компоненттерінің орналасуына басты назар аударылады. Іс жүзінде типологиялық зерттеу белгілі бір (көбінесе практикалық) мақсаттармен бір мазмұндағы үзінділерден әртүрлі құрастырылған ерекше күрделі және әртүрлі құрамдағы шығармаларға қатысты қолданылады. Типологиялық зерттеу кезеңінде бір-бірінен құрамы мен құрылымымен ерекшеленетін ескерткіштің редакциялары мен топтамаларын анықтауға болады.

2. Көшірмелердің белгілі бір тобына тән мәтіндік ерекшеліктерді анықтауды қамтитын текстологиялық зерттеу. Дереккөздерді жіктеу үшін бұл кезеңде ежелгі жазба ескерткіштерін дәстүрлі текстологиялық талдаудың әдістері мен тәсілдері қолданылады: жанама мәліметтер бойынша – әртүрлі оқылымдарды, қателіктерді талдау, мәтінге саналы түрде енгізілген өзгерістерін зерттеу, қолжазбаларды зерттеу, қосылған және түсіп қалған сөздер, глосса мен интерполяцияны, көшірме және түпнұсқаны, еліктеу мен үлгіні, аударма дереккөзін анықтау және т.б.

3. Нақты лингвотекстологиялық зерттеу – ескерткіштің көшірмелеріндегі тілдік айырмашылықтарды анықтау және оларды көпқырлы түсіндіру (хронологиялық, жергілікті, құрылымдық және атқарымдық), олардың түрлерін анықтау, олардың пайда болу шарттары мен

себептерін анықтау, тұрақты және өзгермелі тілдік құбылыстардың арақатынасын талдау [45, 136].

Түрік тіл білімінде лингвотекстология терминін алғаш рет 1955 жылы Э. Косериу қолданған. Түркияда бұл терминнің соңғы 15-20 жылда маңызды зерттеу саласына айналғандығы туралы Б. Өзкән өз еңбегінде атап көрсетеді [46, 168]. Осыған сәйкес лингвотекстология ауызша және жазбаша мәтіндердің грамматикалық-семантикалық және коммуникативтік құрылымдарын өлшеумен айналысатын ғылым. Басқаша айтқанда, бұл мәтіндер түзу мен түсіндірудегі заңдылықтарды анықтауға тырысатын сала. Осы тұрғыда лингвотекстология мәтінді үйлесімділік, негізгі құрылым сияқты элементтерді қарастыру арқылы зерттеуге бағытталған және мәтінді құрайтын осы элементтер арасындағы қатынастарды зерттейтін ғылым ретінде анықталады.

Тіл білімі сияқты лингвотекстологияның да өзіндік мақсаты бар. Ғалым А. Балджы [47, 192] лингвотекстологияның мақсаты ретінде төмендегілерді қарастырады: мәтіндердің құрылымдарын, яғни грамматикалық және контекстік құрылымдары мен коммуникативті қызметтерін түсіндіріп, практикалық мысалдар арқылы көрсету. Сонымен, лингвотекстология мәтін құрудың жалпы шарттары мен ережелерін сипаттайды және мәтіннің маңыздылығын түсіндіреді.

Лингвотекстология мәтінді белгілеріне қарай жіктейді. Мәтін құрылымының грамматикалық және контекстік формалары қарастырылады. Әртүрлі көлемде кездесетін ауызша немесе жазбаша мәлімдемелер, егер олар үйлесімділік пен бірлік критерийлеріне сәйкес келсе, мәтін ретінде қабылданады. Бірлік мәтіннің вербальды құрылымымен байланысты болса, үйлесімділік осы сөздік құрылымның элементтері арасындағы мағыналық байланыстарды білдіреді. Бірлік мәтіндегі тілдік құрылымдар арқылы қамтамасыз етіледі [47, 167-182]. Жаңа тілді меңгеру барысында мәтіндегі мағына, яғни контекстік өлшемдегі мағына мәнге ие болады. Хабарламаларды дұрыс түсіндіру үшін лингвотекстологиялық зерттеу қажет. Дегенмен, мәтінді толығымен зерттеп қарастыру ғана мәтін мағынасының толық түсіндірілуіне жол ашады.

Түрік тіл біліміндегі лингвотекстология туралы ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, мәтін лингвотекстологиясының зерттеу саласына жататын төрт бағыттың бар екендігі анықталды:

1. Имплицитті құрылымдар
2. Эллиптикалық құрылымдар
3. Грамматикалық байланыс
4. Тізбекті түрлендірулер

Ал белгілі ғалым М. Рифат «Мәтіннің үні» атты еңбегінде мәтінге мынадай анықтама береді: «Мәтін – барлығы: Бұл лингвистикалық өндірісте аяқталған өнім. Сонымен қатар, өндіріс процесінің нәтижесіндегі соңғы форма, әрі оқырмандардың түсіну қабілетіне қарай түсіндірілетін өндірістік ресурс. Қолданылған сайын мағынасы жағынан кеңейе түсетін және осы ерекшелігімен оқырмандарының қызығушылығына ие текстура» [48, 4-5].

Н. Гүллү: «Мәтін, ең алдымен, әртүрлі көлемде болуы мүмкін ауызша немесе жазбаша бірлікті тудыратын мағыналық тұтас бірлік», - дейді [49]. Қысқаша айтқанда, мәтін дегеніміз кіріспе және қорытынды арқылы тілдік белгілерден жабық құрылым құрайтын мағыналық тұтастықты білдіреді.

Лингвотекстология – мәтіндік өлшемдерді зерттейтін және мәтіндерді жіктеу нормаларын анықтайтын тіл білімінің саласы. Зейнел Қыранның пайымдауынша, лингвотекстология дискурстық талдаулармен қатар дами отырып, ауыспалы тілдік бірліктерді зерттейді [50, 279]. А. Шенөз лингвотекстологияның мақсаты туралы былай дейді: «Лингвотекстологияның негізгі мақсаты – мәтіндердің құрылымдарын, яғни мәтіндердің грамматикалық және контекстік құрылым формалары мен коммуникативті қызметтерін ашып, практикалық мысалдар арқылы көрсету. Қысқаша айтқанда, лингвотекстология мәтіндердің негізгі критерийлері мен ережелерін сипаттайды» [51, 112]. Лингвотекстология мәтіннің ұйымдастырылуын және оның ішіндегі әлеуметтік, интеллектуалдық және басқа да көптеген құрылымдардың анықталуын зерттейді деп тұжырымдаймыз.

Түрік тіл білімінде лингвотекстологиялық салада жазбаша немесе ауызша туындының мәтін ретінде қабылдануының екі негізгі критерийі бар: «бірлік пен үйлесімділік». Бірлік мәтіннің сөздік құрылымына қатысты болса; үйлесімділік осы сөздік құрылымның элементтерімен жетуге болатын концептуалды саладағы барлық қатынастарды білдіреді.

Сонымен қатар, түрік тіл білімінде ескерткіш мәтіндердің лингвотекстологиясын қарастырған бірқатар ғалымдардың» еңбектеріне тоқталуды жөн көрдік. Лейла Субашы Узун «Орхон жазбаларының лингвотекстологиялық құрылымы» атты зерттеуінде: мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін тілдік элементтер «бөлімдердің ішінде де, арасында да грамматикалық, синтаксистік, семантикалық және логикалық байланыстарды орнатуға көмектеседі» деп мәлімдеді. Лейла Субашы Ұзын пікірі бойынша; бірлікті қамтамасыз ететін тілдік элементтер мәтіннің мағыналық бірлік ретінде қабылдануын, яғни мәтін ішінде біртектіліктің (фр. isotopie) жасалуын қамтамасыз етеді. Бұл элементтер ретінде іс-әрекеттің шақтарын, таңбаның ретін, кейінгі сілтемелерді (фр. anaphore), алдын ала сілтемелерді (фр. cataphore) және байланыс элементтерін (фр. connecteur) санауға болады [52, 84].

Лингвотекстологиялық негізде мәтіндік талдау маңыздылыққа ие болады. Лингвотекстологиялық зерттеулер жүргізу кезінде; абстракцияға жол берілмейді, қарым-қатынас ортасы мен қатысушылардың (жіберуші-қабылдаушының) әртүрлі қасиеттері ескеріледі. Осы тұрғыдан алғанда, лингвотекстология классикалық грамматика және мәтінді талдау әдістерінен ерекшеленеді деп айтуға болады [13, 11-13].

Түрік тілінде лингвотекстологиялық зерттеулерде қарастырылған кейбір ұғымдардың риторика аясында зертделенгендігін байқаймыз. Түркияда жасалған лингвотекстологиялық зерттеулер: Лейла Субашы Түрік тіліндегі кейбір лингвотекстологияық көріністер жайында (1990)/ Türkçede

Bazı Metindilbilimsel Görünümler Üzerine (1990), Гүлсев Паккан Түрік әдеби баяндауыштарын талдаудағы үйлесімділікке негізделген лингвотекстологиялық тәсілдер/A Text Linguistic Approach to the Analysis of Turkish Literary Narratives with Emphases on Coherence (1991), Мерал Озалиш пен Шейда Озил Әдеби мәтінді лингвотекстологиялық тәсіл арқылы талдау (1992)/ Metindilbilimsel Yaklaşımla Yazınsal Bir Metni Çözümleme Denemesi (1992), Лейла Субашы Узун Орхон жазбаларының лингвотекстологиялық құрылымы/Orhon Yazıtlarının Metindilbilimsel Yapısı (1995), Нилүфер Гүлтекин Мәтінді құру процесіндегі анықтамалық үйлесімділіктің мәні (2000)/ Metin Oluşum Sürecinde Gönderimsel Bağdaşıklığın Değeri (2000), Ахмет Акчаташ Dokuzuncu Hariciye Koğuşu романына лингвотекстологиялық талдау (2001)/Dokuzuncu Hariciye Koğuşu Romanı Üzerine Bir Metin Dil Bilim İncelemesi (2001), Несрин Кая Боғач хан дастанын лингвотекстологиялық тәсіл арқылы талдау» (2002)/ Boğaç Han Destanı'nın Metin Dil Bilimsel Yaklaşımla Çözümlemesi (2002), Доған Гүнай Текстология (2003)/ Metin Bilgisi (2003), Ирем Онурсал Түрік мәтіндеріндегі үйлесімділік пен бірлік (2003)/ Türkçe Metinlerde Bağdaşıklık ve Tutarlılık (2003), Бүлент Өзкан Лингвотекстология, лингвотекстологиядағы үйлесімділік және Халдун Танердің «Onikiye Bir Var»атты әңгімесіндегі лингвотекстологиялық үйлесім (2004)/ Metindilbilimi, Metindilbilimsel Bağdaşıklık ve Haldun Taner'in «Onikiye Bir Var» Adlı Öyküsünde Metindilbilimsel Bağdaşıklık Görünümleri (2004), Джанан Аята Шенөз Лингвотекстология және түрік тілі (2005)/ Metindilbilim ve Türkçe (2005), Энгин Йылмаз және Надира Джахич Вире әңгімесін лингвотекстологиялық тұрғыдан талдау (2005)/ Vire Hikâyesi Üzerine Metin Dilbilimsel Bir İnceleme (2005), Хүлия Ашкын Лингвотекстологиялық талдау (2006)/ Metindilbilim Açısından Bir Çözümleme (2006), Мұрат Лүледжі Лингвотекстология жаңа пән ретінде және лингвотекстологиялық тұрғыдан түрік әдебиетіне шолу (2010)/ Yeni Bir Disiplin Olarak Metin Dilbilim Ve Türk Edebiyatına Metin Dilbilimsel Bir Yaklaşım (2010), Седат Балйемез Қорқыт ата әңгімелерінің лингвотекстологиялық құрылымы (2011)/Dede Korkut Hikâyeleri'nin Metin Dil Bilimsel Yapısı (2011), Илкер Айдын және Гүлшен Торусоғлу Текстолингвистика және мәтін үлгілерінің талдаулары (2017)/ Metindilbilim ve Örnek Metin Çözümlemeleri (2017).

Соңғы жылдары ғылыми текстологиямен айналысушылар қатары біршама өсіп, таза тілдік тұрғыда текстологиялық талдау жұмыстары жасала бастады. Мәселен, түрік тілінің маманы Үміт Карул ескерткіштің Н. Асым мен Р. Арат жасаған транскрипцияларын өзара салыстырып, мәтін айырмашылықтары туралы мынадай түсініктеме береді: «Ћибат-ул хақайиқ» шығармасының А және Б нұсқаларының дыбысталуындағы тілдік ерекшеліктер және тілдік топтар айырмашылықтары анықталып, классификация жасалынды. Зерттеуіміздің негізгі әдебиеті болып табылатын Неджип Асымның Б нұсқасын негізге ала отырып, көшірмесін жасаған «Ћибат-ул хақайиқ» шығармасына тиесілі сөздер қою сиямен алғашқы қатарға жазылды. Бұл сөздердің қарама-қарсы бетіне Рашид Рахмети Араттың А нұсқасын негізге ала отырып, «Ћибат-ул хақайиқ» шығармасында

орын алған сөздер қосылды. Сөздердің соңында жақша ішінде қай жолда кездесетіндігін білдіретін сандар жазылды. Бұл нөмірлерді жазу барысында «Ақиқат сыйын» латын әліпбиіне аударғандағы біздің тарапымыздан берілген өлең жолдары қолданылды. Сөздер мәтіндегі қатарына қарай кішіден үлкенге қарай жазылды» [53].

Профессор Б. Сағындықұлы Ахмет Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» («Ақиқат сыйы») атты XII ғасыр ескерткішінің барлық көшірмелерінің түпнұсқаларын бір-бірімен салыстырып, қазақ тіліндегі лингвистикалық аудармасын және транскрипциясын жасады. Ахмет Йүгнекидің «һибат-ул хақайиқ» атты дастаны XII ғасырда көне түркі жазба әдеби тілінің арғу, чығыл, яғма диалектілік негізінде жазылғанын атап айтып, көшірмешілер өз тарапынан әртүрлі себептермен оғыз бен қыпшақтың жаңа элементтерін енгізіп жібергенін айқындайды. Демек, түркі жазба ескерткіштерін кешенді түрде зерттеп, текстологиялық жұмыстарды тілдік тұрғыда жүргізу түрколог ғалымдардың ұшан-теңіз еңбек етулерін талап етеді.

Кез-келген шығарма белгілі бір уақыт аралығында түзетіліп, өңделіп, кей бөліктері қысқартылып, қосылып, бірнеше мәрте көшіріліп барып дүниеге келеді. Осы бір ұзақ үдерістен кейін ғана автор өз шығармасын баспаға ұсынатыны белгілі. Ал текстолог сол баспаға берілген шығарманы кейін қарай, алғашқы сөйлемінің қағазға қалай түскеніне дейінгі аралықты зерттейді. Шығарманың жазылу тарихын зерттеу барысында ол мәтіннің түрлерін (қолжазба, автордың қолжазбасы т.б.) ажыратып, оларды бір-бірімен салыстырады. Салыстыру нәтижесінде байқалған айырмашылықтардың себебін анықтайды. Бұл текстология ғылымының қызықты да, қиын екендігін тағы бір дәлелдейді. Қазақ тіл білімі және тарихи грамматика саласы лингвистикалық тұрғыда зерттелген текстологиялық ғылыми еңбекті қажет ететіндігі, көптеген туындыларға текстологиялық зерттеу жұмыстарын жасау керектігін айқын анықтап берді.

Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихын зерттеуде ата-бабаларымыз қалдырып кеткен әдеби мұралардың алатын орны ерекше. Әр ескерткіштің бірнеше көшірмесін өзара салыстырып, мәтінге тілдік тұрғыдан зерттеу жүргізу жас лингвотекстология ғылымының одан әрі дамуына жол ашып отыр. Бұл ғылымның маңызы жөнінде көрнекті ғалым, профессор Б. Сағындықұлы өз еңбегінде былай деп жазады: «Біздің заманымызға келіп жеткен ескерткіштердің қай-қайсысы да бірнеше көшірмешінің қолынан өткен. Көшірмешінің жаңылысуы, байқамай қалуы өзінің талғамына сәйкес келмейтін жерлерді өңдеп, жөндеп жіберуі әбден ықтимал. Осы себепті автор жазған вариант пен көшірмешілер жазған варианттардың арасында елеулі айырмашылықтар туындайды. Бұл болмай қоймайтын заңдылық. Текстологиялық зерттеулер ғана тарихи шындықтың бұрмалануына тосқауыл қоя алады. Айырмашылықтардың қыр-сырын ашып, ғылыми дәлдік пен нақтылыққа сүйеніп, авторлық түпнұсқаны ажыратады. Белгілі бір шығарманың түпнұсқа мәтінін анықтап алмай тұрып, оның идеялық мазмұны мен әдеби көркемдігін зерттеу қате тұжырым, қисынсыз қорытындылар жасауға әкеп соғады. Көне дәуір элементтері, көшірмешілер енгізген

жаңалықтар, кірме сөздер, автордың сөз шеберлігі, стилі, ауызекі сөйлеу тілінің белгілері, тарихи фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық өзгерістер, тағы басқалар туралы зерттеуді мақсат еткен ізденушілерге текстология ғылымының берері мол» [54, 4].

Ахмед Йүгінекидің тумысынан көзі көрмейтіні шығармадан белгілі. Бұл деректерге сүйенсек, ақынның шығармасы ауызша айтылған. Өз дәуірінде атағы шартарапқа тараған ақынның өлеңдері хатқа түсірушінің көмегі арқылы жазба ескерткішке айналып отыр. Яғни, шайырдың кез-келген туындысын ақынның аузынан жазып алып, халыққа тарататын көмекшісі болғанға ұқсайды немесе ол тарихты жазып отыратын жылнамашының қызметіне сүйенген де болуы мүмкін. Осындай асыл мұраларға жаны ашитын, жинап-теріп хатқа түсіріп отыратын, бірнеше көшірмелерін көшірткізіп, алыс-жақын елдерге таратып жүретін азаматтардың арқасында ескерткіштің бірнеше нұсқалары біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Линговотекстологияның одан әрі дамуы дереккөздерді бағалаудың статистикалық әдістерімен байланысты, олардың ішінде грек қолжазбаларын зерттеу үшін американдық текстолог Э.К. Колвелл әзірлеген әдіс ең тиімді болды. Біз де өзіміз зерттеп отырған ескерткіштің тіліне статистикалық зерттеулер жүргізіп, ескерткіш тілінде қолданылған сөздердің қайсысы нақты оғыз-қыпшақ немесе қыпшақ-оғыз элементтері екенін көрсетуге тырыстық.

Ескерткіш нұсқаларын салыстыра отырып, біз белгілі бір лингвистикалық құбылыстың әр тізімдегі шығармада жүзеге асырылу ерекшеліктерін анықтай аламыз және нұсқалардың мәтіндері бойынша деректерді салыстыра отырып, жалпы тілдік тенденция туралы қорытынды жасай аламыз. Алайда, графикалық және орфографиялық зерттеулер жүргізу өте қиын, өйткені бұл жағдайда бәріне бірдей қолжетімді бола бермейтін түпнұсқа мәтінді немесе оның өте жақсы көшірмесін қолданған жөн. Осындай зерттеулер жүргізген кезде көптеген ақпаратты өңдеумен байланысты қиындықтар туындайды. Сондықтан, біз өз зерттеуімізде ҺХ ескерткішінің ең жақсы сақталған А, Ә және Б нұсқаларын негізге ала отырып талдау жүргіздік.

1.2 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші нұсқалары және зерттелу тарихы

«Һибат-ул хақайиқтың» (Ақиқат сыйы) жазылған тұсында Орта Азия халықтарына ортақ түркі тілі, түрлі мәдени орталықтар мен түркі тайпаларының этникалық және тағы басқа ерекшеліктерінің әсерімен біраз кезеңдерді бастан өткеруге мәжбүр болды. Бір-бірімен байланысты бұл кезеңдерге, толығырақ тоқталмастан, негізгі үш топтың айналасында қарастыру мүмкіндігі бар. Олар:

1. Қарахан дәуірінен бастап, Қашғар диалектісі ретінде дамыған түркі тілдері. Оны Қарахан тілі деп те атауға болады. Орталығы – Қашғар қаласы.

2. Кеңес үкіметі құрамына кірген, яғни Батыс Түркістандағы Сырдария өзенінің төменгі ағысы мен Хорезмнің түрлі орталықтарында дамыған түркі тілдері. XII ғасырдан бастап бұл өлкелердің құрамына Алтын Орда мемлекеті

де кірді.

3. Түркістанның қалған орталықтарында пайда болған және Орта Азия түркі тілдерінің ең гүлденген кезеңі болып саналатын Шағатай тілі. Әлішер Науаи ең жоғарғы деңгейге көтерген бұл тіл арқылы көптеген әдеби шығармалар дүниеге келіп, соның арқасында бұл диалектінің біркелкі көрінісі және өзгелерімен біртекті классикалық әдеби мұралар тарады.

Бір-бірінен алыс және бөлек-бөлек орталықтарда құрылған және дамыған бұл үш диалект топтары арасында нақты шектеулердің болуы мүмкін емес. Себебі, бұл диалектілер бір-бірінен алшақ тұрып, жеке өз алдына даму жолдары болмаған, керісінше үнемі бір-біріне шығармалары ауысып отыру арқылы байланыста болған. Мұны біз қолымыздағы үш түрлі дәуірге тиесілі табылған шығармалардың тілдік ерекшеліктерін салыстыру арқылы оңай анықтай аламыз. Әсіресе әдеби дәстүрдің әлі таралмаған уақытында қандай да бір автордың, жазушының өз шығармаларында өзі өмір сүрген тайпаның тілдік элементтерін молынан пайдаланғандығы дәуірдің әдеби диалектілерінің қайсыбіріне қатаң тәуелді екендігін анықтап көрсету мүмкін болатын. Сондықтан да бұл дәуір шығармаларының диалектілік ерекшеліктерін бір-бірінен айтарлықтай айыра қарастыру қиындық туғызары анық. Орта Азия халықтарына ортақ түркі тілдерінің кейбір ерекшеліктері түрлі жолдармен: Анадолы, Әзірбайжан, Еділ-Орал және Түркімен сияқты жеке әдебиет пайда болған түркі халықтарының да диалектілерін қарастыру арқылы пайдасын тигізеді.

Қараханидтер дәуірінде мемлекеттің билік және білім орталығы болу себебімен «Қашғар тілі» деп аталатын Қашғар қаласында құрылған әдеби түркі тілі кейін де өзіне жаңа және барынша ыңғайлы даму алаңын табуда қателеспеген екен. Алғашқыда ұйғыр, түргеш, оғыз және қарлұқ сынды тайпалардың басымдылығы әсерінен қалыптасқан бұл әдеби диалект кейіннен Орта Азия төңірегіндегі Иран халқы жеңіліске ұшырап, жеңіске қол жеткізген соң, Қараханидтер кейін мекендеген жаңа өлкелерде құрылымына жаңадан араб және иран тілдерінен кірме сөздердің ерекшеліктерін араластыра отырып, бұрынғыдан да мәнерлі әдебиеттің бір жаңа кейіпін шығарды. Орта Азия халықтарына ортақ түркі тілінің бір тармағы ретінде ғана белгілі бұл диалект өзін қолданған автор және жазып алушының күшімен бұрынғы Қарахан мемлекеті территориясында орналасқан аудандарда және орталықтарда біршама жаңа шығармалардың тууына себепкер болған. Бүгінде нақты саны белгісіз бұл шығармалардың ең маңыздылары Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» мен Ахмет Ясауидің «Диуани хикметі» (Даналық кітабы), Рабғузидің «Қиссасу-л Әнбия» және тағы басқа кейбір шығармалар болып табылады. Тіл құрылысы жөнінен әрқайсысы құнды болып танылған бұл шығармалар, даусыз жазылған жерлеріне қарай жаңа тілдік ерекшеліктерді пайдаланған және түркі тілдерінің дамуына кең мүмкіндіктер ашып бергендігі айқын.

Тақырыбы, құрылымы, мақсаты және ең бастысы тілдік ерекшелігі жағынан «Құтты Білік», түгелімен діни көзқарас бойынша Ахмет Ясауи ізімен жазылған. Ал, «Һибат-ул хақайиқ» өз дәуірі үшін алыс-жақын

аймақтарға кең таралған. Көшірмешілердің көшіріп таратуына байланысты сан түрлі атаулармен аталған. Тарихтан белгілі болғандай «Құтты Білік» және Ахмет Ясауи есімі сияқты бұл шығармаға да жергілікті тұрғындардың лақап аттар беруі сол кезеңдер үшін бір дәстүрге айналған. Осы себепті кейде жазушы, кейде шығарма атаулары түрлі өзгерістерге ұшырап отырған. Түркі тілдерін зерттеушілердің еңбектерінде Йүгінектік Ахметтің шығармасы «Һибат-ул хақайиқ», «Айбатул-Хақайық», «Атебатул-Хақайық», «Ақиқат сыйы», «Шындық сыйы», «Шындық қақпасы» сияқты атаулармен белгілі болды.

«Һибат-ул хақайиқ» нақты шығу тарихы белгісіз, шамамен XII ғасыр шығармасы деп есептелінеді. Кейбір жергілікті тілдік ерекшеліктері тұрғысынан «Құтты Білік» диалектісімен айтарлықтай бірдей болмаса да, біршама айырмашылықтар бар. Йүгінектік ақынның шығармасында сол дәуірде түркі тілін қаншалықты қолданғанын *«сол үшін жаздым кітап түрікшелеп»* деген бәйіті айқындап береді. Шығарманың тіліне қатысты құнды пікірді Арсылан Қожа Тархан әмірші былай жеткізеді:

Түгелдей қашғар тілінде [жазылған],
Ақынның нақышты сөзімен айтылған.
Егер кімде-кім қашғар тілін білсе,
Ақынның не айтқанын түсінеді.

Тақырыбы және жанры бойынша «Құтты Білік» әсерінде жазылған «Һибат-ул хақайиқ», тілдік және диалектілік ерекшеліктері тұрғысынан кейбір айырмашылықтар барын аңғартады. Бұл Орта Азия өлкесінде пайда болған шығармалардың барлығында дерлік көзге анық көрінетін шындық. Жазушының күмәнсіз бір түркі тайпасының құрамында болуы, жазып алушылардың мәдениет және ақпаратты тану деңгейлері, шығармаларды зерттеп алып қарастыру немесе жазып алу өз дәуірінен кейін, өте кеш қолға алынуы, әрине, шығарманың тілі мен композициясына әсерін тигізбей қоймайды. Осы себептен де бұл шығармаларда күмәнсіз бір тіл және ой бірлігін табу мақсаты соншалықты дұрыс болмауы мүмкін. Бұл мәселелерді туғызған жоғарыдағы себептермен бірге географиялық және хронологиялық шарттар да айтарлықтай рөл ойнайды. Осылайша, шығарманың, тіпті, бізге қолжетімді танымал нұсқасының өзінде емле, жазу тәртібі арасында кейбір айырмашылықтар көрінеді. Тіпті кейде жазушының және шығарманың жазылған жері мен тарихын анықтаудың өзі мүмкін болмай қалатын жағдайлар болады. «Ақиқат сыйында», өкінішке орай, бұл кемшіліктердің барлығы дерлік кездеседі.

Осылайша шығарма авторының аты, ойы, шыққан тайпасы да белгісіз. Шағын ғана болса да, бір ұшын Әмір Арсылан Қожа Тарханның жазған қосымшасында кездестіре аламыз. Оның Адиб Ахметті білуі және жақын таныс болуы әбден мүмкін. Қосымша жырда берілген мәліметтерге қарағанда, автор оқымысты бір адам болыпты және туылғаннан көзі көрмейтін соқыр болған. Туған жері Йүгінек, әкесінің есімі Махмұд екенін

білеміз. Есімінің Адиб Ахмет екендігін, автордың өзі де өлең жолдарында айтуды жөн көрген. Анасынан туылғаннан көр болғанын Әлішер Науаи да өз шығармасында айтып өтеді.

Адиб Ахмет өз дәуіріндегі құрметтелген және жоғары бағаланған сопы ақын болған, алайда туылғаннан соқыр болғандықтан, өкінішке орай, шығармалары тек қана хикмет күйінде ауыздан-ауызға тарап, мазмұны мен құндылығы тұрғысынан біраз дүние жоғалтқан. Ақынның бірнеше бәйіттері, Орта Азияның дәл осы жанр бойынша өлең жазған өзге ақындарының еншісінде кеткен. Шайырдың мұншалықты кішкентай және аяқталмаған бұл шығармасын құрмет тұтқан адамы Мұхаммед Тат Испаһсалар Бекке арнауы мүмкін емес-ті.

«Ақиқат сыйын» айтарлықтай бір кескінде «Құтты біліктен» ерекшелейтін өзгешеліктердің бірі және бірегейі кірме сөздердің көптеп қолданылуы. Уақыт талабы бойынша шығармада еркін қолданылған иран және араб тілінің ерекшеліктері әдеттегі өзіміздің түркі сөздерін ұмыттырып жіберетіндей құдіретті бір күш сияқты болады. Мәселен, ешқандай керегі болмасада шығармада, тіпті ол дәуір түркі тілдерінде, әсіресе әдеби түрікшеде орын алған «бал» орнына «әсел»; «бітіг» орнына «кітап» т.б. сөздердің арабша аудармасы қолданылыпты. Бұл көріністен шығармада түркі сөздерінің қолданылу аймағынан шығарылуы, оның, енді түрік тіліне араб және иран тілдерінің әсері басым бір кезеңде жазылғандығын байқауға болады. Тіпті шығарманың аты және бөлімдерінің тақырыптарының түгелімен арабша болуы да соны меңзейді. Мысалы:

Саясат, басшылық, тапқырлық, жомарттық
Бұған қоса әділдік. Мұндайды есіттің бе, көрдің бе? – немесе,

Тағы да ұлылық, қайырымдылық, кеңпейілділік,
Алла осының бәрін шаһыма бере салған, – деген бәйіттер толығымен араб және парсы тілдерінің ерекшеліктерінің қосындысының туғандығын дәлелдейді.

«Һибат-ул хақайиқ» кісілік, адамгершілік хақында түгелімен бір діни көзқараспен жазылған «тәрбие-тәлімі мол бір шығарма», насихатнама болып есептелінеді. Алғашқыда барлық ислам шығармалары сияқты Аллаға мадақтау, пайғамбарлар мен сахабаларды мақтаудан бастау алып, Тат Испаһсалар бек туралы мадақтан кейін ғылымның пайдасы, надандықтың зияны, тілді тыю – әдептілік пен тәртіптіліктің шарты, дүниенің бір қалыпта тұрмай өзгеріп тұратындығы, жомарттың қайырымдылығы мен сараңның қассыздығы, адамгершіліктің шыңы, түрлі насихаттар, қорытынды мен қосымшалар сынды бөлімдерден құралады. Ақынның ислам ғылымдарын, мәселен, тәпсір мен хадисті, сосын араб тілін меңгергендігі, яғни классикалық бір медресе білімін көргендігі бірден түсінікті болады. Кітабында аяттар мен хадистерді түсіндіріп, айшықтап, әрбіріне тоқталып отырады. Тіпті оларды түсіндіретін бір топ тәпсірлер мен насихаттарды да қосып отырады. Идеологиялық тұрғыдан бұл шығарманы «Құтты білікпен»

салыстыра қарайтын болсақ, арадағы, шамамен жарты ғасырлық, айқас ішінде діни түсініктер мен әдеттегі өмірге деген көзқарастағы діни үстемдіктің қалайша күшейгенін байқаймыз. «Құтты білікте» кездесетін «Философиялық түсінік» орнына мұнда тек қана «Діни идеология» қолданылады. Онда әлеуметтік өмірден алынған шабытпен, Аристотель философиясына ыңғайлы бір «Әлеуметтік адамгершілік» жүйесін құрған, мұнда ол сияқты философиялық түсініктер мүлде жоқ. «Дүниенің көшіп кететін бір керуен сарайы екендігін, мұнда әрбір нәрсеге жоқ болу тағдыры жазылғанын, бұл улы жыланға сену керек екендігіне т.б.» ұқсас насихаттарды, бірнеше аяттар мен хадистерге сүйеніп мол дерек берген. Бұл шығарма, осыдан кейін жазылған бірнеше «Адамгершілік принциптері» сынды шығармаларға бастау болды. Ақиқатында, төменде көрінетіндей VI ғасырда бастау алған түрік сопылық әдебиеті, бұл түрлі діни түсініктерді ғасырлар бойынша түркі халықтары арасында таратуға тырысқан. «Дүниенің енді зорлық пен зұлымдыққа толғанын, жат болып бастау алған исламның қайта жат болғандығын, ғибадаттың рия, әдептердің еліктеушілік, мешіттердің бос қалған, ішімдік сатылатын орындардың толы болған, ғалымдардың амалдан, тақуалардың күнә қорқынышынан айрылғанын, данышпандардың би мен көңіл көтеру арқылы уақыт өткізетіндерін, жамандықтың көбейгені» туралы бір қатар арыздар да, Мәуреннахрдың сол заманғы саяси және әлеуметтік қалпымен жеткілікті түрде түсіндіре алды. Селжүктердің басшыларының әлі ислам әдеттерінен бейтаныс оғыз көшпенділерімен арадағы қайшылықтары, шығыстан келген пұтқа табынған қарақытайлардың ислам дүниесіне күшпен көрсеткен әсерлері, батыс ағымының күшеюі, Мәурреннахрмен қоса өлкелердің бір шешім қабылдай алмауы, Хорезм шахтарының талас қалпы, барлығы Адиб Ахметке жоғарыдағы пессимистік пікір туғызуға септігін тигізді. Мұнымен, тағы да бұл ғасырда бастау алған түркі сопылық әдебиеті арасындағы рухани сабақтастық шығармада ашық көрініс табады. Бұл шығарманың Орта Азия түркі тайпалары арасында хижри жыл санауы бойынша X ғасырға дейін өз қасиетін сақтап келуі де діни мәдениет себебінен еді.

Ескерткіштің нұсқалары туралы деректер. Әлемдік лингвистикаға бүгінгі күнге дейін «Ћибат-ул хақайиқтың» алты нұсқасы белгілі болатын. С. Чакмак 2019 жылы Стамбул қаласында ұзақ жылдар бойы мазмұндылығы мен құндылығын сақтаған «Атебет-үл Хақайық» тілі мен әдеби құндылығы жағынан бүгінгі күні де түрік тілі мен әдебиеті тарихы зерттеулерінің маңызды көзі болып саналатын ескерткіштің жаңа жетінші нұсқасын жариялады [55]. Енді осы «Ћибат-ул хақайиқтың» жеті нұсқасына толық тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Ескерткіштің бірінші нұсқасы (А) Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4012 номермен сақталған. Оның көшірушісі Зейнул-Абидин бин Султан Бахт Джурджаний Хусейни. Бұл нұсқа 1444 жылы ұйғыр жазуымен көшірілген. Бұл кітаптың сырты былғарымен тысталған. Қағазының сапасы жоғары, көркем безендірілген, басқа көшірмелерге қарағанда ұқыпты көшірілген. Нұсқа ұйғыр әріпімен көшірілгенмен, оның

тақырыптары аят, хадис, бәйіттер араб тілінде араб жазуымен жазылған. Көшірменің бір беті сақталмаған.

Екінші нұсқа (Ә) Стамбул қаласындағы Айа-София кітапханасында 4757 нөмірмен сақталып тұр. Бұл нұсқа Стамбул қаласында 1480 жылы көшірілген. Көшіруші Шейхзада Абдур-Раззақ бахши атымен белгілі. Бұл өз алдына жеке кітап емес, үлкен бір жинақтың алдыңғы беттерінде орналастырылған. Түптемесі жағынан бірінші нұсқаға ұқсайды. Мұнда көшіруші ұйғыр жазуын жолма-жол араб жазуымен транскрипциялап отырған. Бұл нұсқа барынша толық деп есептелінеді, бірақ екі жол бәйіт жазылмай қалып кеткен. Бірінші және екінші нұсқаның көшірілу уақытының арасында 36 жыл өткен.

Үшінші нұсқаның (Б) ерекшелігі тек араб жазуымен көшірілген. Ол Стамбулдың Топ-Қапы сарайындағы кітапханада 35552 номерімен сақталған. Түптелуі жағынан екінші нұсқаға ұқсайды, яғни бір жинақтың арасына қыстырылған. Көшірменің қашан, қай жерде, кім көшіргені туралы мәлімет жоқ. Нұсқаның 18 жол бәйіті хатқа түспеген. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, көшірмені XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында көшірілген деп болжауға болады.

Ескеркіштің төртінші нұсқасын (В) Узынкөпрү де Сейіт Али өзінің жеке кітапханасында сақтап отырған. Кейіннен Анкара кітапханасына өткізген. Өкіншке орай бұл нұсқа жоғалып кеткен. Сондықтан толық зерттелінбеген. Дегенмен, бұл нұсқа туралы зерттеушілердің бір-екі мақаласын кездестіруге болады.

«Һибат-ул хақайиқтың» бесінші нұсқасы (Г) туралы дерек өте аз. Бұл нұсқа Анкарадағы Мариф кітапханасыда болған. Көлемі жағынан өте аз нұсқа болып табылады. Себебі, төрт-ақ беті сақталған, басқалары белгісіз себептермен жойылып кеткен.

Дастанның *алтыншы* нұсқасы (Ғ) Берлиндегі Пруссия Ғылым академиясында T.I.TM 287 шифрмен сақталған. Бір ғана парақ беттік бұл нұсқа ұйғыр жазбаларының арасынан табылған.

Ескерткіштің *жетінші* (Д) нұсқасы Нидерландыдағы Гронинген (Groningen Üniversitesi) университетінің кітапханасында HS 474 тіркеу нөмірімен сақтаулы. Бұл нұсқа да Ә және Б нұсқалары сияқты үш еңбектен тұратын журналдың 9а-32б беттерінің арасында түптелген. Жазбаға сипаттама беретін болсақ, елу жеті беттік мәтіннен тұратын журналдың басында екі, соңында екі бет, яғни төрт парағы ешқандай жазбасыз бос қалдырылған. Журналдың беттері ылғалдан аздап тозған, ақ түсті бағалы қағаздар. Басындағы, ортасындағы, соңындағы бірнеше беті жыртылып алынған журналдың жиырма алтыншы, елу бесінші беттерінің жартысы жоқ. Журналдың 13,7 х 18,2 см өлшемді қағаздары ерекшеліктеріне орай енінен ұзындығына қарай ұзынынан ашылады. Журналдың қабы күн сәулесі бейнесі және жиек сызықтары бар күңгірт қоңыр былғарымен тігілген. Енді ескерткіштің жетінші нұсқасы туралы мәліметтерге тоқталайық. Жазылу стилінен қолжазбаның басынан соңына дейін бір автордың қолынан шыққандығы аңғарылады, дегенмен автордың өзі туралы, көшірген уақыты

мен қаласы туралы ешқандай дерек жоқ. Журналдың 9а бетінде «Ḥибат-ул хақайиқ» тақырыбының алдында тұрған *«sene' tis a ve tis'in ve seb'a mi'e»* тіркесі, яғни 799 (1936-1937) деген тіркес, қолжазба жазылған уақытты білдіруі ықтимал. Журналда бұдан өзге уақыт немесе күн көрсетілмеген.

Журналдың 9а-32б беттерінің арасындағы мәтін қызыл сиямен жазылған «Kitabu Aybetü'l-Ḥaḳāyiḳ» тақырыбымен бастау алады. Журналдың басқа мәтіндері сияқты бұл шығарма да нақты және көшірме жазу каллиграфиясымен жазылған. Мәтін жолдары бір жол оңға, бір жол солға қарай жазылса, тақырыптар, аяттар, хадистер және басқа да араб тіліндегі сөз тіркестері парақтың ортасына орналастырылған. Толық мәтін 404 жолдан тұрады. Бұл жолдар мәтіндегі 32 бәйіт және 85 өлеңге сәйкес келеді. Басқа көшірмелермен салыстырғанда бұл көшірмеде қағаз беттері жыртылғандықтан 74 жол, мүлдем жазылмағандықтан 6 жол өлең жоқ екені байқалады. Басқа нұсқалардағы шығарманың соңындағы үш қосымшаның осы көшірмеде жазылып-жазылмағаны белгісіз, себебі мәтін соңындағы қағаздар жыртылған.

«Ḥибат-ул хақайық» мәтінінде шығарманың тақырыбымен қоса санағанда қызыл сиямен 10 атау жазылған. Бұл атаулардың ішінде тек 7-ші тараудың атауы түрік тілінде, қалған атаулардың барлығы араб тілінде жазылған. Қағаздары жыртылғандықтан 1 және 4 тараулардың атаулары сақталмаған.

Қолжазба төрт түрлі каталогқа енгізілген, олардың екеуі латын тілінде және екеуі ағылшын тілінде. Осы каталогтардың ең көнесі, хронологиялық тұрғыдан алғанда, Catalogus Codicum Orientalium Bibliothecae Academiae Lugduno-Batavae деп аталатын алты томдық еңбектің 5-ші томы. Лейден университетінің кітапханасындағы шығыс қолжазбалары қамтылған бұл том әйгілі немістің шығыстанушы ғалымы Михаэль Ян де Геже тарапынан дайындалып, 1873 жылы жарық көрді.

Каталогтағы 2732 нөмірлі жұмыс «Ḥибат-ул хақайиқ» мәтінін қамтитын журнал болып табылады. Геже өз каталогында журналдың барлық үш мәтінін («Арабша қырық хадис», «Ḥибат-ул хақайиқ», араб тіліндегі «li-ġayrihi» тақырыбы арқылы бөлінген 74 өлең) атап өтеді. Бұл журналдағы тарихи жазбаға сілтеме жасайды. Дегенмен, мұнда «Ḥибат-ул хақайиқ» шығармасы басқаларына қарағанда ұзағырақ таныстырылады. Шығармасында Алла, Пайғамбар және сахабалар туралы тараулардың басында екені айтылған соң, латын тілінде 2-ші тараудан 8-ші тарауға дейінгі реттік сандар арқылы көшірмеде жазылғандай араб әріптерімен атауларды атап өтеді. Бұл каталогтың белгілі бөлігі «Ḥибат-ул хақайиқ» Нидерландық нұсқасы берілген алғашқы басылым болып табылады.

Журнал туралы ақпарат беретін екінші каталог та латын тілінде жазылған. Codicum Manu Scriptorum Universitatis Groninganae Bibliothecae деп аталатын бұл каталогта Гронинген университетінің кітапханасындағы қолжазбалар таныстырылады. Хаджо Бругманс дайындаған каталог 1898 жылы жарық көрді. «Ḥибат-ул хақайиқтың» Нидерландық нұсқасы кіретін журнал каталогтағы 475 нөмірлі жұмыс болып табылады. Мұнда журналдың

көлемі, парақ саны және оны университет кітапханасы қашан алғаны сияқты мәліметтер қамтылған. Сондай-ақ Геже каталогына сілтеме жасалған (253).

Codices Manuscripti сериясының жетінші кітабы ретінде Петрус Воорхоев дайындаған араб қолжазбаларының тізімі бүкіл Нидерландыдағы және әсіресе Лейден университетінің кітапханасында жинақталған араб әріптерімен жазылған қолжазбалар туралы ақпарат береді.

Журнал туралы ақпарат берілген соңғы каталог - Ян Шмидт дайындаған Нидерландыдағы Лейден университетінің кітапханасындағы түрік қолжазбалары және басқа жинақтар каталогы. Нидерландыдағы барлық жинақтарда табылған түрік қолжазбалары таныстырылатын бұл каталогта «Һибат-ул хақайық» нұсқасы кіретін журнал туралы барлық мәліметтер берілген. Барлық мәтіндердің көлемі, мазмұны, жетіспейтін және жыртылған парақтары көрсетілген. «Һибат-ул хақайық» мәтіні, журналдың тақырып орналасқан 9а бетінің фотосуреті жүктеліп, егжей-тегжейлі түрде зерттелген.

Бүгінгі күнде «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің жеті нұсқасының ішінде А, Ә, Б нұсқаларының ғылыми құндылығы өте жоғары дәрежеде болғандықтан зерттеушілердің зерттеу объектісіне айналып отыр. Нұсқалардың көлемі әртүрлі. Түпнұсқадан тікелей көшірілген толық дәрежелі нұсқалар біздің қолымызда жоқтың қасы. Бұл нұсқалардың барлығы дерлік бірнеше көшірмешілердің қолынан өтуі әбден мүмкін. Нұсқалардағы бәйіт жолдары санының кемуі немесе бірнеше беттердің жоғалып кетуі қандай да бір нұсқа түпнұсқадан тікелей көшірілді деп есептеуге негіз бола алмайды. Сонымен қатар, көшірмешілер бірыңғай жазумен көшіруді мақсат тұтпаған. Көшірмешілер бәйіттерді бірде ұйғыр жазуымен, бірде араб жазуымен немесе аралас жазумен хатқа түсіріп отырған. Қазіргі ғылымда ескерткіштің А нұсқасы барынша толық нұсқа деп танылады. Зерттеушілердің пайымдауынша А нұсқасы авторлық нұсқаға жақын. Ғалымдар тарапынан басқа нұсқалардың барлығы А нұсқасынан көшірілген болуы мүмкін деген болжамдар да айтылуда. Ал, ескерткіштің төртінші, бесінші, алтыншы нұсқалары ғылымда аз зерттелген. Бұл нұсқалардың толық көлемде сақталмауы сол кездегі тарихи жағдайларға байланысты болуы мүмкін. Көшірмелердің көп болуы осы ескерткіштің жазылу дәуірінің өзінде де бағалы және құнды еңбек болғандығына дәлел бола алады.

Біз зерттеу жұмысымызда «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің А, Ә, Б нұсқаларын текстологиялық және лингвотекстологиялық тұрғыдан өзара салыстырып, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан ұқсастық және айырмашылықтарын кешенді түрде зерделеп, статистикалық көрсеткіштерін санамалап көрсетеміз.

Жалпы, «Һибат-ул хақайық» (XII ғ.) ескерткіші туралы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектеріне шолу жасайық.

Түрік ғалымы Н. Асым 1480 жылы жазылған Ахмед Йүгінекийдің «Һибат-ул хақайық» еңбегін 1915 жылы әлемдік лингвистика саласының зерттеу нысанына айналдырды. Ғалым дастанның араб және ұйғыр

нұсқасында жазылған мәтінің алғаш рет түрік тіліне аударды. Еңбекте сөздік және грамматикалық көрсеткіштер берілген [1].

Атақты түрік ғалымы Р. Арат 1951 жылы «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің барлық нұсқаларын ғылыми аппаратпен сәйкес келетін факсимелесін, транскрипциясын, түрік тіліндегі аудармасын, толық сөздік жасаған еңбегін Стамбулда жариялады. Р. Арат ескерткіш мәтініне қатысты пікір білдірген. Ол ескерткішті қашқар тілінде жазылған, «Құдатғу билиг» тіліне жақын деп тұжырымдап, жазба мәтіннің тілі «Диван-и хикмет» тілінен ерекшеленетінін айтады. Екі ескерткішке қарағанда «Һибут-ул хақайиқтың» тілінде араб, парсы сөздері көп кездесетінін анықтайды [2, 45].

Түрік ғалымдары Н. Асым және Р. Араттың зерттеу еңбектеріндегі ескерткіштің көшірмелері арасындағы айырмашылықтар төмендегідей: Рашит Рахмети Арат шығарманы көшіру барысында өлең жолдарын нөмірлеп отырған. Сонымен қатар, шығарманы бәйіт және төрттік өлең шумағы құрылымына сәйкес көшірген. Осыған орай 80 жолға дейін бәйіттер түрінде, жалғасы өлең шумақтары түрінде оқылуын және аудармасын жасаған. Неджип Асым көшірмесінде жолдар нөмірлендірілмеген және шығарманың барлығы дерлік бәйіт түрінде беріліп аудармасы жасалған.

С. Малов «Памятники древнетюркской письменности» деп аталатын еңбегінде «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші «Құтадғу билиг» ескерткішінен де ертерек жазылған деген тұжырым айтады. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің аудармасын «Ақиқат сыйы» деп таниды. Негізінен ескерткішті XII ғасырда жазылған деп есептейді. Бірақ та ескерткіш тілінде архаизм сөздердің көп қолданылуына байланысты X ғасырда жазылған деп те болжайды [4]. С. Малов «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші туралы мынадай мәліметтер келтіреді: «Еңбек моральдық дидактикалық шығарма. Біздің заманымыздағы 1480 жылғы қолжазба бойынша бұл шығарма 1334 жылы Константинопольде (Стамбул) жарық көрген. Шығарма өлең жолдарымен берілген, 506 бәйіттен тұрады. Әрбір өлең жолы ұйғыр әріптерімен және оның астында араб әріптерімен жазылған. Бір қызығы, араб тарихшылары Йүгінекиді Самарқандтан шыққан ақын деп есептейді. Шығармада ең алдымен Аллаға, одан кейін Мұхаммед пайғамбарға және төрт алғашқы халифке мадақ айтылады. Одан кейін Тат Испаһсалардың атын тарихта қалдыру мақсатында кітап жазылған. Діни мадақтаулардан кейін бірінші бөлім 79 өлең жолынан соң, білімнің пайдасы және білімсіздіктің зияны туралы өлең жолдары басталады. Екінші бөлімде 125 жолдан бастап тілді сақтау және құрметтеу үшін кеңестер мен ережелер жазылған. Үшінші бөлімде 173-260 өлең жолдары арасында әлемнің тұрақсыздығы мен құбылмалылығын суреттейді. Төртінші бөлімде 221-260 өлең жолдарында жомарттық пен сараңдық жайында жазылады. Әрі қарай 261-288 өлең жолдарында мақтаншақтық пен кішіпейілдікті салыстыра отыра суреттейді. 289-316 өлең жолдарында ашкөздік пен сараңдық, 317-352 өлең жолдарында көркем мінез және тәрбиелік ғибраттар айтылады. Шығарманың соңында автор өзі жайында өмірбаяндық мәліметтер береді». Содан кейін, С. Малов шығарманың түпнұсқа мәтінін, оның аудармасын және сөздігін береді [4, 316-321].

Э.Н. Наджип «Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв.» атты еңбегінде «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішін XII ғасырды аяғы немесе XIII ғасырдың басында жазылған, шығарма авторы Ахмед Йүгінеки Самарқанд немесе Ферғана аумағында өмір сүрген дейді. Кей ғалымдардың айтуынша шығыс Түркістан болуы да мүмкін деген жорамалды да жоққа шығармайды. Шығарма дидактикалық сипатта жазылған, біздің заманымызға бірнеше нұсқалары жеткен деп оларды тізбектеп шығады [6, 46-54].

1915 жылы түрік ғалымы Н. Асым «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші жайында әлемге жариялап, танытқаннан кейін, академик Е.Э. Бертельс ескерткішке талдау жасап, мақала арнайды. Онда шығарманың тілі туралы былай дейді: «Язык памятника, относящийся к d – группе тюркских языков, очень архаичен как в грамматике, так и в лексике. Однако аффикс винительного падежа в нем не -иг, а -ни. Орудийный падеж сохраняет старую форму и значение. Аффикс сказуемости 3-го л.ед. числа совпадает с личным местоимением ol. Приведем несколько примеров из архаической части лексики: *ажун* «мир», *адақ* «нога», *едгү* «добрый», *адын* «другой», *артақ* «дурной», *артут* «подарок», *исра* «низ», *асыг* «польза» и т.д. Можно сказать, что язык этого памятника как бы перебрасывает мост от карлукско-уйгурского языка «Қутадгу билиг» к староузбекскому, который позднее оформился как литературный язык Средней Азии». Мақалада шығарма мәтінінен үзінді келтірілген, орысша аудармасы берілген [5, 177].

Өзбек тілінің ғалымы Қ. Махмұдов «Ахмад Югнакийнинг «Хибатул хақойик асари хақида»» атты еңбегінде «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің жазылу дәуірі, мағынасы және оның авторы жайында баяндайды. Ескерткішті түркі халықтарына баға жетпес ортақ асыл мұра ретінде жоғары бағалайды. Ескерткіш тілінің фонетикасы мен морфологиясына сипаттама беріп, қазіргі өзбек тілімен салыстыра отырып, ұқсастық, айырмашылықтарын айқындаған. Мәтінді араб жазуымен транскрипциялаған және өзбекшеге аудармасын жасаған. Еңбектің соңында сөздігі берілген [3].

Қазақ тілінің көрнекті ғалымдары – Ә. Құрышжанов пен Б. Сағындықұлы «Һибат-ул хақайиқ» дастанын қазақ тіліне аударды. Қазіргі қазақ жазуына көшірілген транскрипциясын жасады және арабша жазылған түпнұсқаның фотокөшірмесін жариялады [7].

Көп жылдық зерттеу барысында Б. Сағындықұлы «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішін жан-жақты зерттеді. Ғалым еңбегінде аталмыш жәдігердің зерттелу тарихын, ғылыми сипаттамасын, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, «түркіше-орысша-қазақша», «арабша-орысша-қазақша», «парсыша-орысша-қазақша» сөздіктерін, сөз қолданысының кері алфавитті жиілік көрсеткішін жасап көпшілікке ұсынды [56].

Б. Сағындықұлы «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішін кешенді түрде зерттеп, I томында оның үш нұсқасының транскрипциясы мен сөзбе-сөз аудармасын, мағыналық аудармасын жасайды [57]. Ал II томында жазба ескерткішке лингвотекстологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізеді. Бұл еңбекте ескерткіштің үш нұсқасы қатар салыстырылып, ондағы фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік айырмашылықтар толық ашылып

көрсетіледі. Сонымен қатар, көшірмешілер тарапынан жіберілген әртүрлі өзгерістер мен қателіктерді түзетіп отырады. Үш нұсқа ғылыми жолмен қалпына қайта келтіріледі. Осы тұрғыдан қарағанда ескерткіштің авторлық варианты (сыни мәтіні) қазақ тіл білімінде пайда болды [54].

Зерттеуші Б. Құлжанова «Құдатғу билиг» пен «Ћибат-ул хақайиқ» лексикасындағы зат есімдерді қазақ тіліндегі зат есімдермен салыстырып қарастырады. Байырғы зат есімдердің тарихи даму жолдарына тоқталады. Екі ескерткіш тіліндегі тілдік элементтерді түбірлер мен негіздер бойынша салыстырып талдайды. Ескі тіл мен жаңа тілдің арасындағы фонетика-морфологиялық, семантикалық айырмашылықтарды анықтап, ашады [58].

«Ћибат-ул хақайиқ» ескерткішін қазақ тілі білімінде төмендегі зерттеушілер әрқырынан зерттеді. Нәтижесінде екі кандидаттық диссертация, бір докторлық диссертация қорғалды. Б. Құлжанова XI-XII ғасырда жазылған түркі жазба ескерткіштері қатарынан орын алатын «Құдатғу билиг» және «Ћибат-ул хақайиқ» тіліндегі зат есімдерді кешенді түрде зерттейді [59]. Г. Баялиева XI-XII ғасырлардағы жазба ескерткіштер тіліндегі сын есімдерді бір-бірімен салыстыра отырып, ұқсастық айырмашылықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, «Ћибат-ул хақайиқ» ескерткішінің сын есімдеріне тоқталады [60].

Р. Досжан өзінің докторлық диссертациясында XI-XII ғ.ғ. ескі түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесін ашып айқындайды. Түбір теориясына түркі тілі тұрғысынан ғылыми теориялық талдау жасайды. Грамматикалық тұлғаларды қазіргі қазақ тілімен, өзге де түркі тілдерімен салыстыра отырып, даму эволюциясын айқындайды. Ескерткіште қолданылған көмекші сөздердің лексика-грамматикалық сипатын, тарихи құрамы мен мағыналық құрылымын синтаксистік қызметін анықтап көрсетеді [61].

Аталмыш ескерткіш тек қазақ тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар әдебиет саласында да зерттеу нысанына ілікті. Г. Құрманғали Ахмед Йүгінекидің әдеби мұрасы тақырыбында кандидаттық диссертация жұмысын жасады [62].

Ғылым жыл сайын жаңа зерттеулермен толықтырылып отырады. Зерттеу жұмысын жазу барысында аталмыш ескерткіштің жетінші нұсқасының табылып, зерттеу нысанына ілінгенін жоғарыда атап өттік. Сөзіміз дәлелді болу үшін шетелдік ғылыми зерттеулердегі жаңалықты көрсетейік.

«Атебет-ул Хақайық» туралы ғылыми зерттеулер осы уақытқа дейін анықталған еңбектің алты нұсқасына негізделген. Доктор Серкан Чакмак «Атебет-ул Хақайық» зерттеуінде тұңғыш рет еңбектің жетінші нұсқасын ғылым әлеміне ұсынып, алдағы зерттеулерге жаңа негіз дайындауды көздеген. Бұл зерттеуде ең алдымен еңбектің аты, авторы, кімге берілгені, оның тақырыбы мен бөлімдері, тілі, көлемдік ерекшеліктері және басқа да көшірмелері туралы мәліметтер берілген. Кітапта бұрыннан белгілі Самарқанд нұсқасы, Айа-София нұсқасы, Топкапы нұсқасы және Узункөпрү нұсқаларының қатарында жетінші нұсқасы жайлы ақпарат бірінші рет

жарияланып отыр. Зерттеуде бүгінгі күнге дейін түркология зерттеушілерінің назарынан тыс қалған голландиялық көшірмесі туралы жан-жақты айтылып, өзіндік орфографиялық, тілдік ерекшеліктері қарастырылып, түсіндірмелердегі айырмашылықтарды көрсету арқылы транскрипциялық мәтін дайындалған. Бұл көшірмедегі жұмыс «Aybetü'l-Ḥaḳāyiḳ Kitābı» деген тіркеспен басталғандықтан, жоғарыда аталған көшірме зерттеуде «Айбету'л Хакайык» деп аталды. Алғаш рет басылып отырған нұсқаның электрондық суреттері Гронинген университетінің (Groningen Üniversitesi) кітапханасының электрондық жинағынан алынған [55]. Әрине, «Ḥибат-ул хақайықтың» жетінші нұсқасының табылуы ескерткіштер тілін зерттеу саласына қосылған зор жаңалық деп білеміз.

Алдағы уақытта бұл нұсқаны қазақ тіліне аударып, басқа нұсқаларымен салыстырып, ұқсастық және айырмашылықтарын анықтап, зерттеу нысанына айналдырамыз деп ойлаймыз.

1.3 «Ḥибат-ул хақайық» ескерткіші А, Ә, Б нұсқалары көшірмелеріндегі лексикалық, фонетикалық, орфографиялық ерекшеліктер

Түріктің белгілі зерттеушісі Рашид Рахмети Арат «Ḥибат-ул хақайық» ескерткішінің үш қолжазбасын да 1951 жылы латын графикасы негізінде транскрипциялап шыққан [2]. Профессор Б. Сағындықұлы Халықаралық түркі академиясы «Ғылым» баспасы арқылы 2018 жылы шығарған «Ḥибат-ул хақайық» нұсқаларының (XIIғ.) қолданбалы мәтіні» аталатын еңбегінің екінші томында Р. Араттың осы транскрипциясына ерекше көңіл бөлген.

Бір ескертетін жайт, аталған үш қолжазба да XII ғасырдан, яғни Ахмед Йүгінеки заманынан келіп жетпеген. Мұны XV ғасырдың бас кезінде Орта Азиядағы белді әмірлердің бірі болған әдебиет жанашыры Арслан Хожа Тархан өз заманына келіп жеткен көшірмелерді бір-бірімен мұқият салыстырып, қайта көшірткен. Міне, Араттың қолына түскен қолжазбалар Арслан Хожа Тархан қалпына келтірткен қолжазбаның неше қайтара көшірілген көшірмелері.

Түрік зерттеушісі Үміт Карул 2018 жылы жазған «Hibetü'l hakayık'ın Necip Asım neşri ve eserde verilen değerler eğitimi. Yüksek lisans tezi» диссертациялық еңбегінде Н. Асым мен Р. Араттың жасаған транскрипцияларын өзара салыстырып қарастырады. Зерттеудің бірінші бөлімінде ескерткіштің авторы Ахмет Йүгінеки туралы, ескерткіш және оның нұсқалары жайында жалпы мәлімет береді. Сонымен қатар мәтіннің транскрипциясы мен әліпбиі көрсетілген. Екінші бөлімінде Неджип Асым басылымы мен Решит Рахмети Арат басылымы арасындағы әріп, сөз және сөз табының айырмашылығы анықталып, көрсетіледі. Үшінші және соңғы тарауда діни-адамгершілік дидактикалық еңбек ретінде қабылданған «Атебет-үл Хақайық» берілген құндылықтарды тәрбиелеу элементтері жіктеліп, түсіндіріліп, көрсетіледі [53].

Көне және орта ғасыр ескерткіш тілдерінің бір-бірінен соншалық алшақ кетпейтін, жалпы ортақ заңдылықта, жалпы ортақ тілдік негізде жазылғанын

айта келіп, ғалымдар мынадай ой түйеді: «... ескерткіштерге тән негізгі жалпы ерекшеліктер, біріншіден тіл ортақтығы болса, екіншіден лексикалық құрамында көне сөздердің молдап кездесіп отыруы және үшіншіден, басқа туысы бөлек тілдер әсерінің аз болмашы ғана екендігіне байланысты» [63, 101].

Профессор Б. Сағындықұлы өз еңбегінің «**А, Ә, Б** қолжазбалары мәтіндерінің бір-бірінен орфографиялық айырмашылықтары» деп аталатын тарауында қазақ тіліндегі **ң** таңбасының, ұйғыр жазуымен көшірілген **А, Ә** нұсқаларында **нгг,** араб жазуымен көшірілген **Б** нұсқасындағы **нг** таңбаларымен жазылуына барынша мән беріп, жан-жақты тоқталған. Қарлұқ-ұйғыр тіліне тән **нг+г** таңбасын оғыз тілдеріне тән **нг** таңбасының орнына жаңсақ қолданған деген қорытындыға келеді. Бұл таңбалық қолданыс та оғыз тілінің пайдасына шешіліп тұр, өйткені оғыз тілдерінде барыс септігінің жалғауы **қ, к, ғ, г** дауыссыздарынан басталмайды.

Бұдан кейін **А, Ә** және **Б** қолжазбаларында **т, с, қ, к** қатаңдарының **д, з, ғ, г** ұяңдарымен бірде алмасып, бірде алмаспай түрлі-түрлі таңбалануы әңгімеленеді. Ұйғыр жазуында қатаң **т** таңбасы мен ұяң **д** таңбасы бір-ақ таңбамен берілген. **т** қатаңын, **д** ұяңын таңбалаудағы әртүрлілік, міне, осыдан келіп шығады. Бұл екі дыбысқа байланысты әртүрлі таңбалану Р. Араттың транскрипциялық еңбегінің нәтижесі. Араб жазуында қатаң **т** таңбасы, ұяң **д** таңбасы бөлек-бөлек таңбаланған. Араб жазуына қарап, бұл әртүрлілікті түзетіп оқу қиын емес.

Ескерткіштің нұсқаларындағы сөздердің жазылуы және қосымша жалғануындағы айырмашылықтардың кездесетінін түрік ғалымы Y. Карул Н. Асым мен Р. Араттың транскрипцияларын бір-бірімен салыстара, екі мәтінді қатар зерттегенде бір сөздегі кездесетін жазу және қосымша жалғану айырмашылықтарын анықтап көрсетеді. Зерттеуші өз еңбегінде сөздердің жазылуында қолданылған немесе қолданылмаған әріптермен байланысты айырмашылықтарды айқындайды. Мысалы, cānavar ~ canvạr (жануар), yolıda ~ yolında (жолында), barlıġıŋġa ~ birlikiŋke (барлығыңа), ötün ~ oḍun (отын) сияқты 97 сөздің әріптік және қосымшаларындағы айырмашылықтарды тізбелеп көрсетеді [53, 185].

Профессор Б. Сағындықұлы **с** қатаңы мен **з** ұяңын таңбалауда біркелкіліктің жоқтығына ерекше мән берген. Олардың бірқатары диалектілік ерекшелік екендігін, енді бір қатары көшірмешілер тарапынан жіберілген емле қателері екендігін дәлелдеп шыққан.

Сонымен қатар, «Ḥибат-ул хақайиқ» ескерткішінің біз салыстырып отырған үш қолжазбасында бір алуан сөздердің құрамында **қ** қатаңының орнына **ғ** ұяңы, **к** қатаңының орнына **г** ұяңы, немесе керісінше, **ғ, г** ұяңдарының орнына **қ, к** қатаңдары таңбаланған. Бұлардың қай-қайсысы да, негізінен диалектілік ерекшелікті көрсететінін текстолог Б. Сағындықұлы өз еңбегінде ашып-айқындайды. **ғ, г** ұяңдары оғыз тілінің фонетикалық белгісі болса, **қ, к** қатаңдары негізінен қыпшақ тілінің фонетикалық белгісі.

Ескерткіш нұсқаларындағы сөз ішіндегі ġ~ ķ әріптері қолданылған 32 сөз, сөз соңында 4, керісінше сөз ішінде ķ~ ġ 15 сөз, сөз соңында 12 сөз

анықталды, бұдан сөз құрамында ұяңдар келетін әріп айырмашылықтары оғыз тілі элементтерінің біз зерттеп отырған мәтінде басым екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, қатаңдардың қолданылу мөлшері аз. Мысалы: tamaġ ~ tamaḳ (тамақ), ḳılıġ~ḳılıḳ (қылық).

Тарихи жазба деректерге сүйенген ғалымдардың *қ, к, г, ғ* дауыссыздардың шығу тарихы туралы пікірлері сан алуан. Н. Баскаков *h, х,қ, к, г, ғ* дыбыстарының қалыптасу жүйесін айқындай келе к фонемасын алғашқы деп танып, мынадай даму жолын көрсетеді: k (~g ~q ~q’ ~f ~x ~h) [64, 105].

Тіл дыбыстарын зерттеушілер *қ, к, г, ғ* дауыссыздарын бір фонеманың реңкі деп таныса, кейбір тілшілер бұл дауыссыздарды артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі фонемалар деп санайды.

Қазақ тіл білімінің фонетик ғалымдары *қ, к, г, ғ* дауыссыздары тіл ортасы, шұғыл, қатаң бір дауыссыздың тең дәрежелі сингормониялық варианттары деп қарастырады [65, 8].

Түркі тілдері фонетикалық жүйесінде жан-жақты зерттелген, тарихи даму жолымен фонематизациялануы, сәйкестік түзу мүмкіндігі кеңінен қарастырылған консонанттар қатарындағы *қ, к, г, ғ* дыбыстары VII-IX ғасырдағы түркілер тілінде қолданыс аясының кеңдігімен ерекшеленеді. Қатаң *қ, ғ* дыбыстарының ұяңдану процесінің алғашқы нәтижелері алтай дәуіріне дейінгі кезеңде-ақ байқалып, олардың бәсең спират аллофондары анлаут жағдайда да, ауслаут жағдайда да көрініс бере бастаған [66, 103].

А, Ә, Б нұсқаларындағы мәтіндердің бір-бірінен орфографиялық айырмашылықтары кездеседі. Ал, біз төменде көшірмешілер тарапынан жіберілген орфографиялық қателіктердің дастан мазмұнына, стиліне, сөз, бәйіт мағынасына тигізген әсері туралы баяндағалы отырмыз. Бір ғана әріптің басқа бір әріппен қате жазылуы сөздің мән-мағынасын толықтай өзгертіп, бәйіт мазмұнын басқаша сипатқа енгізетініне анық көзіміз жетті. Еңбегімізге профессор Б. Сағындықұлының жоғарыда аталған кітабының екінші томын пайдаландық.

Ә және **Б** нұсқалары көшірмешілері оғыз-қыпшақ сөзінің лексикалық мағынасына көп өзгертулер енгізген. Олар жалпытүркілік лексикалық мағына беретін сөзді түсінбегендіктен сөздің бір әрпін өзгерткен. Сол себепті, **А** нұсқасында дұрыс тұрған сөз **Ә** және **Б** нұсқаларында өзге сөз боп шығады. Салыстырып қарасақ, дастан авторы басқа идеяны айтып отыр, ал көшірмешілер сөзді өзгерткендіктен автордың идеясымен мазмұн жағынан сәйкес келмейді. Нақты мысалдармен дәлелдеу үшін түрік ғалымы Р. Араттың, өзбек ғалымы Қ. Махмудовтың және қазақ ғалымы Б. Сағындықұлының жасаған транскрипциялары қолданылды. Мәтіннің 119, 120 – бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
biligsiz ne aysa ayur ukmadın **anın** öz tili öz başını yiyür	Биликсиз нэ айса айур уқматын **Аның** өз тили өз башыны йэйүр	А, Ә, Б. Биликсиз нэ айса айур уқмадин بلىكسز نى ايسا اور وقماتون *Білімсіз не айтса айтар*

B_{10} anıng C_8 anıng بیلیگسز نی ایسا اور وکمادوم انن وز تنلی وز باشنی اویور	بلنکسز نی ایسا اور وقماتون انون از تنلی وز باشونو یییور	*ұқпайын* **А**. **Анин** өз тили өз башыны йейүр انون از تنلی وز باشونو یییور ***Сондықтан*** *өз тілі өз басын жейді.* Ә, Б.**Аның** өз тили өз башыны йейүр انون از تنلی وز باشونو یییور ***Оның*** *өз тілі өз басын жер.*

А, Ә, Б нұсқаларының 119 және 120-бәйіт жолдарын өзара салыстырсақ, онда ұшырасатын барлық сөздер лексикалық жағынан да, грамматикалық жағынан да бір формада берілген. Айырмашылық «сондықтан» деген мағына беретін **анин** сөзі ілік септігіндегі **ол** деген мағына беретін жіктеу есімдігімен алмастырылған. Көшірмешілердің түзеткені бір-ақ әріп: бар болғаны сонор **н** сонор **ң**-мен ауыстырылған. Яғни орфографиялық қателік кеткен деп есептейміз. Бір әріптен кеткен қатеден 120-бәйіт жолының семантикасы өзгеріп, Ахмед Йүгінекидің идеясына нұқсан келген. Дастан авторының ойымен көшірмешілердің ойы сәйкес келмейді. Мұны да салыстыралық. Шайыр былай дейді: «Білімсіз не айтса, ұқпай айтады, Сондықтан өз тілі өз басын жейді». Көшірмешілер, бір әріптен қате жібергендіктен, олардың түзетпесі былай болып шыққан: «Білімсіз не айтса, ұқпай айтады, Оның өз тілі өз басын жейді». Басқаша айтқанда, дастан авторы «білімсіз ұқпай айтқандықтан, өз тілі өз басын жейді» деп отыр. Ал көшірмешілер себепсізден себепсіз «Оның өз тілі өз басын жейді» дейді. Сонда 119-бәйіт жолы 120-бәйіт жолымен идеялық жағынан үйлеспейді. Көшірмешілер бір әріпті қате жазу арқылы дастан авторының идеясына көп зиян келтірген.

149, 150 – бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
iki neng birikse bir erde **kalı** یکی ننگ بربکسی بر بر ردی کالی A_2 kalı B_{10} kalı C_{10} hali **bükendi** ol erke mürüvvet yolı بوکندی ول برکی موروبت بولو B_{11} bükendi (satır altında ar. harfl. bağlandı, noktasız)	Ики (эки) нәң бирикcә бир эрдә**қалы** یکی نن بربکسی بر بردقالو **Бүкәнди** ол эргә мурувват йолы بوکندی ول برکی موروبت بولو	А, Ә.Еки нәң бирикса бир ерда **халы** یکی نن بربکسی بر بردا هالو *Екі зат біріксе бір ерде егер* Б. Еки нәң бирикса бир ерда **егер** یکی نن بربکسی بر بردا یگر *Екі зат біріксе бір ерде егер* А, Ә. **Букәнди** ол ерга мурувват йолы *Бөгелді ол ерге*

C_{11} tükendi		*жақсылық жолы* بوگلدی ول برگی جاقسولوق جولو Б. **Тукәнди** ол ерга мурувват йолы توکاندی ول برگا موروّات یولو *Түгесілді ол ерге жақсылық жолы*

153 және 154-бәйіт жолдарына жоғарыда талдағанымыздай назар аударсақ **А, Ә, Б** нұсқаларының мәтіндері толық сәйкеседі. Айырмашылық бір әріпте ғана - **А, Ә** нұсқалары қолжазбалары мәтініндегі «бөгелді» деген мағына беретін **тукәнди** деген сөзбен алмастырылған. Яғни **б** ұяң дауыссызы **т** қатаң дауыссызына өзгертілген. Қайсысын дұрыс деп есептеуіміз керек. Біріншіден, екі бірдей қолжазбада (А, Ә) **букәнди** (бөгелді). Екіншіден, «бөгелді» деген лексикалық мағынаны «бөгет болды» деп қабылдасақ, «түгесілді» деген лексикалық мағынаны «шаруам бітті, шаруасы тынды» деп қабылдаймыз. Бір нәрсе бөгет болса, оны түзетуге, қалпына келтіруге болады. Ал «шаруасы біткен, шаруасы тынған» нәрседе үміт жоқ. Мұсылмандар болса «үмітсіз шайтан ғана болсын, пенде ешқашан құдайдан үмітін үзбесін» дейді. Дастан авторы мұсылмандықты үгіттеп отырғандықтан, үмітсіздікті насихаттауы мүмкін емес. Олай болса, **Б** нұсқасы қолжазбасының көшірмешісі орфографиялық қате жіберген. Мұндағы **букәнди** (бөгелді) сөзі логикалық тұрғыдан дұрыс.

Б нұсқасындағы ***тукәнди*** деген сөз қазіргі түркі тілдеріндегі оғыз тобына жататын түрік *tüketmek*, әзірбайжан *tükatmak*, өзбек *tügatmak*, түркмен *tüketmek* тілдерінде формаларында [67, 906-907] жұмсалады. Соған қарағанда Б нұсқасын оғыз тілінің көшірмешісі хатқа түсірген болуы мүмкін. Ал башқұрт *bötöröv*, қазақ *bitirüv*, татар *bitirü* нұсқасында [67, 906-907] қолданылады. Салыстыра отырып байқағанымыз ескерткіштің А және Ә нұсқаларының ұйғыр көшірмешісі қыпшақ тіліне тән *букәнди* форманы берген.

318-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
Bu körklüg kılıkka köngül **örklüg** ol B_8 erklig C_8 irk-lig (satır altında kavi) بو کورکلوگ کىلىککا کونگول ورکلوگ ول	Бу көрклүккылыққа көңүл **эрклик**ол بو کورکلوکقولوققا کونول برکلىکول	**А**. Бу көрклүг хулуғқа көңүл **өрклүг** ол بو کورکلوگ حولوغقا کونولل ورکلوگ *Бұл көрікіт қылыққа көңіл өрікті ол* **Ә**. Бу көрклүг хулуғқа көңүл **ерклүг** ол بو کورکلوگ حولوغقا کونول برکلوگ ول *Бұл көрікіт қылыққа*

		көңіл ерікті ол **Б**. Бу көрклүг хулуғқа көңүл **ерклүг** ол بو كوركلوگ حولوغقا كونل ركلوگ ول *Бұл көрікіт қылыққа көңіл ерікті ол*

Бұл жолы ескерткіштің үш нұсқасын салыстырсақ, аталған бәйіт жолында бір-ақ әріптен қате кеткен. **А** нұсқасында еріндік **ө**-ден басталатын сөзді **Ә, Б** нұсқаларында езулік **е** дауыстысына өзгерткен. **А** нұсқасының көшірмешісі ұйғыр каллиграфы Зейнул-Абидин бин Султан Бахт Джурджаний Хусейни, **Ә** нұсқасының көшірмешісі ұйғыр бахши Шейхзада Абдур-Раззақ. **Б** нұсқасының көшірмешісі ұйғыр ма, басқа ұлт өкілі ме ол жағы белгісіз. **А** нұсқасының көшірмешісі өзі дастан авторының сөзін өзгертпестен көшірген. Ал **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері өздері түсінбеген сөздерді міндетті түрде ауыстырып отырған. Тағы бір көзге түскен ақиқат **Ә, Б** нұсқалары бір-біріне толық дәрежеде сәйкес келеді. Дегенмен, **Ә, Б** нұсқаларында айырмашылықтар кездеседі.

Ж. Аралбаев «Вокализм казахского языка» деген еңбегінде **е (э)** дауыстысының шығу тарихына, жасалуына кеңінен тоқталады. Автор түркі тілдерінің вокализм жүйесінде бұл фонеманың ерте дәуірде пайда болды деген пікірлердің әрқилы екенін айтады. Қазақ тілі фонетикасын зерттеуші ғалым ойын В. Радловтың дауысты **е** түркі тілдерінде XIV ғ. дейін пайда болған деген пікірін мысалға келтіре отырып, бұл фонеманы былай сипаттайды: «Однако следует заметить, что гласный **е (э)** в фонетической системе как казахского, так и уйгурского языков возник не в одно время и проявил себя по-разному, в зависимости от специфических особенностей грамматическогои звуковогостроя этих языков» [68, 104-105].

Сонымен, **А** нұсқасы қолжазбасындағы **өрклүг** (өрікті) деген сөз дұрыс па, әлде **Ә, Б** нұсқалары қолжазбаларындағы **ерклүг** (ерікті) деген сөз дұрыс па? **Өрклүг** (өрікті) деген сөз дұрыс. Профессор Б. Сағындықұлы бұл сөзді қыпшақ сөзі деп таниды. Себебі, тілімізде «өру», «өрім», «өрмек» сияқты сөздер көп кездеседі. Мұндай сөз (яғни өрклүг) ұйғыр қолжазбаларында немесе Орхон-Енисей ескерткіштерінде ұшыраспайды. Демек, ұйғыр көшірмешілерінің түсінбеуі заңды. Сондықтан да болар ұйғыр көшірмешілері қыпшақ сөздеріне көптеп өзгерістер енгізуге тырысқан. Төмендегі тараулардың бірінде ұйғыр көшірмешілерінің қыпшақ сөздерін қалай ығыстырғанына арнайы тоқталамыз.

Қазақ тілінің фонетикасын зерттеуші ғалымдар С. Омарбеков пен Н. Жүнісов ерін және езу дауыстылардың алмасуына байланысты мынадай түсініктеме береді: «Лабиалдану, делабиалдану құбылысының түркі тілдерінің жалпы дыбыс жүйесіндегі жайы да осыған ұқсас. Жұптас дауыстылардың езулік сыңарларының орнына оның бірыңғай еріндік сыңарларын, я болмаса бұл дауыстыларды бірыңғай керісінше қолданатын

түркі тілдері әсте жоқ. Сол үшін де қазақ говорларындағы бұл құбылыс нақтылы бір түркі тілінің ықпалы деп қарауды көтермейді. Біздегі сияқты лабиалдану мен делабиалдану құбылысының бір-бірімен жарысып қолданылуы – өзге түркі диалектілерінің дыбыс құрылысында да бар. Мәселен, қазақша *бояу* сөзінің башқұрт тілінің шығыс диалектісінде *быйау, қолжаулық* сөзінің *қылйаулық* боп айтылатыны бар. Ал, біздегі қарлығаш сөзінің дәл сол говорда осыған керісінше карлуғас деген нұсқада қолданылатынын көреміз» [69, 63].

Өрклүг (өрікті) сөзінің – шайыр Ахмед Йүгінекидің анық өз сөзі екендігіне тағы бір дәлел **А** нұсқасындағы бәйіт шумағын толық келтірелік:. **А**: Көки көрклүг ерниң хойы **көрклүг** ол ҺХ317/Тегі көрікті ердің мінезі көрікті ол. **А:** Бу көрклүг хулуғқа көңүл өрклүг ол ҺХ318 /Бұл көрікті қылыққа көңіл өрікті ол. **А:** Бир ердин бир ерга тафавут телим ҺХ319/Бір ерден бір ерге айырма көп. **А:** Ва лайкин көрарга төзи бөрклүг ол ҺХ320/Алайда көрерге бәрі бөрікті ол. Төрт бәйіт жолындағы «көрклүг», «өрклүг», «бөрклүг» сөздері мінсіз ұйқасып тұр деп айта алмаймыз. **Ә, Б** нұсқасының көшірмешілері **ө**-ні **е**-ге алмастырған. Біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған. Екіншіден, «Бұл көрікті қылыққа көңіл ерікті ол» деген сөйлем мағынасыздық тудырып тұр. Лексикалық тіркесу қабілеті (валенттілік) жоқ. Ал **А** нұсқасында «көрікті қылыққа көңілдің де үйлесе қалатындығы, көрікті қылық пен көңілдің бірге өріліп тұратындығы әдемі сипатталған. Міне, бір әріпті көшірмешілердің өзгертуі автор дастанының мазмұнына нұқсан әкеліп, логикасыздық туғызған. **Б** нұсқасындағы 403-бәйіт жолында (**Ә, А** нұсқаларынында 421):

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
budun mallığ **erke** urup yüzlerin بودون مالليگ ركى وروپ وىزلرىن A_2irke B_8 ilke C_9 irge	Бузун маллық**элгэ** уруп йузләрин بوزون مالليقيلگا وروپ يوزلارىن	А. Буд'з'ун маллыг **ерга** уруп йузларин *Жұрт малды ерге ұрып жүздерін* Ә. Буд'з'ун маллыг **елга** уруп йузларин بود'ز'ون مالليوغ ىرگا وروپ ىوزلارىن *Жұрт малды елге ұрып жүздерін* Б. Буд'з'ун маллыг **ерга** уруп йузларин بود'ز'ون مالليوغ ىرگا وروپ ىوزلارىن *Жұрт малды ерге ұрып жүздерін*

А және **Б** нұсқаларының көшірмелерінде – **ерга** (ерге), **Ә** нұсқасының көшірмесінде – **елга** (елге). Халықтың, елдің малды адамға көз сүзетіні

белгілі. Жұрт малды елге көз сүзеді деп ешкім де айтпайды. Бұл сөзде әріп қатесі кеткен. **Ә** нұсқасының көшірмешісі байқамай сонор **р**-дің орнына сонор **л**-ді жазып жіберген. Қате бір-ақ әріптен кетсе де дастан идеясына нұқсан келтіріп тұр. Мұндай бір-ақ әріптен кеткен қателер дастанда көп кездеседі. Профессор Берікбай Сағындықұлы «Һибат-ул хақайиқ» нұсқаларының (XII ғ.) қолданбалы мәтіні» аталатын екі томдық еңбегінде **А, Ә, Б** нұсқаларында ұшырасатын бүкіл фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, семантикалық, логикалық айырмаларды толық ашып берген. Соның нәтижесінде «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің **сыни мәтінін** (ғылыми жолмен қалпына келтірілген авторлық нұсқасын) жасап шыққан. Ғылыми жолмен қалпына келтірілген авторлық нұсқа 2-томының 198-245 беттеріне орналасқан. Біз диссертациялық жұмысымызды жазу барысында мынадай ойға келдік. Профессор Б. Сағындықұлының ғылыми жолмен қалпына келтірген авторлық нұсқасын төртінші нұсқа ретінде бүкіл түркологтарға ұсынуға болады деген ой айтқым келеді. Ол үшін Рашид Рахмати Араттың 1951 жылы Стамбул қаласында бастырып шығарған **А, Ә, Б** нұсқаларының қолжазбаларын профессор Б. Сағындықұлының сыни мәтініне (ғылыми жолмен қалпына келтірілген авторлық нұсқасына) тіркеп, баспадан қайта шығару қажет. Сонда «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің көшірмешілер бұрмалаған үш варианты ғана емес, қалпына келтірілген авторлық төртінші варианты пайда болады. Бұл поэтикалық аударма немесе оқырмандар толық түсіну мақсатында мағыналық аударма жасаса да, ғылыми зерттеулер жүргізілсе де, ғылыми мақсатта сөзбе-сөз аудармасын пайдаланса да, түркологтарға таптырмайтын еңбек болып шығар еді. Осылай жасасақ, Р. Арат бастырған **А, Ә, Б** нұсқаларының қолжазбалары профессор Б. Сағындықұлының сыни мәтініне дереккөз бола алады. Төрт нұсқа бір-бірін толықтырады. **А, Ә, Б** нұсқалары көшірмешілер тарапынан қатеге толы екендігі көрініп тұрады. Мұның өзі әдебиетшілерді де, тілшілерді де, зерттеушілерді де қатты жаңылыстырады. Зерттеушілер аталған ескерткішті осы кезге дейін қарлұқ-ұйғыр тілінде жазылған деп айтып келді. Профессор Б. Сағындықұлының ескерткіш тіліндегі қателіктерді көрсеткен пікірлердің негізінде қарлұқ-ұйғыр тілінде емес, оғыз-қыпшақ тілінде жазылғанын анықтауға болады.

Қазіргі таңда жазба ескерткіштердің тіліне қатысты зерттеу жұмыстары алғашқы түркі тілдерін зерттеуші түркологтардың еңбектерін сараптай келе жаңа көзқарастар мен тың пікірлермен толығуда. Яғни бұл пікірлер жаңа зерттеулер барысында Орал-Алтай тілін зерттеуші ғалым И.В. Кормушин түркі тілдерінің жіктемесін (классификациясын) жасаған А.Н. Самойловичтің Орхон-Енисей ескерткіші тілін оғуз тілдер тобына емес қарлұқ-ұйғыр тіліне жатқызғанына қатысты ойлар айтқан. Себебі, зерттеушілер түпнұсқамен емес ескерткіштің бір ғана нұсқасы немесе көшірмесімен жұмыс жасауында деп ой түйіндеуге болады. А.Н. Самойловичтің өзі де Махмуд Қашқаридың «Диванымен» танысқаннан кейін еңбектерінде түркі тілдерінің қай топқа жататына қатысты толықтырулар енгізіп отырған [70].

Түркі тілдері туралы бұрынғы зерттеулерге қарағанда қазіргі зерттеу жұмыстарында тың нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік зор. Ресей ғалымдары Ресей маңында орналасқан түркі тілдес халықтардың тілдерінің диалектологиялық атласын құрастыруда. Авторлық ұжым бұл еңбекте түркі тілдерінің тарихына қатысты бар фактілерге бағытталған арнайы құрастырылған сауалнама бойынша материалдарды жинастыруды мақсат тұтады. Авторлар бұндай зерттеулер диалектілердің генологиялық жіктелімі туралы ғылыми тұжырымдарды нақтылауға көмектесетінін айтады [71].

Түркітанушы А. Ибатов жазба мұралардың аралас тілді болып келуіне мынадай пікір білдіреді: «Алтын Орда дәуіріндегі әдеби мұралар тілінің ерекше аралас тілді болып келуіне қарамай, әдетте, не оғыз тілінің негізінде, не қыпшақ тілінің негізінде жазылатын болған. Сөйтіп, бұрыннан келе жатқан қараханидтік әдеби дәстүр дағдыларын біртіндеп ығыстыра бастау заңдылығын тудырған» [72, 11].

Көшірмелердегі фонетикалық сәйкестіктер. Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін көрсетуде Орхон, Енесей, Талас жазба ескерткіштерінен бастап, «Һибат-ул хақайиқ», «Дивани лұғат ат-түрк», «Құтадғу білік» және т.б. орта ғасыр ескерткіштерінің тілі негізгі дерек ретінде қарастырылады.

Түркітанушы ғалым Н.А. Баскаков түркі тілдері дыбыстық жүйесінде дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың көп өзгеріске ұшырамай тұрақтылық танытатынын былай айтады: «... более сложный процесс развития перенесла система вокализма, характер и тип который могут служить основными признаками, определяющими целую группу языков» [64, 72]. Ескерткіш тілімен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі дауыстылар жүйесінің ерекшеліктері де жалпы түркілік вокализмдердің күрделі даму жолынан өтті. Дыбыстар сәйкестігі қазіргі қолданыстағы тілдердің өзіндік ерекшеліктерін көне түркі тіліне, орта ғасыр тіліне қатыс - дәрежесін білдіретін тілдік құбылыс ретінде танылады. Орта ғасыр жазба ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліндегі моносиллабтар мен дисиллабтар құрамында да дауыстылар сәйкестіктерінің болуы тіл дамуының табиғи заңдылығы.

Түркітанушы ғалымдардың бірқатары қазіргі түркі тілдеріндегі дауыстылар сәйкестігінің жүйесіздігін кей жағдайда әрбір тілдік топтың сөйлеу ерекшелігіне байланысты кейін қалыптасқан құбылыс ретінде қарастырады. Түркі тілдеріндегі бір буынды сөздерді тұрақты немесе өзгермелі деп кесіп айтуға қарсы пікір білдірген Ә.Т. Қайдар: «Түркі түбіріне тән варианттылықты кездейсоқ өзгерістердің нәтижесі ретінде қарастыруға болмайды. Керісінше түбірлердің варианттас болып келуі жалпы және жекелеген түркі тілдерінің фонетикалық заңдылықтары бойынша хронологиялық реттілікті сақтай отырып, нақты бір тілдің морфонологиялық заңдылықтары аясында жүзеге асатын тарихи процесс», - дейді [73, 32].

Түркі тілдерінің ішінде оғыз тілінің айқын басымдығын танытатын сәйкестік - **д’з’~д** сәйкестігі. **д’з’** араб графикасында ذ таңбасымен белгіленеді. Бұл үшін көптеген түркологтар құйрықты ҙ таңбасын пайдаланады. Профессор Б. Сағындықұлы жіңішке аффрикат болғандықтан

және аффрикат екендігі көрініп тұру үшін **д’з’** таңбасын пайдаланады. Біз соңғы таңбаны қолданысқа түсіріп отырмыз.

Осы жіңішке **д’з’** аффрикаты тек оғыз тілдерінде ғана ұшырасатынын атап көрсетеміз. Бұл аффрикат түрікмен тілінде осы кезге дейін сақталған. Жіңішке **д’з’** аффрикаты сонымен бірге башқұрт тілінде де кездеседі. Мұның себебі, біздіңше, ұлы көшпенділік дәуірінде оғыздардың бір бөлігі башқұрттарға сіңісіп, башқұрт болып кеткенге ұқсайды. Аталған аффрикатты ұйғыр каллиграфы Хусейни **А** нұсқасында өзгертпей, оғыз тілінің белгісі екендігіне қарамастан, ұйғыр таңбасымен жазбаған. **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері қарлұқ-ұйғыр тіліне қарай бейімдеп, **д** таңбасына өзгертіп жіберген. Бірнеше мысал келтірейік. Түсініктірек болу үшін бұл ретте екі бәйіт жолын қатар бердік.

17, 18 – бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
ölügdin tirig hem tirigdin ölüg çıkarur körür sen munı **ked** anga ولوگدن تىرىگ حيم تىرىگدين ولوگ چىكارور كورور سن مونى كىد انگى A$_8$kez B$_{11}$ket C$_{11}$kit	Өлүктин тирик хам тириктин өлүк Чықарур көрәр-сэн муны **кэз** аңа ولوكتىن تىرىك حام تىرىكتىن ولوك چوقارور كورار سان مونو كىز انا	**А, Ә, Б**. Өлүгдин тириг һәм тиригдин өлүг ولوگدن تىرىگ حيم تىرىگدين ولوگ *Өліктең тірі һәм тіріден өлі* **А**. Чықарур көрәрсән муны **кәд’з’** аңа چوقارور كورار سان مونو كىد'ز، انا **Ә, Б**. Чықарур көрәрсән муны **кәт** аңа چوقارور كورار سان مونو كات انا *Шығарар. Көрерсің мұны. Қатты аңла.*

Талдап қарасақ, 17-бәйіт жолында ешқандай өзгеріс жоқ. Өзгеріс 18-бәйіт жолында бір ғана сөзде. Ол **д’з’~ т,** немесе ұяңданғанда, **д’з’~ д** сәйкестігін түзеді. Бұл сәйкестік – оғыз тайпалары тілінің айқын көрсеткіші.

Оғыз тілдер тобы мен қыпшақ тілдер тобын ажыратып тұратын бірқатар дыбыстық сәйкестіктер барлық ескерткіштердің мәтінінде кездеседі. Осы тұста оғыз тобына жататын d~t және t~d сәйкестігін түзетін сөздер ҺХ мәтінінде де кездеседі. Мысалы: dış (сырт), dişi (ұрғашы), denk (сай), dört (төрт), dek (тәрбиелі), donanmak (сәндену), dizi (рет), dün (кеше), diri (тірі), dil (тіл), durmak (тоқтау), gidermek (жоқ қылу), сөздеріндегі (d) әріптері болса (t) әрпі болып өзгереді: til, tuş, kitermek сияқты. Анықтап көрсететін болсақ, сөз басында d~t сәйкестігін түзетін 4 сөз, сөз ішінде де 4 сөз, ал, t~d дыбыс сәйкестігін түзетін сөз басында 2, сөз ішінде 32, сөз соңында 1 сөзформа кездеседі. Бұдан көретініміз, сөз басында оғыз тілінің көрсеткіші d-дан 4 сөз,

ал, қыпшақ тілінің көрсеткіші t-дан басталатын 2 сөздің кездесуі ескерткіш тілінің оғыз тілдер тобына жақындайтынын айқындайды.

Сөз басының *д*-мен басталуы оғыз тілдерінің *т*-мен басталуы қыпшақ тілдерінің белгісі. Бірақ бұл құбылыстың кей жағдайда тұрақсыздығы да байқалады [74, 39]. Тағы бір мысал: 135-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
sözüng **boşlagıdma** yığa tut tiling سوزىنگ بوسلاگدما وىگا توت تىلىنگ A_3b. ıtma (-t- altında ar. harf z) B_2 boşluğ ısma (ar. ızma) C_2boşlug itme yeter başka bir kün bu til **boşlağı** A_3boşlag B_2boşluğ C_2boşlug	Сөзүң **бошлуғ эзмə** йыға тут тилиң Йэтэр башқа бир күн бу тил **бушлуғы** سوزونگ بوشلوغ نزما نوغو توت تىلىن يىتار باشقا بىر كون بو تىل بوشلوغو	А. Сөзүң **бошлағ ед'з'ма** йыға тут тилиң سوزونگ بوشلاغ يد'ز'ما نوغو توت تىلىن *Сөзің бостық етпе, жия тұт тілің* Ә, Б. Сөзүң **бошлуғ** ед'з'ма йыға тут тилиң سوزونگ بوشلاغ يد'ز'ما نوغو توت تىلىن *Сөзің бостық етпе, жия тұт тілің* А. Йетәр башқа бир кун бу тил **бошлағы** يىتار باشقا بىر كون بو تىل بوشلاغو *Жетер басқа бір күн бұл тіл бостығы* Ә, Б.Йетәр башқа бир кун бу тил **бошлығы** يىتار باشقا بىر كون بو تىل بوشلوغو *Жетер басқа бір күн бұл тіл бостығы*

Соңғы екі бәйіт жолын талдағанда екі сәйкестік көзге бірден түседі. Олар - **д'з~т** және **а~у (а~ы)** сәйкестіктері. Соңғы сәйкестік туралы А.Т. Кононов өзінің 1980 жылғы «Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв.» атты еңбегінде былай деп жазады: «Характерными представителями а языка являются тюркюты (основным ядром которых был огузы), арғу, кипчаки, чигили и современные чуваши и якуты (отчасти); представители **ы** – языка - древнеуйгурский язык и подавляющее большинства современных тюркских языков. В современных тюркских языках эти два признака обнаруживается в одном и том же языке, что явилось результатом сложного исторического взаимодействия носителей этих двух классификационных признаков, выразившегося в довольно чистых обьединениях и разъединениях тюркских племен» [75, 37].

Бұл пікірге қарағанда, **а~ы** оғыз тайпалары тілінің көрсеткіштері де, **а~у** сәйкестігі ескі ұйғыр тайпалары тілінің көрсеткіші. Түбіртек теориясына жүгінсек, еріндік **ұ** кейінгі замандарда езулік **ы**-ға айналған. Сонда **а~ы**

сәйкестігін түзеді. Енді ескерткіш нұсқаларындағы бәйіт жолдарына қайта оралалық. **А** қолжазбасында 135-бәйіт жолында **бошлағ**, **Ә, Б** қолжазбаларында **бошлуғ**, 136-бәйіт жолында үш қолжазбада да – **бошлығ.** Яғни **а~у** сәйкестігі де, **а~ы** сәйкестігі де – бір сәйкестік. Мысалға **ташы** - оғыз тілінің көрсеткіші де, **тысы –** қазақ тілінің немесе қыпшақ тілінің көрсеткіші. Демек, басы ашық **а** дауыстысы – оғыз тілінің көрсеткіші де, **у** еріндігі мен **ы** езулігі – ұйғыр тайпалары тілінің көрсеткіші. Алайда тарихи даму барысында бір-бірімен араласып кеткен. Өйткені бір-ақ тілде екі бірдей көрсеткіш қатар қолданылған. Бұл пікір бойынша тілдік көрсеткіштер оғыз тілінің белгісі ретінде танылады. Себебі, оғыз тілінің көрсеткіші **а**, ұйғыр тілінің көрсеткіші **ы**. **А** нұсқасында ғана оғыздық дауысты **а**, қалған нұсқаларда ұйғырлық **у** немесе **ы** қолданылатынын қайталап айтқымыз келеді. **А** нұсқасының көшірмешілері түпнұсқаға жақын етіп көшірілгені байқалады. Тілдік элементке жақындататын бір көрсеткіштің болуы оғыз тілдеріне жатқызудың бір дәлелі болып табылады. Сонымен, **а~ы**, **а~у** сәйкестіктері де, **д'з~д** сәйкестіктері де **–** оғыз тайпалары тілінің көрсеткіші.

З. Гаджиева «Проблемы тюркской ареальной лингвистики» деген еңбегінде түркі тілдері диалектілерінде кездесетін дыбыс алмасуларының себептерін тілдік факторлар арқылы анықтайды. Орта Азия түркі тілдеріндегі **а~е**, **а~ы, а~ә** дыбыс алмасуларын бірқатар түркі тілдері өкілдерінің зерттеулеріндегітілдік элементтерді салыстыра отырып, мынадай ой түйіндейді: «Рассмотренные нами случаи неустойчивости *а* в системе, его тенденции к изменениям в *е, о, ы* способствовали уничтожению противопоставленности гласных по ряду. С другой стороны, отмеченная выше склонность к опереднению выступает катализатором его неустойчивости. Умлаут, вероятно, явился следствием скрещения старой тюркской уйгурской системы вокализма с новой узбекской системой, утратившей различие двухрядности» [76, 34-37].

Жазба ескерткіш тілінде **й ~ ж, д ~ й, ч ~ ш, д ~ т** дыбыс сәйкестіктері молынан кездеседі. Тіл тарихындағы бұл сәйкестікке түркологтар ерекше мән берген. Түркітанушы ғалым В.В. Радлов өз еңбегінде сөз басындағы **й ~ дж ~ ж ~ т ~ д ~ ч ~ ш ~ с ~ з...** сәйкестігінің архетипін **й** үндісі (соноры) деп көрсетсе [77, 256], ал Г.И. Рамстедт **й**-ден **дж** аффрикаты емес, **дж**-ден **й** соноры пайда болған дегенді айтады [78, 33-34].

Қазақ тіл білімінде профессор Б. Сағындықұлы түркі тілдерінде аффрикаттардың және олардан пайда болған **тс (ц), тш (ч), дз, дж, т'с', д'з', th, дh, тй, дй** дыбыс тіркестерін кезең-кезеңде даму заңдылықтарын зерттеп, олардың ең көнесі, арғы тегі – **ц** мен **ч** аффрикаты деп анықтап, өзге аффрикаттар мен дыбыс тіркестері осы екеуінен пайда болған деген ой түйеді [79, 18-35].

Ескерткіш тілінде сонымен қатар *д-й*: едгү-ейгү (игі, жақсы, ізгі), *д-з*: қоды-қөзы (төмен), *м-н*: йәма-йана (және, тағы, қайтадан) дыбыс алмасулары жиі кездеседі [80, 65].

Қанша мысал келтірсек те, осы пікірдің дұрыстығына дәлел бола алады. Сондықтан фонетикалық белгілер бойынша да, XII ғасыр ескерткіші **–** шайыр

Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастаны – оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде жазылған деуге негіз бар.

1.4. Қыпшақ, оғыз тілдеріне тән сөздердің өзге сөздермен (араб, парсы, оғыз, қарлұқ) ауыстырылуы

Көне және орта ғасыр қоғамында адамдар қарым-қатынасты тіл арқылы жүзеге асырды. Сол дәуірлерге тән болған қоғамдағы саяси оқиғалар өз кезегінде халық пен халықтың, тіл мен тілдің араласуына септігін тигізді. Бір тілден екінші тілге сөз ауысу процесі қажеттіліктен туындаған. Бұл құбылысты сол дәуірде жазылған әдеби шығармалардан да байқауға болады. Ешбір қоғамда, ешбір дәуірде таза тіл болмаған. Әдеби тіл лексикасының дамуына өзге тілден сөз қабылдау әсер етеді. Қазақ академигі І. Кеңесбаев өз еңбектерінде: «Сөз ауысу процесі тілдің жалпы сөздік қорын байытуға қызмет етеді» - деп көрсетеді [81, 106].

«Һибат-ул хақайиқ» дастаны көшірмелерінде көбіне-көп архаизмдер мен қыпшақ сөздері көшірмешілер тарапынан өзгертілген. Біз төменде осы өзгерістердің сыр сипатын, өзіндік себептерін ашуға талаптанып отырмыз. **А** және **Ә** нұсқасының 448-өлең жолында, **Б** нұсқасының 430-өлең жолында былай делінген:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
azu kutsuz ajun karıpmu munar ازو كوتسوز اجون كاريپمو مونار A_4 osu B_7ʿatu (ar. ʻadu k.) C_5ʻadu	**Адув** қутсуз ачун қарыбму мунар ادوو قوتسوز اچون قاروبمو مونار	А. **Осу** қутсуз ажун қарып му мунар اوسو قوتسوز اچون قاروبمو مونار *Осы құтсыз дүние алжып қартайған ба?* Ә.ʾ **аду** қутсыз ажун қарып му мунар ادو قوتسوز اچون قاروبمو مونار *Құтсыз дұшпан дүние алжып қартайған ба?* Б.ʾ**аду** қутсуз ажун қарып му мунар ادو قوتسوز اچون قاروبمو مونار *Құтсыз дұшпан дүние алжып қартайған ба?*

Түрік ғалымы Р. Арат ескерткіш нұсқаларындағы бұл сөздерге мынадай түсініктеме береді: «азу, А нұсқасында осу, В және С нұсқасында аду. Нұсқалардағы бұл екі түрін біріктіру қиын. Аду (адув) мәтінге жазып алушылар тарапынан қосылған болуы мүмкін. А нұсқасында –с- астында бұл әріптің орны ерекше көрсетілмеген болса, мұнда бір у- өзгеріс жасап тұр» [2, 29].

Келтірілген мысалда **А** нұсқасындағы **ОСУ** (осы) есімдігі **Ә, Б** нұсқаларында ʾ**аду** сын есімімен өзгертілген. Бұл жөнінде профессор

Б. Сағындықұлы былай деп жазады: «**Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері (мүмкін олардың алдындағы көшірмешілер) **А** нұсқасындағы **осу** (осы) есімдігін мүлдем түсінбегендіктен оны мағынасы жағынан келеді-ау деген **ʾаду** (дұшпан) сөзімен алмастырған. Бірақ сәтсіз. Сын есімдерді бірінің үстіне бірін қосарлағанмен ұтып тұрған ешнәрсесі жоқ. **Осу** – көне қыпшақ сөзі. Біздің заманымыздағы еріндік **у** езулік **ы**-ға айналып кеткен. Осы өзгерістің өзі-ақ көне сөзді қазір түсіне алмайтындай дәрежеге жеткізіп отыр. Бәйітте о дүние туралы емес, «осы құтсыз» дүние туралы әңгіме болып отыр. [54, 119]. Бұл пікірге қосыла отырып, біз **у>ұ>ы** формуласы бойынша **у**-дың **ы**-ға ауысуы сонау XV ғасырда-ақ жүзеге асқан деп есептейміз. Осы себепті көшірмешілерге **осу** есімдігі түсініксіз болуы әбден ықтимал. Ал бұл есімдіктің қыпшақ тобындағы тілдерге жататындығы даусыз.

Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихын зерттеген белгілі ғалым А. Ибатов есімдіктің осы формасына байланысты былай деп жазады: «*Осы* есімдігі *ос* (<ош//уш) түпкі түбір мен *–ы* (<у<бу) тұлғасынан құралған. *Осы* есімдігі түрік тілінде *исбу*, қарайм тілінде *ушпу//успу*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *ушбу,* татар диалектілерінде *ушы,* башқұр тілінде *ошо*, қарақалпақ тілінде *осу// осы //усу //усы* және өзбек, құмық, түрікмен тілдерінде *шо* болып келеді» [82, 34]. Қыпшақ тілдерінің ішінде қарақалпақ тілінде ғана осу формасы ескерткіштегі формадан айна-қатесіз сақталып қалған. Ахмед Йүгінеки өз заманындағы әдеби дәстүрмен жазуға тырысқанымен ана тілінің элементтерін осылайша көбірек пайдаланғаны анық байқалады.

Түркі тілдерінің бірде-біреуінде кездеспейтін, қыпшақ тілдеріне ғана тән бірнеше сөзге тағы да талдау жасап көрелік:

ТЕР. Қазақ тілінде «бір-бірлеп алып жинау» деген номинативті (тура) мағына береді. «Қоңыз теріп кетті», «несібесін терді», «өсек терді» сияқты фразеологизмдердің құрамында да кездеседі. Осы сөз алты бәйіт жолында сегіз мәрте қайталанған. Оның төртеуі өз орнында қалдырылған.

241- бәйіт жолында:

Арат	Махмудов	Сағындықұлы
bahıl **tirdi** zar sim haramdın öküş باحل تردی زار سم حارامدن وکوس A_6 tert-i (-e-?, -i-?) B_4yığdı C_2 yığdı	Бахил **йығды** зар сим харамтын өкүш باحيل يوغدو زار سم خارامتوم وكوش	А. Бахил **терти** зәр сим харамдин өкүш باحيل تيرتى زار سم خارامتوم وكوش Ә, Б. Бахил **йығды** зәр сим харамдин өкүш باحيل يوغدو زار سم خارامتوم وكوش *Сараң жиды алтын, күміс, арамнан көп.*

247 – бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
yirilgen sökülgen **tirip** birmegen	Йирилгән сөкүлгән **тэриб** бэрмәгән	А, Ә, Б. Йерилгән сөкүлгән **терип** бермәгән

وىرىلگن سوكولگن تىرىپ بىرمىگن A_1 terip B_{10}terip	وىرىلگن سوكولگن تىرىپ بىرمىگن	وىرىلگن سوكولگن تىرىپ بىرمىگن *Жиіркенілген сөгілген теріп бермеген.*

248 – бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
tirip birür erseng neçe **tirse** tir تىرىپ بىروز ىرسىنگ نيچى تىرسى تىر B_{11} halal ... tirs-e C_{10} niçe terse	**Алал** бэрүр эрсәң нэчә **тэрсә** тэр ادال بىرور ىرسىن نيچي تىرسى تىر	А. **Терип** берүр ерсәң нечә **терсә** тер تىرىپ بىرور ىرسىن نيچي تىرسى تىر Ә, Б. **Халал** берүр ерсәң нечә **терсә** тер حالال بىرور ىرسىن نيچي تىرسى تىر *Адал берер болсаң неше терсең тер*

255-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
tirip köngli todmaz közi suk bahıl تىرىپ كونگلى تودماز كوزى سوك باحىل B_7 yığıp C_6 yığıp	**Йығыб** көңли тоймаз көзи суқ бахил يوغوب كونلى تومماز كوزى سوق باحىل	А. **Терип** көңли тоймас көзи суқ бахил تىرىپ كونگلى تودماز كوزى سوك باحىل Ә, Б. **Йығып** көңли тоймас көзи суқ бахил يوغوپ كونلى تومماز كوزى سوق باحىل *Жиып көңілі тоймас көзі сұқ сараң*

305-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
hariş todmazajunnenginі**tirip** حارىش تودماز اجون ننگنى تىرىپ B_2 terip	Харис тоймас ачун нэңини **тэриб** حارىس تومماس اچون ننگنى تىرىپ	А. Харис тоймас ажун нәңгини **терип** حارىس تومماس اچون ننگنى تىرىپ Ә, Б.Харис тоймас ажун нәңгини **терип** حارىس تومماس اچون ننگنى تىرىپ *Ашкөз тоймас дүние затын теріп*

309-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
hariş **tirip**armazusanmazbolur حاریس تترپ ارماز وسانماز بولور	Харис **тэриб** эрмәс усанмас болур حارس تترب ترماس وسانماس بولور	А, Ә. Харис **терип** армаз усанмаз болур حارس تترب ترماس وسانماس بولور Б. Харис **йығып** армаз усанмаз болур حارس تترب ترماس وسانماس بولور *Ашкөз жиып арымас жалықпаз болар*

Көріп отырғанымыздай, Ахмед Йүгінеки қолданған «тер» етістігін өз заманында белгілі каллиграф болған Зейнул-Абидин бин Султан Бахт Хусейни 1444 жылғы қолжазбасында (А) алты бәйітте сегіз рет қайталағанымен, ешқандай өзгеріске түсірмеген. Бұл – авторлық қолданысты бұрмаламады деген сөз. Одан 36 жыл кейін, 1480 жылы көшірген (Ә) Шейхзада Абдур-Раззақ бахши 241, 248, 255 бәйіт жолдарында ұшырасатын «тер» сөзформасын өзге сөздермен ауыстырған. Араб жазуымен көшірілген үшінші Б нұсқасында бұларға қоса 309-бәйіт жолы өзгеріске түскен. Азын-аулақ айырмашылығы болғанымен, Ә нұсқасы мен Б нұсқасы өзара өте ұқсас. Бұл екі нұсқаның көшірмешілері өздерінен бұрынғы жазылған ескі ортақ бір көшірмеден бастау алғанға ұқсайды. Кестеге түсірсек:

Қолжазба 1

Қолжазба 2 Қолжазба 3

Қолжазба 4 Қолжазба 5

Ә нұсқасын 4-қолжазба, Б нұсқасын 5-қолжазба деп түсінсек, олардың 1-қолжазбадан алыстығы арасына бір ғана қолжазба салғандығында. Ал 1-қолжазбаның Арслан Хожа Тархан редакциялатқан варианттан қаншалықты алыстағаны белгісіз. Қолжазбалардың осындай да сырлары болады.

Ә және Б нұсқаларының көшірмешілері түпнұсқаға түсірген өзгерістен авторлық қолданысқа қаншалықты нұсқан келді, енді соған көңіл аударалық.

Жоғарыда келтірілген алғашқы бәйіт жолы туралы Б. Сағындықұлы былай деп жазады: «241-бәйіт жолында – **А** Бахил **терди** зәр, сим харамдин өкүш~ **Ә, Б** Бахил **йығды** сим харамдин дин өкүш. А нұсқасындағы «араңның алтын мен күмісті арамнан көп тергендігі» жөнінде әңгімеленсе, Ә, Б нұсқаларында «Сараңның алтын мен күмісті арамнан көп жинағандығы» туралы айтылады. Бір қарағанда былай да, олай да сөйлем құрауға болатын сияқты. Алайда «теру» үздіксіз еңбек етіп, бір нәрсенің соңында жүруді білдіреді. Ал «жиды» бір нәрсенің жиналып қойылғаны туралы ғана мәлімет береді. Сараңға ерінбей-жалықпай тере беру, тергенін жинай беру тән. Олай болса, А нұсқасы дұрыс. Оның үстіне шығармада «терип» сөзі жиі

қолданылған [54, 130-131]. Ескерткіштің Ә және Б нұсқаларында **йығды** формасы қолданылған. Құтыбтың «Хусрау уа Шырын» поэмасының сөздігін түзуші А. Ибатов «йығ» сөзінің аудармасын «жи» деп көрсетеді [72, 107].

Бұл пікірдің дұрыстығын А нұсқасының 247-248 бәйіт жолдары толық дәлелдейді. Йерилган сөкүлгән **терип** бермәгән (жерілген, сөгілген, теріп бермеген), **Терип** берүр ерсаң неча **терса тер** (теріп берер болсаң, қанша терсең тер). Байқағанымыздай, екі бәйіт жолында «тер» етістігі төрт мәрте қайталанып тұр. Және әр сөз өз орнында үйлесімді қызметте. Дастан авторы «Алтын, күмісті терген екенсің, егер жоқ-жұқаға, жетім-жесірге, ғаріп-қасерге беретін болсаң, қанша терсең тер» деп отыр. Қысқасы, үш бәйіт жолында да ой екпіні «тер» сөзіне түсірілген. Тіпті 248-бәйіт жолындағы «тер» сөзін Ә, Б нұсқаларының көшірмешілері арабтың «халал» сөзімен алмастырып, дастанның көркемдігін төмендетіп жіберген. Белгісіз себептермен өзгерткен. Қыпшақ тіліндегі сөздер көшірмешілерге түсініксіз болған.

А нұсқасының 255-бәйіті жолындағы – **Терип** көңли тоймас көзи сук бахил (Терип көңілі тоймас көзі сұқ сараң) және 305-бәйіт жолындағы – Харис тоймас ажун нәңгини **терип** (Ашкөз тоймас дүние затын теріп) үзінділерде айтылған ой бірдей: Сараңдар қашан да ашкөз болады, сұқ болады. Олардың ешқашан да дүние мүлкіне көзі тоймайды. **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері 255-бәйіт жолындағы «терип» етістігін «йығып» етістігіне ауыстырғанмен, 305-бәйіт жолындағы «теріп» етістігін өзгеріссіз қалдырған. Бұған, мүмкін, 307- 308- бәйіт жолдарындағы – «Харислықты қойар харис ер қачан (Ашкөздікті қояр ашкөз ер қашан), Өлүп йатса топрақ ичинга кирип (Өліп жатса топырақ ішіне кіріп) – «терип» сөзімен ұйқасатын «кирип» сөзі кедергі келтірсе керек. «Тер» етістігінің мағынасын «йығ» етістігі жеткізе алмайтындығы жоғарыда айтылды.

Қорыта айтқанда, алты бәйіт жолындағы сегіз мәрте қайталанған «тер» етістігінің төртеуі дастан авторының стилін сақтап қалғанымен, төртеуі көшірмешілер тарапынан сәтсіз өңделген. Көбірек қайталанғандығынан қыпшақ сөзі сақталып қалып отыр.

Қыпшақ сөздерінің өзге сөздермен алмастырылуына тағы да бірнеше мысал келтірелік.

147, 148 - бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
eşit büt bu sözke kamuğ tangda **ten** يسيت بوت بو سوزكى كاموگ تانگدا تن B_4 tang (teng?; ar. işit …tang-da tang) C_4 tang-da tang (-a-yerine –e-?)	Эшит бүт бу сөзгә қамуғ тәң-дә **тәң** ىشت بوت بو سوزگى قاموغ تن دا تن	А. Ешит бут бу сөзгә қамуғ таңда **тән** ىشت بوت بو سوزگى قاموغ تندا تان *Есіт сен бұл сөзге барша таңда жан-тәнімен* Ә, Б. Ешит бут бу сөзгә қамуғ таңда **таң** ىشت بوت بو سوزگى قاموغ تن

		دا تىن *Есіт сен бұл сөзге барша таңда таң*
turup tilke yüknüp tazarru kılur توروپ تىلكى ويكنوپ تازارّو كىلور B_3 kopup C_5 kopup (satır altında durup)	**Қозуб** тилгә йүкнүб тазарру қылур قوزوب تىلگا يوكنوب تازارّو قولور	А. **Туруп** тилгә йүкнүп тазару᾽қылур توروپ تىلگا يوكنوپ تازارو كولور *Тұрып тілге жүгініп құлшылық қылар* Ә, Б. **Қопуп** тилгә йүкүнүп таззару᾽қылур قوپوپ تىلگا يوكنوب تازارّو قولور *Тұрып тілге жүгініп құлшылық қылар*

А нұсқасында екі бәйіт жолына бөлініп түскен көне қыпшақ тіліндегі «тән туруп» фразеологизмі **Ә** және **Б** нұсқаларында көне оғыз тіліндегі «таң қопуп» тіркесімен алмастырылған. Бұл жөнінде текстолог ғалым Б. Сағындықұлы былай деп жазады: «Ә, Б нұсқасының көшірмешілері, мүмкін оның алдындағы көшірмешілер, түсінбегендіктен болар «жан-тәнімен тұрып» деген мағына беретін «тән туруп» тіркесін «таңертең тұрып» деген мағына беретін «таң қопуп» тіркесімен алмастырып жіберген. Мұның алғашқы тіркесі қыпшақ тілдеріне тән. Осындай басқа сөзді қосып жіберудің салдарынан өлеңнің мазмұны едәуір өзгеріске ұшыраған. Бір бәйіт жолында (147 б) таң деген сөз екі рет қайталанған. «Барша таңда таң тұрып» деген тіркес мүлдем үйлеспейді. Әңгіме «барша таңда жан-тәнімен ұйқыдан тұрып, тілге жүгініп, құлшылық ететіндігінде» болып отыр. Көшірмешілер кейде осылай қолайсыз қателер жіберіп алып жатады».

«Фразеологиялық сөздікте»: **тән** деген сөзге «адамның денесі, тұла бойы» деген анықтама берілген. **Тән рақаты** – «ішу, жеу, нәпсі қызығушылығы», сонымен қатар, қазақ тілінің фразелогиялық сөздігінде: **тәнін асырады -** «тән қажетін күйттеді», **тәні өртенді** – «құштарлығы артты, уайымдады, қайғы-мұңға батты», **тәні тозды** – «қартайды, кәрілік басты» сияқты көптеген фразеологизмдер жасалған [83, 672]. Тілімізде аталмыш сөзден фразеологизмдердің көп жасалуы бұл сөздің өте ерте заманнан өмір сүріп келе жатқандығын көрсетеді. Тілімізде **тән** сөзіне арабтың жан сөзі қосақталып, **жан-тән** қос сөзі жасалған: «Бар жаны, бар ықыласы» деген мағына береді. Ол сөз үстеуге айналғанда **(жан-тәнімен**) қос сөзіне «бар ықыласымен, ынтасымен» деген мән үстеледі. Яғни **А** нұсқасының 147, 148-бәйіт жолдары, «тілге жүгініп, табынушының күнде таңертең ертемен бар ынтасымен тұратындығын» баяндайды. Біз сөз етіп отырған «тән туруп» фразеологиялық тіркесінің мән-мағынасын қазақ тіліндегі «барынша аянбай» деген мағына беретін синонимдес «тік тұрып» фразеологизмі де бере алады. Ғалым Г. Смағұлова сөздердің синонимділігі жайлы былай дейді:

«Мағына тепе-теңдігі дегеніміз – семантикалық және экспрессивтілігі жағынан сөздердің тең түсуі. Алайда бұған қарамастан сөздердің іштей мағына жақындығы синонимнің басты қасиеті екеніне ешкім шек келтірмейді» [84, 8].

Ескерткіштің 27-бәйіт жолында: **А** нұсқасындағы «йердин» салып (жерден салып) тіркесіндегі «йирден» (жерден) деген сөз форманы «башдин» (бастан) деген сөз формамен ауыстырған. Мұны екі түрлі мағынада түсінуге болады: 1) басынан салып жіберу; 2) басынан шығарып жіберу. Қай мағынасында қолданса да, дастан авторының айтқанын жеткізіп тұрған жоқ. Біздіңше, бұл түсінбегендіктен өзгертілген. Өйткені «йерден салып» – қыпшақ тілдеріндегі фразеологизм. Оның бір варианты қазақ тілінде қолданылады. Тіліміздегі «жерден алып, жерге салып» фразеологизмі «қатты ұрысты, тілдеді, сөкті» деген мағына береді. Дастан авторы да «тәкаппарды сыйлама, тәккапарлықты жер қойнына жібер» деп ақыл-кеңес береді. Текстологиялық зерттеулер жүргізілмесе, осы сияқты кемшіліктерді аңғару мүмкін емес.

Біз келтірген мысалдардың барлығы Ахмед Йүгінекидің төл туындысындағы көне қыпшақ сөздерінің қалай жойылып кеткендігін көрсетеді.

215, 216- бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
yılan yumşak erken yavuz fi’l iter yırak turğu yumşak tip **azılmağu** ولان ومشاك ركن واووز فلتتر وراك تورگو ومشاك تپ ازلماگو A_3 tep asilmağu (-s- altında ar. harf ẓ) B_8 tep (ar. tip) inan-mağu C_8 dip inan-mağu	Йылан йумшақ эркән йавуз фэъл тутар Йырақ турғу йумшақ тэб **ынанмағу** ولان ومشاك ركان ىاووز فول توتار وراق تورغو ومشاق تنبونانماغو	А. Йылан йумшақ еркән йавуз фи’ил итар Йырақ турғу йумшақ деп **асылмағу** ولان ومشاك ركن واووز فلتتر وراك تورگو ومشاك تپ ازلماگو *Жылан жұмсақ екен жауыз пиғыл етер* *Жырақ тұрған жұмсақ деп асылмағын* Ә, Б. Йылан йумшақ еркән йувуз фи’ил тутар Йырақ турғу йумшақ деп **инанмағу** ولان ومشاك ركان ىاووز فول توتار وراق تورغو ومشاق تنبونانماغو *Жылан жұмсақ екен жауыз пиғыл тұтар* *Жырақ тұрғын жұмсақ деп иланбағын.*

Екі өлең жолы бір бәйіт болып есептеледі. Бұл бәйітте ақын «жылан жұмсақ болғанмен, әрқашан жауыз пиғылда жүретіндіктен, одан жырақ

тұруды, жұмсақ екен деп оған асылмауды, сүйкенбеуді» талап етеді. Жылан деп отырғаны – осы жалған дүние. «Асылмағу» - оғыздық өң алған қыпшық сөзі. **н** сонорын түсіріп айту – осы тілге тән ерекшелік. Қыпшақтар – «асылмағын» деген. Болымды түрінде «асыл», болымсыз түрінде «асылма» етістіктері қазіргі қазақ тілінде де дәл осылай дыбысталады, айтылады.

Орта ғасыр ескерткіш тілін зерттеуші А. Ибатовтың сөздігінде асылмағу формасы «асылыб, асылмақ» түрлерінде түзілген. Екі ескерткіште де «асылу» мағынасын береді [72, 40].

Ақын жалған дүниеде күнә жасасаң, қылмыс жасасаң, шын дүниеде жылан сияқты шағып алатынын ескертіп отыр. Жылан «асылса, сүйкенсе» ғана шағып алады. **Ә**, **Б** нұсқаларының көшірмешілері «асылмағу» сөзін түсінбегендіктен «инанмағу» сөзімен алмастырған. Қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында: түрік *inanmak*, әзірбайжан *inanmag*, түркмен *ınanmak* тілдерінде *сену, илану* мағыналарын береді [67, 388-389]. Содан мағынасыздық пайда болған. Жыланның жұмсақтығына илан, иланба келіп-кетер еш нәрсе жоқ. Бұл жаңсақтықты сөзді ғана түсінбеу емес, шығарманың негізгі идеясын түсінбеу деп бағалауымыз қажет. Осы орайда қыпшақ сөздері не себептен ығыстырыла берген деген сұрақ өз-өзінен туындайды.

Біз жоғарыда қыпшақ тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, айқын сақталған сөздердің қолжазбалар мәтіндерінде көшірмешілер тарапынан қалай өзгертілгендігі туралы баяндадық. Енді XII ғасырдың өзінде-ақ архаизмге айнала бастаған, қазіргі кезде қазақ тілінде сарқыншақтары ғана сақталған кейбір сөздер туралы әңгімелемекпіз.

162-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
basal yip açıtma ağız **yi** ‘asel باسال يوپ اشتما اگز وى اسل A_2yiy B_8yiy	Басал йэб ачытма ағыз **йэ** асал باسال ييب اچوتما اغوز يي اسال	А, Ә. Басал йеп ачытма ағыз **йий** ’асал باسال يوپ اشتما اگز وى اسل *Жуа жеп ашытпа аузыңды татыған бал* Б. Басал йеп ачытма ағыз **йи** ’асал باسال ييب اچوتما اغوز يي اسال *Жуа жеп ашытпа аузыңды татыған бал*

Жоғарыда салыстырылған бәйіт жолында бір қарағанда ешқандай өзгеріс жоқ сияқты. Айырмашылық – **А**, **Ә** нұсқаларында ұшырасатын **йий** сөзформаның **Б** нұсқасында бір әрпі түсіріліп, **йи** түрінде жазылуында. Бұл қыпшақ сөзі болғандықтан көшірмеші тарапынан кеткен қателік болуы мүмкін. Б. Сағындықұлы былай деп жазады: «Бұл сөз ДТС-ке тіркелмеген. Бәйіт жолын «бал татыған аузыңды жуа жеп ашытпа» деп аударуға болады. Мәтінге қарап, йий-ді «балдың татуы, дәмі» деп тұспалдауға, жорамалдауға келеді. Қазақта теріні жұмсартатын ій (и) деген ұғым-түсінік бар. Нақты мағынасы – «қатық, айран, ашытқы және көже немесе ұнға тұз қосып

жасалған, мал терісін илеуге, өңдеуге арналған малма». Осы сөзді кең мағынасында «бал» лексемасымен тіркестіруге болады. Егер бәйітті «Балға иленген ауызды жуа жеп ашытпа» деп аударсақ, ешқандай сөкеттік келмейді. Көркемдірек болу үшін «Балға малшынған аузыңды жуа жеп ашытпа» деуге де болады. Бұл айтылғандардан көне қыпшық тілінің іздері ескерткіште де аз емес екенін аңғарамыз. **ій** қазақ тілінде тар мағынасында түсінілсе, **йий** көне қыпшақ тілінде кең мағынасында тұр» [54, 103-104]. Бұл көне сөз. Алдына протезалық **й** дыбысын қосып алып, оғыздық өң алса керек: **й+ ий**.

58-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bu sözni **büder** çın tutar duşmanı بو سوزنی بوتون چن توتار دوشمانی A_5 **büder**	Бу сөзни **бүтүн** чин тутар тушманы بو سوزنی بوتون چن توتار توشمانی	А. Бу сөзни **бүдер** чын тутар душманы بو سوزنی بودیر چن توتار دوشمانی *Бұл сөзге сенер шын тұтар дұшпаны* Ә, Б. Бу сөзни **бүтүн** чын тутар душманы بو سوزنی بوتون چن توتار دوشمانی *Бұл сөзді бүтін шын тұтар дұшпаны*

Бұл бәйіт жолындағы айырма – **Ә**, **Б** нұсқаларындағы «бүтүн чын» (толық шындық, түгелдей шындық) фразеологизмінің құрамындағы «бүтүн» (бүтін) сын есімінің «бүдер» (сенер) етістігімен алмастырылуында. Осы өзгертуге байланысты шығарманың мән-мазмұнына нұсқан келгені жөнінде профессор Берікбай Сағындықұлы былай деп жазады: «**А** нұсқасында «бұл сөзге дұшпаны алдымен сенеді, содан кейін шын деп есептейді», ал **Ә, Б** нұсқаларында «бұл сөзге дұшпан шүбәсіз сенеді». Соңғы жол әсерлі әрі толыққанды. Сірә, **А** нұсқасының көшірмешісі, бәлкім, оның алдындағы көшірмеші, «бүтін» деген сөзді «бүдер» деп қате оқып, жазып жіберсе керек. Әйтпесе, ол бәйіт жолы мұнша солғындамас еді».

Ғалым Р. Авакова: «Фразеологиялық мағына – еркін сөз тіркестерінің метафораланuуының нәтижесі болып табылады» [85, 43]. Көшірмеші фразеологизмді түсінбеді ме, әлде сол сөзді қате оқыды ма, ол жағы белгісіз, қалайда да көне қыпшақ фразеологизмі бұрмаланған. Қазіргі қазақ тілінде «бүтін» сөзінің араласуымен жасалған фразеологизмдер көп. Мысалы, «бүтін алаш» (бар қазақ, қазақ біткен), «басы бүтін» (солайымен, тұтасымен, біржола қайтарусыз), «түтіні бүтін» (жағдайы, тұрмысы жақсы) т.б.

«Ул урмақ» (іргетас қалау) фразеологиялық тіркесі де осындай күйге ұшыраған. Бұл фразеологизмнің XII ғасырда-ақ көнергені төмендегі бәйіт жолдарынан анық байқалады. 81- бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
biligdin **urur men** sözümke ula	Биликтин **айур-мэн** сөзүмгә ула	А. Билигдин **урурман** сөзүмга ул-а

بیلىگدینورور مىن سوزومکی ولا	بیلىکتىن ایور- مىن سوزومگا ولا	بیلىکتىن ایور- مىن سوزومگا ولا *Білімнен қалаймын сөзіме іргетас* Ә, Б. Билигдин **айурман** сөзүмга ул-а بیلىکتىن ایور مىن سوزومگا ولا *Білімнен саламын сөзіме іргетас*

Бұл бәйіт жолында **А** нұсқасындағы «урурман» (қалау, соғу) етістігі **Ә, Б** нұсқаларында «айурман (салу) етістігімен алмастырылған. Бұлай өзгерту арқылы көшірмешінің қандай мақсат көздегені жөнінде Б. Сағындықұлы мынадай пікір айтады: «**А** нұсқасындағы «ул урурман» тіркесі «іргетас соғамын» мағынасын берсе, **Ә, Б** нұсқаларындағы «ул айурман» тіркесі «іргетас саламын» ұғымын береді. Бір қарағанда, былай да, бұлай да айтуға болатын тепе-тең ұғымдар сияқты. Тарихи тұрғыдан келгенде **ул урмақ** – тұрақтанған көне тіркес. «Айурман» (айтармын) деген сөзге омонимдес болып шыққан «айурманның» (саламын) түпкітегі -«атурман». **т** дыбысының **й**-мен алмасуынан формасы өзгеріп кеткен. Түбірінде «лақтырып жіберу» мағынасы бар. «Ул» сөзімен ауыспалы мағынада ғана үйлеседі. Сірә, көшірмешілер жалпытүркілік «ул урмақ» тіркесін өз тайпалық ұғымына қарай икемдесе керек».

Көне замандарда «ур» етістігі ең жиі қолданылған тайпа қыпшақ тілдері болғанға ұқсайды. Қазіргі қыпшық тілдерінде түбір ретінде мардымсыз кездескенімен, жұрнақ ретінде жиі жұмсалады. Көп жағдайда фонетикалық өзгерістерге ұшырап, түбірге сіңісіп кеткен. Б. Сағындықұлы қазақ тілінде бұл етістіктің көмекші етістік, жұрнақ қана емес, өзгелік етіс, шақ көрсеткіші бола алатындығын нақты фактілермен дәлелдеген [79, 148-157].

Ул урмақ көне фразеологиялық тіркестің құрамындағы **ул** (негіз, іргетас) зат есімі де көшірмешілер тарапынан өзге сөзге өзгертілген.

341-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kerem bir bina teg angar hilm **ul** ol كىرىم بىر بىنا تىگ انگار ھىلم ول ول A$_8$uul B$_2$bunyat (ar. bünyad) C$_4$ bünyad	Карам бир бина тэк аңар хилм **бунйад** ол كارام بىر بىنا تىك انار ھىلم بونىاد ول	А. Карам бина тәг аңга hилм **ул** ол كارام بىر بىنا تىك انار ھىلم وا ول *Адамгершілік бір үй сияқты оған қарапайымдылық іргетас ол* Ә, Б. Карам бина тәг аңа hилм **бунйад** ол كارام بىر بىنا تىك انار ھىلم بونىاد ول *Адамгершілік бір үй сияқты оған қарапайымдылық іргетас ол*

Бұл туралы профессор Берікбай Сағындықұлы былай деп жазады: «Бұл бәйіттегі көне түркілік «улдың» да, араб тілінен енген «бунйадтың» да беретін мағынасы – іргетас». Көшірме жасалған кезеңде көне түркілік сөзге қарағанда араб сөзі түсініктірек болғанға ұқсайды. Әйтпесе, ауыстырып жатудың еш қажеті жоқ еді». Біз бұл пікірге қосыла отырып, **ұл** (ул) атауының кәсіби лексикада сақталып қалғанын алға тартамыз. Әдетте «етіктің ұлтаны» деп айтылады. «Ұлтан» атауының түпкі түбірі – **ұл.** «Етіктің негізі, табаны» деген ұғымда жұмсалады. «Ұлтарақ» атауы да «етіктің табаны» мен «адам аяғының табаны» аралығына салынатын жылы нәрсе екенін меңзейді. Сонымен, көбіне көп қыпшақ сөздері көшірмешілер тарапынан арнайы ығыстырылғаны анық байқалады.

103-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bilg **yind** usanma bil ol hak resul بلگ وبند وسانما بل ول هاك ربزال B_3 bil C_1 bil	Билик **бил** усанма бил ол хақ расул بلك بل وسانما بل ول حاق راسول	А. Билиг **йинд** усанма бил ол хақ расул بلىگ بيند وسانما بل ول حاق راسول *Білік –інжу. Босаңсымай біл. Ол хақ Расул* Ә, Б. Билиг **бил** усанма бил ол хақ расул بلك بل وسانما بل ول حاق راسول *Білік біл, Босаңсымай біл. Ол хақ расул.*

Бұл бәйіт жолындағы «биилг йинд» қазіргі оқырмандарға мүлдем түсініксіз. XV ғасырдағы көшірмешілерге де түсініксіз болуы әбден ықтимал. Профессор Берікбай Сағындықұлының айтуы бойынша «йинд» сөзформасының соңғы екі дыбысы әлдеқандай себептермен қысқарып кеткен. Осыдан мүлдем бейтаныс тұлға пайда болған. Соңғы түсіп қалған екі дыбысты (ж, у) қосып оқысақ – **йинджу.** Яғни Ахмед Йүгінеки білікті інжуге теңеген. **Ә**, **Б** нұсқаларында бұл сөз «біл» етістігімен алмастырылған. Сонда «бил» етістігі бір ғана бәйіт жолында екі рет қайталанып, өлең мазмұнын солғындатып тұр. «Білік біл. Босаңсымай біл» – жай қарапайым шақыру. Ал білікті «інжу» десе, оған кім ұмтылмайды?

287-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
tavar asğı **ne ol** barur sen yalıng تاوار اسگی نی ول بارور سن يللىنگ	Тавар асығ **нэмиш** барурсан йалың تاوار اسوغ نميش بارور سن يللىنگ	А. Тавар асғы **не ол** барурсән йалын تاوار اسگی نی ول بارور سن يللىنگ

B_8nimiş C_6ni-miş		Мал пайдасы не ол өлесің жалаңаш Ә, Б. Тавар асғы **немиш** барурсән йалын تاوار اسوغ نميش بارور سن يللىنگ *Мал пайдасы немене өлесің жалаңаш*

Ауызекі сөйлеу тілінде «не ол» тіркесі «түк емес», «неге тұрады дейсің» сияқты мағыналарда қазір де айтыла береді. Ол жоғарыдағы бәйіт жолында «немиш» есімдігімен ауыстырылған. Яғни ап-анық тұрған қыпшақ сөзі оғыз сөзіне өз орнын берген. Көшірмешіге қыпшақ сөздері жат көрінгені осылайша әр жерден-ақ байқалып тұр.

456-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kaza birle ilnür tuzakka **elik** كازا ببرلى يلنور توزاكًا يلك B_4 ilig C_2 ilig (satır altında el)	Кэрек қыл **тэп** эй дост, кэрек қыл итаб كىرىك قول تىپ يي دوست كىرىك قول ىتاب	А. Керек қыл **тап** ай дос керек қыл ʾитаб كىرىك قول تىپ يي دوست كىرىك قول ىتاب *Керек етсең, керегіңді ал, тап, ей дос, керек етсең, мейлің сөк.* Ә, Б. Керек қыл **теп** ай дос керек қыл ʾитаб كىرىك قول تىپ يي دوست كىرىك قول ىتاب *Керек қыл деп, ей дос, керек қыл сөк.*

Ә, Б нұсқаларының көшірмешілері, көріп отырғанымыздай, «дастанның ішінен іздегеніңді тауып ал» деген мағына беретін бұйрық райлы **тап** етістігін **деп** көмекші етістігімен алмастырып жіберген. Бұл көшірмешінің ол сөзді, яғни таза қыпшақ сөзін түсінбегендігін көрсетеді. Ал **А** нұсқасының көшірмешісі түсінбесе де жазудың сұлбасын қағазға анық түсірген. Соның арқасында қыпшақ сөзі сақталып қалған.

Бұл тараушада біз «Һибат-ул хақайиқ» дастанынан шығып қалған қыпшақ сөздерін түгелдей қамтуды мақсат еткен жоқпыз. Одан әрі талдау барысында кездескен қыпшақ сөздері болса, өз тұсында атап көрсетуді жөн санадық. Шайыр шығармасынан қыпшақ сөздері не себептен ығыстырылған деген сұраққа жауап іздесек, оның бастылары мыналар деп есептейміз.

Өз заманының сауатты адамдары болғандықтан түркі тіліндегі көшірмешілерді, жазбаларды ұйғыр көшірмешілері жасаған. Олар өздері түсінбеген сөздерді жалпы түркілік сөздермен не араб-парсы сөздерімен алмастырып отырған. Мысалы «өсу» қыпшақ есімдігі шығарма мазмұнына

үйлеспейтін «аду» (дұшпан) араб сөзіне өзгертілген. Мысалы «өсу» қыпшақ есімдігінің орнына шығарма мазмұнына үйлеспейтін «аду» (дұшпан) араб сөзін жазған.

103 - бәйіт жолында «йинджу» (інжу) сөзінің соңғы бір буыны яғни **ж, у** дыбыстары әлдеқандай себептермен жазылмай қалған. Осы себепті «йинд» формасын түсіну келесі көшірмешілерге қиын соққан. Басқа сөзбен өзгертуге мәжбүр болған. Мұны алдыңғы көшірмешінің ұқыпсыздығы деп танимыз. А нұсқасының көшірмешісі «йинд+жу» сөзінің өзінің алдындағы нұсқада қалып қойған «йинд» формасын түсінбесе де көшіре салғаны ол сөзді бұрынғы қалпына келтіруге мүмкіндік беріп тұр. Ал Ә, Б нұсқаларының көшірмешілері басқа сөзбен ауыстырған.

Қыпшақ тілдеріндегі фразеологизмдер көшірмешілерге мүлдем түсініксіз болған. Мысалы, 147, 148-бәйіт жолдарындағы «тән тұруы» фразеологизмі қазіргі қолданыста «жан-тәнімен тұрып» деген мағына береді. Оны көшірмешілер оғыз тілінде «таңертең тұрып» деген мағына беретін «таң қопуп» тіркесімен ауыстырып жіберген. Осыдан келіп шайыр дастанының идеялық мазмұны өзгеріске түскен.

215, 216-бәйіт жолдарындағы «сүйкенбе» деген мағынадағы «асылмағу» сөзін көшірмешілер түсінбегендіктен, оған мағыналық қатысы жоқ «инанмағу» (иланбағын) сөзімен ауыстырған. Осылайша қыпшақ тілдеріне тән сөздердің жаппай ауыстырылуы нені көрсетеді? XV ғасырдағы ұйғыр көшірмешілерінің қыпшақ тілі элементтерін жете түсінбейтіндігін аңғартады.

Оғыз сөздерін ығыстырған араб-парсы сөздері. «Ћибат-ул хақайиқ» ескерткішінің тілін дәл анықтауға кедергі келтіріп жүрген тілдік фактілердің бірі - кірме араб, парсы элементтері. Араб және парсы элементтері көшірмешілер тарапынан жәдігердің мәтінінде орын алған. Бұл пікірдің дұрыстығына көз жеткізу үшін ескерткіш нұсқаларынан алынған мына бәйіт жолдарына назар аударалық.

21- бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
eşit emdi kaç **söz** habib fazlındın يشت ندى كاش سوز حابب فازلندن B_4beyt C_4beyt	эшит эмди қач **байт** хабиб фазлытын يشت يمدى قاچ بات حابيب فازلوتون	А. Ешит емти қач **сөз** хабиб фазлитин يشت يمدى قاچ بات حابيب فازلوتون *Есіт енді біраз сөз сүйіктісінен Фазылдың [Алланың]* Ә, Б. Ешит емди қач **бәйт** хабиб фазлитин يشت يمدى قاچ بات حابيب فازلوتون *Есіт енді біраз бәйіт сүйіктісінен Фазылдың [Алланың]*

Дастан авторы Ахмед Йүгінеки пайдаланған **сөз** атауын көшірмешілер араб тілінің **бәйіт** атауына ауыстырған. Бәйіт – екі жолдан тұратын өлең өлшемі. Сөз атауына қарағанда лексикалық мағынасы тар. **Сөз** атауы автордың қолдануында көбіне кең мағынада жұмсалады. Мысалы, шайыр өзінің дастанының алғашқы тарауын «Бірінші сөз – Білімнің пайдасы мен надандықтың зияны туралы» деп атаса, екінші тарауын «Екінші сөз – тілді тыю – әдептілік пен тәртіптіліктің шарты екендігі туралы» деп атайды. Үшінші сөз, төртінші сөз т.б. деп әрі қарай жалғастырады. Мәтіннің өн бойында **сөз** атауы қолдынылған. Мысалы, 470- бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
sözüm munda kalur barur bu özüm سوزوم موندا كالور بارور بو وزوم	**Сөзүм** мунда қалур барур бу умур سوزوم موندا قالور بارور بو ومور	А, Ә, Б. **Сөзүм** мунда қалур барур бу өзүм سوزوم موندا قالور بارور بو وزوم *Сөзім мұнда қалар өлер бұл өзім*

Демек, **сөз** атауын арабтың **бәйіт** атауымен ауыстырудың негізі жоқ. **А** нұсқасын хатқа түсіруші шайырдың төл шығармасына көп өзгеріс енгізбеген. Ахмед Йүгінеки 21-бәйіт жолында *сөз* атауы арқылы дастанның бір шағын бөлігін меңзесе, 470- бәйіт жолында дастанның тұтас өзін меңзейді. Қолданылу мүмкіншілігі көп атауды қолданылу мүмкіншілігі жоқ атаумен ауыстырғанын көшірмешілер назардан тыс қалдырған. 27, 28-бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
anıng **özdisindin** tatır bu tilim انىنگ وزدىلسن تاتىر بو تىلىم A_1 ögdüsin-tin B_{10} medh-I (ar. medhı) birl-e (ar. birle) C_{10} medhı birle anıng **medhı bolsa** şeker şehd anga A_2 medh- bolz-a B_{11} yatı birl-e (ar. yadı birle) C_{11} yadı birle	Аның **мадхы**бирлә татыр бу тилим Аның йады **бирлә** шакар шахд аңа انون مادحوبىرلا تاتور بو تىلىم ايادو بىرلا شاكار شاهد انا	А. Аның **өгдүсинтин** татыр бул тилим Аның **мадхи болса** шакар шаһд аңа انون مادحوبىرلا تاتور بو تىلىم ايادو بىرلا شاكار شاهد انا *Оның мақтауын татыр бұл тілім* *Оның мақтауы болса шекер бал оған* Ә, Б. Аның **мадхи бирла** татыр бул тилим Аның **йады бирла** шаһар шаһд аңа *Оның мақтауымен татыр бұл тілім* *Оның жадыменен шекер бал оған*

Жоғарыдағы бәйіт жолдарына зер сала қарасақ, үш нұсқадан автордың мынадай ойын түйіндеуге болады: «Оны (Мұхаммед салла аллаһу алайһи уа с-саламды) мадақтағанда тілімнің дәмі кіреді, оны еске алғанда шекер мен бал жегендей боламын». Осы ойды **Ә, Б** нұсқалары жеткізіп тұр. Бірақ бұл екі нұсқада **А** нұсқасындағы «өгдүсинтин» (мақтауынан) деген оғыз тілдерінде жиі айтылатын сөз арабтың «мадхы» (мақтауымен) деген сөзімен ауыстырылған. Көшірмеші қарлұқ-ұйғыр тілдерінің өкілі болғандықтан өздерінде көбірек қолданылатын арабтың сөзімен өзгертсе керек. Сөйтіп, оғыз-қыпшақ тіліндегі бәйіттер араб сөздерімен алмастырылған. Ал, **А** нұсқасына келсек, 28- бәйіт жолында **Ә, Б** нұсқаларындағы «йады бирла» тіркесі «мадхы болса» тіркесімен ауыстырылған. Осыдан келіп, өлеңнің мазмұны өзгеріске түскен. 27-бәйіт жолы да, 28-бәйіт жолында да «мадақтау» ұғымы қосылғандықтан, «еске алу» ұғымын ығыстырып жіберген. Түсініктілеу айтқанда, «өгдүсинтин» де мақтауымен, «мадхы болса» да мақтауымен болып шыққан. Шындығында, әдепкі нұсқасында үш нұсқада да көрініс тапқанындай араб сөзі болмаған. Ол сөзді **А, Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілерінен бұрынғы әлдебір көшірмеші қосып жіберген сияқты. Біздіңше, 27, 28-бәйіт жолдарын былайша қалпына келтіруге болады:

Аның **өгдүсинтин** татыр бул тилим
Аның **йады бирла** шаһар шаһд аңа
Оның мақтағанда тілімнің дәмі кіреді
Оны еске алғанда шекер мен бал жегендей боламын.

Сонымен, **А, Ә, Б** нұсқаларының 27, 28-бәйіт жолдары оғыздық *өгдү* (мақтау) сөзін араб сөзімен ауыстырғанда, өз мазмұнын жеткізе алмай, авторлық қолданыстан ауытқыған.

166 - бәйіт жолында:

Арат	Махмудов	Сағындықұлы
köni tiyü bilsün **kişiler** sini كونى تيو بلسون كشلر سنى B_1halayık (ar. halayık) C_1 halayık	Көни тэйү билсүн **халайик** сэни كونى تيو بلسون حالاك سنى	А. Көни тейү билсүн **кишиләр** сәни كونى تيو بلسون كشلر سنى *Шыншыл деп білсін кісілер сені* Ә, Б. Көни тейү билсүн **халайық** сәни كونى تيو بلسون حالاك سنى *Шыншыл деп білсін халайық сені*

Ахмед Йүгінеки дастанында жалпытүркілік «кишилар» сөзін қолданып, өсиетін тыңдағысы келетін адамдарға мына жайды ескертіп отыр: «Өзіңді танитын, өзіңді білетін кісілер сені адал, шыншыл деп танысын». Бұл сөзді көшірмешілер арабтың «халайық» (халық) сөзімен алмастырған. Халық арасында ерекше дарынды кісілер ғана белгілі бола алады. Мұндай мүмкіндік

екінің бірінде жоқ. Автор болса, «адал бол, шыншыл бол» деп жалпы халыққа арнап отыр. Ешқандай қажеттілік болмаса да, өз орнында тұрған сөзді араб сөзімен ауыстыру осылайша теріс нәтиже әкелген.

218-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
velikin içinde **tümen** na-hoşı ولیکین ىچىندى تومن ناحوشى B_{10} hezar C_{10} hezar	Валэкин ичиндә **хазар** нахушы ولیکین ىچىندى حازار ناحوشى	А. Ва ликин ичинда **түмән** нахошы ولیکین ىچىندى تومن ناحوشى *Алайда ішінде он мың сүйкімсізі* Ә, Б. Ва ликин ичинда **hазар** нахошы ولیکین ىچىندى حازار ناحوشى *Алайда ішінде мың сүйкімсізі*

Мұндағы түркі-моңғол тілдеріне ортақ «түмән» сөзі «он мың» деген мағына берсе, оны алмастырған парсының «hазар» сөзі «мың» деген мағына береді. Яғни он мыңды «өте көп» деп түсінсек, мыңды «көп» деп түсінуге болады. «Өте көп» деген ұғымдағы сөзді «көп» деген ұғымдағы сөзбен ауыстырғанда мағынаға әсер етіп тұрған жоқ. Қайта дастанның көркемдігіне едәуір нұқсан келіп тұр. Көшірмешілердің араб, парсы сөздерін орынсыз енгізгендігіне бұл бәйіт те мысал бола алады.

257- бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bu **budun** talusı akı er turur بو بودون تالوسى اكى ىر تورور A_5 tuny-a B_9 butun (satır altında ar. harfl. halayık) C_8 budun (satır altında halk)	Бу **бузун** толусы ахы эр турур بو بوزون تالوسى اكى ىر تورور	А. Бу **дүнийа** талусы ахы ер турур بو دونيا تالوسى اكى ىر تورور *Бұл дүниенің таңдаулысы жомарт ер турур* Ә, Б. Бу **будун** толусы ахы ер турур بو بوزون تالوسى اكى ىر تورور *Бұл халайық таңдаулысы жомарт ер тұрар*

Тарихи ескерткіштерде «будун» - «қарапайым халық» ұғымында болса, «дунийа» - «жалпы әлем», «жарық дүние» ұғымында. Яғни тар мағыналы сөз кең мағыналы сөзбен алмастырылған. Түркі тілінің деректі мағыналы сөзін арабтың дерексіз мағыналы сөзімен ауыстырғаны түсініксіз. Қалай дегенмен, араб, парсы тілдерінің элементтерінің қосылуы көп. Бұл жерде де өз орнында тұрған сөзді өзгертіп жатуға еш қажеттілік жоқ. Сөз арасында айта

кетуге тура келетін бір жайт «таңдаулы» мағынасын беретін «талу-толу» лексемасы **а~ о** сәйкестігі арқылы бір-бірінен ажыратылады. **а** дауыстысы оғыз, қыпшақ, тілдеріне тән белгі болса, **у**, **о**, **ы** қарлұқ-ұйғыр тілдеріне тән белгі. Осы сәйкестіктің ескерткіште **а** сыңарының басымдығы да оғыз-қыпшақ тілінің көрсеткіші ретінде есептелінеді.

106-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bilig **tatgın** ay dost biliglig bilür بىلىگ تاتگىن او دوست بىلىگلىك بىاور A_1kadr-i-ni	Билик **татғың** эй дост биликлик билүр بىلىگ تاتگىن او دوست بىلىگلىك بىاور	А. Билиг **қадырыны** һәм биліглиг бүлүр بىلىگ تاتگىن او دوست بىلىگلىك بىاور *Білім қадірін һәм білімді білер* Ә, Б. Билиг **татғын** ай дост биліглиг бүлүр بىلىگ تاتگىن او دوست بىلىگلىك بىاور *Білімнің тәтті дәмін, ей дос, білімді білер*

Ахмед Йүгінеки дастанының өн бойында «ей, дос» қаратпа сөзі біршама кездеседі. Осы қаратпа сөздің өзі-ақ **Ә** және **Б** нұсқаларының 106-бәйіт жолы авторлық нұсқа екендігін байқатып тұр. **А** нұсқасында бұл қаратпа сөз «һәм» шылауымен сәтсіз ауыстырылған. Сондай-ақ **Ә, Б** нұсқаларындағы «Білімнің тәтті дәмін білімді біледі» деген философиялық ойды **А** нұсқасының көшірмешісі «Білімнің қадірін білімді біледі» деп өзгертіп жіберген. Білімнің қадірін білімді адамдар ғана емес, білімсіз адамдар да біледі. «Білімнің тәтті дәмін тек білімділер ғана біледі». Автордың айтқалы отырған негізгі тұжырымы осы. Көшірмешілердің «тәтті дәм» деген мағына беретін «татық» сөзін арабтың «қадір» сөзімен алмастырулары болған.

483-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
sanga hedye kıldım bu tangsuk **sözüm** سانگا حدىيى كىلدىم بو تانگسوك سوزوم B_{10}kidab (ar. kitab)	Сәңә адйа қылдым бу таңсуқ **китаб** سنى ادىا قولدوم بو تانسوق كىتاب	А, Б. Сәңа һадийа қылдым бу таңсуқ **сөзүм** سانگا حدىيى كىلدىم بو تانگسوك سوزوم *Саған тарту қылдым бұл таңғажайып сөзімді* Ә. Сәңа һадийа қылдым бу таңсуқ **китаб** سنى ادىا قولدوم بو تانسوق كىتاب *Саған тарту қылдым бұл таңғажайып кітапты*

А және **Б** нұсқаларының 465-бәйіт жолында ұшырасатын «сөз» атауын **Ә** нұсқасының көшірмешісі «кітап» атауымен алмастырған. Екі нұсқаның бірыңғай болғаны өз алдына автор аталған шығармасында көбінесе «сөз»

атауын пайдаланған. Әрине, бұл **Ә** нұсқасы көшірмешісінен кеткен қателік. Өлең ұқсастығына орай тәуелдік жалғауы жалғанбағандығы себепті автор «әйтеуір бір таңғажайып кітапты тартуға тартқан» сияқты боп көрінеді. Түпнұсқаға өзгеріс енгізбеу үшін автор сөзіне тиіспеу қажет деп ойлаймыз. Осы қатаң талапты орта ғасыр көшірмешілері ескермеген.

Біз түркі сөздерін ығыстырған барлық араб, парсы сөздерін талдап шығуды мақсат еткен жоқпыз. Не себепті ауыстырылғанын анықтауды ғана мақсат еттік. Ең алдымен, көшірмешілер Ахмед Йүгінекидің аса терең мағыналы сөздерін өз дәрежесінде түсінбеген. Кейбір түркі сөздерінің мағынасын түсінбегендіктен, сол сөзге жуықтау келетін араб-парсы сөздерімен алмастырған. Екіншіден, көнере бастаған сөздерді, лайықты балама бола алмаса да, араб, парсы сөздерімен өзгерткен. Бір көшірмешінің қолтаңбасын екінші көшірмешінің ажырата алмай, қателесетіні тағы бар. Қысқасы, түркі сөздерін ығыстырған араб және парсы сөздерінің бірде-біреуі автордың ойын жеткізе алмаған. Тіпті көшірмешілер Ахмед Йүгінеки қолданған араб сөздерін өзге араб сөздерімен алмастырып отырған. Толық үзінді келтіргенді мақұл көрдік: «304- бәйіт жолында – **А, Ә захмат** – **Б хаслат**. **Б** нұсқасындағы «зиян» деген мағына беретін «хаслат» сөзі **А** және **Ә** нұсқаларындағы «зақым» деген мағына беретін арабтың екінші бір сөзі «захматпен» ауыстырылған. Себебі белгісіз. Сірә, 301- бәйіт жолындағы «хаслат» пен 304-бәйіт жолындағы «хаслат» бірдей болып жазылып кеткендіктен **А, Ә** нұсқасының көшірмешілері «захмат» деп өзгертсе керек. «хаслат» атауындағы **х** әрпінің үстінде араб графикасында бір ноқат бар, ал «хаслат» атауындағы соған ұқсас **х** әрпінің үстінде ноқат жоқ. **А, Ә** нұсқаларының көшірмешілері пайдаланған қолжазбада бұл екі сөздің екеуінде де ноқат қойылып кетуі мүмкін. «Хаслат» пен «хаслат» бірдей болып кеткендіктен жаңа сөзбен ауыстыруға тура келген деп болжамдауға болады. Енді өңделген бәйіттерді толық келтірелік.

301-304 бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
harislik songı ğam ökünç **hasret** ol حارسلك سونگی گام وكونچ حاسرت ول C_{11}ökünç (satır altında pişmani)	Харислық-ма эрга йавуз **хислат** ол, حارسلوق ما برگا ياووز حسلات ول Харислық соңы ғам өкүнүч **хасрат** ол. حارسلك سونگی گام وكونچ حاسرت ول Бу байлық чығайлық изи **қисматы**, بو بايلوق چوغايلوق نزی قسماتو Харислық тэг эргэ қуруғ **захмат** ол حارسلوق تنگ برگا قوروغ زاحمات ول	Харислық ма ерга йавуз **хаслат** ол حارسلوق ما برگا ياووز حسلات ول *Ашкөздік те ерге жауыз қасиет ол* Харислық соңы ғам өкүнүч **хасрат** ол حارسلك سونگی گام وكونچ حاسرت ول *Ашкөздік соңы қайғы өкініш қасірет ол* Бу байлық чығайлық иди **қисматы** بو بايلوق چوغايلوق نزی قسماتو

		Бұл байлық кедейлік ие ырқында Харислық тег ерга қуруғ **хаслат** ол حارسلوق تنگ برگا قوروغ زاحمات ول *Ашкөздік тек ерге басқа зиян ол*

Бірінші, екінші және үшінші бәйіт толық ұйқасып тұр. Соңғыны «захмат» деп алмастырудың еш қажеттілігі жоқ» [54, 122-123]. Араб жазуының қиындығы осында: бір ноқатттың қойылу-қойылмауының өзі қателікке әкеліп соғады. **А, Ә** нұсқаларында автор дұрыс қолданған араб сөзін көшірмешілер екінші бір араб сөзімен ауыстырып жібергендіктен өленнің ұйқасына да, мазмұнына да елеулі нұқсан келген.

«Текстологиялық және лингвотекстологиялық зерттеулер үшін қолжазбалардың көп болғаны жақсы. Өйткені көп жағдайда көшірмешілердің бірі қате жіберген жерде екіншісі қате жібермейді. Бірі өндеген жолдарды бірі өңдемейді.бірінде қалып кеткен жолдар екіншісінде бар болып шығады» [86, 1274].

Түркі сөздерін алмастырған түркі сөздері. Бір қарағанда ескерткіш нұсқаларындағы автор қолданған түркі сөздерін өзге түркі сөздерімен алмастырудың еш қажеттігі жоқ сияқты. Кез келген көшірмеші техникалық қызметші болғандықтан, автордың сөзіне өзгеріс енгізбегені жөн болар еді. Олай болса, ескерткіш нұсқаларында түркі сөздері түркі сөздерімен не себепті алмастырылған деген сұрақ туындайды. Әр түзетпеге жеке-жеке тоқталып, оларды жан-жақты талдауға түсірелік.

34-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
‘ali törtilençi ol ersig tonga الی تورتلنچی ول برسگ تونگا B$_7$erigsig (ar. irig-sig) C$_7$er-sig	Али төртиланч ол **эриксик** тоңа الی تورتلانچ ول یریکسیك تونا	А. Али төртүланчи ол **еригсиг** тоңа الی تورتلنچی ول برسگ تونگا *Әли төртіншісі ол Ерікті иемнің батыры* Ә, Б. Али төртүланчи ол **ерсиг** тоңа الی تورتلانچ ول یریکسیك تونا *Әли төртіншісі ол теңдесі жоқ батыр*

Бәйітте діни-танымдық мән болғандықтан, түркітанушы ғалым Б. Сағындықұлының пікірін толық келтірелік: «Бұл бәйітте айырма **еригсиг~ ерсиг** сөздерінде. «Еригсиг» Алла тағаланың әр нәрсеге еріктілігі жөнінде ұғым береді. Ал «ерсиг» «теңдесі жоқ» деген мағынада. Осының алдындағы бәйіттерде Мұхаммед пайғамбардың достары Әбубәкірдің

шыншылдығы, Омардың қара қылды қақ жаратын әділдігі, Оспанның пайғамбардың екі қызын алып, екі нұрға ие болғандығы әңгімеленеді. **А** нұсқасындағы бұл бәйітте Алла тағаланың өзі ерекше жаратқан батыры Әли жөнінде сөз болады. «Еригсиг тоңа» тіркесін алмастырған «ерсиг тоңа» тіркесі «теңдесі жоқ қайтпайтын батыр» мағынасында ұғынылады. Мұндай батырлар тарихта көп. Бұл теңеуді қолданғанда Әли пайғамбардың өзге достары сияқты ерекшеленбей қалады. Сондықтан А нұсқасындағы вариантты дұрыс деп есептейміз» [54, 25-26].

Профессор Б. Сағындықұлының пікірі бойынша, діни әдебиеттерде Хазірет Ғалидің қосымша аты – Әли шер. Яғни «Алла тағаланың арыстаны» деген сөз. Біздің пікірімізше, Ахмед Йүгінеки осы ұғымды өзінше түркі тіліне «Ерікті иемнің батыры» деп аударған сияқты. Өйткені Әли де, Ерікті ие де – Алла тағаланың есімдері. Ә, Б нұсқаларының көшірмешілері бұл ұғымнан мүлдем хабарсыз болғандықтан, аз да болса, түсінуге болатын «ерсиг» (теңдесі жоқ, ердің ері) анықтауышымен ауыстырған. «Еригсиг» сөзінің түбірі – «ериг», -**сиг** тәндікті білдіретін көне жұрнақ. Сонда «еригсиг» тоңа – «Ерікті иемнің батыры – «Алла тағаланың арыстаны». Осы теңеу арқылы пайғамбарымыздың төрт досының қосымша, қосалқы есімдері түгелденеді.

44-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
okığlı kişining **sevinsün** canı وكىگلى كسىنگ سيوىنسونكانى A_2sevinz-ün B_6sevünsün C_1yarusun	Оқуғлы кишиниң **сэвүнсүн** жаны وقوغلو كشىنىن سيوونسون جانو	А, Ә. Оқуғлы кишниң **сәвинсүн** жаны وقوغلو كشىنىن سيوونسون جانو *Оқыған кісінің сүйінсін жаны* Б. Оқуған кишиниң **йарусын** жаны وقوغلو كشىنىن ىاروسون جانو*Оқыған кісінің жарық болсын жаны*

Бәйіт жолдарындағыдай, бірі «оқыған кісінің сүйінсін жаны», екіншісі «оқыған кісінің жарық болсын жаны» болып аударылады. Мұндағы «сүйсінсін жаны» – жалпыхалықтық ұғым, «жарық болсын жаны» – сенім-нанымдық ұғым. Оның ішінде тәңірлік түсінік бойынша, «жарық» қасиетті атау. Ахмед Йүгінеки ислам дінін үгіттеп отырып, шаман дінінің түсінігін енгізуі мүмкін емес. «Йарусын» сөз формасын ұйғыр көшірмешілері енгізген деп пайымдаймыз. «Оқыған кісінің сүйсінсін жаны» – таза қыпшақтық лебіз.

63-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
yime mecd mürüvvet fütüvvet ugan وىمى ميكد موروىت فوتوّىت وگان	**Йана** мажд мурувват, футувват уған وىمى ميكد موروىت فوتوّىت وگان	А. **Йәма** мажд мурувват футувват уған وىمى ميكد موروىت فوتوّىت وغان

B_4 yana C_4 yana		*Және ұлылық кеңпейілділік адамгершілік. Құдай* Ә, Б. **Йана** мажд мурувват футувват уған وىمى ميكد موروونت فوتووّنت وغان *Және ұлылық кеңпейілділік адамгершілік. Құдай*

А, Ә нұсқаларының көшірмешілері – ұйғырлар. **Б** нұсқасының көшірмешісі белгісіз. Сірә, қыпшақтан шыққан көшірмеші араласқан болу керек. Таза, оғыздық «йәма» сөзформасын «йана» қыпшақтық сөзформасына ауыстырып жіберген. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің мәтінінің өн бойында – «йәма». «Йәна» бір-ақ мәрте кездеседі. Мұның өзі де оғыз тіліне бейімделген. Оғыздармен аралас тұрған қыпшақтар **ж** ұяңының орнына **й** сонорын пайдаланған.

83-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bilig birle **bulnur** sa'adet yolı بيلىگ برلى بولنور سااديت ولى B_4 bilnür (ar. bilnür) C_3 bilinür	Билик бирлә **билнүр** саъадат йолы بىلىك برلا بىلنور سعدات ولو	А. Билиг бирла **булнур** сa᾽адат йолы بىلىك برلا بىلنور سعدات ولو *Біліммен табылар бақыт жолы* Ә, Б. Билиг бирла **билнур** сa᾽адат йолы بيلىگ برلى بولنور سااديت ولى *Біліммен білінер бақыт жолы*

А нұсқасындағы «булнур» (табылар) сөзформасы **Ә, Б** нұсқаларында «билинур» (білінер) сөзформасымен өзгертілген. Барлық дауыссыз дыбыстары бірдей. Айырмашылық тек **у** және **и** дауыстыларында ғана. Араб әліпбиімен жазғанда екпін түспеген дауыстылар хат жүзінде белгіленбейді. Осы себепті көшірмешілер **у** дауыстысын **и** дауыстысы деп қабылдауы мүмкін. Бір ғана дауыстының басқа өң алуы көрсетілген бәйіттің мағынасын елеулі өзгеріске әкелген. **А** нұсқасы «бақыт жолы біліммен табылар» десе, **Ә, Б** нұсқалары «Бақыт жолы біліммен білінер» дейді. «Білім жолы білімменен білінгеннен» не пайда, қажетіңе жарамаса. Бақыт жолына ізденіп, еңбектенген адам ғана жете алады. Көшірмеші мәтіннің мағынасына мән бермегендіктен кеткен қате деп танимыз. Ахмед Йүгінеки келесі 18-бәйітте өз ойын нығырлай түседі: «Билиг бил сa᾽адат йолыны була» (Білік біл, бақыт жолын тап), - дейді. Көшірмеші бұған да назар аудармаған. Айналып келгенде, мұнда да автор ойы бұрмаланып тұр.

74-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
anıng yadı birle ajun **tolsu** tip اننگ یودی بىرلی اجون تولسو تىپ	Аның зикри таңсуқ эзиз **қалсу** тэб انون زیکری تانسوق نزنز قالسو تیب	А. Аның зикри таңсуқ hадиз **қалсу** деп انون زىکری تانسوق هادىز قالسو دىپ *Оның жады таңсық биік қалсын деп* Ә, Б.Аның зикри таңсуқ hадиз **болсу** деп انون زىکری تانسوق هادىز بولسو دیپ *Оның зікірі таңсық биік болсын депбиік болсын деп*

Ә, Б нұсқаларындағы «болсун» етістігі А нұсқасында «қалсу» етістігімен ауыстырылған. Қайсы нұсқа дұрыс? **А** нұсқасы бойынша бұл бәйіт «Оны еске алғанда бейнесі таң қалғандай биік қалсын» деген мағына береді. Ал **Ә, Б** нұсқаларында «Оны еске алғанда бейнесі таң қалғандай биік болсын» деген мағына береді. **А** нұсқасында бір-бірімен үйлеспейтін сөздер үйлестірілген: «биік қалсын». Дұрысы – «биік болсын». Көшірмеші тіл заңдылығына қайшы тіркеспейтін сөздерді тіркестірген. 70-бәйіт жолында: «Чықардым ажунда аты қалсу деп» (Шығардым дүниеде аты қалсын деп), – делінген. Осындағы «қалсу» етістігі көшірмешінің есінде қалып қойған да, «болсу» деген етістіктің орнына жазып жіберген. «Болсу» етістігінің өз орнында тұрғандығын 76-бәйіт жолы да дәлелдейді. **А, Ә, Б** нұсқаларында: «Аның жады бирла ажун толсу деп» (Оның жады менен дүние толсын деп). «Болсу» етістігі мен «толсу» етістігі өлең соңында бір-бірімен ұйқасып тұр. **А** нұсқасының көшірмешісі осылайша қате жіберген.

108-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
biligni biligsiz **otun** ne kılur بیلیگنی بیلیگسیز وتون نی کىلور A_8 odun B_9 adın (?, satır altında ar. harfl. adın; ar. adın) C_7 adın (satır altında özge)	Биликни биликсиз **узун** не қылур بىلىکنی بىلىکسز وزون نی قولور	А. Билигни билигсиз **отун** не қылур بیلیگنی بیلیگسیز وتون نی کىلور *Білімді білімсіз мәңгүрт не қылар* Ә, Б. Билигни билигсиз **адын** не қылур بىلىگنی بىلىکسز ادون نی قولور *Білімді білімсіз біреу не қылар*

Профессор Б. Сағындықұлы нұсқаларда өзгеріске түскен сөздердің қайсысы автордікі – XII ғасыр шайыры Ахмед Йүгінекидікі екендігіне баса назар аударған. Біз өзгеріске түскен сөздердің не себепті, неліктен, қандай

жағдайда көшірмешілер тарапынан өзгертілгеніне ерекше көңіл аударып отырмыз. Ғалым текстолог ретінде «отун» сөзформасының «адын» сөзформасына ауыстырылуының себебін де түсіндіре кетіпті. Пікірін толық келтірелік: Бәйітке өзгеріс енгізіп отырған «отун» сөзі «азғын, ұятсыз, бетімен кеткен, дөрекі, ең төмен, мәңгүрт» сияқты жағымсыз мағыналарды берсе, «адын» өзге біреу деген ұғымда түсініледі. Сонда **А** нұсқасы: «Білімді білімсіз мәңгүрт не қылар» болып аударылса, **Ә, Б** нұсқалары: «Білімді білімсіз біреу не қылар» болып аударылады. Білімсіздің жексұрындығын көрсету үшін, сөгу үшін де әдейі «отун» сөзі таңдалып алынған. Ал білімсіз біреу десек екінің бірі болып шығады. Көшірмешілер «отун» деген сөзді түсініңкіремей, яғни ажырата алмай тұлғасы жақындау «адын» сөзімен алмастырып жіберген сияқты [54, 128].

Этимологияның тіл білімін ілгері ғылым ретінде танытатын базалық пән болуы қажет екенін атап көрсеткен О. Сүлейменов былай дейді: «Келешек тіл білімінің негізгі нәтижелерінің бірі – әрбір сөз белгілі бір жүйенің – морфологиялық, семантикалық немесе фонетикалық жүйенің де туындысы: әрбір сөз – бұл туыстас сөздер семьясының мүшесі» [87, 8].

Профессор Б. Сағындықұлының түсіндіруі бойынша «отун» атауының түбірі – **от.** Орыс тілінде «огонь» деген мағынада. Кез келген адам ұялғанда бетінің оты шығады. Осы жағдай «ұйат» сөзіне негіз болған. «Ұйатай құрамында бір дауысты мен бір дауыссызы бар екі бөліктен (түбіртектен) тұрады. Тарихи даму барысында **т** дауыссызы сына **й** сонорына өз орнын бергендіктен, «ұй+ат» сөзі жасалған. **т** дауыссызы **Б** нұсқасы көшірілген XV ғасырға дейін сөз түбірінде сақталған. 261-бәйіт жолында: «бахил накас утсыз тавар пасбаны» (Сараң нағыз ұятсыз мал күзетшісі). Мұнда **ут+сыз** «ұятсыз» деген мағына беріп тұр. Бұл да – көне қыпшақ сөзі. Өткен тараушада қыпшақ сөздерінің қалай ығыстырылғанын айтып өткен едік.

113-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
biliglig kişi kör bilür iş **ödin** بيليگلگ كشى كور بلور ش ودون A_5 onggın B_3 usın (? ar. uzın) C_1 uzın (?)	Билиглик киши көр билүр иш **өзин** بيليگليك كشى كور بلور يش وزون	А. Билиглиг киши көр билүр иш **өңгин** بلىگلىگ كيشى كور بلور يش ونگن *Білімді кісі көр білер істің өң жағын* Ә, Б. Билиглиг киши көр билүр иш **өзин** بلىگلىگ كيشى كور بلور يش وزىن *Білімді кісі көр білер іс мәнін*

Ә және **Б** нұсқаларындағы «өзин» сөзформасы А нұсқасында «өңгин» сөзформасымен ауыстырылған. «Өзин» сөзформасы «Білімді адамның істің жөн-жосығын, ішкі мәнін, өзегін білетіндігін мегзеп тұрса, «өңгин»

сөзформасы істің өң жағын ғана білетіндігін аңғартады. Көшірмешілер тарапынан автордың ұғым-түсінігіне нұсқан келген. Қыпшақтың «өз» атауын түсінбегендігі байқалып тұр. «Өзин» сөзформасы өзінен бұрынғы, өзінен кейінгі бәйіттермен өлең ұйқасымын түзсе, ал «өңгин» сөзформасы өлең ұйқасынан қашық тұр. Көшірмеші өлең ұйқасына да, мән-мағынасына да, ұғым-түсінігіне де мән бермеген.

130-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
edebler başı til küdezmek **tiyür** ادبلر باشی تل كودزمك تيور A_8teyür B_8turur C_8turur	Адаблар башы тил күзәзмәк **турур** ادابلار باشو تل كوزاماك توروր	А. Адаблар башы тил күдәзмәк **тейүр** ادبلر باشی تل كودزمك تيور *Әдептілік басы тіл күзетпек дейді* Ә, Б. Адаблар башы тил күдәзмәк **турур** ادابلار باشو تل كوزاماك توروր *Әдептілік басы тіл күзетпек тұрар*

Бұл бәйітте **А** нұсқасындағы «тейүр» (дер, дейді) сөзформасы **Ә**, **Б** нұсқаларында «турур» сөзформасымен ауыстырылған. Автор «Әдептіліктің басы – тіл күзету» екендігін өзі айтып отырған жоқ. «Тейүр» (дер) сөзформасы арқылы көне заманнан бері айтылып келе жатқан ежелгі сөз екендігін білдіріп отыр. **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері, шайыр Ахмед Йүгінеки айтқандай, «турур» (тұрар) деп көрсетеді. Сөз әдебі бұзылып, өлең ұйқасына да өзгеріс жасалған. «Тейүр» өзге бәйіт жолдарымен әдемі ұйқас түзген. Мұндай өзгеріс жасауға ешқандай қажеттілік те, мұқтаждық та жоқ.

134-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
öküş yangsağan til **unulmaz** yağı وكوش يانگساگان تل ونولماز ياگی B_1ay almaz (ar. ay almas) C_1ay (e-?; satır altında i'ti-bar) almas	өкүш йаңшаған тил ай алмас йағы وكوش يانگساگان تل ونولماز ياغو	А. Өкүш йаңшаған тил **унулмас** йағы وكوش يانگساگان تل ونولماز ياغو *Көп жаңылған тіл бітіспес жау* Ә, Б. Өкүш йаңшаған тил **ей алмас** йағы وكوش يانگساگان تل ونولماز ياغو *Көп жаңылған тіл, ей алынбайтын жау*

А нұсқасындағы «унулмас» сөзформасы **Ә, Б** нұсқаларында «ей алмас» тіркесіне ауыстырылған. Бұл тіркестегі «ей» қыстырма сөзі бәйіт үшін

ешқандай да қызмет атқарып тұрған жоқ. Буын саны жетпегендіктен қосақталған. Өйткені «алмас» сөзформасынан «унулмас» сөзформасының буын саны артық. Енді бір-бірімен алмастырылған сөздердің ұғым-түсінігіне назар аударалық. «Унулмас» етістігінің түбірі – «уна». «Унулмас» осы түбірден жасалған ырықсыз етіс. **Уна**– *соглашаться* [88, 612]. Яғни «унулмас йағы» – «келісімге келмейтін, бітіспейтін жау» ұғымын береді. Ал «алмас йағы» – «алынбайтын жау» деген мағынада. Бір сөздің орнына екі сөз жұмсалғандықтан дастанның көркемдігіне нұқсан келіп тұр. «Алынбайтын» әскерге, ұрыс, соғысқа байланысты қолданылатын нақты мағынасы басым сөз. «Келісімге келмейтін», керісінше, деректілігінен дерексіздігі басым, көбіне ауыспалы мағынада жұмсалатын ұғым-түсінік. Сірә, **А** нұсқасындағы етістіктің көнере бастауы көшірмешілерге белгілі болғандықтан, оны мағынасы жуықтау келетін жалпыхалықтық сөзбен ауыстырған.

176-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
serermü işingde munı ked sakın سيريرمو ىشنگدى مونى كيد ساكىن B_{11} sever-müü (ar. (serer-mü) C_{11} singermü	**Сэрүрмү** эшин-дә муны кэз сақын سرورمو يشن دا مونو كيز ساقون	А, Ә. **Серар** му ешиңда муны кәт сақын سيريرمو ىشنگدى مونى كيد ساقون *Сақтала ма досыңда мұны қатты ойлан* Б. **Сиңар** му ешиңда муны кәт сақын سنار مو ىشندا كات ساقون *Сәңер ма досыңда мұны қатты ойлан*

Бұл бәйітте **А** және **Ә** нұсқаларындағы «серар» етістігі **Б** нұсқасында «сиңар» етістігіне ауыстырылған. «Серар» сөзформасының түбірі – «сер». Б. Сағындықұлының түсіндіруінше, орыс тіліндегі «тер+петь» етістігімен түбірлес. «Шыдап тұру, шыдас беру» ұғымдарын береді. Осының алдындағы 175-бәйіт жолында: «Саһиң сенда разың сиңип тұрмаса» (Шырақ, сенің өзіңде сырың сіңіп тұрмаса), – делінген. Автор «Өзің шыдас беріп, тоскауыл қоя алмаған сырыңды, қанша шынайы досың болса да, сақтай ала ма, қатты ойлан» деп отыр. Мұнда көшірмешінің көне сөзді түсінбегендігі анық көрініп тұр. Сондықтан Ахмед Йүгінеки қолданған «сиңип» етістігін қайталаған. Шайырдың сөздік қорындағы сөздер осылайша азая берген.

199-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kamuğ tolğan **irlür** tükel eksiyür كاموغ تولگان ىرلور توكل ىكسور B_2 eslür C_2 eslür	Қамуғ толған **эслур** түгәл эксил/й/ур قاموغ تولغان ىسلور توگال ىكسلىور	А. Қамуғ толған **ирлүр** түгәл ексийүр قاموغ تولغان يرلور توگال ىكسلىور *Барлық толған төгіледі түгел кемиді*

		Ә, Б. Қамуғ толған **еслүр** түгәл ексийүр قاموغ تولغان سلور توگال يكسلور *Барлық толған азаяды түгел кемиді*

А нұсқасындағы көне түркі сөзі «ирлүр» қазіргі түсінікте «төгіледі» деген мағына берсе, **Ә, Б** нұсқаларындағы «еслүр» етістігі «азаяды», «кемиді» деген мағыналарды береді. **Ә**, **Б** нұсқаларындағы «ексийүр» етістігі де «азаяды, кемиді» деген мағынада. Яғни «еслүр», «ексийүр» синонимдес сөздер. Сонда «барлық тоған азаяды, түгел де азаяды, кемиді» деп бір ұғымды екі қайталап тұр. А нұсқасында олай емес, «барлық толған төгіледі, түгел кемиді» деп жүйелі ойды білдіреді. Бұдан біз көне, ежелгі сөздердің көшірмешілер өз заманындағы кең қолданыстағы сөздермен алмастырылғанын көреміз. Бірақ бұл өзгерістен де шайыр мұрасына идеялық нұқсан келгенін байқап отырмыз.

250-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
akılık erür bil buhul **körksüzi** اكيليك يرور بل بوهول كوركسوزي C$_1$küzgüsi	Ахылық эрүр бил бухул көрксүзи احولوق ىرور بيل بوحول كوروكسوزي	А, Ә. Ахылық ерүр бил бухул **көрксүзи** احولوق ىرور بيل بوحول كوروكسوزي *Жомарттық болар. Біл сараң көрксізі* Б. Ахылық ерүр бил бухул **көзгиси** اكيليك يرور بل بوهول كوزگسى *Жомарттық болар. Біл сараң* айнасы.

А және **Ә** нұсқаларындағы «көрксүз» сын есімі **Б** нұсқасында «көзги» (айна) зат есімімен ауыстырылған. Қайсысы қате, қайсысы дұрыс? Біріншіден, «көрксүзи» сын есімі осының алдындағы 249-бәйіттегі «айбсузы», кейінгі 252-бәйіттегі «қутсузы» сын есімдерімен үйлесіп, ұйқасып тұр. **Б** нұсқасындағы «көзги» зат есімі өлең ұйқасына үйлеспейді. Екіншіден, мазмұнына назар аударсақ, ой желісі мынадай: «Мінездің жақсысы, әдептің мінсізі жомарттық болар. Біліп қой, сараң көріксізі. Қолдарда бақытты қол – беруші қол. Алып, бермеген қол – қолдың құтсызы». Жүйелі, бәрі өз орнында. Осыны **Б** нұсқасына сүйеніп, «Мінездің жақсысы, әдептің мінсізі жомарттық болар. Біліп қой, сараң айнасы» десек, автор ойына өзгеріс енеді. Көшірмеші «Мінездің жақсысы, әдептің мінсіздігін» сараң айна сияқты көрсете алады деп пайымдаған. Осындай саналы түрде өзгерту жасау фактілері де кездесіп тұрады.

Көзги сөзінің этимологиясына назар аударсақ: «Татарша көзге – айна. Түркі тілдерінде ү, ө дыбыстары алмаса береді. Күзгі сөзінің түбірі күз (көз) болуы ықтимал, мәні бір нәрсені көрсететін зат дегенді білдірсе керек. Сөз соңындағы -гі (-ге) есім тудыратын жұрнаққа ұқсайды» [89, 108].

288-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kalur munda **kidin** seped sandukung كالور موندا كدين سپد ساندوكونگ A_2 kidin (?) B_9 kiseng C_1 kiseng	Қалур бунда **киссәң** сабат сандуғуң قالور بوندا كسّان سابات ساندوغون	А. Қалур мунда **кидин** себет сандуқуң كالور موندا كدين سپد ساندوكونگ *Қалар мұнда кейін себет сандығың* Ә, Б. Қалур мунда **кисәң** себет сандуғуң قالور بوندا كسّان سابات ساندوغون *Қалар мұнда кісең себет сандығың*

А нұсқасындағы «кейін» деген мағына беретін «кидин» сөзі **Ә, Б** нұсқаларында «кисәң» деген сөзформамен өзгертілген. Бұл сөз «кісе» тұлғасында қазіргі тілімізде де ұшырайды. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» **кісе** – *белбеуге шытыра қадап бекіткен былғары қалта.* Ахмед Йүгінеки өз шығармасында «малдан қандай пайда бар, өлгенде кебінмен жалаңаш жерлейді, азық-түлік салатын себетің де, алтын, күміс жинайтын сандығың да бұл дүниеде кейінгілерге қалып кетеді» деп жырлайды. Бұл жерде «кісе» сөзінің қосақталуы еш қисынға келмейді. Сірә, «кидин», «кисәң» сөзформаларының алғашқы буыны сәйкес келуіне қарай көшірмеші жобалап жазған болуы керек. Бұл көшірмеші белгілі бір сөзді түсінбеген жағдайда немесе өзінің алдындағы көшірмешінің қолтаңбасын ажырата алмаған жағдайда өз жанынан сөз қосып жібере беретіндігін көрсетеді.

296-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
uzun sanma **sakınç** öküş kıl ‘amel وزون سانما ساكنچ وكوش كل امل B_7sakış C_5sakınç (satır altında fikr)	Озун санма **сақыш** өкүш қыл амал وزون سانما ساكنچ وكوش قول امل	А, Б. Узын санма **сақынч** өкүш қыл’ амал وزون سانما ساكنچ وكوش كل امل *Ұзақ ойлама уайым көп қыл еңбек* Ә. Узын санма **сақыш** өкүш қыл’ амал وزون سانما ساكوش وكوش كل امل *Ұзақ ойлама есеп көп қыл еңбек*

Осының алдындағы бәйіттерде **Ә**, **Б** нұсқалары үнемі бір-бірімен сәйкес келіп отыратын. Бұл жолы **А**, **Б** нұсқалары бір-бірімен сәйкес келген де, **Ә** нұсқасы өзгеше. Негізінде **А** нұсқасында авторлық қолданыс көп сақталған. Бәйіттерге назар аударсақ, шайыр «амал-айла ойлауға көп салынба, уайым-қайғысы көп болады, одан да аянбай еңбек ет» деп үгіттейді. **Ә** нұсқасының көшірмешісі «сақынч» (уайым-қайғы) деген зат есімді «сақыш» (есеп) зат есімімен ауыстырған. «Көне түркі сөздігінде» бұл сөзге «счет, число; счисление» деген анықтама берілген. Өзгеріс енген нұсқа бойынша аударма жасасақ: «амал-айла ойлауға көп салынба, есеп-қисабы көп болады, одан да еңбек ет» деп ақыл айтады. Ахмед Йүгінеки «уайым-қайғысы көп болады» деп жұмсартады. Автор осының алдындағы бәйіттерде «амал-айланы көп ойлай берсең арасында жасырынған ажал бар» екендігін де ескертеді. Олай болса, көшірмешілер шығарма мазмұнына мән бермеген. Жәдігерліктерде кеткен осындай қателіктерді түзетпейінше, олардың тіліне, көркемдік ерекшелігіне дұрыс баға бере алмаймыз.

322-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kerem kimde **erse** anı er tigil كيريم كمدى برسى انى ر تىگل A_1 erz-e B_9 bolz-a C_2 bolsa	Карам кимдә **болса** аны ер тегил	А. Карам кимда **ерса** аны ер тегил كارام كمدا برسا انو ر تىگل *Адамгершілік кімде болса оны ер дегіл* Ә, Б. Карам кимда **болса** аны ер тегил كارام كمدا برسا انو ر تىگل *Адамгершілік кімде болса оны ер дегіл*

Мұнда **А** нұсқасындағы «ерса» көмекші етістігін **Ә**, **Б** нұсқасының көшірмешілері шартты райда тұрған «болса» етістігімен алмастырған. «Ерса» көне түркі әдебиетінде жиі қолданылғанымен, сол **Ә**, **Б** нұсқалары жасалған XV ғасырда-ақ көнере бастағанға ұқсайды. Әйтпесе, оны «болса» сөзформасымен ауыстырудың еш қисыны жоқ. Жалпы алғанда, «ерса» мен «болсаның» мағынасы тең. Көшірмешілер түпнұсқаның сөзбе-сөз толық, дұрыс сақталуын ойламаған, өз заманындағы оқырмандарға неғұрлым түсініктірек болу жағын қарастырған. «Болса» біздің заманымызда да белсенді қолданыста.

332-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
sanga tegse emgek kişidin kötür سانگا تىگسى ىمگك كشىدىن كوتور A_3 sangga	**Сәңә** сандуғуңны мусулманға сан سانا ساندوغوننو موسولمانغا سان	А. **Сеңа** тегса емгак кишидан **көтүр** سنا تىگسا ىمگال كشىدان كوتور *Саған тисе бейнет кісіден көтер*

B_{10} eger C_2 eger		Ә. **Агар** тегса емгак кишидан **көтүр** اگار تىگسا بمگاك كشىدان كوتور *Егер тисе бейнет кісіден көтер* Б. **Агар** тегса емгак кишидан **кечүр** سانگا تىگسى بمگك كشىدىن كوچور *Егер тисе бейнет кісіден көтер*

Бір ғана бәйіт жолында екі бірдей сөз өзгертілген. Алғашқысы **Ә**, **Б** нұсқаларындағы «агар» (егер) шылауы **А** нұсқасында барыс септігіндегі «сен» жіктеу есімдігіне ауыстырылған. Шайыр: «барынша кісіге күш көрсетпе, бейнет келтірме, егер біреуден бейнет, азар келсе, көтеріп ал», -деп кеңес береді. Бұл ретте «егер» шылауын пайдаланбаса, сөйлем түсініксіз болып қалады. **А** нұсқасының көшірмешісі «агар» (егер) сөзінің орнына себепсізден-себепсіз барыс септігіндегі «сен» жіктеу есімдігін жазған.

Екінші, **А**, **Ә** нұсқаларындағы «көтүр» сөзформасы **Б** нұсқасында «кечүр» сөзформасымен алмастырылған. Әлбетте, «көтүр» сөзформасы – авторлық қолданыс. Себебі, осының алдындағы бәйіт жолдарындағы, «йетүр», «бүтүр» сөзформаларымен ұйқасып тұр. Оның үстіне біреуден келген жәбір-жапаны көтеріп алудың өзі ерлік. Аса сабырлы, мінезі көркем адамның ғана қолынан келеді. Басқаша айтқанда, «халық алдында өзіңді жаман көрсетпе» деген сөз. Ал кешіру-кешірмеуді әр адамның өзі біледі. Көшірмеші адамның сыртқы мінез-құлқына, әдебіне байланысты айтылатын сөзді ішкі әлеміне, жан-дүниесіне байланысты айтылатын сөзбен шатастырып алған. Бұл да орынсыз түзетпе.

338-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
‘adavet kökini kazıp sen köçür اداوت كوكنى كازىپ سن كوچور B_6 kes (ar. kes) C_1 kes	Адават көкини қазыб кэс көчүр اداوت كوكنى كازىپ كس كوچور	**А.**’ адауат көкини қазып **сен** кечүр اداوت كوكنى كازىپ سن كوچور *Дұшпандық тамырын қазып сен көшір* **Ә, Б.**’ адауат көкини қазып **кес** көчүр *Дұшпандық тамырын қазып кес көшір* اداوت كوكنى كازىپ كس كوشور

Ә, **Б** нұсқаларындағы «кес» етістігі, **А** нұсқасындағы «сен» жіктеу есімдігімен алмастырылған. «Кес» – қыпшақ тілдерінде белсенді

қолданылатын етістік. Сірә, түсінбегендіктен болар, ұйғыр көшірмеші оны мәтінмен мүлдем қабыспайтын «сен» есімдігімен ауыстырған. Шайыр бұл бәйіттерде «жазықты адамның жазығын кешір, дұшпандық оты тұтана қалса, оны тамырымен қазып, кесіп алып аласта» деп отыр. «Кесіп алып» деген мағына беретін сөзді сызып тастағаннан кейін өлең мазмұнына зияны тиіп, көркемдігін әлсіретіп тұр. Көшірмешілердің қыпшақ сөздерін ауыстырғаны анық байқалады.

354-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kalı **kedseng** atlas unıtma bözüng كالى كدسنگ اتلاس ونتما بوزونگ A_6 keyseng B_7 kiseng (ar. keyseng) C_9 bolsa	Қалы **кэйсәң** атлас үнүтмә бөзүң كالى كدسنگ اتلاس ونتما بوزونگ	А, Ә. *Калы **кейсаң** атлас унутма бөзүң* كالى كدسنگ اتلاس ونتما بوزونگ *Егер кисең атлас ұмытпа бөзің* Б. Калы **болса** атлас унутма бөзүң كالى كدسنگ اتلاس ونتما بوزونگ *Егер болса атлас ұмытпа бөзің*

Ахмед Йүгінеки бұл жерде ұлықтыққа қолы жеткен адам өзін қалай ұстауы керектігі жөнінде ақыл-кеңес береді. Шығармасының кіріспесінде Дат Испахсалар бекті мақтағанда тапқырлықта Аяз биден де озып кетесің деп ардақтайды. Сол Аяз бидің жалшы кезінде киген киімін есігінің алдына іліп қояды екен. Ұмытпайын деп. Жоғарыдағы бәйіт жолында осы оқиғаны ұлықтардың есіне түсіріп отыр. «Егер атлас кисең бір кездегі киген бөзіңді ұмытпа» дейді. **А**, **Ә** нұсқаларындағы «кейсаң» деген етістікті **Б** нұсқасының көшірмешісі «болса» деген етістікпен алмастырған. Сірә, өзінің алдындағы көшірмешінің қолтаңбасын ажырата алмаса керек, әйтпесе, «кейсең» де, «болса» да жалпытүркілік сөз. Бірін-бірі алмастырудың еш қажеттігі жоқ. Оның үстіне сөйлемнің үйлесімі де, логикалық қисыны да бұзылып тұр. «Егер кисең атлас» тіркесі мен «егер болса атлас» тіркесінің арасында мағыналық айырмашылық бар. Шайыр шығармасына көшірмешілер осылайша кейде саналы, кейде бейсаналы түрде нұқсан келтірген.

356-бәйіт жолында:

Арат	Махмудов	Сағындықұлы
uluğka kiçigke sılığ **kıl** sözüng ولوگكا كچگكى سلىكى كىل سوزونگ B_9 tut C_{11} tut	Улуғқа кичиккә сылық **тут** сөзүң ولوگكا كچگكى سلىكى توت سوزونگ	**А**. Улуғқа кичигка сылық **қыл** сөзүң ولوگكا كچگكى سلىكى كىل سوزونگ *Ұлыққа кішікке сыпайы ет сөзің* **Ә**. Улуғқа кичигка сылық **тут** сөзүң ولوگكا كچگكى سلىكى توت

		سوزونگ *Ұлыққа кішікке сыпайы тұт сөзің* **Б**. Улуғқа кичигка сылық **боп** сөзүң ولوگگا كچىگگى سلىكى بوپ سوزونگ *Ұлыққа кішікке сыпайы боп сөзің*

«Сылық» көне түркі тілінде «сыпайы», «көркем», «әдепті», «сынық», «мәдениетті» деген сияқты жағымды мағыналар береді. Бұл сөзге үш нұсқада үш түрлі көмекші сөз тіркескен. Профессор Б. Сағындықұлының айтуы бойынша, «сылық қыл» тіркесі оғыз тілдері ескерткіштерінде көбірек кездеседі. «Өнеге тұтты», «үлгі тұтты» фразеологиялық тіркестеріне қарағанда, көне қыпшақтық белгі. Ал «сылық боп» көне қазақ тілі сияқты. Осылардың арасында «сылық тут» көне түркі әдеби тіл нормасы [54, 133]. **А**, **Ә**, **Б** нұсқаларының көшірмешілері көмекші сөздерді өздері сөйлеген диалектілердің ыңғайына қарай қолданды ма екен, әртүрлі болып шыққан. Бұл да олардың шайырдың төл туындысына деген ұқыпсыздығын, салғырттығын көрсетеді.

374-бәйіт жолында:

Арат	Махмудов	Сағындықұлы
isiz edgü işke yanıt **kiçmez** ol ىسز ىدگو ىشكى ىوانىت كىشمىز ول B$_{10}$bolmaz (ar. bolmas) C$_{10}$bolmaz	Эсиз эзгү ишгә йанут **болмас** ол ىسز ىدگو ىشكى ىوانىت كىشمىز ول	**А**. Есиз ейгү ишка йанут **кичмаз** ол ىسز ىيگو ىشكا ىيانوت كىچماز ول *Жамандық жақсы іске қарымта емес ол* **Ә.** Есиз едгү ишка йанут **болмаз** ол ىسز ىدگو يشكا ىيانوت بولماز ول *Жамандық жақсы іске қарымта болмас ол* **Б**. Есиз едгү ишка йанут **болмаз** ол ىسز ىدگو يشكا ىيانوت بولماز ول *Жамандық жақсы іске қарымта болмас ол*

Бұл бәйіт жолында **А** нұсқасындағы болымсыздық мағына беретін «кичмаз» (өтелмес) есімшесі жалпытүркілік болымсыздық мағына беретін «болмаз» есімшесімен ауыстырылған. Осының алдындағы 373-бәйіт жолында «Еран хайри шарри күсіп кичмаз ол» (Ердің жақсылығы да, жамандығы да текке кетпейді) делінген. Бәйіт жолындағы «күсәп кичмас»

тіркесі «текке кетпес» деген мағына береді. Ал 374-бәйіт жолындағы «йанут кичмас» тіркесі «өтеуі емес, қарымтасы емес» деген мағына береді. Екі бәйіт жолындағы «кичмас» сөзформасы омонимдес сөздер, ұғымдары басқа-басқа. Көшірмешілер бір ұғымды білдіретін сөзформа деп түсініп қалса керек. Ұйқас құрай алмайтын өзге сөзбен алмастырған. Көшірмешілердің кез келген өзгерісіне зер сала қарасақ, осы сияқты сәтсіздіктерді байқаймыз.

376-бәйіт жолында:

Арат	Махмудов	Сағындықұлы
tiken **edlegen** er üzüm biçmez ol تىكن ىدلىگن ىر وزوم بيچمز ول A_2 eylegen B_1 eylegen C_1 tarı-ğan	Тикән **эйләгән** эр үзүм бичмәс ол تىكن ىدلىگن ىر وزوم بيچمز ول	А, Ә. Тикән **ейлаган** йер үзүм бичмаз ол تىكن ىدلىگن ىر وزوم بيچمز ول *Тікен еккен жерден жүзім кеспес ол* ***Б.*** Тикән **тарыған** йер үзүм бичмаз ол تىكن ىدلىگن ىر وزوم بيچمز ول *Тікен сепкен жерден жүзім кеспес ол*

Шайыр «жамандық жасасаң, есесіне жақсылық күтпе» деген ойды «Тікен еккен жерден жүзім кеспейді» деп жеткізеді. **А**, **Ә** нұсқаларындағы «ейлаган» есімшесі **Б** нұсқасында жалпытүркілік «тарыған» есімшесімен ауыстырылған. «Ейла» етістігі көне тілде де, жаңа тілде де қолданыста жүрген оғыз сөзі. «Тары» (сеп) бұрын жалпытүркілік сөз болғанымен, қазір бірқатар тілдерде (мысалы, қазақ тілінде) қолданыстан шығып қалған көне сөз. Бұл фактіден қыпшақ тілдеріндегі сөздер ғана емес, оғыз тілдеріндегі сөздер де ығыстырылғанын байқауға болады.

386-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kanı **kança** bardı kişilik isiz كانى كانچا باردى كشىلىك سىز	Қаны **қанча** барды кишилик эсиз كانى كانچا باردى كشىلىك سىز	**А, Ә**. Қаны **қанча** барды кишилиг есиз كانى كانچا باردى كشىلىك سىز *Қайда? Қаншаға барды кісілік ессіз.* **Б.** Қаны **қанда** барды кишилиг есиз كانى كانچا باردى كشىلىك سىز *Қайда? Қайда барды кісілік ессіз.*

Шайыр бұл өлең жолдарында «Бұл күндері бұл дүниеде әзиз адамгершілік қайда кетті? Адамдардың ессіздігі қанша дәрежеге жетті» деп тебіренеді. Осы тұжырымды жеткізуге қатысқан **А**, **Ә** нұсқаларындағы

«қанча» есімдігін **Б** нұсқасының көшірмешісі «қанда» есімдігімен ауыстырған. Сонда шайырдың айтайын дегені бұлайша бұрмаланады: «Бұл күндері бұл дүниеде әзиз адамгершілік қайда кетті? Адамдардың ессіздігі қай жаққа дейін барды?» Автор адамдардың ессіздігінің қай жаққа кеткенін сұрап отырған жоқ, адамдардың ессіздігінің қаншалықты дәрежеге жеткенін сұрап отыр. Шайырдың айтайын деген ойының мән-мағынасын түсінбегендіктен, көшірмешілер өзгерістерді енгізіп отырған. Біз әр өзгерістің дұрыс, бұрыстығын анықтауға тырыстық. Көшірмешінің қателігі автор сөзімен салыстырғанда айқын байқалып тұрады. 431-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
barur sen bu malıng **yağıngka** kalur بارور سين بو مالىنگ ياگونكا كالور B_8 ar. yağıng-ğa C_9 acun-da	Барурсан бу малың **йағыңға** қалур بارور سين بو مالىنگ ياگونكا كالور	**А, Ә.** Барурсән бул малың **йағыңқа** қалур بارور سين بو مالىنگ ياگونكا كالور *Өлесің бұл малың жауыңа қалады* **Б.** Барурсән бул малың **ажунда** қалур بارور سين بو مالىنگ ياگونكا كالور *Өлесің бұл малың дүниеде қалады*

Ахмед Йүгінеки сараңдарға қарата: «Малға сонша неге сұқтана бересің, өлгеннен соң жинап-терген малың жауларыңа қалады, өкінесің», - деп салмақты ой айтады. **А**, **Ә** нұсқаларының көшірмешілері бұл ойды дұрыс жеткізген. **Б** нұсқасының көшірмешісі «жауыңа қалады» деген тіркесті өзгертіп, «дүниеде қалады» дейді. Өлгеннен соң кімнің малы дүниеде қалмайды. Сараңның да, жомарттың да малы соңында қалады. Поэтикалық жағынан өте солғын.

Көшірмешілердің сөз тіркесі құрылымына тиіспей, сөз тіркесі құрамындағы жеке сөздерді өзгертіп жіберген фактілеріне тоқталайық.

23-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
ol ol **halk talusı** kişi kutluğı ول ول حالك تالوسو كشى كوتلوگى B_6 halk-ta yegi (ar. halk-da yigi) C_6 halkda yigi	Ол ол **халқда йиги** киши қутлуғы ول ول حالك تالوسو كشى كوتلوگى	**А.** Ол ол **халқ талусы** Киши Қутлуғы ول ول حالك تالوسو كشى كوتلوگى *Ол әуелден жаратылғандардың таңдаулы кісілердің құттысы* Ә, Б. Ол ол **халқда йиги** Киши Қутлуғы ول ول حالك تالوسو كشى كوتلوگى

		Ол ол халықта ізгі кісілердің құттысы

Бұл бәйіт жолында «халқ талусы» (жаратылғандардың таңдаулысы) тіркесіндегі «талусы» (таңдаулысы) сөз формасы көшірмешілер тарапынан «йиги» сөзформасымен алмастырылған. Сонда **А** нұсқасындағы «халқ талусы» тіркесі «жаратылғандардың таңдаулысы» деген мағына берсе, **Ә** және **Б** нұсқаларындағы «халқда йиги» тіркесі «халық ізгісі» деген мағына береді. Мағына тарылып, мүлдем солғындап кеткен. Бұл туралы проф. Б. Сағындықұлы былай деп жазады: «Әңгіме Мухаммед салла аллаһу алайһи уа саллам туралы. Ол – бізге жеткен пайғамбарлар туралы хикаялар бойынша, бүкіл әлемде теңдесі жоқ жаратылыс. Ол барлық пайғамбарлардың, періштелердің, бүкіл жаратылғандардың абзалы және Алла тағала тарапынан таңдаулысы. «Таңдаулы» деген ұғымды көне түркі тіліндегі «талусы» сөзі жеткізіп тұр. «Халық» деген сөздің 1) «жаратылыс», «жаратылу», 2) «халық», «ел» деген мағынасы бар. Көшірмешілер «халық» сөзін, сірә, екінші мағынасында түсініп, көне түркілік «талусы» сөзформасын жалпыхалықтық «йиги» (ізгі) сөзформасымен ауыстырған болар. Соңғы тіркес пайғамбардың болмысын жеткізе алмайды» [54, 162].

Халық арасында «Халық» Алла тағаланың бір есімі» деген сөз бар. Бұлай болғанда да, «халқ талусы» «Алла тағаланың таңдаулысы» деген сөз болып шығады. Шындығында, көшірмешілер «халық» сөзінің тура мағынасын түсінбей, ауыспалы мағынасын ғана түсінген. Бұл, бір жағынан, олардың діни сауаты болмағандығын көрсетсе, екінші жағынан, көне түркі сөзі «талу» оларға жат боп көрінсе керек. Бір сөзді ғана ауыстырғаннан дастанның айтайын деген идеясы толықтай өзгеріп, басқаша өң алып кеткен. Жалпы алғанда, көшірмешілер дастанның өзін емес, сұлбасын ғана жеткізетіндігі байқалып тұр.

Түркі сөздері не себепті түркі сөздеріне ауыстырылғанына назар аударсақ, негізінен мына жағдайлар көзге түседі. Сол заманда архаизмдерге айнала бастаған сөздерді көшірмешілер жалпыхалықтық сөздерге ауыстырып жіберген. Көшірмеші өзінің алдындағы көшірмешінің қолтаңбасын түсінбеген жағдайда жобалап өз жанынан сөз қосып жіберіп отырған. Омоним сөздердің бір ұғымын түсінгенімен, екінші ұғымын түсінбей өзге сөзбен өзгерткен сәттері де бар. Мұндайда өлең ұйқасы көмекке келеді де көшірмеші ауыстырған сөз оп-оңай аңғарылып тұрады. Көп жағдайда көшірмешілер шайырдың не айтқалы отырғанын түсінбей өз түсінігінше кейбір сөздерді өзгертіп жіберген. Нақты мағыналы сөздерді ауыспалы мағыналы сөздермен ауыстырып жіберу фактілері де кездеседі. Көркемдігін арттырамын деп, керісінше, көркемдігін жоғалтып алған реттері де бар. Деректі мағыналы сөздерді дерексіз мағыналы сөздермен алмастыру сәттері де жоқ емес. Шығарманың мазмұнына мән бермеушіліктен қате өзгерістер көп кездеседі. Шығарманың тілін дұрыс анықтау үшін мұндай өзгерістерді жіті қадағалап, авторлық қолданысты өз қалпына келтіру керек.

1.5 «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішіндегі мазмұны бұрмаланған бәйіттер

Ортағасырлық жазба ескерткіштердің лексикалық бірліктерін өзара салыстыра талдау қажеттілігін Э.Н. Наджип: «Детальное сопоставление изучение языка памятников поможет нам в полной мере воссоздать историю становления литературных языков, их сходство и расхождениия. Кроме того, такое изучение облегчило бы нашу задачу по составлению исторических и толковых словорей тюркских языков, задачу по созданию исторической лексикологии и и.т.» деп атап көрсетеді [90, 43]. Көшірмешілердің өздері көшіріп отырған нұсқасының жекелеген әріптерін ажырата алмағандықтан жіберіп алған қателерін есептемегеннің өзінде, жоғарыда баяндалғандай, лексикалық та, морфологиялық та, синтаксистік те жаңсақ түзетулер жасап, дастан авторының құнды-құнды ойларын әлсіреткен, немесе өңін өзгерткен. Олардың не себептен өзгерткенін әр айырмашылықты айтқанда көрсетіп отырдық.

Сөз қисынын түсінбегендіктен, көшірмешілер бұдан да үлкен қателіктер жіберген. Тіпті дастан авторының сөзін өз сөзіне айналдырып жіберген. Солардың бірқатарын төменде баяндағалы отырмыз.

Ахмед Йүгінеки білімді адам мен білімсіз адамды салыстыра келе былай дейді. Білімді адам істің жөнін біліп істейді де, кейін өкінбейді. Ал білімсіз әрқашан өкініштен көз ашпайды. Білімді адам керекті сөзін біліп сөйлейді. Сөйлемейтін жерде аузын тияды. Білімсіз аузына келгенін айтып, ақырында өз сөзі өз басын жейді.

Қорытындысында 121, 122-бәйіт жолдарында мынадай ой айтады:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bilig birle bilnür törütgen idi biligsizlik içre **kanı hayr yidi** بلىگ برلى بلنور توروتگن ىدى بلىگسزلىك كانى حاىور ىودى B_1 hayır yok tet-i (ar. hayr yok tidi) C_{10} hayr yok didi	Билик бирлә билнүр түрәткән изи, Биликсизлик ичрә **хайир йоқ дэди** بلىگ برلى بلنور توروتگن يزى بلىگسزلىك كانى حاىور ىودى	А. Билиг бирла билнүртөрүтган иди Билигсизлиг ичра **қаны хайр йиди** بلىگ برلى بلنور توروتگن ىدى بلىگسزلىك كانى حاىور ىودى *Білім менен білінер жаратқан ие* *Білімсіздік ішінде қане қайыр иісі* Ә, Б. Билиг бирла билинүр төраүтқан иди Билигсизлиг ичра **хайр йоқ деди** بلىگ برلى بلنور توروتگن ىدى بلىگسزلىك كانى حاىور ىودى *Білім менен білінер жаратқан ие* *Біліксіздік ішінде қайыр жоқ деді*

А нұсқасының көшірмешісі ақынның пікірін дұрыс жеткізген: «Жаратқан иеміз де білім арқылы білінеді, білімсіз адамда қайырдың өзі түгілі иісі сезіле ме?» -дейді. Ал **Ә** мен **Б** нұсқасының көшірмешілері өз жанынан қосып, «білімсіз адамда қайыр жоқ» деп кесіп айтады. Ахмед Йүгінеки «білімсіз адамда қайырдың өзі түгіл иісі де жоқ» деп жеткізе айтып отырған жоқ па? «Қаны хайр иди» (Қане қайыр иісі) деген бөлігі тұтастай алынып тасталған. Сонда бәйіттің жарты бөлігі ғана қалып тұр.

187, 188-бәйіт жолдарын **Ә** және **Б** нұсқасының көшірмешілері бірінің орнына бірін алмастырған. Дәл осы жолдар **А** нұсқасында дастан авторының төл туындысын сақтап қалыпты.

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
çığaylık **yarınlık** azuk yoklukı شىگاىلىك ىارىنلىك ازوك يوكلوكى B_1 bu bay-lık çığay-lık C_1 bu bay-lık çığay-lık (satır altında fakr) çığaylık **tip ayma** tavar yoklukın چىگاىلىك تىپ ايما تاوار يوكلوكىن A_2 tep B_2 tep C_2 dip	Бу байлық чығайлық азуқ йоқлуғы Чығайлық тэп айма азуқ йоқлуғын بو شىگاىلىك ىارىنلىك ازوك يوكلوكى چىگاىلىك تىپ ايما تاوار يوكلوكىن	А.Чығайлық **йарынлық** азуқ йоқлуқы چىگاىلىك تىپ ايما تاوار يوكلوكىن *Кедейлік- ертеңгі азық жоқтығы* Ә. Чығайлық **теп айма** тавар йоқтығын *Кедейлік деп айтпа мал жоқтығын* Б. **Бу байлық** чығайлық иди кисматы بو چىگاىلىك تىپ ايما تاوار يوكلوكىن *Бұл байлық кедейлік Жаратушы иенің қалауы*

Осы **А** нұсқасындағы «Чығайлық йарынлық азуқ йоқлуқы» (*Кедейлік-ертеңгі азық жоқтығы)* деген бәйіт жолын тұтасынан **Б** нұсқасының көшірмешісі «Бу байлық чығайлық иди кисматы» (Бұл байлық кедейлік жаратушы иенің қалауы) деген бәйіт жолымен ауыстырғаны белгісіз. Орынсыз деп те айтуға келмейді. Ауыстырған бәйіт жолы иә алдындағы, иә соңындағы бәйіттермен үйлеспейді, қиыспайды. Бірақ бұл бәйіт жолы көшірмешінің өз сөзі емес екен. Ақын дастанының 303-бәйіт жолында қайталанып тұр.

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bu baylık **çığaylık** idi kismeti بو باولىك چىگاىلوك ىدى كىشمىتى A_4 çığay-lık (iki kere yazılmış; sonra ikincisinin üzerinden çizilerek, iptal edilmiş)	Бу байлық **чығайлық** изи кисматы بو باولىك چىگاىلوك ىدى كىشمىتى	Бу байлық **чығайлық** иди кисматы بو باولىك چىگاىلوك ىدى كىشمىتى *Бұл байлық кедейлік Жаратушы иенің қалауы*

C_1 çığay-lık (satır altında fakir hal)		

Кімді бай етеді, кімді жарлы етеді, ол жаратушының өз ырқындағы нәрсе, сен ашкөзденіп, тыраштанып қанша тырыссаң да жете алмайсың, босқа қасірет-жапа шегесің. Одан да қанағат ет деп ақыл-кеңес береді. Бұл жерде аталған бәйіт жолы өз орнында тұр. 187-бәйіт жолын өшіріп тастап, «бу байлық чығайлық иди кисматы» деп оның орнына жазылуы ешбір қисынға сыймайды. Келесі 188-бәйіт жолын – «Чығайлық теп айма тавар йоқлуғын» (Кедейлік деп айтпа азық жоқтығын) – деп өзгертіп, «Чығайлық деп айма азуқ йоқлуғын» (Кедейлік деп айтпа азық жоқтығын) деп түйіндеген. Сонда дастан авторының айтпақ болған ойын мүлдем теріске шығарған. Ахмед Йүгінеки «ертеңгі жейтін азығыңның жоқтығы – кедейлік десе, көшірмеші «Азық жоқтығын кедейлік деп айтпа» дейді. **Ә** нұсқасының көшірмешісі басқаша көрсеткен. Ол «Бу байлық чығайлық иди кисматы» (Бұл байлық, кедейлік жаратушы иенің қалауы) деген бәйіт жолындағы «иди кисматы» (Жаратушы иенің қалауы) деген тіркесті «азуқ йоқлуғы» деген тіркеспен ауыстырған.

Ә Бу байлық чығайлық азуқ йоқлуғы
Бұл байлық кедейлік азық жоқтығы
Чығайлық теп айма азуқ йоқлуғын
Кедейлік деп айтпа азық жоқтығын

Ә нұсқасының көшірмешісінің өзгертуі бойынша «байлық та, кедейлік те – азық жоқтығын кедейлік деп санауымыз керек» деп айтқысы келген. Көшірмешілер дастанның идеясына аса мән бермегеннен осындай мағыналық байланыс үзіліп қалған.

А нұсқасының 217-бәйіт жолында: «Бу ажун ма көрмәккә көрклүг ташы» (Бұл дүние, иә, көруге көрікті тысы) делінген. Бұл бәйіт жолында *ма* шылауына ерекше көңіл бөлінген. Автор «бұл дүние туралы білгің келе ме?» деп сұрап алады да, оған өзі жауап қайтарады. «Дүниенің сырты көрікті болғанымен, ішінде сүйкімсізі мыңдап саналады. Олардың бірқатары мыналар деп санап береді». **Ә** және **Б** нұсқасының көшірмешілері автордың нәзік сезімін түсінбей, *ма* шылауын көшірмесінен шығарып тастайды. Сонда көркем тіл ауызекі сөзге айналады. Оның үстіне «көрмакка көрклүг» (көруге көрікті) деген тіркесті «көрарга көрүмлүг (көрерге көрерлік) тіркесімен ауыстырған. Сонда «көруге көрікті» ұғым-түсінігі (көруге тұратындай) ұғым-түсінігімен алмастырылған. Сонда **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілерінің тарапынан бұл тіркес солғын тартып тұр. Енді осы үш нұсқадағы аталған бәйіттерді өзара салыстырып оқылық:

217 – бәйіт жолында:

Р. Арат	М. Махмудов	Б. Сағындықұлы
bu ajun ma körmekke körklüg taşı بو اجون ما كورمكّى كوركلوگ	Бу ачун көр эргә**көрүмлүг** ташы	**А**. Бу ажун ма **көрмәккә көрүклүг** ташы بو اجون ما كورمكّى كوركلوگ

B_9körerke körüm-lüg C_9körerge (-g- üç noktalı) körüm-lüg	بو اچون ما كورمىڭى كوركلوگ	*Бұл дүние, иә, көруге көрікті тысы* **Ә**. Бу ажун ма **көрәрга көрүмлүг** ташы بو اجون ما كورمىڭى كوركلوگ *Бұл дүние көрерге көрерлік тысы*

Ахмед Йүгінеки өз дастанында «дүние заттарын теріп, шаршамайтын, жалықпайтын» ашкөз адамдарды өлтіре сынайды. «Олардың көздері өліп, топырақ ішіне кіріп жатқанда ғана тояды» дейді. Сонымен бірге ақын адам баласының психологиясын тойымсыздыққа бейім екендігін де атап көрсетеді. Ол Мұхаммед пайғамбарымыздың халыққа белгілі «Адам баласы екі уысы тола алтын болса, үшінші тағы болса екен дейді» деген хадисін былайша өлеңге айналдырады.

311-312 бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
haber bar birilse eger ademi iki kol dinar ma ol **üç kol** kolur حاربر بار بربلسى بگر ادمى بكى كول دىنار ما ول وچ كول كولور B_3on kol C_{11}on pul	Хабар бар бэрилсә әгәр адами Ики қол динарны ол **он қол** қылур حاربر بار بربلسى بگر ادمى بكى كول دىنار ما ول وچ كول كولور	**А**. Хабар бар берилса агар адами حاربر بار بربلسى بگر ادمى Екі қол **динар** ма ол **үч қол қолур** *Хабар бар берілсе егер адамға* *Екі уыс динар орнына ол үш уысын қалайды* **Ә**. Еки қол **динарни** ол **он қол қылур** بكى كول دىنار ما ول وچ كول كولور *Екі уыс динарды ол он уыс қылар* **Б**. Еки пул **динарни** ол **он пул қылур** *Екі пұл динарлы ол он пұл қылар*

А нұсқасында дұрыс тұрған осы 312-бәйіт жолын **Ә** және **Б** нұсқасының көшірмешілері Еки қол **динарни** ол **он** қол қылур (*Екі уыс динарды ол он уыс қылар)* өзгертеді. **Ә** нұсқасының көшірмешісі, біріншіден, шылаулы тіркесте тұрған «динар ма» («динар болса» деген мағынада) деген сөзді «динарни» (динарды) деп табыс септігіне айналдырған. Сонда «еки қол динарни» (екі уыс динарды) тіркесі «он қол қолур» (он уыс қалайды) тіркесімен мағыналық жағынан ұйқаспай, үйлеспей қалады. Амалсыздан «қолур» (қалайды, тілейді) етістігін «қылур» (қылар) етістігімен алмастырады. Оның үстіне

пайғамбардың «уч» (үш) деген сан есімін «он» (он) сан есіміне өзгертіп жіберген. Көшірмеші бұл санды қайдан алып отыр? Ақын «адам баласы қолында екі уыс динары болса, үшінші уыс динары болғанын қалайды» десе, көшірмеші «екі уыс динарды он уыс етеді» деп еселеп көрсетеді. **Б** нұсқасының көшірмешісі де **Ә** нұсқасының көшірмешісінің ізімен кеткен. Оның варианты төмендегідей:

Б. Еки пул **динарни** ол **он пул қылур**
Екі пұл динарлы ол он пұл қылар.

Б нұсқасының көшірмешісі «қол» (уыс) деген сөзді «пул» (пұл) деген сөзбен алмастырған. Өлең түгіл динардың да құнын түсірген. **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері асыл мұраға айтарлықтай өзгерістер енгізіп отырған.

390-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kidin künde hayr iş me kötrülgülüg كدىن كوندى حاىر س كوترولگولوگ A_2 kedin B_8 kon-i kiltükinçe hayır kidgü-lüg (ar. k. kil-dükünce hayar (!) kitgülüg) C_6 köni keldügünce hayr kit-gü-lüg (g yerine k?)	Көни **кэлтүгүнчэ хайир кэтгүлүг** كدىن كوندى حاىر س كوترولگولوگ	А. **Кедин күнда хайр ишма көтрүлгүлүг** كدىن كوندى حاىر س كوترولگولوگ *Кейінгі күндерде қайырлы істер көтеріліп кетіп жатыр* **Ә, Б. Көни келдүгүнча хайр кетгүлүг** كدىن كوندى حاىر س كوترولگولوگ *Шындық келгенінше, қайыр кете тұрады*

Бір қарағанда **А** нұсқасындағы 390-бәйіт жолын **Ә** және **Б** нұсқасының көшірмешілері түгелдей басқа сөзбен ауыстырып жіберген сияқты. Байыптап қарасақ, 389-бәйіт жолында былай делінген:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
kanı ‘ahd emanet kanı edkülüg كانى اهد ىمانت كانى ىدكولاگ	Қаны ахд аманат қаны эзгүлүг كانى اهد ىمانت كانى ىدكولاگ	А, Ә, Б. Қаны ’ahd аманат қаны едгүлүг كانى اهد ىمانت كانى ىدكولاگ *Қане уәде, аманат, қане ізгілік*

Бұл **А, Ә, Б** нұсқаларының ешқайсысында да өзгеріске түспеген, дастан авторының идеясы толық сақталған бәйіт жолы. Міне, осы сұраққа ақынның өзі 390-бәйітте жауап қайтарады: «Кейінгі күндерде қайыршы істер көтеріліп кетіп жатыр». Одан кейін: «шындық келгенінше, қайыр кете тұрады», - деп нақтылайды. Сонда **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері **А** нұсқасындағы

390-бәйіт жолын толығынан көшірмей, оның орнына «Басы барды хайырдың соңы барады», - деп көрсетеді. Сонда **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері **А** нұсқасындағы 390-бәйіт жолын толығынан көшірмей, оның орнына 391-бәйіттің сөздерін жазып жіберген болып шығады. Қорытынды: **Ә, Б** нұсқаларында 390-бәйіт жолы жазылмай, қалып кеткен. Кейінгі бәйіт жолдары да бір-бірімен үйлесіп тұр. Қалпына келтірілген бәйіт жолдарын тұтастай оқып көрелік.

Қаны ’ahd аманат қани едгүлүг
Қане уәде, аманат, қане ізгілік
Кедин күнда хайр иш ма көтрүлгүлүг
Кейінгі күнерде қайырлы істер көтеріліп кетіп жатыр
Көни келдүгүнча хайр еныгүлүг
Шындық келгенінше, қайыр кете тұрады
Басы барды хайрниң соңы барғусы
Басы барды, қайырдың соңы барады
Өңи келти шаррниң соңы келгүси

Қалып кеткен 390-бәйіт жолын өз орнына келтіргенде осындай жұп-жұмыр өлең шумақтары пайда болады. Мұны текстологиялық зерттеу ғана анықтап отыр.

402 (416)-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
ne yirke yığar baz sini ne tilin نی یرکی یوگار باز سنی نی تلن A_1 ... sen-i … B_3 yurügil tilegil osüng hoş-lukın (ar. yürügil tilegil özüng hoş-luğın) C_8 yüri-gil tilegil özüng hoş-luğın	**Йүрүгил тилаәгил өзүң хушлуғын** یوروگل تیلاگل وزون حوشلوغون	А. **Не йерга йығар баз сени не тылын** نی یرگا یوغار باز سنی نی تولون *Сені қайтадан қандай тілмен қандай жерге жығар* Ә, Б. Йүрүгил тиләгил өзүң хошлуғың *Сайранда тілегіл өзің қоштығың*

Ақын осы бәйіттің алдында заманасының азып-тозғанын қынжыла отырып баяндайды. Кім тура жолмен жүрсе, оның жолы болмай жүргенін, кім қисық жолмен жүрсе, бұзықтық жасаса, жолы болып тұрғанын сынай келіп, күйініп былай дейді: «Ей, бұзықтық істеуші, сүйінішке бөлене бер. Көңілге келгеніңді істе. Бұл сенің дәуренің. Тыныштықта, қуанышта, қайғысыз, тілегеніңше өмір сүр. Алайда бұл астамшылығың сені қандай тілмен, қандай жерге жығатынын да ұмытпа». Осы қорытынды пікірді, шайырдың айтқысы келген негізгі ойды **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері тұтастай алып тастап, орнына өз сөздерін кірістіріп жіберген. Дастан авторы **А** нұсқасында «Не йерка йығар баз сени не тылын» (Сені қайтадан қандай тілмен қандай жерге жығар) десе, **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері

«Йүрүгил тилгил өзүң хошлуғың» (Сайранда, тілегіл өзі қоштығың) дейді. Яғни ақынға қарама-қарсы идея ұсынады. «Бұзықтарға бұзық ісіңді үдете бер» деген жаман пиғыл білдіреді. Көп жағдайда осылайша ақын дастанының мән-мағынасы, мазмұны көшірмешілер тарапынан бұрмаланған. Мұндай өзгерістердің дастанның тілін анықтауға үлкен зардабын тигізетіні өз-өзінен түсінікті.

127, 128-бәйіт жолдарында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
tavarsızka bilgi tükenmez tavar تاوارسزكا بلگی توكنمز تاوار B_4 tavar-sız-ka ... (ar. tavarsızğa b. tükenmes) C_4 tavarsızğa b. tüken-mes **nesebsızka bilgi yirilmez neseb** نسبسزكا بلگی يورلمز نسب A_6 nasab-suz-ka b. tukenmez (sahife kenarında altta yirilmez) nasab B_5 hisab-sız-ka b. yerilmez hisab (ar. hisab-sız-ğa b. yirilmes hisab) C_5 hisab-sız-ğa b. yarılmas (satır üstünde tükenmez) hisab	Таварсызға билги түгәнмәс тавар تاوارسزكا بلگی توكنمز تاوار Хисабсызға билги йарылмас хисаб حسابسوزغا بلگی يارولماس حساب	А.Таварсызға билиги түгәнмәс тавар **Насабузға** билиги **түгәнмәз насаб** نسبسزكا بلگی يورلمز نسب Малсызға білім түгесілмейтін мал *Несібесізге білімі түгесілмейтін несібе* Ә, Б. Таварсызға билиги түгәнмәс тавар **Хисабсызға** билиги **йарылмас хисаб** حسابسوزغا بلگی يارولماس حساب *Малсызға білімі таусылмайтын мал* *Қаржысызға білімі бөлінбейтін қаржы*

Бұл бәйіт жолдарының алдында ақын «білім», «ғылым» туралы біраз әңгіме айтады. Білімнің сан алуан пайдаларына тоқталады. Алла Тағаланың өзін білім, ғылым арқылы танисың дейді. Үгіт, насихат, әдептің бәрі білімнен шығады, сондықтан білімді арабтар да, араб еместер де қадірлейді. «Малсызға білім түгесілмейтін мал, Несібесізге білім түгесілмейтін несібе» деп қорытындылайды. **А** нұсқасында дұрыс көшірілген осы бәйіттерді **Ә** және **Б** нұсқасының көшірмешілері өз сөздерімен өңдейді. «Несібе» деген сөздің орнына «Хисаб» (қаржы) деген сөзді, «түгәнмас» (түгесілмейтін) деген сөздің орнына «йарылмас» (бөлінбейтін) деген сөзді жазып, ақын ойын өзгертіп жібереді. Сірә, «насаб» (несібе) деген сөзді түсінбесе керек. Бұл сөз қыпшақ тілдерінде жиі айтылады. Бір тарихи нұсқада кеткен қателікті екінші бір тарихи нұсқа осылайша түзетіп беріп отырады. Текстологиялық зерттеулердің маңызы да осында.

254 – бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
birimdin bahıl **elgi ked berklig ol** بىرىمدن باحىل ىلگى كىد بىركلىگ ول A_2 ile kisu (-u?, -s- altında ar. harfl. z) –lik-ke (-ke satır üstünde yazılmış) ol B_6 ilgi ket berklig ol (ar. elgi ket birk-lig ol) C_5ilgi kit (satır altında beşi)	Бэримдин бахил **элги кэз бэрклик ол** بىرىمدن باحىل ىلگى كىد بىركلىگ ول	А. Беримдин бахил **ила кисүликка ол** بىرىمدن باحىل ىلا كىسولىگّا ول *Беруден сараң менен кесулікке ол* Ә, Б. Беримдин бахил **елги кәт берклиг ол** بىرىمدن باحىل ىلگى كىد بىركلىگ ول *Беруден сараң қолы қатты берік ол*

Ақын осының алдындағы бәйітттерде жомарттық пен сараңдықты салыстыра отырып, сараңдықты сынға алады. Сараңның қанша мал, дүние жинаса да көзіне көрінбейтінін, досына дәм-тұз татырмайтынын, мұның өзі аурудан да жаман қасиет екенін бетіне басады. «Сараңның қолы беруге келгенде қарысып қалады, ол малға құл, мал керісінше оны билейді» деген тұжырым жасайды. **Ә** және **Б** нұсқаларында: «Беримдин бахил елги кәт берклиг ол» (Беруден сараң қолы қатты берік ол) деп, өзге бәйіттермен мазмұн жағынан да, ұйқас жағынан да үйлесіп тұр. **А** нұсқасының көшірмешісі бұл бәйітті мүлде бүлдіріп алған: «Беримдин бахил ила кисуликка ол» (Беруден сараң менен кесулікке ол) деп мағынасыздыққа ұрынған. «Беруден сараң менен кесулікке ол» ешқандай мағына бермейді. Сірә, «илга» (қолға) деген сөздің *г* әрпін тастап кетті ме екен, ол «ила» болып көмектес септіктің мағынасын беріп тұр. Мағынасыздыққа әкеліп тұрған да осы форма. «Кәт берклиг ол» деген тіркесті де, «кесуликка ол» (кесулікке ол) тіркесімен ауыстырған. Сонда көшірмеші «беруге келгенде сарңның қолы кесіліп қалады» дегісі келді ме екен, ол жағы белгісіз. Қалай дегенмен дастан авторының ойын іске алғысыз еткен.

342-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
ya **bustan teg ol hilm** kerem al gül ol B_3 meydan C_5 meydan (satır altında bağse) deg يا بوستان تىگ ول حىلم كيريم ال گول ول	Йа майдан тэк ол гүл карам ал көл ол يا مايدان تىك ول گول كارام ال كول ول	А. Йа **бустан тег ол hилм** карам ал гүл ол يا بوستان تىگ ول حىلم كيريم ال گول ول *Я бақ сияқты ол қайырымдылық адамгершілік қырмызы гүл ол* Ә. Йа **майдан тег ол көл** карам ал гүл ол يا مايدان تىك ول گول كارام ال كول ول *Я алқап сияқты ол көл*

		адамгершілік қырмызы гүл ол Б. Йа **майдан дәг гүл** карам ал гүл ол يا مايدان تك ول گول كارام ال كول ول *Я алқап сияқты ол гүл адамгершілік қырмызы гүл ол*

Осының алдындағы бәйіттерде ақын көркем мінез туралы әңгімелейді. Көркем мінезге ие болған адамдар ешкімге зиянын тигізбейді, егер оған біреу зиян жасаса, кешіреді. Жоқ-жұқаларға көмектесіп, алғысқа бөленеді. Қайырымшыл адам жемісті ағашқа ұқсайды. **А** нұсқасында сондай қарапайымдылық, кішіпейілділік, қайырымдылық арабтың «hилм» атауымен берілген. Дастан авторы бейнелі, астарлы түрде «Йа бустан тег ол hилм карам ал гүл ол» (Бақ сияқты ол қайырымдылық, ал адамгершілік қырмызы гүлге ұқсайды) дейді. Осы бәйіт жолындағы «бустан» (бақша) деген сөзді **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері «майдан» (алқап) деген сөзбен алмастырған. Адам қолымен егілген «бақша» мен даладағы жайсаң жатқан «алқап» бір емес қой. Осы бір сөзбен-ақ дастан авторының ұғым-түсінігі өз көркемдігін жоғалтып алған. Оның үстіне «hилм» (қайырымдылық) деген араб сөзін екі нұсқаның да көшірмешілері де түсінбеген. **Ә** нұсқасының көшірмешісі оны «көл» деп көшірсе, **Б** нұсқасының көшірмешісі «гүл» деп көшірген. Сонда майданды (алқапты) бірі көлге, бірге гүлге ұқсатады. Ақынның айтқысы келген пікіріне жуықтамайды.

343-бәйіт жолында:

Р. Арат	Қ. Махмудов	Б. Сағындықұлы
yıkıklığka tirep kesüklüg ula ولا كوسوكلوگ تىرىپكسوكلوگ A_5 yığığ-lık-ka tirip kisüg-lüg ul-a B_4 yıkık-lık-ka yerip (? ar. yirip) kesük-lük-ke u. C_6 yıkık-lı yarı bir kesük-li ula (satır altında bipeyvend)	**Йықықлықка йырыб кэсүллүккэ ула** ولا كوسولّوگّا نوروب نوقولوقّا	А. **Йығылыққа тирип кесүглүг ула** ولا كوسوگلوگ نوروب نوقولوقّا *Жығылғанды сүйеп, кесілгенді жалға* Ә. **Йығылыққа йеріп кесүклүкке ула** ولا كوسولّوگّا نوروب نوقولوقّا *Жығылғанға тірек боп, кесілгенді жалға* Б. **Йықықлы йары бер кесүкли ула** ولا كسوكلى بىر نورو نوقولوقّا *Жығылғанға жәрдем бер, кесілгенді жалға*

Жоғарыда талданған бәйіттерде сөйлемнің мағынасы бұрмаланып, басқаша өң алып кеткен болса, ақын дастанының мазмұнына елеулі-елеулі нұқсан келсе, керісінше, бұл бәйітте мазмұны жеткізілгенімен сөйлем құрылысына өзгеріс енген. Дастан авторы құрастырған сөйлемді көшірмешілер өздерінше өзгеше құрастырып, көркін қашырған. **А** нұсқасында барыс септігінің жалғауы бір-ақ (йығығлық+қа, кесүклүк+ке) жалғанған. **Б** нұсқасында тіпті екі сөздің екеуіне де (йығықлы, кесүкли) барыс жалғауы жалғанбаған. **А** нұсқасында **тирип** (тірек боп) етістігі қолданылса, **Ә** нұсқасында оның орнына **йерип** (сүйеп) етістігін, **Б** нұсқасында **йары бер** (жәрдем бер) күрделі етістігі пайдаланылған. **А** нұсқасының көшірмешісі дастан авторының сөзін өзгертпеуге тырысқандығы бүкіл көшірмеден байқалып тұр. Оның үстіне **тирип** (тірек боп) сөзі қыпшақ тілдерінде жиі қолданылатын сөз. Сондықтан «йерип», «йары бер» сөздерінің орнына «тирип» сөзін қалпына келтіруді дұрыс санаймыз. Сонда Ахмед Йүгінеки құрастырған сөйлем мынадай боп түзіледі:

Йықықлыққа тирип кесүклүкка ула

Жығылғанға тірек боп, кесілгенді жалға.

Жоғарыда көшірмешілердің жеке тұрған сөзді сөз тіркесіне айналдырып жібергенін, немесе керісінше сөз тіркесін жеке сөз етіп жібергенін байқадық. Бір бәйіт жолында екі бірдей тіркеске өзгеріс жасалғанын да айқындап, талдадық. Алайда әр тіркестің жекелеген сөздері ғана алмастырылған. Өңделген тіркестердің қай-қайсысы да көшірмешілердің кейде салғырттығын көрсетсе, кейде білімсіздігін айқындап, олардың өз ісіне, көбіне жауапсыз қарайтындығын аңғартты.

Профессор Б. Сағындықұлы Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» ескерткіш нұсқаларындағы айырмашылықтарды саралай келе, сыни мәтін жасау барысында мынадай қателер мен жаңсақ түсініктерді ұсынады:

1. Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайық» дастаны жазба нұсқаларын алғашқы зерттеушілер ескерткішті XII ғасырдың аяғы XIII ғасырдың басында жазылған деп есептеген еді. Бұл мәселеге профессор Б. Сағындықұлы арнайы тоқталып, бірқатар тарихи фактілерге сүйеніп, 2002 жылы жарияланған ««Һибат-ул хақайық» – XII ғасыр ескерткіші» деп аталатын еңбегінде бұл жәдігерліктің XII ғасырда жазылғанын анықтап шықты.

2. Ахмед Йүгінекидің XII ғасырда хатқа түскен бірде-бір көшірмесі біздің заманымызға келіп жетпеген. XV ғасырдың бас кезінде, үш жүз жыл өткен соң, әдебиет жанашыры сол замандағы беделді әмірлердің бірі Арслан Хожа Тархан ақынның сол заманға келіп жеткен нұсқаларын бір-бірімен мұқият салыстыртып, түпнұсқасына мүмкіндігінше жақындаттырып, қайта көшірткен. Біз талдап отырған нұсқалар көшірмешілердің сол дәуірде көшірген жазбалары.

Түрколог ғалымдардың қолында бар үш көшірменің бірі – «Атебат-ул хақайық» (Шындық қақпасы) деп аталса, екіншісі – «Һибат-ул хақайық» (Ақиқат сыйы) деп аталады. Қайсысы дұрыс? Өйткені бір шығарманың екі түрлі аталуы мүмкін емес. Профессор Б. Сағындықұлы бұл жағдайды

былайша түсіндіреді. Әдебиет жанашыры Арслан Хожа Тархан көшірткен көшірмелердің біріндегі «Китабының ерүр **аты Ћибат-ул**» деген бәйіт жолын көшірмешілер «Китабының аты ерүр атабат-ул» деп өзгертіп жіберген. **А** нұсқасында осылай жазылған. Ал **Ә** және **Б** нұсқаларында «Китабының аты ерүр Ћибат-ул хақайиқ ибрат арабдин уш ул» (Кітабының аты болар Ћибат-ул Хақайиқ ғибрат арабдан осындай) деп тұр. Сонда түріктің «ат» деген сөзі мен арабтың «ћибат» деген сөзі қосылып, «атебатул хақайиқ» боп шыға келген. Ұйғыр жазуында **Ћ** дыбысы жоқ. Мұның да сол өзгеріске себебі тисе керек. «Шындық қақпасы» дегеннен гөрі «Ақиқат сыйы» логикалық жағынан ұтымды. Көшірмешілердің үлкен қателерінің бірі болғандықтан, ескерткішке екі атау бермей, бұдан былай «Ћибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) деп бір-ақ атаумен айтқан дұрыс.

3. Үш нұсқаның көшірмешілері де өзідері білмейтін, түсінбейтін сөздерді үнемі басқа сөздермен алмастырып отырған. Соның нәтижесінде дастанның мән-мазмұны өзгеріп, ақынның айтқысы келген көркем ойдан алшақтап кеткен. Мұндай өзгерістердің барлығын профессор Б. Сағындықұлы өз текстологиялық зерттеулерінде нақтылап көрсетіп отырған. Солардың бірқатарын мысалға келтірелік.

395-бәйіт жолында **А** нұсқасында: Ким ол йүзчи ерса киши йиги ол (Кім шарап сатушы болса, кісінің игісі сол) делінсе, **Ә, Б** нұсқаларында: Ким ол борчы ерса киши йиги ол (Кім ол маскүнем болса кісі игісі сол) делінген. Яғни **А** нұсқасындағы «йүзчи» сөзі **Ә, Б** нұсқаларындағы «борчы» (маскүнем) сөзімен ауыстырылған. Көне түркі тілінде «йүзчи» «шарап сатушы» деген мағына берсе, парсының «борчы» сөзі көбіне «маскүнем» деген мағына береді. Оның «шарап сатушы» деген мағынасы ескірген. Осыдан келіп ДТС-ті (Көне түркі сөздігін) құрастырушылар аталған бәйіт жолын: «Кто пьяница, тот (часто) лучший из людей» деп аударған [88, 113]. Дастан авторы «маскүнем-адамдардың жақсысы» деп отырған. Шарап сатып байығандарды кекетіп, адамдардың жақсысы сол деп отыр. Өйткені байға кімнің болса да ісі түседі ғой. Дастанда маскүнем туралы ешқандай әңгіме жоқ. Бұл ақынның идеясын өрескел бұзу ғана.

103, 104-бәйіт жолдарында **А** нұсқасында: Биилиг **йинд** усанма бил ол хақ расул Билиг Чинда ерса сиз арқаң тети (Білім інжу – босаңсымай біл, ол хақ пайғамбар Білім Шында болса, сіз іздеңіз деді) делінсе, **Ә, Б** нұсқаларында: Билиг **бил** усанма бил ол хақ расул Билиг Чинда ерса сих арқаң деди (Білім біл, босаңсымай біл, білім шында болса, сіз іздеңіз деді) делінген. А нұсқасындағы «Йинд» сөзформасы түсініксіз болғандықтан, **Ә, Б** нұсқаларының көшірмешілері оны «біл» деген сөзбен өзгерткен. Соның нәтижесінде бір ғана жолда «біл» сөзі екі рет қайталанған әрі дастанның мән-мазмұны солғындаған. **А** нұсқасында да «йинд» емес, «йинджу». Соңғы екі дыбыс ұқыпсыздықтан түсіп қалған. Ілгері заманда екінің біріне белгілі пайғамбар сөзі қате жазылып кеткен. Текстологиялық зерттеудің арқасында бұл қателік те түзетілген.

4. Көне түркі жазба ескерткіштерінде зерттеушілердің түсінбеушілігінен жіберілген кейбір қателер де кездеседі.

275, 276-бәйіт жолдарында **А, Ә, Б** нұсқаларында: Тишиси қалып бир адын ер била Ол анда йатыбан берүр санының (Әйелі қалып басқа бір ерменен Ол көрде жатып малының санын береді) делінген. Үш нұсқаның үшеуінде де бірде бір сөз өзгертілмеген. Ахмед Йүгінекидің өз сөзі. ДТС-ті (Көне түркі сөздігін) құрастырушылар осы бәйіт жолдарын: А жена его, оставшись с другим мужчиной, ложится тогда и отдает свое тело (бкув. бедра) [88, 169, 483]. Дұрысына келгенде, бұл бәйіт былайша аударылуға тиіс: Әйелі өзге еркекпен қалып, Ол анда (көрде) жатып алып, (Құдайға малының) санын береді». Сонда зерттеушілерге екі сөз түсініксіз болған. Жатыс септігінде тұрған «анда» есімдігінің «көрде» деген ауыспалы мағынасын түсінбей, тура мағынасында аударғандықтан, жоғарыдағыдай дөрекі сөз пайда болған. Екінші «сан» сөзі – омоним сөз. Бірінші мағынасы арифметикалық сан болса, екінші мағынасы – адамның дене мүшесі, бұт. Ақын арифметикалық мағынасын қолданып, «көрде жатып алып» малының санын беретіндігін айтып отыр. Зерттеушілер оны «әйел санын (бұтын) береді деп өрескел бұрмалап отыр. Ескерткіш дидактикалық шығарма болғандықтан, мұндай аудармалар дастанның мағыналық мазмұнына сай келмейді.

51-бәйіт жолында **А** нұсқасында: «Ра’ийатқа мушфиқ **салим тил** халим» (Қарауындағыларға шапағатты, тілі жұмсақ, биязы) делінсе, **Ә, Б** нұсқаларында: «Ра’ийатқа мушфиқ **Салимдин** халим» (Қарауындағыларға шапағатты, Сәлімнен биязы) делінген. **Ә** және **Б** нұсқаларының көшірмешілері **А** нұсқасындағы «салим тил» тіркесін дұрыс түсінбеген. **н** және **л** дауыссыз дыбыстарын ажырата алмаған, соның салдарынан «тил» деген сөзді шығыс септігінің **-дин** жалғауы деп есептеген. Нәтижесінде «салим» (жұмсақ) сөзі адам атына айналған. **Ә** және **Б** нұсқасын зерттеушілер көшірмешілердің қатесін есепке алмай, ол сөзді адам аты ретінде аударып, еңбектерінде жариялаған. Ислам қайраткерлерінің ішінде Салим атты кісінің болмағандығын да ескермеген. Текстологиялық зерттеудің құндылығы да осында.

5. Аса көрнекті, әлем жұртшылығына белгілі түркологтардың бірі Әмір Нәжіпұлы Нәжіп өз зерттеулерінде жазба ескерткіштердің тіліне анықтама беріп отырған. Ғалым қай тілдің элементі басым болса, сол тілді анықтамасының алдына қойып отырған. Мысалға, оғыз тілі басым болса, «оғыз-қыпшақ» тілі, қыпшақ тілі басым болса «қыпшақ-оғыз» тілі деп есептеген. Профессор Б. Сағындықұлы өз зерттеулерінде алдына «Һибат-ул хақайиқ» дастанында оғыз, қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр тілдерінің қайсысы басым деген сұрақ қояды да, оны статистикалық және текстологиялық талдаулар жасау арқылы шешеді. «Осы кезге дейін «Һибат-ул хақайиқ» **қарлұқ-ұйғыр тілінде** жазылған деген пікір үстем болып келді. Нақты фактілер бұл ескерткіштің **оғыз-қыпшақ тілінде** жазылғандығын айғақтап отыр» деген тұжырымға келеді [53, 248]. Бұл тұжырымның дұрыс екендігін біз өзіміздің диссертациялық жұмысымызда толық дәлелдеп шықтық. Мұның өзі бұдан былайғы уақытта көне ескерткіштің тілін дұрыс қабылдауымызға мүмкіндік береді.

1-бөлім бойынша қорытынды

Біз ҺХ ескерткішін текстологиялық тұрғыдан қарастырып, ғылымға белгілі барлық нұсқаларымен салыстыра отырып, авторлық мәтіннің нағыз, дәл нұсқасын айқындауға тырыстық. Ескерткіштің мәтіні поэзиялық форматта жазылғандықтан, көшірмешілер нұсқаларды көшіру барысында барынша бәйіттердегі өлең құрылымын сақтауды қадағалаған. Соның нәтижесінде көшірмешілер мәтінді көшіру барысында қолданыстан шығып қалған көне сөздерді алып тастап, кірме сөздерді қосып жазғандығы, көркем туындының әсерлі шығуына байланысты өз ойларынан мақсатты және мақсатсыз өзгертулер жасағандығы көрсетіледі.

Сондай-ақ жұмыста лингвотекстологиялық әдіс бойынша жазба ескерткіштің нұсқалары мен көшірмелердегі мәтін тілінің өзгешелігі айқындалды, лексикалық нұсқалардың негізгі түрлері сипатталды, текстология аясында маңызы бар лингвистикалық элементтердің тізбесі жасалды.

Бүгінгі күнде «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінің жеті нұсқасы белгілі. Олардың ішінде А, Ә, Б нұсқаларының ғылыми құндылығы жоғары. Нұсқалардың көшірілуінде бірізділік жоқ. Ескерткіш нұсқаларының көлемі де, жазуы да әртүрлі. Қазіргі ғылымда ескерткіштің А нұсқасы барынша толық нұсқа деп танылады. Ал, жетінші нұсқасы қазіргі қазақ тіл білімінде зерттелінбеген жаңа нұсқа.

Түркологияның алғашқы зерттеуші ғалымдары В.В. Радлов, С.Е. Малов, Э.Н. Наджип, Р. Арат тағы басқалар көне түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінің транскрипцияларын, аудармаларын, сөздіктерін жасап, орасан зор зерттеу еңбектерін жариялап, өздерінен кейінгі зерттеушілердің осы салада ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар берді. Сол сияқты, қазақ тіл білімінде профессор Б. Сағындықұлы да түркология тарихында бірінші рет Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» атты дастанының А, Ә, Б нұсқаларын текстологиялық жағынан жан-жақты салыстырып, олардың бір-бірімен орфографиялық, фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, семантикалық, синтаксистік, логикалық, әсіресе, лексикалық тіркесімділік айырмаларын айқындап көрсетті.

Біз диссертациялық жұмысымызды профессор Б. Сағындықұлы практикалық жағынан анықтаған **А, Ә, Б** нұсқалардағы айырымдарды теориялық жағынан талдап, оның түрлі-түрлі себептерін зерделеп, XII ғасырдағы шайырдың өз шығармасын дәл қай тайпа тілінде жазғандығын білуді мақсат етіп, нәтиже-жетістіктерімізді тілші-ғалымдар қауымымен бөлісуді жөн көрдік.

Ең алдымен, «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде жіңішке **д’з’** аффрикаты ұшырасатындығын ғылыми жұртшылыққа мәлімдейміз. Ол қарлұқ-ұйғыр т.б. тілдердегі ұяң д дауыссызымен **д’з’~д** сәйкестігін түзеді. Міне, осы сәйкестікті де анықтаған профессор Б. Сағындықұлы. Бұл сәйкестіліктің ғылыми маңыздылығы сонда, XII ғасыр жәдігерлігі Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастаны оғыз тайпалары тілінде жазылғандығын шүбәсіз, қалтықсыз айқындайды. **д’з’** аффрикаты біздің

заманымызға да келіп жетті. Ол қазіргі түрікпен және башқұрт тілінде қолданыста. Ескерткіштің оғыз-қыпшақ тіліне жататындығынын дәлелдейтін ең үлкен айғақтарының бірі осы. Екінші, Махмуд Қашғари өз сөздігінде оғыз-қыпшақ тілдерінде деп белгілеген сөздердің едәуір бөлегі аталған ескерткіштің барлық нұсқаларында бар. Үшінші, Алла тағаланың, Мұхаммед пайғамбардың құрметті есімдері тек оғыз тілінде. Төртіншіден, қарлұқ тілі шығыс септігінің -**дин** жалғауы ескерткіште бастан-аяқ қолданыста болғанымен, арасында (116, 418-бәйіттерде) оғыз тілінің жатыс-шығыс септігі **-да** көрініс береді. Бесінші, қыпшақ тілінің элементтері ескерткіш нұсқаларында толыққа жуық көшірмешілер тарапынан саналы түрде ығыстырылған. Осы жайттар диссертацияда баяндалып және басқа да фактілерге сүйене келіп, XII ғасыр мұрасы – Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» (Ақиқат сыйы) дастаны оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деген ғылыми түйінге негіз болады. Яғни дастан – оғыз-қыпшақ тілінінің алғашқы үлгісі. XIII-XV ғасырларда оғыз-қыпшақ тілі одан әрі дамыған. Сонымен қатар, дастанда қарлұқ-ұйғыр тілінің тілдік элементтері де кездеседі. Басқаша, айтқанда, ескерткішті *«қарлұқ-ұйғыр тілінің грамматикалық ерекшеліктері араласқан оғыз-қыпшақ тілінің лексикасы, басы ашық оғыз-қыпшақ базалық лексикасында жазылған ескерткіш»* деген қорытындыға келеміз. Бұл қорытындыны ғалым Б. Сағындықұлы тарапынан түркологияға қосылған теңдесі жоқ ғылыми жаңалық деп танимыз. Үлкен ғалым практикалық жағынан негіздеп бермегенде, әрине, бұл қорытындыға біз де келе алмаған болар едік. Диссертациялық жұмысымыздың нәтижесі ашылған ғылыми жаңалықпен үндеседі.

2 АХМЕД ЙҮГІНЕКИДІҢ «ҺИБАТ–УЛ ХАҚАЙИҚ» А, Ә, Б НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАР ҚОЛДАНЫСЫ ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы зат есімнің қолданылуы, түрлену жүйесі, статистикалық сипаты

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы барлық сөздерді лексика-грамматикалық топтарға бөліп топтастырған, бір-бірінен айырып-ажыратқан еңбектер көптеп саналады. Қазақ тіл біліміндегі сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп қарастырған ғалым К. Аханов былай деп ой түйеді: «Біздің байқауымызша, сөз таптарын лексика-грамматикалық категориялар немесе сөздердің лексика-грамматикалық топтары деп қарайтын лингвистердің байымдаулары ғылыми жағынан дәлелді сияқты» [91, 363]. Яғни, ғалым сөз таптарын таза грамматикалық категорияға жатқызбайды, сөз таптарын лексика-грамматикалық категория деп есептейтін кейбір тілшілердің пікірін қолдайды.

Түркі тілдері бір тектен шығып, туыстас болғанымен, әрқайсының өзіндік даму жолдары, фонетикалық, грамматикалық, семантикалық тұрғыдан өзгеру, түрлену заңдылықтары бар [92].

Біз зерттеу жұмысымызда «Һибат-ул хақайиқ» жазба ескерткіші тілінің морфологиялық құрамын кешенді түрде зерделеп көрсетуді жөн көрдік. Сонымен қатар, жазба мәтінде кездесетін морфологиялық формалардың статистикасы да анықталып, көрсетілді.

XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда зат есімнің жасалу мәселесі түркітанушылардың тарапынан әр қырынан қарастырылған. Шығармада зат есімдердің жасалуы өзіне тән ерекшелікке ие болуымен бірге, зат есімнің жасалуы жалпы сөздің жасалу тәсілінен алшақ кетпейді.

Зат есім. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде морфологиялық бөлшектерге бөлінбейтін түбір зат есімдер, арнайы қосымшалармен жасалатын туынды зат есімдер және аналитикалық тәсілмен жасалған зат есімдер кездеседі.

Туынды зат есімдер. Туынды зат есімдер аффикстер негізінде немесе олардың морфологиялық бөлшектерге бөлініп тұруы арқылы жасалынады.

Ғалым А. Салқынбай туынды сөздің мағыналық даму сипаты туралы былай дейді: «Барлық туынды сөздердің тұлғалық және мағыналық дамуындағы негізгі ортақ сипаттар тілдің жүйелілік қасиетін айқындай түседі. Тілдің дамуы туынды сөздердің жасалуынан көрінеді. Ал, туынды сөздердің мағыналық дамуы тарихи, генетика-семантика жүйе негізінде қалыптасып, кешенді түрде ортақ сипатқа ие болады» [93, 72].

Морфологиялық бөлшектерге бөлу мүмкіндігі болған зат есімдер туынды зат есім сипатында қарастырылды. Сондай-ақ, морфологиялық бөліктерге бөлінбейтін кейбір зат есімдер тарихи аффикстер арқылы жасалған болуы мүмкін, бірақ дәуірлер өтуімен байланысты сөз өндіруші

аффикстердің құрамына сіңісіп кеткен. Сондықтан қазіргі тұрғыдан мұндай зат есімдерді түбір зат есімдер деп есептеуге болады.

Шығармада кейбір аффикстер өнімді болғандықтан, осы қосымшалар арқылы жасалған зат есімдер көп кездеседі. Ал кейбір аффикстермен жасалған зат есімдер шығармада аз қолданылған, мұндай зат есім жасаушы қосымшалардың аз қолданылуы бұл аффикстердің өнімсіз екендігін көрсетеді. Туынды зат есімдер морфологиялық және аналитикалық тәсілмен жасалады.

Морфологиялық тәсілмен зат есім жасаушы өнімді аффикстер:

1) *-чы//чи* аффиксі зат есім немесе зат есім мағынасында болған сөздерге қосылып, жалқы есім жасайды. Бұл тәсілмен жасалған зат есімдер атқарушы әрекетінің белгілі бір объектіге болған қарым-қатынасын көрсетеді. Осы аффикспен жасалған зат есімдер екі түрлі мағына білдірген. Мысалы: *борчы(*بورچی) Көне түркі сөздігінде бұл сөздің түбірі *бор* яғни аудармасы шарап деген мағынаны білдіреді [88, 113]. *-чы* жұрнағы қосылу арқылы белгілі бір іс-әрекетке икемділікті білдіретін *борчы* сөзі жасалынып тұр. Біз қарастырып отырған мәтіндегі 409, 410 бәйіт жолдарының А нұсқасында *йүзчи*(يزچي), Ә және Б нұсқаларында *борчы* тұлғасында берілген. *Борчы* сөзінің мағынасы көне түркі сөздігінде *маскүнем, йүзчи екі жүзді (лицемер)* [88, 288] деп аударылған. Ал, біз ҺХ ескерткішінде мәтіннің мазмұнына қарай аудармасын *шарап сатушы* деп беріп отырмыз. Ескерткіштің А және Ә, Б нұсқалардағы берілген сөздер тұлғалануы жағынан әр түрлі болғанымен, мағынасы жағынан бір. Мысалмен дәлелдейтін болсақ: 409) **А.** Ким ол *йүзчи* ерза киши йиги ол/ **Ә.** Ким ол *борчы* ерса киши йеги ол/ **Б.** Ким ол *борчы* ерса киши йиги ол. Борчы сөзінің көне түркі сөздігіндегі мағынасымен ескерткіштегі мағынасында мағыналық байланыс бар.

Шығармада *–чы//–чи* аффиксі қосылып жасалған есімшелерге 8 мысал кездеседі; олар етістік сөздерге жалғанып зат есімнің орнына жұмсалған: *атқу*(اتقو) – мерген, *атқучы*(اتقوچی) – *атушы;теггү* (تیککو) – жет, *теггүчи* (تیککوچی)–жетуші; *өггү* (اوککو) – игі, жақсы, *өггучи*(اوککوچی) –мақтаушы; *кәс* (کاوس)-кес, *кәсгучи* (کاوسوچی) -кесуші; *уггу* (اوککو) -шығар, *уггучи* (اوککوچی) - шығарушы; *умғу* (ومغو) -үміт, *умғучы* (ومغوچو) -үміттенуші.

Тіл тарихын зерттеуші ғалым М. Томанов жоғарыдағы аталған жұрнақтар туралы былай дейді: «*-шы, -ші, -чы, -чи* істің иесін, іс-әрекетті жасаушы субьектіні білдіретін сөздер жасаған. Есім түбірлерге немесе етістіктен есімге айналған түбірлерге жалғанып, іс иесін – субьектіні, кәсіпкерді білдірген. Қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы да сондай» [94, 171].

2) *-лық//-лик//-луғ//-луг* аффикстері зат есім немесе зат есім мағынасында қолданылған сөздерге және сын есімдерге қосылып, дерексіз мағына білдіруші зат есімдер жасайды. *Көни* (کونی) – 1. шын, рас, ақиқат; 2. адал. *көнилик* (کونی لك) – шыншылдық, әділдік, адалдық; *тарық* (تاریق) – дән, *тарықлық* (تاریقلق) – диқаншылық; *улуғ* (اولوغ) – 1. ұлы; 2. үлкен, ақсақал, *улуғлуғ* (اولوغلوغ) - ұлықтық, ұлылық: Ескерткіште *көни, улуғ* сөздері түбір

күйінде де, *-лик* жалғауы жалғануы арқылы *көнилик, улуғлуғ* формасында да кездеседі.

Көни сөзінің ескерткіштегі мағыналары: 1. шын, рас, ақиқат. 2. адал. Ал, көне түркі сөздігінде 1. мера емкости, мера объема 2. верный, правдивый, истинный [88, 315]. *Көни* сөзі «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіш тілінде 8 рет, *көнилик* сөзі 3 рет қолданылып, *шын, шыншыл, шыншылдық* деген мағынаны береді. Көне түркі сөздігіндегі бірінші мағынада қолданылмаған. Бұл сөз ҺХ ескерткішінің барлық нұсқаларында еш өзгеріссіз берілген.

Бұл аффикстермен жасалған зат есімнің мағынасы кеңейіп, кәсіп аты мағынасында қолданылып бастаған. Атап көрсетсек, *тарық* сөзі дән мағынасын білдіріп, оған осы аффикс қосылғаннан кейін *диқаншылық* мағынасын берген. Мысалы: (تاريقلىق تپ اموش اجوننو رسول)*Тарығлығ теп аймыш ажунны расул* ҺХ 191.

«Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде зат есім жасаушы *–лық//-лик//-луғ//-луг* аффикстері зат есім немесе сын есім жасауда бірдей қолданылған: *Агар болса адлың қатығлық мәңа* (اگر بولسا ادلون قاتوغلق مانا) *ҺХ 40 /*Егер болса әділің қаттылық маған. Шығармада түрлі сөздерге бұл аффикс қосылып жасалған 40-тан астам мысал бар.

Шығарманың **А** нұсқасында бұл аффикстердің соңында келетін ұяң *г,* қатаң *қ* дауыссыздарға бірдей белгі жұмсалады. Сондай-ақ, ұяң *г* және қатаң *к* дауыссыздары бірдей белгімен жазылады. **А** нұсқасының бұл ерекшелігі *-лық* немесе *-луғ* және оның басқа варианттары зат есім жасауда бірдей қолданылғанын көрсетеді.

А.М. Щербак бұл аффикстердің қолданылуына байланысты мынадай тұжырым жасайды: «1) первоначально показатели тех и других во всех тюркских языках различались (для существительных *-лық, -лик,* для прилагательных *-лық, -лиг*); 2) Наиболее строго и закономерное разграничение *-лық* и *-лык* продолжительно сохраняется у южных и западных тюрок. Естественным следствием этого разграничения явилась утрата конечного *қ (г) у* прилагательных. 3) для восточнотуркестанской группы характерен длительный процесс сближения двух форм, завершающийся их унификацей на основе оканчаний абстрактных имен существительных» [95, 112-113].

Бұл жұрнақ өздері қосылған сөздерден мынадай грамматикалық мағыналарды тудырады:

а) *-лык//-лик//-луқ//-лүк//-луг* аффикстері көмегімен жасалған дерексіз мағына білдіретін зат есімдер: *биликлик* (بىلىكلىك) білімділік; *чығайлық* (چوغاىلوق) – кедейлік, жоқшылық; *көргүлүг* (كورولوك) – көрінуші, сезілуші.

б) абстракт мағына білдіруші зат есімдер: *ажун* (اجون) – дүние; *билик* (بىلىك) – білім, ғылым; *нәң*) (ناوں) – 1. зат, нәрсе, құбылыс. 2. дүние, мүлік, байлық; *кедим/ кейим* (كيدم/ كىيم) –киім-кешек.

в) табиғат құбылысын білдіретін зат есімдер: *от* (اوت) – от, алау; *құм* (قوم) – құм.

г) азық-түлік, тағам атауларын білдіретін зат есімдер: *аш* (اش)– ас, тамақ; *асал/шаһд* (شاهد /اسال) – бал, тәттілер;

д) тайпа, топ, жұптық мағынаны білдіруші кейбір зат есімдер: *ра,ийат* (رعايات) – жай халық, тобыр; *халайық* (خلايق) – халайық, халық, ел, адамдар.

3. -ғ//-г//-ығ//-ағ//-әг//-уғ//-ұ//-к//-ық//-ик//-ақ//-әк//-уқ//-үк аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып, әрекет нәтижесі, мекен мағынасын білдіретін зат есім жасайды. Бұдан бөлек, етістік түбірінің салт немесе сабақты болуына қарай, актив немесе пассив мағына білдіретін зат есімдер пайда болады. Бұл аффикстермен жасалған зат есімдерге шығармада 30-ға жуық мысал кездеседі.

Мысалы: *көр* (كاور) - көр, *көр+к* (كاور+ك) - көрік, шырай; *емга* (يمگا) - *азаптан, емга+к* (امگا+ك) - еңбек, жұмыс, бейнет; *тат* (تات) - тат, *тат+ығ* (تات+وغ) – дәм (тәтті); *бил*(بل-) біл, *бил+ик* (بل+ك) - білім; *өл* (اول) - өл, *өл+үк* (اول+وك) - өлік; *тану* (تانو) - таны, *тану+ғ* (تانو+غ) - куәгер (куәлік), *қыл* (قول) - қыл, *қыл+ығ* (قولوغ)– қылық; *йаз* (ياز) - 2. жазықты бол, кінәлі бол, йаз+уғ (ياز+وغ) – айып, жазық, күнә.

4. -мақ//-мәк аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып, әрекет атын білдіруші зат есімдер жасайды. Бұл жолмен жасалған әрекет атын білдіруші зат есімдер етістіктердің семантикалық ерекшеліктеріне сәйкес актив немесе пассив түсініктерді білдіреді. Ескерткіш тілінде бұл формада жасалған оннан аса мысал кездеседі. Мысалы: *бағла* (باغلا) – байла, *бағла+мақ* (باغلا+ماق)– байлау; *күзәз* (كوزاز)– күзет, *күзәз+мәк* (كوزاز+ماك)– күзету, тергеу; *йүгүр* (يوگور) – жүгір; *йүгүр+мәк* (يوگور+ماك) – жүгіру, шабу; *усан* (وسان) – салқын қара, *усан+мақ* (اسان+ماق) – *салқын қарау; тер* (تنر) – *тер, жи, тер+мак* (تنر+ماك) - *теру.*

Жұрнақтың шығу тегі күрделі болғандықтан зерттеушілердің пікірлері де әртүрлі. Б. Серебренников, Н. Гаджиева «Сравнительно историческая грамматика тюркских языков» деген еңбегінде *-мақ, -мәк* жұрнағына мынадай түсініктеме береді: «Инфинитив на *-мақ, -мәк* представляет застывшую форму древнего направительного падежа отглагольного имени на *-ма, - мә*. Такие падежные формы, как *алмақ*, *ичмәк* первоначального означали «*для взятья*, *для питья*». Возможно, что инфинитив на *-мақ, -мәк* первоначально имел значение супина, т.е. целевого инфинитива. В тюркском праязыке инфинитива на *-мақ* не было» [96, 238]. С. Соколова түрік тілінде инфинитив дәрежесінде қолданылатын -ма, -ме тұлғасы соңғы -к-нің түсіп қалуынан, -мақ, -мек формасынан пайда болды деп айтады. Кейбір ғалымдар -мақ, -мек жұрнағын -ма және -к жұрнағының қосындысы деп есептесе, ал, А. Рамстедт керісінше -м және -ақ жұрнағының қосындысы деп көрсетеді. Ғалымның бұл пікірі жұрнақтың өте көне екендігінен хабар береді және бұл пікірге біз де қосыламыз. Қазақ тіл білімінде академик Р. Сыздық аталмыш жұрнақтаң грамматикалық қызметін нақтылап, айқындайды.

5. -ч//-н+ч//-ын+ч//-ин+ч//-ун+ч//-үн+ч аффикстері етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай, етістіктің түбіріне қосылып, абстракт мағына білдіруші зат есімдер жасайды. Шығармада бұл аффикстермен жасалған

жеті зат есім кездеседі. Бұл мысалдар шығармада түрлі етістік түбірі арқылы пайда болған сөздер. Жасалған зат есімдерде активтік немесе пассивтік мағынасы етістік түбірінің семантикалық ерекшелігіне байланысты: *умынч+қа* (اومونچ+قا) – үмітке; *сақ+ынч* (ساق+اونچ) – сағыныш, пікір, уайым-қайғы; *өкүн+ч* (اوكون+چ) – өкініш; *севүн+ч*(سوون+چ) – сүйеніш, қуаныш; *инан + ч* (ىنان+چ) – сенім.

Кейбір мысалдарда бұл аффикстің көмегімен жасалған бірқатар сөздер кең мағынада қолданылады: *сақынч* сөзі *ой, қам* мағыналарын білдіреді.

Ғалым А.Н. Кононов бұл жұрнақты *-н* және *-ч* жұрнақтарының қосындысы деп қарастырады [97, 86]. Бұл пікірді түркітанушылар қолдайды.

Морфологиялық тәсілмен зат есім жасаушы өнімсіз аффикстер:

1) *-ш//-ыш//-иш//-уш//-үш* аффикстері етістік түбіріне қосылып, әрекет атын, жағдайын білдіруші зат есімдер жасайды. Шығармада бұл аффикспен жасалған зат есімдерге 5 мысал кездеседі. Бұл туынды зат есімдер түрлі мағынадағы сөз түбірі арқылы пайда болған: *сөк+үш* (سوك+وش) – сөгіс, қарғыс, ұрыс; *уқ+уш*(وق+وش) – ақыл, ес, ұғым*; сақ+ыш*(ساق+وش) – *уайым.*

Біздің заманымызға дейін жеткен көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген Э.В. Севортян, Н.К. Дмитриев, С.Е. Малов *-ш* жұрнағын ең көне жұрнақ деп есептейді.

Қазіргі қазақ тілінде бұл аффикспен көп зат есім жасалынады. Сондай-ақ, бұл жұрнақ түрлі семантикалық мағыналарды білдіруші етістік түбіріне қосылады және әртүрлі мағыналарды білдіреді.

2) *-м//-ым//-им//-ум//-үм* аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып, әрекеттің нәтижесі, жағдайын білдіруші зат есімдер жасайды. Бұл тәсілмен жасалған зат есімдер шығармада аз кездеседі: *кез+им*(كىز+م) – киім-кешек; *өл+үм*(اول+وم) – өлім; *бер+им* (بىر+م) – борыш*, қарыз; көрү+үм* (كورو+وم) – *көрім, үз+үм* (امز+وم) - үзім.

Бұл жұрнақтың түркі тілдерінде грамматикалық мағыналары әртүрлі. Қыпшақ тобына жататын тілдерде өнімді болса, оғыз тобына жататын тілдерде өнімсіз жұрнақтардың қатарына жатады. Ғ. Мұсабаев -м жұрнағына мынадай сипаттама береді: «-м жұрнағы бұрын өнімді болған. Қимыл етістіктерден есім жасай қоятын әрі оңай, әрі икемді жұрнақ болғасын күні бүгінге дейін қолданудан қалған емес. Бұған мысал: жүр-жүрім, тіл-тілім, той-тойым ... т.б.» [98, 100-101]. Орхон-Енесей көне ғасыр ескерткішін зерттеуші ғалым Қ. Есенқұлов -м, -ым, -ім, -ум, -үм жұрнақтарының беретін мағыналарын төмендегідей атап көрсетеді: «Ескерткіште -м жұрнағы арқылы жасалған сөздер көптеген мағынаны білдіреді: 1) мөлшер мен өлшемдік мағынада жұмсалады; 2) іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді; 3) заттық атауды, объектіні білдіреді; 4) кейде субъект мағынасында да қолданылады; 5) процесс және оның нәтижесін білдіреді дейді. Сонымен қатар, қазіргі түркі тілдерінде -м жұрнағы өнімсіз жұрнақтардың қатарына жатады. Бірақ -м жұрнағы арқылы жасалған сөздердің саны да және олардың білдіретін туынды сөздер көп кездеседі: жұтым, шақырым, атым, салым т.б» [99, 89-90].

Қазақ тілінде **-ым, -ім, -м** жұрнағы зат есім жасайтын өнімді жұрнақ. Бұл жұрнақ арқылы салт және сабақты етістіктерден, біріншіден, әртүрлі абстракт заттық ұғымдардың атаулары *білім, сенім, төзім, келісім, тойым, байлам т.б.,* екіншіден, мекендік ұғымды білдіретін зат атаулары және конкретті заттардың атаулары *күзем, алым, өнім, киім, тізім т.б* сөздері туындаған [100, 153].

Ә. Керімұлы «Хұсрау және Шырын» тілінде бұл жұрнақтың төрт түрлі вариантта *-ым, -им, -ұм, -м*, «Гүлстанда» *-им, -ұм* вариантары кездесетінін айтады [101, 29].

3) *-т//-ут//-үт* аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып екі мағынада жұмсалған: а) әрекеттің нәтижесін білдіруші зат есімдер жасайды. Мысалы, *йан+ут* (یان+وت) –жауап; ә) дерексіз мәнді зат есім жасалынады: *арт+ут* (ارت+وت) –сыйлық, тарту. Шығармада бұл аффикспен жасалған зат есімдер аз кездеседі.

Бұл жұрнақ қазіргі кезде сөз жасауда өнімсіз, себебі, түбірге сіңісіп кеткен.

4) -а//-ә аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып, әрекеттің нәтижесі, жағдайын білдіруші зат есімдер жасайды.

Шығармада зат есім жасаудың бұл формасына 1 мысал бар: *тоғ+а*(توغ+ا) – туа. *Тоға көрмас ерди адибниң көзи ҺХ 467*/ ақынның көзі туа көрмейтін еді.

М. Қашқари сөздігінде көне қыпшақ ескерткіштерінде -а, -е, -у, -ү: йара - жара, түбірі – жар, жару, кесе – кесек, түбірі – кес, кесу варианттарында кездесіп, сөз тудырушылық қызмет атқарады деп көрсетеді [102, 107].

5) *-ұғлы//-үгли//-ығлы//-игли* жұрнағы «hибат-ул хақайиқ» ескерткіштерінде 7 сөздің құрамында кездесіп, зат есім және есімше мағыналарында жұмсалады. Мысалы, *Кединги **келигли** кишилар ара* ҺХ 73/ Кейін келген ұрпақтар арасында; *Елигларда кутлуг **беригли** елиг* ҺХ 25/ Қолдың бақыттысы беруші қол. Есімше қызметін атқарып анықтауыш болатын сөздер мыналар: *кел+игли*(كىل+گلى), *бер+игли* (بىر+گلى). *Бақығлы **оқуғлы** асыг алсу деп* (باقىغلى اوقوغلى اسىغ السو دب) ҺХ 78/ Көруші, оқушы пайда алсын деп; *Рабатқа **түшүгли** түшар кечгүлүт* (رباطقه توشو كلى توشار كوچكولوك) ҺХ 178/ Керуен сарайға түсуші одан әрі сапар шегу үшін түседі. Берілген мысалдағы *кел+игли* (كىل+گلى), *бер+игли* (بىر+گلى),*оқ+уғлы*(اوق+وغلو), *түш+үгли* (توش+اوگلى) зат есім мағынасында жұмсалып тұр. Сонымен қатар, өзге варианттары да кездеседі: *бақ+ығлы*(باق+وغلو) *(көруші)*, йел+игли +(ايل گلى) желігуші. Аталмыш құранды жұрнақтың екі мағынада жұмсалатыны туралы түрколог ғалым А.К. Боровков өзінің еңбегінде былай деп айтқан: «Причастие на *-ғлы, -гли* возможно в определительной функции и в значении существительного встречается в памятниках XI-XIV вв.». [103, 75]. Осы пікірді өзге ғалымдар да қолдайды [104, 111]. Көне түркі ескерткіштерінің тілін зерттеуші Б. Құлжанова бұл жұрнақтарға этимологиялық талдау жасайды: «Этимологиялық жағынан алғанда, етістіктен етістік жасайтын *-уғ/ -уқ, -үк/-үг, -ик/-иг* жұрнағы мен есімнен есім жасайтын *-лы/-ли* жұрнағы бір заманда бір-бірімен қосылып күрделенген. Кейін бірте-бірте көнеріп,

қолданыстан шығып қалғанға ұқсайды. Бұл күрделенген форма қазіргі тілдердің бірде-бірінде сақталмаған» [63, 51].

Аналитикалық тәсілмен зат есімнің жасалуы. Шығармада бұл тәсілмен жасалған екі зат есім ұшырасты. Ескерткіш мәтінінде екі түрлі сөз табынан жасалған біріккен сөз бар: *қарабаш* – құл. Бірінші – *«қара»* сөзі сын есім, ал екінші *«баш»* сөзі зат есім. «*Баш*» сөзі «*қара*» сөзіне қарай анықталған функцияда келген. Анықтаушы *«қара»* және *«баш»* сөздері алдыңғы синтаксистік қарым-қатынастарын жоғалтып, бір сөзге айналуы нәтижесінде біріккен зат есім жасалған. Жіктеуесімдігінің екі рет қолданылуы нәтижесінде өнімді мағына білдіруші зат есім жасалады: *менмен* –менмендік. Мысалы: *Ол ер ким улуғсынды мәнмән тети* (اول ار کم ارلوغسندی من من تتی) ҺХ 271/ Ол ер кім ұлықсынды «мен мен» деді.

Зат есімдерде септік категориясы. Шығармада септік категориясы өзіне тән ерекшелікке ие болуымен қатар, зат есімдерде септік категориясы XI-XIV ғасырларда жазылған ескерткіштегі септік категориясымен және қазіргі қазақ тілімен тікелей байланысты. Шығармадағы зат есімдерде табыс септігінің көне формасы *-уг* аффиксінің бар болуы, сонымен қатар көмектес септігінің бәрінің дерлік сақталып қалуы шығарма тіліндегі септік категориясының түркі тілдерімен байланысты екендігін көрсетеді. Шығарма тіліндегі басқа септік формалары оны қазіргі қазақ тіліне жақындастырады.

Бұдан бөлек, шығарма тіліндегі септік категориясын зерттеу қазақ тілінің туыстас түркі халық тілдерімен өткен және қазіргі уақыттағы өзара қарым-қатынастарын анықтауда зор рөл атқарады.

Шығарма тілінде септік аффикстері дыбыстар үндестігіне сәйкес қолданылады. Қатаң және ұяң дыбыстардың үйлесімділігі барыс септігінде бірден көзге түседі. Ерін дыбыстарының үйлесімділігі шығарманың барлық нұсқаларында көрсетілмеген. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстардың сәйкестілігі және дыбыстардың үйлесімділігі тереңірек көрсетілмеген.

Шығармада септік формалары түрлі мағыналарды білдіреді. Кейбір септіктер бір-бірінің орнына жұмсалады. Шығарма тілінде 7 түрлі септік бар*: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес* септіктері.

Септік категориясы туралы сөз қозғағанда тілші-ғалымдар «атау септігінің арнайы жалғауы болмағандықтан, әрдайым нөлдік формада тұратынын, өзге септіктерге негіз болап қаланатынын» алға тартатын. «Бұл қағиданың қазіргі заман тұрғысынан да, тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерге де жүрмейтіндігі соңғы кездегі зерттеулердің нәтижесінде анықталды», -деп жазады профессор Б. Сағындықұлы. **-ун, -үн** тұлғасы есімдер үшін де **-ин, -ін** тұлғасы есімдіктер үшін атау септігі жалғауының қызметін атқарған екен. Бұлар уақыт өте келе түбірге жалғанбайтын болған немесе өлі формаға айналып негізге сіңісіп кеткен. Қазіргі ілік септігінің, табыс септігінің жалғаулары, тәуелдік жалғаулары бір кездегі атау септігі жалғауларының қазіргі заманғы көріністері. Атау септігі жалғауларының кейбір сарқыншақтары ілік септігі мен табыс септігінен басқа септік жалғауларының, сондай-ақ кейбір жұрнақтардың құрамында бар» [103, 40-52].

Атау септік. Шығарма тілінде атау септік формасында келген сөздер арнайы септік жалғауларына ие емес. Атау септікте зат есімдер немесе заттанған сөздер болады. Көпше немесе жекешені білдіретін аффикстер атау септікпен келген сөздерге қосылып келуі мүмкін.

Септік категориясы туралы сөз қозғағанда тілші-ғалымдар «атау септігінің арнайы жалғауы болмағандықтан, әрдайым нөлдік формада тұратынын, өзге септіктерге негіз болап қаланатынын» алға тартатын. «Бұл қағиданың қазіргі заман тұрғысынан да, тарихқа белгісіз ежелгі дәуірлерге де жүрмейтіндігі соңғы кездегі зерттеулердің нәтижесінде анықталды»,-деп жазады профессор Б. Сағындықұлы. **-ун, -үн** тұлғасы есімдер үшін де **-ин, -ін** тұлғасы есімдіктер үшін атау септігі жалғауының қызметін атқарған екен. Бұлар уақыт өте келе түбірге жалғанбайтын болған немесе өлі формаға айналып негізге сіңісіп кеткен. Қазіргі ілік септігінің, табыс септігінің жалғаулары, тәуелдік жалғаулары бір кездегі атау септігі жалғауларының қазіргі заманғы көріністері. Атау септігі жалғауларының кейбір сарқыншақтары ілік септігі мен табыс септігінен басқа септік жалғауларының, сондай**-**ақ кейбір жұрнақтардың құрамында бар» [104, 40-52].

Шығарманың үш нұсқасында атау септігі ұшырасатын сөзформаларды өзара салыстырып көрелік. 13, 14-бәйіт жолдарында:

А. Йаратты ол уған **түнүң күндүзүң** Утуп бири бирга йорыр оң-соң-а *Жаратты ол құдай түніңді, күндізіңді* *Өтіп бірі бірге жүрер бұрын-соң.*	ىاراتتى اوغانىم تونونك كوندوزونك اوتوب بىر بىرىكا يورور اونك سونكا
Ә. Йаратты уғаным **түнүң күндүзүң** Утуп бир-бирике йүрүр оң-соң-а *Жаратты құдайым түніңді, күндізіңді* *Өтіп бір-біріне жүрер бұрын-соң.*	ىاراتتى اوغانىم تونونك كوندوزونك اوتوب بىر بىرىكا يورور اونك سونكا
Б. Йаратты уғаным **түнүң күндүзүң** Өтүп бири бирга йүрүр оң-соң-а *Жаратты құдайым түніңді, күндізіңді* *Өтіп бір-біріне жүрер бұрын-соң.*	ىاراتتى اوغانىم تونونك كوندوزونك اوتوب بىر بىرىكا يورور اونك سونكا

Атау септігінің грамматикалық формалары XV ғасырдағы көшірмешілерге мүлдем түсініксіз болғанға ұқсайды. Әйтпесе**, түнүнді – түнүңге, күндүзүнді – күндүзүңге** ауыстырмас еді. **Ә, Б** нұсқаларының көшірмелері 13-бәйіт жолындағы «ол уған» деген III жақтағы тұрған сөзді «ол» сілтеу есімдігін алып тастап, I жаққа көшірген: «уғаным» болып өзгертілген. Ал А нұсқасында «ол уған» редакциялауға түспеген: «йаратты ол уған түнүң күндүзүң». Аударғанда «Жаратты ол құдай түнің күндізің».

Табыс септігінің жалғауы, бір қарағанда, жасырын тұрған сияқты. Егер «Йаратты ол уған түнұңни күндүзұңни» десе, буын саны артып кетеді де, өлең ырғағы бұзылады. «Йаратты ол уған» тіркесі III жақта тұр. Сондықтан оған қиысатын сөздер де III жақта тұруы қажет. II жақтағы тәуелдік жалғауы **-үң-**ді алып тастап, оның орнына ежелгі атау септігінің **-үн** формасын қойсақ, бәйіт жолы дұрыс аударылады: «Йаратты ол уған түн+үн күндүз+үн/Жаратты ол құдай түнін күндізін». Логикалық жағынан да дұрыс. Түн мен күндіз адамға емес, жаратушы құдайға телінеді. Екінші жағынан, теория бойынша, атау септігінің формасы тәуелдік жалғауларына айналған. Тәуелдік жалғауының III жағы екіге жарылып, алғашқы дауыстысы сол III жақ тәуелдікке, соңғы дауыссызы табыс септігіне айналған. Сонда «түнүн – түн+і+н», «күндүзүн- күнүз+ү+н» болып бөлшектенеді. -үн бір кезде атау септігі формасының мағынасын берсе, қазір **-ү** тәуелдік жалғауы III жағының, **-н** табыс септігінің мағынасын береді. Теориялық жағынан да, практикалық жағынан да үйлесіп тұр.

Тарихи ескерткіштерде қазір «қой» ретінде айтылатын сөз «қойун» түрінде, «төр» – «төрүн», «бар» – «барын», «қос» – «қосын», «йалғыз» – «йалғызун», «йолсыз» – «йолсызун», біз әңгімелеп отырған ескерткіштің өзінде «бир» – «бирин», «он» – «онун», «мың» – «мыңин» түрінде ұшырасады. Атау септігінің ежелгі формалары қазір қайда кеткен деген сұраққа Б. Сағындықұлы былайша жауап қайтарады: «Бірі алуан сөздердің түбіріне сіңіп кеткен болса, бірі алуан сөздерден үнемдеу заңының әсерінен жойылып кеткен. Атау септігі қызметін атқаратын формалар бірте-бірте даму барысында ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жақ формасына, тағы басқаларға айналған.

Атау септік формасында келген зат есімдер немесе заттанған сөздер мәлім болған лексикалық және грамматикалық мағынаны білдіреді. Атау септік формасы басқа септік формаларының пайда болуы үшін қызмет жасайды. Мағына және функция жағынан атау септікте келген сөздер қазіргі қазақ және басқа түркі халықтарының тіліндегі формаларға сәйкес келеді.

Шығармада атау септікте келген зат есімдер грамматикалық функциясына қарай, анықтаушы қызметін атқарады. Атау септікте келген сөздер актив конструкцияға ие, ал пассив конструкцияда объект қызметін атқарады.

1. Атау септік субъектті білдіреді: (اوغان راحمات بتسون بو سا ات)*Уған рахмат етсүн бу са,ат* ҺХ 491 /Оған рақым етсін бұл Құдай.

2. Анықтаушы функциясы (بىلىكلىك تىشى ار، جاقىل ار تىشى)*Биликлик тиши ер, жақил ер тиши* ҺХ 22 / Білімді әйел – ер, білімсіз еркек – әйел.

3. Атау септік формасындағы зат есімдер аналитикалық етістіктер құрамында баяндауыш функциясында келеді: *Билик билди болды еран белгүлүг* (بىلىك بىلدى بولدو ران بىلگولوگ) ҺХ 93 / Білім білді болды ерлер белгілі.

4. Күй жағдай қызметінде: (ىارون قوپسا بولسون ىارانلار باشو) *Йарын қопса болсун йаранлар башы* ҺХ 492 / Ертең тірілсе болсын жарандар басы.

Ілік септігі. Зат есімдерде ілік септігі сөз түбірінің сипатына қарай *-ның//-ниң* аффиксін жалғайды: *кишиниң*(كشننن) – кісінің; *сөзниң* (سوزنن)– сөздің; *хайырның* (حاىورنون)– жақсылықтың; *сүңгәкниң* (سونگاكنى) – сүйектің.

Ілік септігі аффиксінің қолданылуында дыбыстар үндестігі бар. Ал ерін дыбыстарының үндестігі кездеспейді.

«Һибат-ул хақайықтың» басқа нұсқаларындағы сөздердің құрамында ерін дауыстылары болмаса немесе бұл дауыстылармен аяқталмаса, ілік септігінің формасы *-нуң//-нүң* болып келеді: *адибнүң* (ادبنون) – ақынның;

Бұдан бөлек, осы нұсқаның түбірінде ерін дауыстысы болған сөздерге ілік септігінің *-нүң* формасы қосылған: *сөзнүң* (سوزنون)– сөздің.

Ескерткіш бәйіттерде кездескен *адибнүң*, *сөзнүң* сөздері А нұсқасының барлығында *-нүң* жалғауымен келсе, Ә және Б нұсқаларында *-ниң* жалғауымен келген. Өзге ілік септігі жалғауы жалғанған сөздердің барлығына *-ниң*, *-ның* формасында екенін аңғаруға болады: кишиниң – кісінің (44), сүңгәкниң – сүйектің (90), абаданның – салтанаттың (200), карамның - адамгершіліктің (334).

XI-XIV ғасырдың басқа жәдігерлерінде ілік септігінің аффикстеріне кейде ерін дауыстылары әсер етеді, кейде бұл заңдылық бұзылады. Бұл ерекшелік шығарма тілімен басқа да ескерткіштер арасында жақындық бар екендігін көрсетеді.

Ілік септігінің жалғаулары мағына және стиль талаптарына қарай көбінесе түсіп қалады: (بو بوتون تولوسو احو ىر تورور)*Бу бутун толусы ахы ер турур* ҺХ 257/ Бұл халықтың таңдаулысы жомарт адам; *Атасы аты Махмуди Йүгнәки* (اتاسو اتو ماحمودى بوگناكى)ҺХ 495/ Атасының аты Махмуд Йүгінеки.

Қазіргі қазақ тілінде ілік септігі жалғауының жасырын қолданылуы ескерткіш тіліне жақындығын көрсетеді.

Ілік септігінің мағыналары. Ілік септігі төмендегі мағыналарды білдіруі мүмкін.

1. Анықталған мағына бір нәрсенің немесе адамның өзіне тиесілі екендігін білдіреді: (بازوغلوق كشننن بازوعون كىچور) *Йазуғлуқ кишиниң йазуғын кечүр* ҺХ 337 /Жазықты кісінің жазығын кешір.

2. Бүтіннің бөлшегін көрсетеді: (انون توشى بولغاى بو سوزنن ازو) *Анық түши болғай бу сөзниң азы* ҺХ 488/ Оның теңі болғай бұл сөздің азы.

3. Адам немесе топтарға қарым-қатынасын білдіреді: *Адиблар адиби фазыллар башы* (ادبلار ادببى فازوللار باشو)ҺХ 489/ Ақындардың ақыны жақсылардың басшысы.

Зерттеуші О. Бүркіт оғыз тілдер тобының грамматикалық құрылысында мынадай ерекшелік бар екенін көрсетеді: ілік және табыс септік жалғаулары редукцияланып беріледі: *-ның, -нің //-ің, -ің; -ны, -ні// -ы, -і*; [105, 103].

Барыс септігі. Шығармада барыс септігі *-кә//-гә//-қа//-ға; -ә//-а* аффикстері арқылы көрініс табады: *сөзгә* (سوزگا) –сөзге; *адаққа* (اداققا) – аяққа; *йағыңға* (ياغونغا) – жауыңа.

Дыбыстар үндестігінің әсері барыс септігін көрсететін аффикстерде сақталады. Көне ескерткіш жазбаларында барыс септігінің *-керү, -қару, -герү,*

-ғару, - ғары, -гері, -ңару, -ңеру формалары жиі кездессе, біз зерттеп отырған орта ғасыр ескерткіш тілінде мүлдем кездеспейді.

Барыс септік жалғауларының пайда болу тарихын, этимологиясын ашқан профессор Б. Сағындықұлының еңбектерінен көне **ар**, жаңа **а** формаларының даму динамикасы анық байқалады: «Орхон-енисей жазбаларында барыс жалғауының **-ғару\- геру** формасы жиірек кездеседі. **-ар\-ер** үнемдеу заңының әсерінен осы формадан туындаған. Жіктеу есімдігінің үшінші жағының ең көне формасы **– ан.** Оған барыс септігінің **-ғару** формасы жалғанғанда: **ан+ғару** сипатында тұлғаланады. Бірте-бірте соңғы **у** дауыстысы түсіріліп айтылады да, **ғ** дыбысының әсерінен сонор **н** сонор **ң**-ге айналады: **аң+ғар.** Сонор **н** сонор **ң**-ге айналғаннан кейін **ғ** дауыссызы да қажет болмай қалады: **аң+ғар > аң+ар.** Одан әрі тарихи даму барысында **р** дыбысы түсіріліп айтылады да, қазіргі оғыз тілдеріндегі аңа формасы пайда болады». Көне ескерткіштерде көне формалардың сақталып қалу сыры міне осындай. Бұлар белгілі бір дәуірдегі ол формалардың даму сипатын көрсетеді.

Барыс септігінің оғыз тіліне тән аралас *ң* және үнді *н* дауыссыздардан соң *-а, -ə* аффикстерімен көрсетілген формасы кездеседі: *еңа* (ننا) – *өңге,* жүзіңе; аңга (انگا) – оған; муңга (مونگا) – бұған; сәңга (سانگا) – саған; мәңга (مانگا) – маған; *достына* (دوستونا) – досыңа; шаһымқа (شاهومقا) – шаһыма; билигликка (بلىگالكا) – білімдіге; сүңгәкка (سونگاككا) – сүйекке; өзүңкə (اوزونكا) - өзіңе; ачыққа (اچوققا) – ащыға; умынчқа (ومنوچقا) – үмітке.

Шығарма тіліндегі барыс септігі XI-XIV ғасырларда жазылған басқа жәдігерлердегі ерекшеліктерге де жақын. Сондай-ақ, шығарманың өзіне тән ерекшеліктері де бар.

Шығармада барыс септігінің формасы кейбір жағдайларда басқа септіктердің орнына да келеді:

1) ілік септігінің орнына: (بىر رتتن بىر برگا تارافوت تىلىم) *Бир ертин бир ергə тафавут телим* ҺХ 319 / Бір ерден бір ерге айырма көп.

Барыс септігі аффиксінің қатаң және ұяң варианттары А нұсқасында *-қа// -ға* және *-ке//-гə* аффикстерімен көрсетіледі және оның қатаң немесе ұяң ерекшеліктерін ажырататын формалар жоқ: *барлығыңға//барлығыңқа* – барлығына; *ергə (ерга, ерке, еркa)* – ерге; *йига* –ауруға, кеселге.

Барыс септігі төмендегі мағыналарды білдіреді:

1. Әрекеттің бір бағытқа жөнелуін көрсетеді: *Қаза бирла санчылур адаққа тикан* (قازا بىرلا سانچولور اداققا تىكان)ҺХ 438/ Тағдырдың себебі арқылы аяққа тікен кіреді; (بارورسان بو مالون ىاغونغا قالور) *Барурсан бу малың йағыңға қалур* ҺХ 413/ Бұйрық пенен шаншылар аяққа тікен.

2. Әрекеттің себебін білдіреді:(كىم برسا بو سوزگا ادونلار سوزىن) *Ким ерса бу сөзга адынлар сөзин* ҺХ 449/ Бағзы біреу бұл сөзге өзгелер сөзін.

3. Мақсат немесе әрекеттің кімге, неге қатысты екенін анықтайды: *Йема төрт ешиңа ысурман салам* (يىما تورت ىشىنا وسورمان سالام)ҺХ 31/ Және төрт досыңа жолдаймын сәлем.

4. Іс-әрекет, қимылдың мәлім болған затқа қарата айтылуы: *Өгү билмаз ерга өгүт өгрәтүр* (اوگو بلماز ىرگا اوگوت اىگراتور)ҺХ 45/ Мақтау білмес ерге мадақ үйретер.

Табыс септігі. Шығармада табыс септігінің формасы сөз түбірі немесе негізінің сипатына қарай *-ы//-и//-ны//-ни//-(ы)н-(и)н//-ун//-үг* аффикстерімен көрініс табады: *сөзи* (سوزى)– сөзді; *ағызйий* (اغوزيي) – ауызыңды; *башыны* (باشونو) – басын.

Табыс септігінің формасы XI-XIV ғасырларда жазылған жәдігерлермен жалпы және жеке өзіне тән ерекшеліктерге ие.

Шығарма тілінде бұл септіктің берілуі қазіргі қазақ тіліндегі салт етістіктерге қатысты. Салт етістікпен берілген субъектінің іс-әрекеті тікелей объектіге өтеді, объект туралы пікір жүргізіледі. Әрекеттің мөлшері, шекарасы, уақыты сияқты мағыналарды береді.

Табыс септігінің жалғауларына да дыбыстар үндестігі тән, бірақ ерін дауыстылар үндестігі шығарма тіліне тән емес.

Шығармада табыс септігінің көне формасы толығымен сақталып қалған. Бұған шығармада 4 мысал кездеседі:

(اننن وز ىرور بو كتاب بىر سوزوك، تاولاپ كىتورتوم، كىمىشتىم چوسوگ) *Анин үз ерүр бу китаб бир сүзүк, Талулап китүртүм, кемиштим чүсүг* ҺХ 477, 478/ Сондықтан үздік болар бұл кітап бір сүзік, Толғап келтірдім кеміттім жүзін.

Шығармада табыс септігі барыс септігінің орнына да жұмсалған: *Ахы ер билигни йета билди көр* (احو ىر بلىگنى يىتا بلدى كور)ҺХ 237/Жомарт ер білімді жете білді көр.

Табыс септігімен түрленген зат есімдердің грамматикалық ерекшелігі және мағынасына қарай септік жалғаулары түсіп қалуы мүмкін.

1. нақты мағына білдірмеген зат есімдерде табыс септігі көрсетілмейді: *Катыг кизла разың киши билмасун* (كاتىغ كىزلارازون كىشى بىلماسون)ҺХ 169/ Қатты жасыр сырың кісі білмесін.

2. табыс септігінде келген сөз етістікпен байланысты болса, септік жалғауы түсіп қалады: *Улуғлуқ тапару елик сундуқуң* (ولوغلوق تاپارو ىلىك سوندوقن) ҺХ 286/Ұлықтың жағына қол ұсынғаның.

Тіпті құрамында иелік болған зат есімдерде де табыс септігі көрсетілмейді: *Йаратды уғаным түнүң, күндүзүң*(ىاراتتو وغانوم تونون، كوندوزون) ҺХ 13/Жаратты құдайым (ол құдай) түнің күндізін.

Табыс септігі төмендегі мағыналарды білдіреді:

1. әрекеттің тікелей объектіге өтуін көрсетеді: *Билиг бил са'адат йолыны була* (بلىگ بىل سعدات ىولونو بولا)ҺХ 13/ *Білік біл бақыт жолын тап*.

2. объекттің өзі туралы пікір айтылады: *Тарықлық теп айды ажунны расул* (تاروقلوق تىپ ادو اجوننو راسول) ҺХ 191 / Егістік деп айтты дүниені елші.

Табыс септігінің XI-XIV ғасырлардағы ерекшелігі туралы А.М. Щербактың пікірінше, бұл дәуірде табыс септігінің формасы грамматикалық және семантикалық жағынан анық болған зат есімдерде бар болса да, анық емес, жалпы мағынадағы зат есімдерде түсіп қалады. Бұдан бөлек, А.М. Щербак табыс септігінің *-үг//-уғ* формасының қолданылуы бұл дәуірде дәстүр бойынша екендігін көрсетіп өтеді [106, 93].

Түркі тілдерінде бірыңғай қатаң дауыстылар өмір сүрген дәуірлерде қызмет еткен **-уқ** формасы дауыссыздар ұяңданғанда, дауыстылар жіңішкергенде **-уғ\-үг** формасына айналған. Еріндік **у** мен **ұ** дауыстылары тіл-тілде қысаңданған кезде -**ық\-ығ\-іг** формалары пайда болған. Даму жолы: **-уқ>-уғ\ -үг> -ық \-ығ-іг.** Бір форма тарихи даму барысында алты формаға айналып тұр. Синкретті түбірлерге немесе синкретті тектес түбірлерге жалғанған қимыл есімнің **-уқ** формасы өзінің варианттарымен бірде табыс септігінің жалғауына айналса, бірде түбірге сіңісіп көнеріп кеткен. Мысалы, **көз, жан** – зат есімдер. Ескіше **көзік тур, жанық тур**, қазіргі тілде **көзікті, жанықты**. **Сүй, көр**-етістіктер. Ескіше **сүйік тур, көрік тур**, қазіргі тілде **сүйікті, көрікті.**

Жоғарыда айтылғандарды қысқаша былай тұжырымдауға болады. Ежелгі дәуірлерде табыс септігінің ешқандай да морфологиялық формасы болмаған. Сөздер сабақты етістікпен тіркескенде табыс септігінің мәні жасырын түрде түсінілген. Қимыл есімнің жұрнағы **-уқ** тарихи даму барысында табыс септігі мәнін де қоса білдіріп, ақырында табыс септігінің жалғауына айналған. Сабақты етістік табыс септігі жалғауының пайда болуына себепкер болған. Қимыл есімінің жұрнағы **-уқ** тілдегі сан алуан өзгерістерге байланысты вариантталған: **-уқ>-уғ|-үг>-ық|>ығ-іг.** Дауыссыздар ұяңданған, дауыстылар қысаңданған, жіңішкерген. Ақырында дауыссыздар жойылып кетіп, дауыстылар табыс септігінің қызметін атқара берген. Бұл дауысты оғыз тілдерінде өзінің алдынан тәуелдік жалғауы үшінші жағының өлі **н** элементін қосып алған: **-ны|-ні.** Қыпшақ тілдері сингармонизм заңдылығы қатты дамығандықтан мұны **-ты|-ті,-ды|-ді** формаларына айналдырып жіберген. Бұларға қоса табыс септігі жалғауы деп жүрген **н** формасы да - тәуелдік жалғауы III жағының өлі элементі екен. «Һибат-ул хақайық» ескерткішінің құндылығы сонда аталған формалардың қай-қайсысы да, көнесі де, жаңасы да кездеседі.

Жатыс септігі. Шығармада жатыс септігі сөз түбірінің сипатына қарай -*да//-дә//-та* аффикстерімен көрініс табады: *ажунда* (اجوندا) – дүниеде; *ердә* (بردا)– ерде, кісіде; таби′атда (تابعتدا) - табиғатта.

Жатыс септігінің формасы және оның мағынасы XI-XIV ғасырлардағы басқа жәдігерлер тіліне жақын және шығарманың өзіне тән ерекшеліктеріне ие.

Бұл септік аффикстерінде дыбыстар үндестігінің қатаңдық, ұяңдық ерекшеліктері бар. Ал ерін дыбыстарының үндестігінің әсері жатыс септігінің аффикстерінде кездеспейді.

Жатыс септігінің аффикстері шығарманың **А** нұсқаларында орфографиялық ерекшелігіне қарай арнайы белгі қатаң **т** және ұяң **д** дауыссыздары үшін қолданылу себебімен 2 түрлі оқылуы мүмкін: *ердә//ертә* – ер адамда; *тарықлықда//тарықлықта* – диқаншылықта.

Жатыс септігінің формасы шығыс септігінің орнына қолданылуы кездеседі: *Бу дунийа соңыта йүгүрмак нечә* (بو دونيا سونوتا يىگورماك نىچا) hX 181/ Бұл дүние соңында жүгірмек неше.

Зат есім мен есімдіктер ғана емес, кейбір есімшелер де жатыс септігінің формасында келеді: *түрәтмишдә* – жаратылғанда; *сөзләгәндә* – айтқанда.

Уақыт және мекен қарым-қатынасын білдіретін септіктерінде септік жалғауларынан алдын үшінші жақ жекеше формасында дәнекер **н** кездеседі. Бұл дәнекер **н** жатыс септігінде де бар. Уақыт және мекен қарым-қатынасын білдіретін септіктерде дәнекер **н**-ның келуі кездейсоқ жағдай болмай, бәлкім ол мәлім болған кезде кейбір функцияны атқарған. Кейіннен оның грамматикалық функциясы жоғалса да формасы сақталған.

А.М. Щербак дәнекер **н** көмектес септігінің қалдығы сипатында дүниеге келген деп көрсетеді.

Ал В.М. Насилов дәнекер **н** ескі иелік аффиксінің (*-сын//-син//-ын//-ин)* редукцияға ұшырау нәтижесінде пайда болуы мүмкін және барыс септігінің жалғаулары (*-қа//-кә//-ға//-гә)* мен қатар келгенде аралас *-ң* дыбысын қажет етеді деп көрсетеді [107, 27-33].

Уақыт өтуімен иелік қосымшасы уақыт және мекен қарым-қатынасын білдіретін септіктерде дәнекер **н** формасына келген деп айтуға тура келеді.

Жатыс септігі төмендегі мағыналарды білдіреді:

1. іс-әрекеттің орындалу орнын көрсетеді: *Ажунда ат едгү қотуп барды көр* (ҺХ 240 / Дүниеде ат ізгі қойып өлді көр; *Еки нәң бириксә бир ерта халы* ҺХ 153/ Екі зат біріксе бір ерде егер.

2. іс-әрекеттің орындалу уақытын көрсетеді: *Анын күнда арта турур бу бида* (ҺХ 404/Сондықтан күнде арта түседі бұл бейбастық.

3. әрекеттің қандай жағдайда немесе қандай салада екенін көрсетеді: *Салабат ичинда Умар дәк жуван* (ҺХ 53/ Қайтпас қайсарлықта Омар сияқты мәрт.

4. көмекші мағынасын білдіреді: *Тарығлығда қатлан тары есгүлүг* (*ҺХ 192*/ Егістік деп айтты дүниені елші.

5. бүтіннен бөлшекті көрсетеді: *Қаны бу күн анлар мыңгында бири* (ҺХ 204/ Қане бұл күн олар мыңында бірі.

Жатыс септігінің формасы шығыс септігінің орнына қолданылғанын С.Е. Малов, А.М. Щербак, И.А. Батмановтар айтып өтеді. Бірақ шығармада жатыс септігінің формасы шығыс септігінің орнына сирек қолданылған.

Шығыс септігі. Шығармада шығыс септігі зат есім немесе заттанған сөздердің сипатына қарай *-тын//-тин//-дын//-дин//-дан* аффикстерімен көрініс табады: *өлүкдин*(اولوكدن) - өліктен; *отдин* (اوتدن) – оттан; *тилиндин* (تىلىندىن) - тілінен; *етгүсиндин*(بتگوسندن)– жақсысынан.

Шығармада шығыс септігінің формасы мен мағынасының берілуі жағынан XI-XIV ғасырларда жазылған басқа жәдігерлерге жақын. Сонымен қатар, шығарманың өзіне тән ерекшеліктері бар.

Шығарманың **Ә** және **Б** нұсқаларында шығыс септігінің *-дын (-дин)* формасы, ал **А** нұсқасында *-тин* жалғауы, кей тұста *-дин* жалғауы жалғанған. Дегенмен, *-тин* жалғауы басым. Мысалы: **А** нұсқасында *биликтин*, **Ә** және **Б** нұсқасында *биликдин* (بىلىكدىن) – білімнен.

Өз саласында әлемге белгілі түрколог Э.Н. Наджип Орта Азия мен Қазақстанда жарық көрген тарихи жазба ескерткіштердің көпшілігі оғыз-қыпшақ тілінде, немесе қыпшақ-оғыз тілінде хатқа түскенін атап көрсетеді. Ол қыпшақ тілдерінің элементтері басым болса, қыпшақ-оғыз тілінде жазылғандығын, оғыз тілінің элементтері басым болса, оғыз-қыпшақ тілінде жазылғандығын ғылыми жолмен негіздейді [104, 81-82]. «Һибат- ул хақайиқ» ескерткіші де қарлұқ-ұйғыр тілдік элементтеріне қарағанда, оғыз, қыпшақ элементтерінің әлдеқайда басымдылығымен ерекшеленеді. Алайда шығыс септігінің формаларына келгенде мұндай басымдық қарлұқ-ұйғыр тілінің үлесіне тиеді. Сол кездегі әдеби дәстүр бойынша кез келген шығармашылық өкілі өз туындысын өмірге келтіргенде бастан-аяқ шығыс септігінің бір-ақ формасын, атап айтқанда, *-дин* формасын пайдалануға тиіс болған. Оғыз, қыпшақ тілінде жазатын ақын, жазушылар әдеби дәстүрді ұстанғанымен өз тілінің элементтерін ерікті-еріксіз енгізіп жіберіп отырған. Мұның көріністерін шығыс септігінің жалғауларынан әбден аңғаруға болады.

144, 442, 444 бәйіт жолдарында **А** нұсқасында *-тин* не *-дин* түрінде, **Ә** нұсқасында *-та*, ал **Б** нұсқасында *-да* жалғауы жалғанғанын көреміз. Мысалы: **А.** Булунмаз қамуғ қызтин қызрақ ол/ **Ә.** Булунмаз қамуғ қызта қызрақ ол/ **Б.** Булунмаз қамуғ қызда ол қызрақ ол ҺХ 444.

Тілдік фактілерге сүйенсек, мынадай мағлұматтарды аңғаруға болады.

116-бәйіт жолында:

А. Өкүнч ол аңғар йоқ өң **анда адын**
Өкініш ол. Оған жоқ үлес одан басқа.
اوكونچ اول انكا بوق اونك اندا ادىن

Ә. Өкүнч ол аңғар йоқ өң **анда адын**
اوكونچ اول انكا بوق اونك اندا ادىن
Өкініш ол. Оған жоқ үлес одан басқа.

Б. Өкүнч ол аңғар йоқ өң **анда адын**
اوكونچ اول انكا بوق اونك اندا ادىن
Өкініш ол. Оған жоқ үлес одан басқа.

Осы бәйіт жолындағы «одан басқа» деген мағына беретін «анда адын» тіркесі шығыс септігінде тұр. Ескі ұйғыр тіліндегі **-дин** формасы бұл жерде әдеттегідей қолданыс таппаған. Оның орнына оғыз-қыпшақ тілдеріндегі шығыс септігінің **-да** формасы пайдаланылған. Мұның себебі бұл тіркес – тұрақтанған тіркес. Оғыз-қыпшақ тілдерінде жиі жұмсалатындықтан, дастан авторы Ахмед Йүгінекидің өзі мұны өзгертуге шамасы келмеген. Әдеби дәстүрдің ықпалымен шығыс септігінің **-дин** формасын дәл осы тіркесте пайдалана алмаған. «Анда адын» тіркесінің үш ескерткіште бірдей қолданыс табуы біздің осы пікірімізді дәлелдейді. Өкінішке орай, мұндай тұрақтанған тіркестер өте аз. Ескерткіштің оғыз-қыпшақ тілінде жазылғандығына, оған ескі ұйғыр тілінің ықпалына ұшырағандығына осы фактінің өзі белгілі бір дәрежеде дәдел бола алады. Басқа бәйіт жолдарында шайырдың өзі пайдаланды ма, әлде көшірмешілер өзгертіп жіберді ме, белгісіз, оғыз-қыпшақ тілдеріндегі шығыс септіктің **-да** формасы мен қарлұқ-ұйғыр

тіліндегі **-дин** формасы жарыса қолданылады. Ескерткіштің бір нұсқасында бұл формалардың біреуі пайдаланылса, екінші нұсқасында екіншісі қолданыс тапқан.

Дәнекер **н** бұл септік формасында да көп қолданылады, ол септік жалғауларынан алдына қосылып келеді.

Шығыс септігі төмендегі мағыналарды береді:

1. әрекеттің басталуын, шығу орнын көрсетеді: *Кел отдин өзүң йул өлүмдин өңга* (كل اوتدن اوزون يول اولومدن اونگا) ҺХ 12/ Кел оттан өзің жұл өлімнен бұрын.
2. әрекеттің себебін білдіреді: (تيلندى توگلدى تيلم ير قانو) *Тилиндин төгүлди телим ер қаны* ҺХ142/Тілінен төгілді талай ер қаны.
3. бүтіннен бөлшекті көрсетеді: (بو دونيا نانگيندن ييگو كيتگولوك) *Бу дунийа нәңгиндин йегү китгүлүг* ҺХ189/ Бұл дүние затынан ас киімдік.
4. салыстыру мағынасын береді: (بير يرتين بير يرگا تافاوت تيلم) *Бир ертин бир ерга тафавут телим* ҺХ 319/ Бір ерден бір ерге айырма көп.
5. іс-әрекеттің уақытын білдіреді: (بيلوپ يتار يشن وكونماس كادين) *Билүп етар ишни өкүнмәс кәдин* ҺХ114/ Біліп етер істі өкінбес кейін.
6. іс-әрекеттің бір нәрседен алшақтауын көрсетеді: *Есизликтин өзни сиңғару салып* (يسزلكتين وزنى سينغارو سالوپ)ҺХ 366/ Ақылсыздықтан өзіңді сырт салып.

А.М. Щербак шығыс септігінің форма, мағына және функцияларына тоқталып, *-да//-дә* формасы XII-XIII ғасырлар үшін тән емес екендігін айтып, бұл форманы жатыс септігінің формасында береді. Шығармада бұл жағдай тек кейбір орындар да ғана кездеседі. Осыған орай, біз шығыс септігінің формасы деп қарастырдық.

Көмектес септік. Көмектес септігі шығармада зат есім немесе заттанған сөздердің сипатына қарай *-ун//-ын,-ин* аффикстерімен көрініс табады: *йүзин* – жүзімен; *сөзин* – сөзімен; *елгин*-қолымен; *бирин*-бірімен.

Шығармада бұл септік арқылы берілген мысалдар «Диуани лұғат ат-түрк» және «Құтадғу білікке» қарағанда аз кездеседі. Көмектес септігі қызметінің шығармада көмекші сөздер арқылы берілуі күшейгенін көруге болады. Соңғы дәуірлерде бірдей функцияны атқарушы екі грамматикалық категорияны қолданудың қажеттілігі болмаған соң бұл параллель формалардың бірі азырақ жұмсала бастаған. «Һибат-ул хақайиқта» көмектес септігімен берілген мысалдар 8 жерде кездеседі.

Көмектес септігі төмендегі мағыналарды береді:

1. көмек мағынасын береді: (بير يلگن توتوپ شاهد بيرى ذاهار قاتا) *Бир елгин тутуп шаһд бирин заһар қатар* ҺХ 206/ Бір қолымен тұтып бал бірімен заһар (у) қатар.
2. тәртіпті білдіреді: (بيرين كيلزا راحات كيلور رانج ونون؛) *Бирин килзә рахат келүр ранж онун* ҺХ 210/ Біріндеп келсе рақат келер реніш он-ондап.
3. жағдайды түсіндіреді: (سانى تاركين سسز قولوقلوغ قولور) *Сәни тәркин есиз қылықлыг қылур* ҺХ 380/ Сені дереу (тезімен) ессіз қылықты қылар.

Түрколог ғалымдардың пікірінше көмектес септігінің жалғауы көне түркі тілінде болған және ол бірнеше даму сатысынан өткен, ал қазіргі кезде үстеулердің құрамына еніп, өлі тұлғаға айналған.

Жазба ескерткіштер тілінің морфологиялық құрылымын зерттеген Р. Досжан көмектес септігі туралы былай дейді: «Біздің тілімізде қолданылып жүрген көмектес септік жалғауы кейін пайда болған және ол көмектес септігінің көне тұлғасы -ын, -ин, -ун-нан жасалынбаған»[61, 115].

Қазіргі заман туыстас түркі тілдерінде ескі көмектес септігінің қалдықтары кездеседі.

Зат есімдерде көптік категориясы морфологиялық, лексикалық тәсілмен көрініс табады. Лексикалық мағынасына қарай зат есім сөйлем ішінде жекеше не көпше түрде қолданылады.

Көптік жалғауы. Шығармаға тән көптік категориясы XI-XIV ғасырларда және одан кейін жазылған шығармалардың грамматикалық ерекшеліктерімен ажырамастай байланыста. Бұл дәуірде жазылған ескерткіштердегі көптік жалғаулары шығармада да бар. «Һибат-ул хақайиқта» көптік *–ан//-ән* жалғауы көне формада кездеседі.

Билик билди болды ерән белгүлүг (بلىك بولدى بولدو ران بلگولوگ) *ҺХ 93* /Білімді білді болды ерлер белгілі.

Махмуд Қашқари *-ән* аффиксімен көптік тұлғасының жасалуын айтса да, оның пікірінше бұл аффикс өнімді емес. Кейбір шығарма тілінде көптіктің бұл формасы сақталғанын көруге болады. Осыған орай, шығарма тілінде бұл аффикстің кейбір орындарда сақталуы бекер емес.

Көптік жалғауларда дыбыс үндестігі бар. Ал ерін дыбыстарының үндестігі көптік жалғауына әсер етпейді.

1. морфологиялық тәсілмен көптік категориясы арнайы аффикстер арқылы жасалады: *-лар//-ләр//-ән* аффикстері зат есім немесе заттанған сөздерге қосылып, көптік мағынасын береді: *адаблар* (ادابلار) – әдептер; *елиглар* (ليگلار) – қолдар; *кичикләр* (كىچىكلار) – кішілер; *дәлилләр* (دالىللار) – дәлелдер. Ескерткіш тілінде -лар 27 рет, -ләр 4 рет, *-ән* аффиксімен көптік тұлғасын жасау 3 жерде кездеседі. Тушугли (توشوگلى) – түскендер (178), көрүң (كورون)– көріңдер (274), нафисни (نافسنى) мейірімділерді (447) бәйіттегі сөздер көптік мағына білдіреді.

2. синтаксистік жолмен көптік жалғауын жасау мөлшерді білдіретін сөздермен іске асады: (مون ىر دوستون ىرسا وكوش كورماگنل) *Мың ер достуң ерса өкүш көрмәгил* ҺХ 359/ Мың ер досың болса көп көрмегіл.

3. лексикалық тәсіл: а) кейбір мөлшерді білдіретін үстеулер көптік мағынаны білдіреді: (تىلىم مال اوكوش قول كاراباش كىراك) *Телим мал өкүш құл қарабаш керәк* ҺХ 298/ Тола мал көп құл күң керек; *Өкүшрак кишиниң ичи ғадр ерүр* (اوكوشراك كىشىنن ىچى غادر ىرور) ҺХ 383 / Көптеген кісінің іші арам болар. б) көп нәрсені ұғындыратын жалпылау есімдігі көптікті білдіреді: *Қамуғ тил ахы ер сәнасын айур* (قاموغ تىل احو ىر ساناسون ايور) ҺХ 229/ Барлық тіл жомарт ер мадағын айтар.

4. Кейбір зат есімдер мазмұнына қарай жеке не көпшені көрсетеді.

Көптік *-лар//-ләр* жалғауларының синтаксистік қарым-қатынасына қатысатын сөздердің қолданылуы төмендегідей:

1. объект және предикат қарым-қатынасында *-лар//-ләр* аффиксі қосылады: (كوزلارىن يوموپ كىچارلار نوز نوروپ) *Йүз еврүп кечарлар йумуп көзларин* 424/ Жүз бұрып өтеді жұмып көздерін.

2. анықтаушы *-лар* аффиксі қосылып, анықталатынға қосылмайды: *Адаблар башы тил күдәзмак тейүр* (ابادلار باشو تىل كودازماك تنور) ҺХ 130 / Әдептептілік басы тіл күзетпек тұрар.

3. субъект жекеше, объект және предикат көпше формасында келеді: *Төсү құл қылурлар азад өзларин* (توسو قول قولولار ازاد وزلارىن) ҺХ 422/ Бәрі құл қылады азат өздерін.

4. субъект көпше предикат жекеше формасымен кездеседі:*Сафалығ 'ажаб йер көңүллар йарур* (سافالوغ أجاب بير كونوللار يارور) ҺХ 494 / Сапалы ғажап жер көңіл жарық болар.

Зат есімдердегі тәуелдік категориясы. Шығармада зат және оқиғаның мәлім бір адамға немесе бір нәрсеге қарасты екендігін көрсетуші тәуелдік қосымшалары жекеше формада кездеседі. Көпше тәуелдік аффикстері қосылған мысалдар шығармада жоқ.

Тәуелдік аффикстерінде үндестік заңы және толығымен ерін дыбыстарының үндестігінің әсері анық сезіліп тұрады.

Бұл аффикстерінің жекеше формасы сөз түбірлерінің сипатына немесе дауысты, дауыссыз дыбыстармен аяқталуына қарап, төмендегідей беріледі:

Ізақ	*-м//-ым//-им//-үм*	*идим* – тәңірім; *ешим* – досым;
II жақ	*-ң//-ың//-иң//-уң//-үң*	*сөзүм* – сөзім; *разың* – сырың; *тишиң* – тісің;
III жақ	*-ы//-и//-сы//-си*	*сөзи* – сөзі; *изиси* – тәңірі.

Шығармада тәуелдік жалғауымен ілік септігінің жалғауларының сәйкес болуы, тәуелдік жалғауы бар болып ілік септігінің түсіп қалуы, ілік септігі болған сөздің де ілік септігінің түсуі ұшырайды:

1. тәуелдік және ілік септігінің жалғауларының сәйкестігі: *Карамның башы бу ерүр кәй била* (كارامنون باشو بو نرور كاى بىلا) ҺХ 334/ Адамгершіліктің басы бұл болар қатты біл; *Ол ишиң өңини соңыны сақын* ҺХ 370/ Ол істің алдын соңын ойлан.

2. тәуелдік жалғауы бар болған жағдайда ілік септігінің жалғауы түсіп қалады: *Адаблар башы тил күдәзмак тейүр* ҺХ130/ Әдептілік басы тіл күзетмек тұрар; Санып сөзләған ер сөзи сөз сағы ҺХ 133/*ойланып сөйлеген ер сөзі сөз сауы*.

3. тәуелдік аффиксі бар болған жағдайда ілік септігінің жалғауы болған сөздің түсуі мүмкін: *Билигсиз есан еркан аты өлүг* ҺХ 96/ Білімсіз аман жүрген аты өлік; (قاتوغ كىزلا رازون كىشى بىماسون) *Қатыг кизлә разың киши билмәсүн* ҺХ 169/ *Қатты жасыр сырың кісі білмесін*.

Зерттеуші Е. Есбосынов Әбу Хайианның «Әл-Идрак...» мәтінінде зат есімдердің тәуелдену үлгісін береді. Біз зерттеп отырған ескерткіш тілімен салыстырып қарағанда жекеше түрдің I, II, III жағының қосымшалары сәйкес келеді [108, 146].

Тәуелдік жалғаулары қатысқан сөз анықтауыш сипатын көрсетеді. Бұдан бөлек, тәуелдік жалғаулары предикатив, жұптық мағыналарды алған сөздер 2 түрлі функцияда келеді:

1) баяндауыш: *Тавар бирла ерса улуғсындуқуң, Улуғлуқ тапару елиг сундуқуң* (تاوار برلا برسا ولوغسوندوقون، ولوغلوق تاپارو بلىگ سوندوكون)ҺХ 285, 286/ Мал менен болса ұлықсынғаның, ұлықтың жағына қол ұсынғаның.

2) анықтауыш: (مون بر دوستا بىرى بولونماز كونى) *Мың ер достда бири булунмаз көни* ҺХ 382/ Мың ер достан бірі табылмас шыншыл.

Ескерткіш тіліндегі сөздерге жалғанатын жалғаулардың барлығы қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулармен тек фонетикалық жағынан ерекшеленеді.

Көмекші есімдер. Ескерткіш және қазақ тілінде де лексикалық мағынасынан айырыла бастап, сөйлем ішінде екінші бір сөзге тіркесіп, қолданылатын сөздер жатады. Мысалы, *ара* (ارا) – ара, арасы. Бұл көмекші есім сөз жатыс септігі қызметінде келеді және түрлі мағыналарды білдіріп, мәлім іс-әрекет немесе қимылдың қай салада қолданыста екендігін көрсетеді: *Кидинги келигли кишилар ара* (كدىنگى كىلىگى كىشلار ارا) *ҺХ* 73/ *Кейін келген кісілер арасында;'*айбқа қойуп тур халайық ара 489/ *Айыпқа қойып тұр халайық арасында.*

ичрә (ىچر ا) – ішінде көмекші есімі жатыс септігінің орнына келіп, іс-ірекет немесе қимылдың іске асу орнын көрсетеді: Булур бир нәң ичра дәлилләр мың-а (بولور بىر نان ىچرا دالىلّار) ҺХ / *Табар бір зат ішінен дәлелдер мың; Билигсизлиг ичра қаны хайр йиди ҺХ 122/ Білімсіздік ішінде қайыр жоқ деди.* Көне ұйғыр жазба дәстүрінде орын алған ичра сөзі біз зерттеп отырған ескерткіштің үш нұсқасында да осы формада келеді.

өзала/өсала/үзила (وزالا/ وسالا/ وزىلا)– *үстіне* формасы шығармада тек бір жерде кездесіп, барыс септігінің мағынасында келеді және әрекет немесе қимылдың қалай орындалатынын білдіреді: Вабал көтрү барды өзала сөкүш (وابال كوترو باردو وزالا سوكوش) ҺХ 242/ *Обал көтеріп өлді үстіне сөгіс.*

Байқап отырғанымыздай, ескерткіш мәтінінің үш нұсқасында фонетикалық ерекшеліктері көрінеді. А мен Ә нұсқаларында *з-с* дыбыс алмасулары орын алса, Б нұсқасындағы үзила шылауының түбірі үза деп танимыз. Мысалы, Кечүр сән ма ′умруң көнилик үза ҺХ 158/Кешір сен де өмірің шыншылдықпен. Ескерткіш тілінде өзала/*узиала* септеулігінің түбірі саналатын *үза* септеулігі жатыс септігінің орнына келеді. Сонымен қатар, көне ұйғырлық жазба дәстүрінен үзә, үзрә шылауларын кездестіруге болады.

2.2 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сын есімнің жұмсалу сипаты, статистикалық ерекшелігі

XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда барлық сөз таптарының жасалуы, грамматикалық ерекшеліктері мен функциялары жағынан бір-

біріне жақын. Сонымен қатар, әрбір шығармада өз дәуіріне тән грамматикалық ерекшеліктер кездеседі, бірақ бұл ерекшеліктер бір шығармада толығымен кездессе, екіншісінде одан азырақ, немесе толығымен көне формада кездеседі.

«Һибат-ул хақайиқта» кездесетін кейбір сөз таптары – лексикалық, грамматикалық жағынан өзіне тән форманы сақтаумен қатар қазақ тіліне ұқсас және айырмашылықтарының болуымен ерекшеленеді.

Зерттеу барысында ескерткіштегі зат есім, сын есім және үстеулердің кейбір грамматикалық формаларын есепке алмағанда олардың өзіне тән дерлік морфологиялық формалары жоқ екенін байқадық. Олар өзара немесе басқа сөз таптарымен синтаксистик қарым-қатынасқа түскенде олардың арасындағы айырмашылықты ажыратуға болады.

Шығармада туынды сын есімдермен қатар түбір сын есімдер бар, оның ішінде зат есім жасайтын аффикстердің көпшілігі сын есім жасайды. Сын есімдердің форма тұрғысынан атрибуттарды қабылдауы олардың сипат, ерекшелік білдіруінде өзіне тән тараптары бар. Шығарманың жазылған уақытына қарамастан түбір немесе туынды екендігін ажырату мүмкін емес сын есімдер де бар. Қазіргі тұрғыдан қосымшалардың түбірге әбден сіңісіп кету салдарынан мұндай сын есімдер түбір мағынаға ие деп қаралды.

Ескерткіш тіліндегі түбір сын есімдер қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер сияқты заттардың сипатын білдіреді. Мысалы: *суқ* (سوق) – сұқ, сұғанақ, ашкөз; *көб* (كوب) – көп, мол; *есиз* (يسز) – 1. жаман, нашар, ақылсыз, ессіз; 2. жамандық, дұшпандық.

«Һибат-ул хақайиқта» сын есімдер төмендегі мағыналарды береді:

1. реңк-түсті білдіреді: *ал* – 1. қызыл, алқызыл; *қызыл* –қызыл; *боз* – боз; *бөз* – бөз; *үрүң* – ақ;

2. көлемін білдіреді: *аз* – аз; *азла* – аз демек, болмашы демек; *азрақ* – азғантай; *артуқ* – артық, көп; *бүтүн* – бүтін, толық, түгел; *еслүр* – азаяр; *кең* – кең; *ушақ* – ұсақ;

3. қашықтық-ұзындық өлшемдерін көрсетеді: *едиз* – биік, жоғары; *едизрак* - биігірек; *йақын* – жақын; *йырақ* – жырақ, қашық; *озуқ* –ұзақ;

Едиз – биік. Көне түркі сөздігінде 1. высокий 2. возвышенный 3. высоко деген мағыналары тіркелген [88, 164]. Ескерткіште *едиз* – биік, *едизрак* – биігірек формасында ұшырасады. Қазақ тілінде *едизрак*-биігірек, ал өзбек тілінде *баландрок*-жоғарырақ деп аударылса, түрік тілінде *daka yüksek* түрінде берілген. Бұл жердегі *“daka”* сын есімге күшейтпелі мағынаны жүктейді.

4. дәмін білдіреді: *ачық* – ащы; *татықсыз* – ащы; *сүчүк* – тәтті;

5. адамның қасиетін және зат, әрекет немесе жағдайды білдіреді: адын - өзге, басқа, бөтен; арсиг – ержүрек, қорықпайтын; артағ – жаман, бұзық, қасқой; асығсыз – пайдасыз, зиянды; асығлық – пайдалы, тиімді; бек – берік, қатты, мықты; берк –берік, қатты, мықты; берклиг – беріктік, мықтылық; билиглиг-білімді, ғалым; билигсиз – білімсіз, надан; билигсизлиг – білімсіздік, надан; бирлығ – даралық, жалғыздық; бош – бос, еркін; бошлуғ – еркіндік, бетімен жіберушілік; бөрклүг – бөрікті; бусуғлы – жасырынулы;

дырыңсыз – тоқтаусыз, кешеуілдемей; егрилиг – қисықтық, қыңырлық; едгү – игі, жақсы, ізгі; едгүлүг – жақсылық, ізгілік; едгүрак – жақсырақ, ізгірек; ерклиг – 2. еріксіздік; есан – аман сау, аман-есен; есиз -1. жаман, нашар, ақылсыз, ессіз 2. жамандық, дұшпандық; есизлиг – жамандық, нашарлық, оңбағандық; ескир – ескір, көнер; *йавуз* –жауыз, жаман; иначлық – иланарлық, нанымды; инч – тыныш, жәй; йавуз – жауыз; йазуқ – жазық, кінә; йазуқлуқ – жазықты, кінәлі; йалған – жалған, өтірік; йалың – жалаңаш; йалыңлан – жалында; йаңыл – жаңыл, қателес, адас; йарағ – қолайлы жағдай, сәт; йарағлық – жарамды; йер – 2. жиіркен, ұнатпа, жақтырма; йелигли – адасушы, жортушы; йоллуқ – үлгілі, өнегелі, шындық жолын қуушы; қуруғ – бос; қазғанықлы – жиылған, терілген, жиюлы; қутлуғ – бақытты; тетиг – сезімтал, байқағыш, түсінігі мол; тетиглик – сезімталдық, түсініктілік; төзүнрак – төзімдірек, ұстамдырақ, сабырлырақ; асығсыз – пайдасыз, зиянды; йемишсиз – жеміссіз, жемісі жоқ; ийги – жақсы, игі; йигит – жас; йиглиг – жақсылық, игілік; йолсуз – жолсыз, өнегесіз; йоллуқ – үлгілі, өнегелі, шындық жолын қуушы; йоқ – жоқ; йоқлуғ – жоқтық; йүгүрүк – жүйрүк; кераклиг – керекті, қажетті; кераксиз – керексіз, қажетсіз; кертү – 1. шын, ақиқат 2. анық, айқын; кет – мықты, қатты, берік; кир – кір, лас; кичик – кіші, кішкентай; кичилиг – адамгершілік; кишисиз – кісісіз, адамсыз; көрк – көрік, сымбат, ажар; көрклүг – көрікті; қадғусыз – қайғысыз, уайымсыз; қатығ – қатты, мықты; қатығлық – қиын, ауыл; қатығсыз – қиындықсыз, жеңіл; қыз – қымбат; қылығлық – қылықты, мінезді; қылықты – қылықты, мінезді; маллығ – малы көп, бай; малсыз – малсыз, дүниесіз, бай емес; озуқ – озық, озат; өкүш – көп; өкүшрак – көбірек; өңин – бөтен, басқа, өзге; сағ – 1. жақсы, дұрыс, таза; сылық – сыпайы, сынық; таварсыз – таварсыз, малы жоқ; таңсуқ – ғажап, таңғажайып; тар – тар; тең – 1. тең, теңдес 2. тең, жүк; таңагли – теңдес, тең; тириг – тірі; тирилгү – тірі, жанды; тоқлуғ – тоқтық; толу – толық, түгел; түрлүг – түрлі; узун – ұзақ, көп; уқушсыз – топас, надан, ақымақ, ақылсыз; уламсыз – тірегі жоқ, сүйеніші жоқ; улашу – үздіксіз, үнемі, әрдайым; улуғлуғ – ұлықтық, ұлылық; усан – салғырт, селқос, салқын қара; усанмақ – салғыртсымақ, салқын қарамақ, жерімек; үз – үздік, айрықша; үчүз – арзан; өрүң –жарық.

Артақ – жаман, бұзық, қасқой. Көне түркі сөздігінде *«артақ»* сөзінің беретін мағынасы *испорченный, нарушенный, гнилой* [88, 56]. *Артақ* сын есімі ҺХ ескерткіш тілінде 395 және 413 жолдарында кездеседі. Р. Арат пен Б. Сағындықұлының жасаған транкскрипциясында *sen artak sen anin ajun artadi* ҺХ 395 деп берілсе, өзбек ғалымы Қ. Махмудов *сән артаксан анын ачун артады* деп беріледі. Дегенмен барлығында *сен бұзықсың* деп аударылады. 413 жолдағы *артақ* сөзін Р. Арат *ақылсыз* деп аударса, Б. Сағындықұлы мен Қ. Махмудов *бұзықтық істеуші* деп аударма береді. Қазіргі қазақ тілінде *артақ* сөзі қолданыста болмағанмен, *«артық қылық жасама»* деген тіркес бар. Оның мағынасы жамандық, бұзықтық жасама деген сияқты мән береді. Демек, біздің тілімізде артақ формасы сақталмағанымен, көне мағынасы сөз тіркестерінде сақталып қалған.

Ахы жомарт. Ахы сөзі көне түркі сөздігінде *шедрый* мағынасын білдіреді [88, 48]. Ескерткіш тілінде *ахы* сөзі 9 рет, *ахылық* 5 рет, *ахылықны* 1 рет кездеседі. Түркі тілдеріндегі аудармаларға мысал келтірсек, түрік ғалымы Р. Араттың еңбегінде *ахы* сөзі *жомарт* деп аударылған. Öğersen, cömert adamı öğ. Қазақ және түрік тілдеріндегі аударма бірдей. Қ. Махмудов өзбек тіліне *Мақтасанг сахий кишининг мадхини қил* / Жомарт ерді мақтағыл мақтар болсаң сен деп тәржімалаған. Түрік тілінің *cömert* (жомарт) сөзі *мәрт* сөзімен, өзбек тіліндегі *сахий* ескерткіш тілінде қолданылған *ахы* сөзіне фонетикалық тұрғыдан жақын.

Кертү анық. Ескерткіш тілінде *кертү* сөзі бір рет қана 368 жолда кездеседі. А және Б нұсқасында *кертү*, Ә нұсқасында *кердүү*. *Кертү* сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі анық сөзі арасында ешқандай байланыс болмағанымен, қазіргі әзірбайжан, түрік тілдерінде анық, дәл сөзі *герчектен* деп қолданылады [67, 958]. Сөзге жалғанған қосымшалары әр түрлі болғанымен, түбір *кер-гер* бір болып тұр. Көне түркі сөздігінде бірнеше мағынаны білдіреді: 1. правдивость, верность 2. клятва 3. правдивый, истинный [88, 302].

6. заттың уақытқа болған қарым-қатынасын білдіреді: *берим* – бересі, берешек; *илкин* – алдымен, бұрын, әуелі; *йарынғы* –көктемгі, таңертеңгі; *йазынғы* – жазғытұрғы, көктемгі; *кезинги* –кейінгі.

7. заттың сапасын білдіретін сын есімдер: қатығ – қатты, мықты; қатығлық – қиын, ауыл; бек – берік, қатты, мықты; берк –берік, қатты, мықты; берклиг – беріктік, мықтылық;

Кез/кет/кәт сөзі ҺХ ескерткішінде 5 рет кездеседі. Қатты, мықтап, берік мағынасын білдіретін бұл сөздің ескерткіш тіліндек*ез, кәз, кәт, кит* деген нұсқалары жарыса қолданылған, бірізді емес. Бұл жерден *е~ә, з~т* дыбыс алмасуларын көруге болады. Араб және көне ұйғыр жазбаларын көшірмешілер немесе транскрипция жасаушы ғалымдар әртүрлі оқуы мүмкін. Себебі араб және көне ұйғыр жазбаларында дауысты әріптердің таңбасы жоқ. Мәтіндегі сөзге дауысты әріптерді жуан, жіңішке деп ретіне қарай таңба қойып оқиды. Осы ережеге сәйкес көшірмешілер бірде жуан, бірде жіңішке әріптерді қойып отырған болуы мүмкін.

Қыз - біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде ерекше мағынаға ие сөз. Мысалмен дәлел келтірсек ҺХ үш нұсқасында да *қымбат* деген мағынаны береді. *Чүз атлас болур қыз үчүзи бөз-өг* (چوز اتلاس بولور قوز وچوزی بوز وگ)ҺХ 480/Зер атлас болар қымбат арзаны бөз. Тағы да бір ерекшелігі *қиындық* деген мағынада жұмсалған. (بولونماز قاموغ قوزتن قوزراق) *Булунмаз қамуғ қызтин қызрақ ол* ҺХ 444/Табылмас. Барлық қиындықтан қиынырық ол. Мағыналарды көне түркі сөздігімен салыстырып қарастырғанда 1. девушка, незамужняя женщина 2. дорогой, драгоценный 3. скупой, жадный [88, 450] екінші мағынамен сәйкес келеді. *Қыз* сөзіне А нұсқасында *–тин*, Ә және Б нұсқасында *-та, -да* жалғауы жалғанған. Орта ғасыр ескерткіш тілінде шығыс септігінің жалғаулары ұйғыр, оғыз және қыпшақ тілдеріне тән ерекшелікті аңғаруға болады. Мәселен *-дин, -тин* көне ұйғыр тіліне, *-та, -те,*

-да, -де оғыз тобына жататын тілдерге және *-тан, -тен, -дан, -ден* қыпшақ тілдеріне тән болып келеді.

Шығармада сын есімдер етістік түбірі немесе негізіне арнайы аффикстер қосылуы арқылы, екіншіден, зат есім немесе зат есім орнына келген сөздерге қосымшалар жалғануы арқылы жасалады.

Зат есім және заттанған сөздерден, үстеулерден сын есім жасаушылар:

1. *-лик/-лық/-луқ/-луғ* аффикстері зат есім немесе есім сөздерге қосылып қатыстық сын есім жасайды: ***асығ*** пайда, олжа деген мағына береді, оған ескерткіштің А, Ә нұсқаларында *-лығ,* ал Б нұсқасында *-лық* жұрнағы жалғанып сын есім жасалынып тұр. (نان بار بىلىگ تاگ اسوغلوق ونگىن) *Нәң бар билиг тәг асығлығөңгин* ҺХ100/ Не зат бар білімнен пайдалы өңге. Сонымен қатар, осы жұрнақ үстеу сөздерге жалғанып, сын есім қызметін атқарады. **Бирлик.** *Сәниң бирликиңге дәлил арқаған*(سانىن بىرلىكىنگى دالىل ارقاغان) ҺХ 7/ Сенің барлығыңа (бірлігіңе) дәлел іздеген. Ескерткіштің үш нұсқасынан *бирликиңге, барлықыңқа, бирлығыңға* сияқты фонетикалық ерекшеліктерді аңғаруға болады. **Кисүлик.** (بىريمدن باحىل بلا كسولىكا ول) Беримдин бахил ила кисүликка ол ҺХ 254/ Беруден сараң қолы қатты берік ол. Бұл сөз ескерткіштің А нұсқасында *кісілік* Ә, Б нұсқасаларында *кәт берклиг* формасында беріліп, яғни, *қатты берік* мағынасында жұмсалған. Текстологиялық зерттеу жүргізу барысында байқағанымыздай, А нұсқасындағы *кісілік* сөзін көшірмешілер өз дәуірінде дұрыс пайдаланбаған. Оған дәлелді себебіміз сөздердің мағыналық айырмашылығында болып отыр. Ескерткіште *бошлуғ* (135), *билиглик* (117), *бөрклүг* (320), *билигсизлик* (122), *бөрклүг* (320) сөздері *-лик/-лық/-луқ/-луғ* қосымшасы арқылы сын есімге айналып тұр. Ж. Тектіғұл өз еңбегінде белгілі ғалымдардың тұжырымдарын саралай келіп: «Түркі тілдерінде ғана емес, өзге тілдерде де қосымшалардың пайда болу, даму эволюциясы өте күрделі екені, сондықтан, әлі күнге шешімін таба алмай отырған мәселелердің бірі екенін байқаймыз», - дейді [109, 14].

XI-XII ғасырлар ескерткіштері тілінде *-луғ (-луқ, -лығ/-лық, -лүг/-лүк, -лиг/-лик)* деген сегіз түрлі варианты кездеседі [59, 29]. Ал қазақ тілінде алты варианты *(-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік)* қолданылады. Қазақ тілінде *-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік* жұрнақтары есімдерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақ. Олар арқылы нақтылы лексикалық мағыналы есімдерден абстракт ұғымды атау сөздер туады: *кісілік, биіктік, достық, жаңалық, сезімдік, батылдық.* Нақтылы (конкретті) заттардың да аттары туады: *орындық, тұздық, төстік, түндік.* Әр алуан мекендік, мезгілдік мағыналарды білдіретін есімдер жасалынады: *айлық, егіндік, апталық, түстік.* Есептік сан есімдерден қатысты заттық ұғым атаулары: *бірлік, екілік, ондық, жүздік, мыңдық* т.б. [99, 151].

Бұл жұрнақ қазақ тілінде мезгіл атаулары мен әр қилы бұйым атауларына жалғанып, олардан мезгіл, өлшеу мөлшерімен байланысты *жылдық, апталық, тәуліктік, көйлектік* туынды сын есімдер және есімдіктерге жалғанып, олардан белгілі бір жаққа қатыстықты білдіретін *өздік, сендік, қандайлық, қаншалық* туынды есімдер жасалынатыны белгілі.

Орта ғасыр ескерткіштерінің сын есім жасайтын жұрнақтарында ерекшеліктер кездеседі. Кейбір жұрнақтар барлық ескерткіште кездессе, бірқатары ұшыраспайды. «Мухаббат-наме» ескерткішінде аталмыш жұрнақтың варианттарының мағыналық түрлері кездеспейді [110, 63].

Түрколгияда *-луғ/-лук* жұрнағының пайда болу тарихына байланысты сан алуан пікілер бар. Г.И. Рамстедт бұл жұрнақты *-лы* және *-ғ* элементтеріне бөліп қарап, *-лы*-ны септік жалғауы, *-ғ*-ны сын есім жасайтын аффикс деп таниды [78, 47].

Түркі тіл білімінде *-лық/-лығ* жұрнақтарының құрамындағы *қ, к* және *ғ, г*-ге байланысты ғылымда әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Кейбір зерттеушілер зат есімді сөздерге *қ/к*-мен аяқталған сөздер жатады десе, ал қайсыбіреулері сын есімдерге *ғ* мен *г* тән дейді.

В.М. Насилов *-лық/-лик* және *-луқ/-лук* жұрнақтарын XI-XV ғасырларда ұйғыр жазба ескерткіштер лексикасында сөз тудырушы қабілетінің жан-жақты екенін айтады [111, 21-26].

2. *-ғы/-ги* аффиксі зат есім немесе үстеулерге қосылып, мезгілді білдіретін сын есімдер жасайды: *йарын* – ерте, көктем, *йарынғы* – көктемгі, таңертеңгі; *кезин* – кейін, *кезинги* – кейінгі.

3. *-сыз/-сиз//-суз* аффиксі зат есімдерге қосылып, болымсыздық мағына беретін сын есімдер жасайды: *укуш* – ақыл, парасат, *уқушсыз* – ақылсыз; *қут* – құт, бақыт, *қутсуз* – құтсыз, бақытсыз.

уламсыз – тірегі жоқ, сүйеніші жоқ. Ескерткіш тілінде 239 жолында екі рет кездеседі. *Тирилди уламсыз уламы болуп/Өмір кешті тірексіз тіректі болып.* Бұл сөздің түбірі улам, -ы жіктік жалғауының III жағының болымды түрінде келсе, -сыз жалғауы болымсыз түрін білдіреді.

уқушсыз – топас, надан, ақымақ, ақылсыз. Ескерткіш тілінде 22, 47 жолдарында *уқуш*, 458 *уқушсыз* жолында кездеседі. *Уқуш сөзлар аны сабабдин көрүр* (وقوش سوذلار انو ساباددن كورور)ҺХ458/ *Ақылсыз ер оны себептен көрер*. А нұсқасында *уқуш* деп берілсе, Ә және Б нұсқаларында *уқушсыз* деп беріледі. – *сыз* қосымшасы жалғанғанымен, надан, ақымақ мағынасында жұмсалған. Ал, 22 және 47 бәйіттерде кездесетін *уқуш* сөзі парасат мағынасын білдіріп тұр. (وقوش هوش يددىات سوزومنى انغا) *Уқуш һош йидидип сөзүмни аңға* ҺХ 22/ (ول ول أقول وقش هوش حرادقا ماقان) Парасат ақыл өткірлеп сезімді аңла. Ол ол ақыл уқуш һош хирадқа макан ҺХ 47/ Ол ол ақыл ұғым сана парасатқа мекен. Демек *уқуш* сөзінің өзі ақыл, ес, ұғым, парасат зат есімдік мағына берсе, - *сыз* жалғанып сын есімдік мағына беріп тұр.

Қазіргі түркі тілдерінде *-сыз* жұрнағының шығуы жөнінде сан алуан пікірлер бар. Солардың барлығын жинақтай келе *-сыз* жұрнағы мынадай мағыналарды беретіні анықталған: 1) заттың жоқ екенін білдіреді 2) *-лы* жұрнағына қарама-қарсы мағынада қолданылады.

Қазақ тілінде *-сыз (-сіз)* – есім сөздерден болымсыздық мағына білдіретін туынды сын есім жасайтын өте өнімді жұрнақтың бірі. Заттың жоқтығын білдіретін сын есім (*таусыз, баласыз, ақылсыз, білімсіз* т.б.) жасайды. Сонымен қатар бұл қосымша конкретті, абстракт зат есімдерге, есімдіктерге, жалпы атау сөздерге жалғана береді. Мысалы, *баласыз,*

кітапсыз, көліксіз, білімсіз, мұңсыз, түйсіксіз, ашусыз, ақылсыз, даусыз, сенсіз, бізсіз т.б. [99, 173].

4. *-чә* аффиксі зат есімдерге қосылып, қатыстық сын есім жасайды: *түркчә китаб* – түрікше кітап.

5. *-уз* аффиксі зат есімдерге қосылып, мағына беретін сын есім жасайды: *йағы>йағ>йав* –жау, дұшпан; *йавуз* – жауыз, жаман.

*учуз - арзан.*Ескерткіш тілінде 480 жолында кездеседі. *Чуз атлас болур қыз учуз бу бөзүк/Зер атлас болар қымбат арзаны бөз.*

(چوز اتلاس بولور قوز وچوز بو بوزوك/ زىر اتلاس بولار قومبات ارزانو بوز)А нұсқасында *учуз*, Ә және Б нұсқасында *учузи -и* қосымшасы арқылы берілген.

6. *-суқ/-сик* аффиксі зат есім немесе сын есімдерге қосылып, адам немесе заттың түбірінен анықталған мазмұнға иелік мағынасын білдіруші сын есім жасайды: *таң* – ғажайып, таңғажайып, *таңсуқ* –таңсық; *ерк* – ер, ердің ері, *еригсик* – қайсар, палуан, баһадүр.

Етістіктен сын есім жасаушылар:1. *-қ/-(ы)қ/-(у)қ/-(а)қ/-г//-(ы)г/-(у)г/-(а)г/-к* аффикстері етістік түбірі немесе негізіне қосылып, заттың әрекетке болған сипатын анықтаушы сын есімдер жасайды. *йумша* – жұмса, *йумшақ* – жұмсақ; *қат* – қатты бол, *қатыг* – қатты.2. *-у/-ү* аффиксі етістік түбірі немесе негізіне қосылып, заттың күйін білдіретін сын есімдер жасайды: *йашыр* – жасыр, *йашру* – жасырын. Бұл аффикс *–үк/-үг* қосымшасы негізінде пайда болған. Қосымша соңындағы *-к, -г* дауыссыздарының түсіп қалуы, түрік немесе оғыз, қыпшақ тайпаларының тілінің ерекшеліктерін көрсетеді. 3. *-ыл* аффиксі етістік түбірі немесе негізіне қосылып, түс, реңк білдіруші сын есімдер жасайды: *қыз* – қызар, *қызыл* – қызыл.

сылық – сыпайы, сынақ. Бәйіт жолдарында тек бір рет қана кездеседі. *Улуғқа кичигка сылық тут сөзүң* (ولوغقا كىچىگكا سولوق توت سوزون) *ҺХ* 356/*Ұлыққа кішіге сыпайы тұт сөзің.* Профессор Б. Сағындықұлы «сылық» сөзін талдап жазбағанмен, бір нұсқасында **тут**, тағы бір нұсқасында **қыл** деп осы сөзге тіркесіп келген көмекші есім туралы былай дейді: «356-бәйіт жолында – **А қыл~Ә тут~Б боп.** Бәйітте «ұлыққа, кішікке сыпайы сөйлеу» қажеттігі жайында әңгімеленеді. Мұнда көмекші сөздер үш түрлі тіркескен: **сылық қыл~сылық тут~сылық боп.** Осылардың арасында «сылық тут» тіркесі ғана көне әдеби тіл нормасына сәйкес келеді. Қалған нұсқаларда көшірмешілер өздері қалаған көмекші сөздерді жаза салған» [54, 133]. ҺХ ескерткіш тіліндегі сылық сөзі қазіргі қазақ тілінде сақталмағанымен, түбірі екі тілде де «сы». Түрік ғалымы Р. Арат сылық сөзін татли – тәтті деп аударса, өзбек ғалымы Қ. Махмудов силлик – тәтті, тегіс деп аударады. Аударма өзгергенмен, тәтті сөйле, түзу сөйле, сыпайы сөйле тіркестерінің мағынасы жақын.

тәрк-тез, жылдам. ҺХ тілінде тәрк сөзі 222 жолында және тәрктен өрбіген тәркин сөзі 380 жолында кездеседі. *Йазар қол қушар тәг йана тәрк қачар* (يازار قول قوشار تاگ يانا تارك قاچار) *ҺХ* 222 / *Жазар қол құшар сияқты және тез қашар*. А, Ә нұсқаларында тәг, Б нұсқасында дәг деп беріледі. Сәни тәркин есиз қылықлығ қылур (سانى تاركنى سسز قولوقلوغ قولور)ҺХ 380/ *Сені дереу*

ессіз қылықты қылар. Түрікше аудармасында хемен, өзбекше аудармасында тезлик. Барлығында дереу, тез мағынасын білдіреді.

*түсүнрәк - ұстамдырақ, төзімдірек, сабырлырақ.*Ескерткіш тілінде 355 жолында бір рет кездеседі. *Улуғ болдуғуңча түсүнрәк болуп* (ولوغ بولدوغونا توسونراك بولوپ) / *ұлық болған сайын ұстамдырық болып*. А және Ә нұсқасында түсүнрәк, Б нұсқасында түзүнрәк болып берілген. *с-з* дыбыстарының ерекшелігі болмаса, сөздің мағынасы еш өзгеріссіз.

Көне түркі тілінде сын есімнен болған сөз тіркестері аз болса, қазіргі тілде ондай тіркестер аса көп ұшырасады және де қазіргі кезде сын есімдердің тіркесу қабілеті жанданып, түрлене түскен. Олай дейтін себебіміз, сын есімдер бүгінгі таңда зат есім, етістіктен ғана емес, басқа да сөз таптарымен, жекелеген сөздермен қарым-қатынаста жұмсалып, тіркесу аясын кеңейткен. Ал бұл – бірден пайда болған құбылыс емес. Эволюциялық жолмен ғасырлар бойы бірте-бірте қалыптасқан құбылыс. Олардың қай кезеңнен бері бар, олардың пайда болуына әсер етуші факторлар қандай деген сұраққа әр кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді саралап, зерттей келе, оларды өзара салыстыра анықтағанда ғана жауап табуға болады [60, 74].

2.3 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы сан есімнің қолданылуы, статистикалық сипаты

Көне дәуір Орхон-Енесей ескерткіш тілінде сан есімнің барлық түрі болғанымен, қарахан яғни орта ғасыр ескерткіш тілдерінде сан есім жасаушы көне формалар сақталмаған. Қазіргі түркі тілдерінде сан есім жасаушы формалар мен орта ғасыр ескерткіш тіліндегі сан есім жасаушы формалар өте ұқсас.

Түркі ескерткіштерінің тілін зерттеуші ғалым Ғ. Айдаров «Ескерткіштер тіліндегі сан есімдер сол дәуірдің өзінде-ақ әбден қалыптасқан сөз таптарының бірі болған. Ескерткіштер тілінде қазіргі түркі тілдерінде кездесетін сан есімдердің бәрі де кездеседі», - дейді. [22, 82].

ҺХ ескерткіш тілінде сан есім функциясын атқаратын сөздер шығармада аз кездеседі. Ескерткіш тілінде есептік, реттік, болжалдық, бөлшектік сан есім түрлері ұшырасады.

Есептік сан есімдер. Біз зерттеп отырған ҺХ ескерткіш тілінде сан есімдердің дені есептік сан есімге жатады. Олар:

а) заттың санын, мөлшерін білдіруші түбір сан есімдер: *бир* (بير)–бір; *еки*(يكى) –екі; *төрт*)(تورت–төрт, йүз(يوز)-жүз, *мың*(مون)-мың.

б) аналитикалық тәсілмен берілген есептік сан есімдер: *он төрт* –

(ون تورت)он төрт.

Ескерткіште бир сөзі 26 жерде, мың-жеті жерде, он – екі жерде, еки (ики), төрт, йүз және он төрт сан есімдері бір-бірден қолданылған. Мың сөзінің орнына бір жерде парсы тілінің һазар «мың» сөзі берілген.

Есептік сан есімдердің ішінде өзінің түрлену, әртүрлі морфологиялық өзгерістерге ену, сол сияқты, сөз тудыру жағынан да ерекше көзге түсетін әржақты сөз – *бір* сан есімі. *Бір* – ең алдымен, белгілі бір заттар мен құбылыстардың есептік сан мөлшерін білдіретін болса, екіншіден абстракт

сан ұғымын білдіретін сөз. Бірақ негізгі мағынасы сан болғанымен, *бір* сан есімі тілімізде қолдану қажеттігіне қарай өзге де семантикалық мағыналарға ауып және әр алуан қосымшалар қосып айту арқылы немесе қосарланып я өзге сөздермен бірігіп қолданылу арқылы көптеген жаңа сөздердің, сөз тіркестерінің жасалуына негіз болған. Бұлайша *бір* сан есімінен пайда болған жаңа сөздердің тілімізде сөз тудыру амалдарының қай-қайсына болса да тікелей қатысы бар екені, демек, ондай сөздердің сөз тудырудың лексика-семантикалық та, морфологиялық та, синтаксистік те және морфологиялық-синтаксистік те тәсілдері арқылы жасалғанын көреміз.

Бір есептік сан есімдері төмендегі мағыналарды береді:

1. мөлшерін көрсетеді: (بولور بىر نان بچرا دالللار مىنگا) *булур бир нәң ичрә дәлилләр миңга* ҺХ 8/Табар бір зат ішінен дәлелдер мың.

2. даралық мағынасын береді: (بو قودرات بدىزى ولوغ بىر باىات) *бу құдрат идизи улуғ бир байат ҺХ 19*/Бұл құдірет иесі ұлы бір құдай.

3. анық емес мағына береді: (تىشسى قالوپ بىر اتون ىر بىلا) *тишиси қалып бир атын ербила ҺХ 275*/әйелі қалып бір басқа ер менен.

Р. Досжан өзінің XI-XII ғ.ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы («Һибат-ул хақайиқ», «Құтадғу билиг», «Диуани лұғат-ит түрк» ескерткіштері негізінде) атты диссертациялық еңбегінде бір есептік сан есімінің беретін мағыналарына мынадай талдау жұмысын жасайды: «Есептік сан есімдер зат есімдердің алдына келіп, анықтауыш қызметінде жұмсалғанда, нөлдік формада қабыса байланысады; есептік сан есімдер субстантивтенген жағдайда сөз түрлендіруші аффикстер қабылдайды; стильдік тұрғыдан бир сөзі контекске байланысты көптік мән береді; көмекшелік қызметте неғайбілдік, белгісіздік мағынаны білдіреді» [61, 161-165].

Еки, төрт, он, он дөрт, йүз, мың есептік сан есімдерінің қолданылуы қазіргі қазақ тілімен сәйкес келеді. Дыбысталуы жағынан *онтөрт* пен *он дөртте* және *йүз, еки* сөздерінде айырмашылық бар.

ҺХ тілінде А нұсқасында мың сөзінің мағынасын беретін «түмән», Ә және Б нұсқаларында парсының «hазар» сөзі берілген. Бұл сөз бір жерде ғана кездескеніне қарай автордың қолданысындағы сөз болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл дәуірлерде түркілік *миң* сөзі кеңінен қолданылған. Мысалы, Ва ликин ичинда түмән нахошы (وا لىكىن بچىندا تومان ناحوشر) ҺХ 218 / Алайда ішінде мың-мың сүйкімсізі.

Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген миллион, миллиард сөздері орыс тілінен, *түмен* сөзін монғол (кей зерттеушілер үндіевропа) тілінен енген деп есептейді. Түркі және монғол тілдеріне ортақ *түмен* сөзі қазіргі кезде қолданыста болмағанымен, тарихи көркем шығармалар мен мақал-мәтелдерден кездестіруге болады. Ескерткіш жазылған дәуірде есептік сан есім ретінде қолданылған *түмен* сөзі кейіннен «саны он мыңға жететін әскери бөлік» дегенді білдірген. Мәселен, *Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге*.

А.М. Щербак өз еңбегінде есептік сан есімдерді нақты және қосалқы деп екі топқа бөледі. Қосалқы сан есімдер нақты, жинақтық және реттік санды білдірмейді, ол сын есімнің қосалқы мағынасын білдіреді дейді. Оған өкүш «көп», аз «аз», қач «біраз», біранча «бірнеше» деген сияқты сөздерді жатқызады [112, 119].

Біздің ойымызша *көп, аз, бірнеше, біраз* сияқты заттың мөлшерін білдіретін сөздерді лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай басқа грамматикалық сөз таптарына жатқызуға болады.

Қазіргі қазақ тілінде есептік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық мөлшерін немесе абстракты сандық ұғымды білдіру үшін қолданылады. Сол себепті есептік сан есімдер тілімізде бірде заттар мен құбылыстардың сан мөлшерін білдіру үшін жұмсалса, бірде санның өзінің ғана абстракты атауы есебінде қолданылады.

Болжалдық сан есімдер. Заттың, құбылыстың сан мөлшерін болжап, тұспалдап көрсететін сан есімдердің бір түрі – болжалдық сан есімдер. Қазіргі қазақ тілінде болжалдық сан есімдер есептік және қос сөзді болжалдық сан есімдерден сөз жасаудың морфологиялық және синтаксистік жолдары арқылы жасалады.

Тарихи грамматиканы зерттеуші М. Томанов *бірер* сөзіне қатысты мынадай пікір білдіреді: «Қазіргі қазақ тіліндегі болжал санды білдіретін бірер сөзі көне жазбалар тілінде топтау мәнді сан есімін жасаған. Топтау сан есімдердің жасалуының басқа тәсілдерінің қалыптасуы хронологиялық жағынан жаңа құбылыс. Бұған дәлел – топтау сандарды білдіретін сөздердің есімдердің өзгеруіне ұқсас болып келуі: үш-үш-тен, төрт-тен, т.б» [94, 207].

ҺХ ескерткіш тілінде болжалдық сан есім жасаушы *-әр* аффиксі *бір* есептік сан есіміне қосылып, анық емес мағынаны беретін түрі ғана кездеседі. Бұрынғы тілде де, қазіргі тілде де болжалдық сандар тек бір есептік сан есімінен ғана жасалады. Осы тұрғыдан алғанда ескерткіштегі *бирәр* сөзі қазақ тіліндегі сан есім морфологиялық тәсіл арқылы -ер жұрнағымен жасалатын тұлғасымен сай келеді. Тарихи тұрғыдан болжалдық сан есімдер туралы көп айтыла бермейді. Дастанында болжалдық мағынаны білдіретін *бирар* сөзі 4 рет кездеседі: (نقاب كوترور اجون برار بوز اچار) Ниқаб көтрүр ажун бирәр йүз ачар ҺХ 221/Пердесін көтерер дүние бірер жүз ачар; Неча тәтиг ердин бирар саһу келүр (نچا تاتىگ ردىن برار ساحو كىلور) ҺХ 361/Небір ұқыпты ерден бірер ағат кетер; Йерип муны бирар йана өггучи (يىرىپ مونو برار ىانا وگوچى) ҺХ 450/Жиреніп бұдан бірер және мақтаушы; 362 өлең жолының А нұсқасында бир, Ә және Б нұсқаларында бирар деп беріледі. Неча пур һунарта бирар ʻайб болур/Небір асқан өнерде бірер айып болар.

Бұл сөйлемдерде қолданылған бирар сөзінің мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі мағынасына сәйкес келеді. Ал көне жазба ескерткіш тілінде бирар сөзі бір-бірден дегенді білдірген.

Зерттеу барысында ескерткіш тілінде болжалдық сан есімдердің *-дай, -дей, -тай, -тей; -даған, -деген, -таған, -теген* жұрнақтары және *-да, -ған* сияқты етістіктің бұйрық рай, есімше түрлеріне тән қосымшалар негізінде жасалған формалары анықталған жоқ.

Бөлшектік сан есімдер. Қазіргі қазақ тіліндегі бөлшектік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың бөлшектік үлесін, бөлшегін білдіреді. Бөлшектік сан есімдер, негізінде, таза математикалық ұғымдарға байланысты пайда болған да, тіркестегі сан есімдердің алғы компоненттеріне шығыс септік жалғаулары мен ілік септік жалғауларының үстемеленуі және соңғы компоненттеріне үшінші жақ тәуелдік жалғауларының қосылып айтылуы арқылы жасалған. Бөлшектік сандардың пайда болу жүйесінде мынадай бір заңдылықтың ізі аңғарылады, яғни бөлшектік сандар алғашқы кезде таза сандық мағынада қолданылатын сөздердің субстантивтік ұғымға ие болу жолымен пайда болған, сол себептен де шығыс, ілік септік жалғаулары мен тәуелдік жалғауын қабылдайды.

Ескерткіш тілінде бөлшектік сан есімге бір ғана мысал бола алатын сөз кездеседі. Бөлшектік сан есімдер мөлшеріне шығыс септігі аффиксі орнына келген *-дә* және есептік санға иелік қосымшасы қосылуы арқылы жасалып, бүтіннен бөлшек мағынасын береді: *мынында бири* – мыңнан бірі. Мысалы, Қаны бу күн анлар мыңгинда бири ҺХ 204/Қане бұл күн олар мыңында бірі.

Реттік сан есімдер. Қазіргі қазақ тіліндегі реттік сан есімдер белгілі бір заттар мен құбылыстардың орын тәртібі, реттік жүйесін белгілеу үшін қолданылады. Реттік сан есімдер дара және күрделі есептік сан есімдерге *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* қосымшасын қосып айту арқылы жасалған [113, 98]. ҺХ ескерткіш тілінде реттік сан есімдер бірнеше жұрнақтың жалғануы арқылы жасалады. Олардың ішіндегі ең өнімдісі *-нч* жұрнағы. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде осы -ынч жұрнағы қолданылған, сондықтан бұл тұлға көне болып есептелінеді. XI-XII ғасырларда барлық реттік сан есімге -ынч пен қатар *-ынчи, -инчи, -үнчи* жұрнақтары жалғанса, Орхон-Енисей жазбаларында бір мен екіден басқа сан есімдерге жалғанған. Сандардың бұл формасы арнайы *-нч//-үнч//-ланж* аффикстерімен беріледі. Шығармада реттік сан есімдер үшін төрт мысал кездеседі: *екинч* – екінші сөзі екі рет қайталанады; *үчүнч* – үшінші; *төртланж* – төртінші.

Реттік сан есімдер шығармада негізінен кезек мағынасын білдіреді: Екинч бар қылурсән муқирмән муңга (بكنچ بار قولورسان موقرمان مونگا) ҺХ 10/екінші бар қыларсың сенемін бұған; (بكنچ يالغان برزا ول برنن تنلى)Екинч йалған ерзә ол ерниң тили ҺХ 156 – екінші жалған болса ол ердің тілі; Адиқ бирла Фарух үчүнч си Нурайын (ادبق بىرلا فاروح وچونچ سى نوراىن)ҺХ 33/Садық пенен Фарух үшіншісі зу-н Нұрайын; Жұрнақтарға қатысты айтылған зат есім тудырушы *-ынч* жұрнағы мен реттік сан есімнің жұрнағы генетикалық жағынан бір болу керек. *-нч* жұрнағының құранды *(-н+ч)* екендігі жөнінде айтылып келеді, ал кейіннен жалғанған *-ы, -и(-н+ч+и)* элементін М. Томанов тәуелдік жалғауының үшінші жағы деп түсіну орынды дейді [94, 206]. Бұл арада ерекше көңіл аударатын жұрнақтардың бірі *-иләнчи* тұлғасы. ДТС-да ҺХ дастанының Б нұсқасында қолданылған *төртиланч*, түрі мен біз қарастырып отырған нұсқадағы *төртиланчи* түрі берілген. Б. Сағындықұлы ескерткіштерде бирланчи, екиланчи, төртланчи сияқты реттік сан есімнің бірте-бірте даму арқылы көмектес септігінің грамматикалық мағынасын беретіндігін айтады. *Али төрдүланжи ол еригсиг тоңга ҺХ 34*/ Әли

төртіншісі ол ер қайтпайтын (қайсар). Ә нұсқасында төртланж, Б нұсқасында төртиланчи деп беріледі.

Түрік ғалымы Ү. Карул ескерткіш тіліндегі сан есімдерді қазіргі түрік тіліндегі сан есімдермен салыстырып, мынадай ұқсастық, айырмашылықтарын көрсетеді: “Сан есімдер ерекшелігі Османлы түрікшесіндегі сан есімдерге ұқсас болады. Реттік сан есімнің жасалуы төмендегідей: Birinç, ikinç, üçünç, törtilünç, beşinç (бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші). Сандарға есеп (рет, кез) мағынасын беру үшін сөз соңына «-in, -un» қосымшалары жалғанады: «Birin kelse raḥat kelür renc onun» (Бір рақат әкеледі он реніш) өлеңіндегі мысал секілді. Birer: bir aralık (бірнеше: біршама) [53, 159].

Жазба мәтін тілінде бірқатар сан есімдер монғол және араб-парсы тілдерінен енген түмен, ḥазар сөздері сияқты формалары да кездеседі. Ескерткіштегі сан есімдер тұлғалық және мағыналық жағынан қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер жасайтын жұрнақтармен толықтай сәйкес келеді. Ескерткіштердегі сан есімдерді басқа тілдер материалдарымен салыстырғанда, және қазақ тілі фактілерімен салыстырғанда олардың барлығына ортақ жайлар анықталды.

2.4 Ахмед Йүгінекидің «Ḥибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы есімдік түрлері мен қолданысы, статистикалық сипаты

Есімдіктер өте көне сөз таптарының бірі. Ежелгі түркі жазба ескерткіштеріндегі есімдіктердің сыртқы формасы негізінен қазіргі тілдердегімен ұқсас болып келеді. Бірақ олардың барлығы да қалыптасу, даму, нормалану барысында түрлі өзгерістерге ұшырағаны белгілі.

Түркі тілдеріндегі есімдіктердің тарихын, пайда болу жайын арнайы зерттеген ғалым А. Ибатов олардың көнелігі туралы мынадай пікір айтады: «Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, ең алдымен, олардың мағыналарының жоғары дәрежеде абстракцияланыуынан, яғни мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, екіншіден, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді. Сонымен қатар есімдік сөздердің әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай аздаған өзгешеліктері болмаса, барлық түркі тілдерінде бірыңғай сөздер болып келуінен де көрінеді» [82, 7].

Тілтанушы ғалымдар есімдіктерді шығу тегі бойынша екі топқа бөліп қарастырады. Оның бірінші тобына ертеден келе жатқан түбір есімдіктер жатады. Олардың қатарына *мен, сен, ол, біз, сіз, сол, осы, міне, бұл, не, кім, қай* секілді қазіргі тілімізде ары қарай бөлшектеуге келмейтін сөздер енеді. Ал екінші тобына тілдің ішкі, сыртқы даму процестерінің нәтижесінде туындап, қалыптасқан сөздер жатады. Оларды іштей үш түрге жіктеуге болады:

1. Лексикалық тәсіл арқылы жасалған (яғни белгілі бір категорияға тән сөздердің мағыналары өзгере келе есімдіктер дәрежесіне ауысуы). Мысалы:

бар, біреу, бүкіл, түгел т.б. сияқты есімдіктер, *әр, күллі, пәлен* сияқты басқа тілдерден ауысып енген сөздер жатады.

2. Морфологиялық тәсіл арқылы жасалынған сөздерге сұрау және сілтеу сияқты негізгі түбір есімдіктеріне, мысалы, *-у* элементінің (нұсқау, сілтеу мәнін білдіретін форма) қосылуы арқылы жасалынған *мына-у, ана-у, сона-у* есімдіктер және әр қилы формалар арқылы жасалған *барлық, барша, қанша, неше, қандай, нешінші* тәрізді есімдіктер де жатады.

3. Синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған есімдіктер тобына *бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдекім, әлдеқашан, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқалай, әрбір, ешкім, ешқайсы, ешқандай* сияқты жеке сөздерден құралу арқылы жасалынған күрделі есімдіктер және *кімде-кім, қай-қайсы, бірде-бір* сияқты қосарланып қолданылатын күрделі есімдіктер жатады.

Қазақ тілінде есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын бірдірмейді. Тек соларды меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдікті орынбасар сөздер деп те атайды. Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа бөлінеді [114, 66-67].

Есімдіктер заттың атын, санын, сынын, мөлшерін атап көрсетпейді, бірақ сол сөздердің орнына жұмсалады. Есімдіктердің негізгі ерекшелігі олардың айтылатын ойды жалпылама, абстрактілі түрде жеткізетіндігінде. Сондықтан да оларды контекстен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі есімдіктер өзіне дейінгі немесе кейінгі сөйлемдегі ойды толықтыру үшін жұмсалады әрі оған тәуелді болып келеді. Қазіргі түркі тілдерінде есімдіктің жеті мағыналық түрі бар: жіктеу, сілтеу, сұрау, өздік, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық есімдіктері. Біз қарастырып отырған «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде есімдіктер мол қамтылған. Солардың әр түріне жеке-жеке *тоқталайық.*

Жіктеу есімдіктері – мән/мен, сән/сен, ал/ол, сиз. Статистикалық талдау барысында *мән* тұлғасы көбірек қолданылғанына көз жеткізуге болады. Ал *мен* 29, 482 бәйіттерде ғана кездеседі. Ескерткіште септеулі формаларын қоса санағанда *мән* есімдігі А нұсқасында 14 рет, Ә және Б нұсқаларында 15 рет, ал *мен* есімдігі үш нұсқада да 2 рет пайдаланылған. *Мән* есімдігінің А нұсқасында кем болу себебі, мұнда 39-бәйітте Ә, Б нұсқаларындағы *мәңа//мәңга* есімдігінің орнына *агар* сөзі жазылған. Ескерткіш бәйіттерінде мәңә және сәңә есімдіктерінің орнына көшірмешілер агар сөзін жиі қолданған.

39) **А.** Агар болса фазлың қутулды өзүм
اگار بولسا فازلون قوتولدو وزوم
Ә. Мәңга болса фазлың қутулды өзүм
مانا ًبولسا فازلون قوتولدو وزوم
Б. Мәңа болса фазлың қутулды өзүм
مانا ًبولسا فازلون قوتولدو وزوم
332) **А.** Сәңә тегса емгак кишидин көтүр
سانا تىگسا ىمگاك كشىندى كوتور
Ә. Агар тигза емгак кишидин көтүр
اگار بولسا فازلون قوتولدو وزوم

Б. Агар тегса емгак кишидан кечүр
اگار بولسا فازلون قوتولدو وزوم

Көне түркі тілі мен қазіргі тілдерде *мән–мен* вариантарын жасап тұрған *ә – е* дыбыстар сәйкестігі жиі кездеседі. Бұл ерекшелік тіпті бір тілдің ішіндегі диалектілерде де ұшырасуы мүмкін. Б. Сағындықұлының айтуы бойынша, *е* мен *ә* дыбыстары бір негізден тараған. Жіңішке *ә* дыбысы жуан а-ның аллофоны болса, *е ә*-нің сөздің соңғы буындарында көмескіленуінен пайда болған (мысалы доңғалақ – дөңгәләк – дөңгелек) [115, 22]. Жалпы алғанда көне түркі ескерткіштерінің көпшілігінде *мән, бән* жіктеу есімдіктері жарыса жұмсалады. *Бән* формасы Тоныкөк ескерткішінде, *мән* формасы Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде қолданылған. *Бән* формасы қазіргі түркі тілдерінің ішінде тек түрік және чуваш (ебэ, епэ) тілдерінде ғана сақталған, қалған тілдердің барлығына *мән/мин/мен* формасы тән. Мысалы, башқұрт, татар, хақас тілдерінде *мин*, қазақ, қарайым, қарақалпақ, қарашай-балқар, қырғыз, қырым татарлары, құмық, ноғай тілдерінде *мен,* әзербайжан, ұйғыр, тува тілдерінде *мән* түрінде кездеседі.

Түркітанушы ғалымдар Б.А. Серебрянников пен Н.А. Гаджиева жіктеу есімдігінің бірінші жағының алғашқы формасы *пән* деп санайды. Ежелгі түркі тілінде тек қатаң дауыссыздардың ғана болғандығын ескере отырып, авторлар *п* дыбысының ұяңданып, жіңішкеруінен *б*, одан кейін *м* формалары пайда болғанын дәлелдейді. Чуваш тіліндегі *ебэ* есімдігінің түпкітектің сарқыншағы екенін көрсете отырып, қазіргі түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінде сөз соңындағы *н* дыбысының бұрын болмағанын айтады. Бірақ мұның себебін, даму жолын ашып түсіндірмейді [95,138].

Радлов бастаған көптеген түркологтар (И.А. Батманов, М. Рясянен, А.М. Щербак, Н.К. Дмитриев, В.Н. Хангильдин, Т.М. Гарипов, т.б.) бірінші және екінші жақ жіктеу есімдіктерін *ме-н, се-н* деген екі элементтен тұратынын айтады. Ал Н.А. Баскаков пен А.П. Поцелуевский жіктеу есімдіктерінің негізі сілтеу есімдіктері екенін дәлелдейді.

Екінші жақ жекеше түрдегі *сен* жіктеу есімдігінің ескерткіштегі нұсқасы – *сән*. Мысалы, 219-бәйіт жолында:

А. Бақып таш безәгин көрүп сән муңга
باقوپ تاش بزاگىن كوروپ سان مونگا
Ә. Бақып таш басагли көрүп сән муңга
باقوپ تاش باساگلى كوروپ سان مونگا
Б. Бақып таш безагин көрүп сән муңа
باقوپ تاش بزاگىن كوروپ سان مونگا
Қарап тыс безегін көріп сен бұған.

«Һибат-ул хақайиқ» ескерткішіндегі екінші жақ жекеше түрді білдіретін негізгі жіктеу есімдігі – *сән,* тек екі-ақ бәйітте (338, 484) *сен* түрінде қолданылған. 338-бәйіттегі *сен* есімдігінің қолданылуы ескерткіштің А вариантына тән, қалған екі вариантта бұл сөздің орнына *кес/кез* сөз жазылған:

338. А. ′адауат көкини қазып сен көчүр
أداوات كوكنى قازوپ سن كىچور
Ә. ′адауат көкини қасып кез көчүр
أداوات كوكنى قازوپ كز كىچور
Б. ,адауат көкини қазып кес көчүр
أداوات كوكنى قازوپ كس كىچور
Дұшпандықтың тамырын қазып сен/кеш көшір

Б. Сағындықұлы А нұсқасындағы *сен* есімдігінің бұл жерде қисынсыз қолданылғанын, бәлкім көшірушіге қыпшақ тіліндегі *кес* сөзі түсініксіз болғандықтан орнына осы сөзді өз тарапынан қыстырып жіберген болуы мүмкін екенін айтады.

Шығарма мәтінінде А нұсқасында септеулі формаларын қоса санағанда *сән* 33 рет, *сен* 2 рет, Ә нұсқасында *сән* 31 рет, *сен* 1 рет, Б нұсқасында *сән* 28 рет, *сен* 2 рет кездеседі. Есімдіктердің кездесу жиілігінің әр нұсқада әр түрлі болып келуі көшірушілер тарапынан кеткен қателіктерге, яғни кейбір бәйіттердің жазылмай кетуіне немесе аударма барысында басқа сөздермен алмастырылуына байланысты. Мәселен, А нұсқасындағы 416-бәйітте «Не йерка йығар баз сәни не тылын» деген жолдар Ә, Б нұсқаларында «Йүрүгил тилегил өсүң hошлуқын» деп берілген. Ал 395-бәйіт жолы Б нұсқасында мүлдем жазылмай кеткен, т.с.с. Ал екінші жақ сыпайы түрдегі *сиз* есімдігі 2 жерде ғана (104, 284) қолданылған.

Сән есімдігі қазіргі түркі тілдерінде гагауыз, қарайым, ноғай, әзербайжан, ұйғыр, тува, түрік тілдерінде қолданылады. Ал қазақ, түркімен, құмық, қарашай, қарақалпақ, өзбек, ойрат, шор, қырғыз, алтай тілдерінде *сен*, татар, хақас тілдерінде *син*, башқұрт тілінде *һин* болып дыбысталады. Ғалымдар бұл аталған варианттардың түпкітегі *сә* сөзі деп санайды. Чуваш тіліндегі *езэ (сен)* сөзі осының дәлелі, ал өзге тілдердегі сөз соңындағы *н* дыбысы қыстырма дыбыс [95, 139].

Ол есімдігінің *ал/ол* варианты да және көпше түрі *анлар* нұсқасы да кездеседі. Бәйіттің 190 жолында:

А. Ал артуқ тиләмә вабал йүсгүлүг
ال ارتوق تىلاما وابال يوسگولوك
Ә. Ол артуқ тиләмә вабал йүдгүлүг
ول ارتوق تىلاما وابال يوسگولوك
Б. Ол артуқ тилама вабал йүтгүлүг
ول ارتوق تىلاما وابال يوسگولوك

Ол есімдігінің септелу барысында түбірі өзгеріске ұшырып отырған: *аны, аңа, андин, анин, аңға, аңғар*. Бұны ҺХ ескерткіш тілін қазіргі қазақ тілінен өзгешелеп тұрған белгілердің бірі деп есептеуге болады.

Өзбек тілінің маманы Қ. Махмудов ол есімдігінің шығу тегін былай жіктеп көрсетеді: «Жіктеу есімдігінің Орхон-Енисей жазбаларында кездескен *аңару – оған* формасы қысқарып, шығармада *аңар* күйінде кездеседі. *Аңар* формасы ескі жіктеу есімдігі ***ол*** барыс септігімен түрленгенде фонетикалық

өзгеріске ұшыраған. ***Ол*** есімдігіне тәуелдік жалғауы ***–ың*** және септік жалғауы *–қару* қосымшаларының қосылуы нәтижесінде *аңару>аңар* пайда болған немесе *ол + ың + қару>аңқару>аңару>аңар* дүниеге келген» [3, 73].

Ол есімдігі атау септігінде тұрғанда өзгеріссіз қолданылғанымен, өзге септіктермен түрленгенде ан болып ауысып кетеді. Түбір құрамындағы л дыбысының септелу барысында сақталмауы қазіргі қазақ тілінде де бар: ол – оның – оған – онда – оны – одан – онымен. Жіктеу есімдігінің үшінші жақ тұлғасы қазіргі түркі тілдерінде мына тұлғада қолданылады: қазақ, қарайым, қарашай-балқар, ноғай, алтай тілдерінде *ол*, септелу негізі – *он*; қырғыз тілінде *ал,* септелу негізі – *ан*; құмық, қырым татарлары, әзербайжан тілдерінде *о*, септелу негізі *он*; татар тілінде *ул*, септелу негізі *ан*; башқұрт тілінде *ул*, септелу негізі *ун*; түрік тілдерінде *о*, септелу негізі – *он, ан*; өзбек, ұйғыр тілдерінде *у*, септелу негізі *ун*; чуваш тілінде в*ал*, септелу негізі *ун, ан*.

Шығарма мәтінінде нөлдік формадағы *ол* есімдігі А нұсқасында 46 рет, Ә, Б нұсқаларында 43 рет қолданылған. А, Ә нұсқаларында бір ғана жолда (266) табыс септік формасында оны түрінде жұмсалған. Ал ол есімдігінің септеулі формаларына негіз болатын ан тұлғасы А нұсқасында 45 рет, Ә нұсқасында 43 рет, Б нұсқасында 42 рет кездеседі.

Ол есімдігінің түпкі негізі туралы ғылымда түрлі болжам бар. В. Котвич тұңғыс-маньчжур тілдерінде үшінші жақ жіктеу есімдігі *і, ін* түрінде, қырғыз тілінде *ал* түрінде айтылатынына сүйене отырып, *ін (і)* үшінші жақ жекеше түрі, оның көпшесі *а(н)* түрінде айтылған деп болжам жасайды. *-ан* морфемасы қазіргі тілімізде анау, анда, ана жақта деген сөздердің құрамында сақталған. Сонда, ғалымның пайымдауынша, қырғыз тіліндегі *ал* есімдігі *а(н)* мен о(л) сөздерінің қосындысынан барып пайда болған. Ал сөз соңындағы л-ды нақтылаушы қосымша (утвердительная астица) деп қарайды [116, 328].

Жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде мынадай белгілерді байқадық:

Септік атауы	**I жақ**	**II жақ**	**III жақ**
Атау	мән (А, Ә, Б)	сән, сиз (А, Ә, Б)	ол (А, Ә, Б)
Ілік	мәниң (А, Ә) мәниг(Б)	сәниң (А, Ә, Б)	аның (А, Ә, Б) анин (А)
Барыс	мәңга (А, Ә) мәңа (Ә, Б)	сәңга, сәңа (А, Ә) сеңа (Б)	аңга, аңғар (А, Ә) аңа (Ә, Б) аңар (Б)
Табыс	мени (А, Ә, Б)	сени (А, Ә, Б) сәни (А, Ә, Б)	оны (А, Ә) аны (А, Ә, Б)
Жатыс		сәнта (А) сәнда (Ә, Б)	
Шығыс	ментин (А, Ә) мендин (Б) манда (А, Ә, Б)		анда (А, Ә, Б) андин (А, Ә, Б)

Биз есімдігі біз зерттеп отырған ескерткіш тілінде жекеше формада да және басқа орта ғасыр ескерткіштеріндегідей көпше -ләр қосымшасымен берілген түрі кездеспейді.

Белгілі бір жақты білдіру үшін жұмсалатын жіктеу есімдіктері қазіргі қазақ тілінде мен, сен, сіз, ол, біз, сен, сендер, сіздер, олар түрінде тұлғаланады. Ескерткіш тіліндегі бірінші жақ жекеше түрдегі *мен* есімдігі ***мән*** және ***мен*** түрінде беріледі.

Ескерткіштің үш нұсқасында есімдіктердің қолданылу жағдайы бірдей емес. Дегенмен, аздаған фонетикалық өзгерістер болмаса, айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады. І жақтағы ілік септік формасы А, Ә нұсқаларында *мәниң*, Б нұсқасында *мәниг* болып қолданылады. Мысалы: 198-бәйіт. А. *Мәниң* тимишиң тәк өңгинлар өңги. Ә. *Мәниң* тимишиң нәң адынлар өңи. Б. *Мәниг* демишиң нәң ыдынлар өңи (Менің дегенің зат басқалар үлесі).Негізінде *мәниг* сөзі меншіктілікті білдіретін «менікі» деген ұғымды береді. Оны басқа бәйіттермен салыстыра отырып білуге болады. Мәселен, 284-бәйітте үш нұсқада да мәниг/мәник сөзі менікі деген мағынада қолданылған: А. Улуғлуқ мәник сиз алынмаң тети. Ә. Улуғлуқ мәник сиз алынмаң тети. Б. Улуғлуғ мәниг сиз алынмаң деди (Ұлықтық менікі, сіз алма деді). 198-бәйітте менің дегеннің орнына менікі сөзін қолдансақ, мағынасы әлдеқайда түсінікті, байланысты болар еді. Бұл жерде көшірушілер тарапынан қателік кеткені байқалады.

Ілік септігінде ІІІ жақта барлық нұсқаға ортақ *аның* есімдігі қолданылады. Тек А нұсқасында кей жерлерде анин есімдігі кездеседі: 120-бәйіт. А. *Анин* өз тили өз башыны йейүр (Оның өз тілі өз басын жер). Осы тұста айта кететін жайт, *анин* сөзі үш нұсқада да «сондықтан» деген мағынада қолданылады (мысалы 459, 455, 395, 238, т.б. бәйіттер). Бұл туралы Б. Сағындықұлы Ә, Б нұсқасының көшірмешілері ескерткіштің түпнұсқасындағы анин сөзінің мағынасын түсінбегендіктен, ілік септік тұлғасындағы ол есімдігіне айналдырып жіберген. Бірақ мұндай жағдайда алдыңғы бәйіттермен байланыстыра оқығанда автордың айтайын деген ойы түсініксіз болып қалады. Сол себепті дұрысы «Білімсіз не айтса ұқпай айтады. Сондықтан өз тілі өз басын жейді» болуы керек [54, 11].

Барыс септігінде І жақта А нұсқасында тек мәңга, Б нұсқасында мәңа, ал Ә нұсқасында осы екеуі жарыса қолданылады. Мұндай сәйкестік өзге де сөз таптарында байқалады. Мысалы: тоңга – тоңа, теңгиз – теңиз, сиңгип – сиңип, соңгита – соңыта, теңгезе – теңәса, аңга – аңа, муңга – муңа, сәңгә – сәңә, теңгети – теңәди, т.б. ІІ жақта сәңга, сәңа есімдіктері А және Ә нұсқаларында, сеңа есімдігі Б нұсқасында қолданылған. ІІІ жақ есімдігінің бірінші және екінші жаққа қарағанда дыбыстық өзгеріске түскен түрлері көбірек. Мысалы: 256-бәйіт:А. Қул ол малқа малы **аңға** ерклиг ол. Ә. Қул ол малқа малы **аңғар** ерклиг ол. Б. Қул ол малға малы **аңар** ерклиг ол (Құл ол малға малы оған ерікті ол); 398-бәйіт: А. Ким ол йолсуз ерса **аңғар** кеңрү йол. Ә. Ким ол йолсуз ерса **аңға** кеңрү йол. Б. Ким ол йолсуз ерса **аңа** кеңрү йол (Кім ол жолсыз болса оған кең даңғыл жол). Барыс септік жалғауының түпкітегі -арун (-қарун) формасы екенін ескерсек, есімдік құрамындағы р

дыбысының қолданылу себебі түсінікті (-қарун/-керүн>-ғарун/-герүн; -ғару/-герү>-ғар/-гер>-ға/-ге). Ал бірінші, екінші, үшінші жақтағы есімдіктердің бірде г дыбысымен, енді бірде бұл дыбысты түсіріп қолдану себебін былай түсіндіруге болады: жалпы ң дыбысының өзі нк, нг дыбыс тіркестерінің әсерінен пайда болғаны белгілі. Кестеден көріп отырғанымыздай, мән, сән жіктеу есімдіктерінің соңындағы н дыбысы тек барыс септікте ғана өзгеріске ұшырайды. Яғни барыс септігінің -га жалғауы жалғанғанда тіл арты г дыбысы тіл алды н дыбысын өзіне ұқсатып тіл арты ң-ға айналдырады. Кейін бірте-бірте г дыбысы элизияға ұшырап, жойылып кеткен.

Табыс септік жалғауы үш жақта да *-ны/-ни* формасымен берілген. Кейбір бәйіттерде *е-ә* дыбыс ерекшелігі байқалады. ІІІ жақта негізінен *аны* есімдігі қолданылады, А және Ә нұсқаларында оны түрінде де ұшырасады.

Мысалы,266-бәйіт жолында:

А. Айайын мән оны қулақ тут **мәңга**

Ә. Айайын мән оны қулақ тут **мәңа**

Б. Айайын мән аны кулақ тут мәңа

ایایون مان ونو قولاق توت مىنگا

Айтайын мен оны құлақ тұт маған.

«Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде бірінші және үшінші жақ жіктеу есімдіктері жатыс септік формасында кездеспейді. Тек үшінші жақтағы сен есімдігі бір ғана 175-бәйітте сәнта, сәнда болып қолданылады: А. Сahип *сәнта* разың сиңгип турмаса. Ә. Сahип *сәнда* разың сиңип турмаса Б. Сahип *сәнда* разың сиңип турмаса (Шырақ сенде сырың сіңіп турмаса). Ескерткіште д – т сәйкестігімен өзгеретін сөздер өте көп. Мысалы: соңыта – соңыда (181-бәйіт), тарығлығта – тарығлықда (192-бәйіт), елигларта – елигларда (251-бәйіт), һунарда – һунарта (362-бәйіт), ажунда – ажунта (364-бәйіт), достта – достда (382-бәйіт) және т.б.

А, Ә, Б нұсқаларында мән және ол есімдіктерінің шығыс септіктегі формалары – мендин/ментин, андин. Мысалы, 29-бәйіт жолында:

А. Бүгүн тегсү ментин дуруд ол йарын

Ә. Бүгүн тегсү ментин дуруд ол йарын

Б. Бүгүн тегсү мендин дуруд ол йарын

بوگون تىگسو مىنتتن دورود ول يارون

Бүгін жетсе менен жолдау ол ертең

244-бәйіт жолында:

А. Бахил алды анда өкүнчтин үлүш

Ә. Бахил алды андин өкүнчдин үлүш

Б. Бахил алды андин өкүнүчдин үлүш

باحىل الدو اندا وكونچتىن ولوش

Сараң алды одан өкініштен үлес.

Бұл есімдіктер септеулік шылаулармен тіркескенде үш нұсқада да *манда, анда* болып өзгереді: 463-бәйіт: Айа манда кедин килигли муны (Ей менен кейін келуші мұны); 116-бәйіт: Өкүнч ол аңар йоқ оң анда адын

(Өкініш ол оған жоқ үлес одан басқа). Ескерткіште сен (сән) есімдігі шығыс септікте мүлдем қолданылмаған.

Ескерткіште бірінші жақ көпше түрді білдіретін сен/сән екінші жақ көпше түрді білдіретін **сендер** есімдіктері мүлде қолданылмаған. Ал үшінші жақтағы олар есімдігі ескерткіштің үш нұсқасында да *анлар* түрінде 2 бәйітте ғана кездеседі: Бәйіттің 26 жолында:

А. Йа анлар қызыл ең бу еңа меңга
Ә. Йа анлар қызыл ең бу еңа мең-а
Б. Йа анлар қызыл ең бу еңа мең-а
يا انلار قوزول ىن بو ىنا مىڭا

Тек бір ғана 32-бәйітте үш нұсқада да шығыс септік тұлғасындағы *олар* есімдігімен беріледі:

А. Олардин усанмақ қачан ол мәңга
Ә. Олардин усанмақ қачан ол мәңа
Б. Олардин усанмақ қачан ол мәңа
ولاردن وسانماق قاچان ول مانگا

Ескерткіштегі *олар* тұлғасы қазақ тіліндегі жіктеу есімдігінің ІІІ жағы көпше түрімен мағыналық та, дыбыстық тұлғалануы жағынан да бірдей болып келеді. *Олар* және *анлар* есімдіктері шығыс септік пен атау септіктен басқа тұлғада қолданылмаған.

Сілтеу есімдіктері. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде сілтеу есімдігінің екі түрі ғана кездеседі. Олар: *бу (бұл)* және *ош (осы)*. Кей кезде осы екі сілтеу есімдігі қатар қолданылады. Анин ош чықардым бу турки китаб
(انىن وش چاقوردم بو توركو كىتاب) ҺХ 473. Ескерткіш мәтінінде сілтеу есімдіктерінің *бул, ошал, ошбу* тұлғалары қолданылмаған.

«Һибат ул-хақайиқ» мәтінін грамматика және сөзжасам тұрғысынан алып қарастырған Ү. Карул сілтеу есімдіктеріне қатысты мынадай мәлімет береді: «Түрік тіліндегі vermek (беру), varmak (бару) сөздеріндегі «v» әріптері шығармада «b» әрпі арқылы жазылған. Тек “bu” (бұл) есімдігі бірде “mu”, бірде біздің түрік тіліміздегідей “bu” түрінде беріледі, дегенмен “bunca” (мұнша) сөзі тек munça түрінде сақталған. Түркі тіліндегі (g, ğ) сияқты (k) әріптерімез шығармада тек (k) түрінде беріледі. (ñ) әрпі болса алдына араб тіліндегі нун әрпі қосыла жазылып дыбысталу формасын сақтаған» [53, 155].

Ал, қазақ тілінде сілтеу есімдіктерінің мынадай варианттары бар: бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, мынау, әне, міне [113, 68].

ҺХ *бу* есімдігі тек атау септікте ғана осы тұлғада қолданылып, өзге септіктерде түрленгенде *муны, муңга, муңа* болып өзгереді. Мысалы: А. Бақып таш безәгин көрүп сән муңга. Ә. Бақып таш басагли көрүп сән муңга. Б. Бақып таш безагин көрүп сән муңа.

Шығарма мәтінінде А нұсқасында *бу* есімдігі 71 рет, *муны, муңга, муңа* есімдіктері 12 рет, *ош* есімдігі 1 рет, Ә нұсқасында *бу* есімдігі 65 рет, муны, муңга, муңа есімдіктері 12 рет, ош есімдігі 1 рет, Б нұсқасында бу есімдігі 69 рет, муны, муңга, муңаесімдіктері 12 рет, ош есімдігі 2 рет жұмсалған. Б

нұсқасында бір ғана 204-бәйітте бу есімдігіндегі жуан ұ-ның орнына жіңішке ү дыбысы қолданылған. Бір-екі мысал келтірсек, 427-бәйіт жолында:

А. Не йазды **бу ажунға бу сахиб hунар**
نی یازدو بو اجونغا بو ساحب حونار
Не жазды бұл дүниеге бұл өнер иесі
Ә. Не йазды **ажунға бу** сахиб hунар
نی یازدو اجونغا بو ساحب حونار
Не жазды дүниеге бұл өнер иесі
Б. Не йазды **ажунға бу** сахиб hунар
نی یازدو بو اجونغا بو ساحب حونار
Не жазды дүниеге бұл өнер иесі

А нұсқасында екі сөз тіркесі жасалып тұр: 1) бу ажунға (бұл дүниеге), 2) бу сахиб hунар (бұл өнер иесі). **Ә** және **Б** нұсқаларында «бу» (бұл) есімдігі «ажунға» қатысты ма, әлде «сахиб hунар» күрделі сөзіне қатысты ма бір қарағанда түсініксіздеу. **А** нұсқасы сияқты «бу» (бұл) есімдігі **Ә, Б** нұсқаларында екі рет қайталанбайды. Қайсысы дұрыс? «бу» (бұл) есімдігінің «ажунға» қатысты екендігін келесі бәйіт жолы анықтайды. «Нечүга бу аны улашу қынар» (Неге ғана бұл оны үнемі қинар). Бұл ретте «бу» (бұл) «ажун» деген зат есімді, «аны» есімдігі «сахиб hунар» күрделі сөзін алмастырып тұр. Сонда «ажунға бу» (бұл дүниеге) тіркесі дұрыс болып шығады. **А** нұсқасындағы «ажунға» деген сөздің алдына қосылған «бу» (бұл) есімдігі артық. **Ә, Б** нұсқаларында әр сөз өз орнында тұр. **А** нұсқасында қажетсіз сөз тықпаланған.

Көне түркі тілінде жақын тұрған затты меңзеу үшін бу есімдігі қолданылған, оның көне формасы – пу. Бұл есімдік қазір түрік, әзербайжан, алтай, құмық, ұйғыр, қарайым, қарашай-балқар, гагауыз, түркімен, якут тілдерінде *бу*, хақас тілінде *пу*, тува және шор тілдерінде *по*, башқұрт, қарақалпақ, ноғай және қазақ тілдерінде *бұл*, чуваш тілінде *ку* болып дыбысталады [95, 134].

Ал бұлардың қалай пайда болғанын қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихын зерттеген А. Ибатов орыс ғалымы Н.К. Дмитриевтің пікіріне сүйене отырып, былайшы түсіндіреді: «Бұл сілтеу есімдігі байырғы сілтеу мәнді бі//бә тұлғасы мен ул сілтеу есімдіктерінен құралады. Бұл сөзінің мұндай құрамдық ізін ескі ескерткіштерде кездесіп отыратын бу ол сияқты қолдану дағдысынан өте айқын көруге болады. Мысалы: Tilägim bu ol: säni mänijarmadin («Құдатғу біліг») дегендегі bu ol сөздері қазіргі айтылу дағдысында бұл түрінде жұмсалады [82, 32]. Бұл және мынау (мұны, мұндай, мынадай, т.б.) есімдіктері бір түбірдің фонетикалық варианттары болып табылады: бұл – мын. Көне түркі тілінде б, м дыбыстары бір бірін оңай алмастырғаны белгілі. Мысалы: мың – бин, мен – бен, бурун – мұрын, бойун – мойын, т.б. ұ//ы сәйкестігі қазіргі тілімізде де жиі кездеседі (құлұн – құлын, ұлұқ – ұлық, құтұл – құтыл, мұрұн – мұрын, т.б.). Ал сөз соңындағы л дыбысы н дыбысына теңеседі. Мынау сөзінің түбірін мын деп алатын болсақ, сөз соңындағы -а, -ау қосымшалары қайдан пайда болды деген сұрақ туады.

Бұл қосымшаны ғалымдар түрліше түсіндіреді. Котвич мұны барыс септік қосымшасы дейді. Ал А. Ибатов басқа түркі тілдерінің материалдарына сүйене отырып -е, -а көне қолданыста сілтеу есімдіктері болған деп жорамалдайды. Бұған *міне, мына, міні* сөздері дәлел бола алады.

Ош есімдігі қазіргі түрік тілінде ишбу, қарайым тілінде ушпу//успу, өзбек, ұйғыр тілдерінде ушбу, татар диалектісінде ушы, башқұрт тілінде ошо, қарақалпақ тілінде осу//осы//усу// усы, қазақ тілінде осы, қырғыз тілінде ушул//ушу болып дыбысталады. Біздің тіліміздегі осы, осынау есімдіктері ош және о есімдіктерінің тіркесуінен пайда болған [81, 34].

Ескерткіш мәтінінде жіктеу есімдігінің жекеше бірінші және екінші жақ *мән, сән* етістіктерден немесе баяндауыш қызметінде келген сөздерден соң қосылып, іс-әрекеттің адамға болған қарым-қатынасын білдіруші жақ қосымшасы болып келеді. Ал, қазақ тілінде сілтеу есімдіктері сілтеу, меңзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіріп, әдетте сын есімнің орнына жұмсалады және қай? деген сұраққа жауап береді. Сөйлемде анықтауыш қызметін атқарып, өзінен кейінгі тұлғаның (адамның, заттың) сөйлеушіге қатысты кеңістікте орналасу деңгейін анықтайды. Сілтеу есімдіктері анықтайтын сөздің орналасу қашықтығына қарай жақын, біршама алыс және өте алыс болып бөлінеді [95, 134].

Өздік есімдігі. Ескерткіште өздік есімдігі бірінші жақта өзум, (وزوم)екінші жақта өзүң//өсүң *(وزون/وسون)* , үшінші жақта өзі//өзи, (وزى/ وزي) көпше түрде өзлари *(وزلارى)* түрінде қолданылған. Мысалы: Төсү қул қылурлар азад өзларин (توسى قول قولولار ازاد وزلارن) ҺХ 404; Халы барса өзүм сөзүм қалсу теп(حالو بارسا وزوم سوزوم قالسو تنپ) ҺХ 458.

Сонымен қатар, ескерткіш мәтінінде Шығыстүркістандық ескерткіштер тіліндегі *кәндү* формасы төрт рет кездесті: Бу күн кәндү сүчүг бу тирмак сәңга (بوكون كاندو سوچوگ بو تنرماق سانگا) ҺХ 435/ Бұл күн өте тәтті бұл тіршілік саған. *Халал кәндү қайда бу күн қаны ким* (حالال كاندو قاندا بو كون قانو كنم) ҺХ 419/ Адал нағыз қайда бұл күн қане кім.

Бұл өздік есімдігінің синонимі *кәндү* шығармада тәуелдік жалғауын өзіне қоспайды.

Өздік есімдігі қазіргі қарақалпақ тілінде *ез*, өзбек тілінде *уз*, әзірбайжан, қазақ, құмық, қырғыз, ұйғыр тілдерінде *өз*, башқұрт, татар тілдерінде *үз*, хақас тілінде *поз*, ойрат тілінде *бой*, шор тілінде *поз//пой*, түрік тілінде *кенди* түрінде айтылады.

Мәтінде септеулі тұлғаларымен қоса есептегенде өзүм есімдігі 3 рет (А, Ә, Б нұсқаларында), өзүң//өсүң есімдігі А нұсқасында 8 рет, Ә, Б нұсқаларында 9 рет, өзі//өзи есімдігі А, Ә нұсқаларында 3 рет, Б нұсқасында 4 рет, өзлари есімдігі үш нұсқада да 1 реттен қолданылған.

Сұрау есімдіктері. «Һибат-ул хақайық» ескерткішіндегі сұрау есімдіктері саны мен түрі жағынан көп емес. Ескерткіште кездесетін негуга//негүгә? не//нә? немиш? нечә? нелүк? ким? қанча//қанда? қачан? қайда? сияқты сұрау есімдіктерінің қазіргі қазақ тіліндегіден айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Тек *а– ә, у – ү, е – ә, ш – ч, ү – і, і – и* сияқты дыбыс алмасулары әсерінен болған кейбір фонетикалық өзгешеліктер бар.

Сұрау есімдігі	Мысалы	Аудармасы
Негү//негүгә?	Айу бер мәңга бу негуга керәк	*Айтып бер маған бұл **неменеге** керек*
Не//нә?	Нә нәң бар билиг тәг асығлығ өңгин	***Не** зат бар білімнен пайдалы өңге*
Немиш?	Тавар асғы немиш барурсән йалын	*Мал пайдасы **не** ол өлесің жалаңаш*
Нечә?	Терип берүр ерсаң нечә терса тер	*Адал берер болсаң **неше** терсең тер*
Нелүк (налүк, нәлик)?	Нелүк малға мунча көңүл бамақың	***Неліктен** малға мұнша көңіл байлау*
Ким? Кимда?	Ким ол йолсуз ерса аңғар кеңрү йол	***Кім** ол жолсыз болса оған кең даңғыл жол*
Қанча//қанда?	Қаны қанча барды кишилиг есиз	*Қане? **Қаншаға** барды кісілік ессіз*
Қачан?	Олардин усанмақ қачан ол мәңга	*Олардан салғырттанбақ **қашан** ол маған*
Қайда?	′асал қайда болза била арысы	*Бал **қайда** болса бірге арасы*

Жалпы түркі тіліндегі барлық сұрау есімдіктері кім, не, қай (қан) деген үш түбірден туындайды. Ескерткіштегі негү? негуга? немиш? есімдіктері қазіргі қазақ тілінде жоқ. Мұндағы негү есімдігі не деген сұрау мағынасын білдіреді. -гү қосымшасы барыс септік жалғауының оңтүстік тілдерге тән варианты. Ал негүгә//негуга есімдігі неге сөзіне ғана демеулік шылауы қосылғанда айтылады. Айтылу барысында негү және ғана шылауы бір біріне кірігіп сөз соңындағы екі дыбыс элизияға ұшырап кеткен болуы керек.

Ал немиш есімдігі бір ғана 287-бәйіт жолында, Б нұсқасында кездеседі. Б. Сағындықұлы бұл сұрау есімдігінің қолданылуын артық деп санайды: «А нұсқасындағы «не ол» тіркесі Ә, Б нұсқаларында «немиш» есімдігімен алмастырылған. Ой екпіні «не ол» тіркесіне түсіріліп тұр. Бұл ретте «ол» сілтеу есімдігінің рөлі ерекше. «Немиш» есімдігі айтылмақ ойды әлсіреткен. Көшірмешілер өздерінше «артық етем» деп солғындатып алған» [54, 131].

Ескерткіште *не* сұрау есімдігі қандай деген мағынада да жұмсалған. Мысалы: Не йерка йығар баз сени не тылын(*Сені қайтадан қандай тілмен қандай жерге жығар).* Не түрлүг иш ерса билигсиз өңи (Қандай түрлі іс болса білімсіз үлесі).

Шығарма мәтініндегі сұрау есімдіктерінің кездесу жиілігін анықтау барысында ескерткіштің үш нұсқасында бұл есімдіктердің қолданылу жағдайы бірдей емес екенін байқадық:

Сұрау есімдігі	**А нұсқасы**	**Ә нұсқасы**	**Б нұсқасы**
Негү?	1	1	1
Негүгә?	2	2	2

Не?	7	4	4
Нә?	4	5	5
Немиш?	1	1	-
Нечә?	3	3	3
Нелүк (налүк, нәлик)?	4	4	2
Ким? Кимда?	14	13	11
Қанча?	1	1	-
Қанда?	-	-	1
Қачан?	4	4	4
Қайда?	2	2	1

267-бәйіт жолында:
А. Ол ол ким такаббурни **йердин салып**
ول ول كىم تاكابىبورنى يىردىن سالوپ
Ол ол кім тәкаппарды жерге салып
Ә. Сөз ол дур такаббурни **башдин салып**
سوز ول دورتاكابىبورنى يىردباشدن سالوپ
Сөз ол тұр тәкаппарды баштан салып
Б. Сөз ол дур такаббурни **башдин салып**,
سوز ول دورتاكابىبورنى يىردباشدن سالو
Сөз ол тұр тәкаппарды бастан салып

Көшірмешілер бір бәйіт жолында екі бірдей тіркесті өз сөздерімен өзгертіп, өңін айналдырып жіберген. **А** нұсқасындағы «ол ол ким» (ол ол кім) тіркесінің алғашқы «ол» есімдігі «сөз» атауымен, «кім» есімдігі «дур» шылауымен алмастырылған. Сонда ақынның айтқаны бір басқа да, көшірмешілердің айтқаны бір басқа болып шыққан. Автор «кім тәкаппар болса, соны «жерден алып, жерге сал, айыпта, жолама» деп отыр. Көшірмешілер болса «сөзім сол, тәкаппарды басынан салып жібер» дей салған. Сөйтіп, көркем сөзді қарадүрсін сөзге айналдырғанын сезбей де қалған.

III жақтағы «ол» жіктеу есімдігі мен «ол» сілтеу есімдігін қатар қолдану дастанның бірнеше жерінде кездеседі. Бұл дастан авторының өзіндік стильдік ерекшелігі. Мысалы, Ахмед Йүгінеки 23-бәйіт жолында: «Ол ол халқ талусы киши қутлуғы» (Ол бүкіл жаратылғандардың таңдаулысы, адамдардың бақыттысы) десе, 47-бәйіт жолында: «Ол ол ақыл уқуш һош хирадқа макан» (Ол – ол ақыл, ұғым, сана-парасатқа мекен) дейді. Көшірмешілердің қатар тұрған жіктеу есімдігі мен сілтеу есімдігіне тиіспеуі қажет еді, алайда олардың біреуін өзгертіп, біреуін қалдырып, қателікке ұрынған.

Жалпылау есімдіктері. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде жалпылау, жинақтау, топтау мәнін білдіретін сөздер аса көп емес. Олардың саны небәрі

алтау: түгал (түгел), жумла (барша), төсү (бәрі), тамам (барлық), қамуғ (барлық), бүтүн (бүтін).

Жалпылау есімдігі	Мысалы	Аудармасы
Түгал	Ḫавадарлықымды түгал билсу деп	*Берілгендігімді **түгел** білсін деп*
Жумла	′ата қылды шаḫымқа бу жумланы	*Тарту етті шаһыма бұл **баршаны***
Төсү//төзү	Төсү қул қылурлар азад өзларин	***Бәрі** құл қылар азат өздерін*
Тамамы	Тамамы ерүр қашғари тил била	***Барлығы** да қашғар тілі менен*
Қамуғ	Такаббур қамуғ тилда йерлүр қылық	*Тәкаппар **барлық** тілде жиіркенілер қылық*
Бүтүн	Бүтүн қылқы фи′лын өтә иртегил	***Бүтін** қылық пиғылын өте іздегіл*

Көне түркі тілінде түгал сөзі толық, жеткілікті деген мағына береді. Қазіргі тілімізде де осы мағынада қолданылады. Мысалы: *Түгел* сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би, т.б. *Жумла* сөзі қазіргі тілімізде қолданылмағанымен, ескіден қалған мақал-мәтелдерде, қанатты сөздерде ұшырасады. Мысалы: «Бір жақсымен дос болсаң, Азбас, тозбас мүлкі етер. Бір жаманмен дос болсаң, Күндердің күні болғанда, *Жүмле* ғаламға күлкі етер» (Шалкиіз жырау). 115-бәйіт жолында:

А. **Қамуғ түрлүг ишта** билигсиз өңи
قاموغ تورلوگ ىشتا بىلىگسىز ونى
Барлық түрлі істе білімсіз үлесі
Ә. Не түрлүг иш ерса билигсиз өңи
نى تورلوگ ىش ىرسا بىلىگسىز ونى
Қандай түрлі іс болса білімсіз үлесі
Б**. Не түрлүг иш ерса** билигсиз өңи
نى تورلىگ ىش ىرسا بىلىگسىز ونى
Қандай түрлі іс болса білімсіз үлесі

Бұл бәйіт жолында ескерткіш нұсқаларында екі бірдей сөз тіркесі бір-біріне сәйкес келмейді 1) «не түрлүг» (қандай түрлі), 2) «иш ерса» (іс болса). **Ә** және **Б** нұсқаларындағы осы тіркестер **А** нұсқасында елеулі өзгеріске ұшыраған. «Не түрлүг» (не түрлі, қандай түрлі) тіркесіндегі «не» есімдігі **А** нұсқасында «қамуғ» (барлық, кез келген) есімдігімен алмастырылған. Автор бұл жерде «қандай түрлі іс болса да, білімсіздің үлесі өкініш екенін» айтқалы отыр. Білімсіз адам қандай істі қолына алса, соңы өкінішпен аяқталатынын жеткізген. «Барлық істі» деп айту артық. Қазақ тілінде «не» есімдігі көп жағдайда «қандай» деген мағынада жұмсалады. **А** нұсқасының көшірмешісі «иш ерса» тіркесін жеке сөзге түсірген. «Ерса» (бөлек) сөзін

алып тастап, орнына жатыс септігін пайдаланған. Шартты райда тұрған «ерса» (болса) сөзін автордың өте жиі қолданатынын ескерсек, бұл тіркестің өзгертілуі де сәтсіз. **Ә** және **Б** нұсқаларында берілген бұл бәйітті Ахмед Йүгінекидің өз сөзі ретінде қабылдауға болады. **А** нұсқасының көшірмешісі сөйлемді өзінше өңдеп, жетілдірмекші ниетте болған, алайда ол ойы іске аспаған.

Үш нұсқаның мәтінінде *түгал* есімдігі 2 рет, *жумла* есімдігі 1 рет, *төзү//төсү* есімдігі 2 рет, *тамам* есімдігі 1 рет, *қамуғ* есімдігі А нұсқасында 11 рет, Ә, Б нұсқаларында 10 рет, *бүтүн* есімдігі А нұсқасында 1 рет, Ә, Б нұсқаларында 2 рет қолданылған.

Белгісіздік есімдіктері. Қазіргі тілімізде бар белгісіздік есімдіктері бертін келе, өзге сөз таптарынан жасалған сөздердің өз мағынасынан алшақтауы нәтижесінде дүниеге келген. Олардың барлығы бір, кей, әр, әлде түбірлері арқылы жасалады. Көне түркі ескерткіштерінде, соның ішінде біз қарастырып отырған «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде белгісіздік мағынасын білдіру *ким, һәр, қач* сөздері арқылы жасалады. Мысалы: А. **Ким**ерса бу сөзга адынлар сөзин (كيم برسا بو سوزگا ادونلار سوزين)
(*Бағзы біреу бұл сөзге өзгелер сөзін);* Билиб тутса **һәр ким** адибнүң сөзин (بيلب توتسا هار كيم اديبون سوزين) (*Біліп тұтса әркім ақынның сөзін);* Ешит емди **қач** байт хабиб фазилдин

(ئشت ىمدى كاچ بايت حابيب فازيلدين) (*Есіт енді біраз бәйіт сүйіктісінен Фазылдың);* Агар билса қашғар тилин **һәр киши (اگار بيلسا قاشغار تيلين هار كشى)** (*Егер білсе қашғар тілін әр кісі)*. Ескерткіш тілінде **неким** сөзі не нәрсе деген мағынаны білдіріп, белгісіздік есімдігінің қызметінде жұмсалады. Мысалы: Неким килзә ергә тилинтин келүр *(Не нәрсе келсе ерге тілінен келер).*

Шығарма мәтінінің үш нұсқасында да һәр есімдігі адам, киши деген сөздермен тіркесіп 2 бәйітте қолданылған. Неким есімдігі де небәрі 2 жерде кездесті. Ал біраз мағынасында жұмсалған қач есімдігі мен бағзы біреу мағынасында жұмсалған ким ерса тіркесі жоғарыда мысал ретінде келтірілген бәйіттерде ғана бар.

Болымсыздық есімдіктері. Ескерткіште болымсыздық мағынаны һиш сөзі білдіреді. Бұл сөз қазіргі түркі тілдеріндегі басқа болымсыздық есімдіктердің жасалуына негіз болатын еш сөзінің түп тамыры болып татбылады. Мысалы: Адиб Махмуд оғлы йоқ ол **һиш** шәки (*Шайыр Ахмед ұлы. Жоқ ол еш шәгі).* Һиш есімдігі ескерткіште тек бір бәйітте ғана ұшырасты.

Сонымен, XII ғасырдың теңдесіз мұрасы – Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» шығармасын жан-жақты зерттеп, зерделей келе ескерткіш мәтінінде есімдіктердің барлық түрі кездесетіндігіне және қазіргі тілімізден айтарлықтай айырмасы жоқ екендігіне көз жеткіздік. Жалпы есімдіктер белгілі бір затты, құбылысты, тұлғаны, сапаны, т.б. атап көрсетпей, жалпылай, ықшамдай айту үшін қолданылады. Есімдіктерді қолдану авторға қайталаулардан, көпсөзділіктен алшақ болуға мүмкіндік береді.

Әрине, оғыз-қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштегі есімдіктердің қолданылу дағдысын қазіргі тіліміздегімен бірдей деп айтуға келмейді.

Мәселен, жіктеу, сілтеу, өздік есімдіктерінде бірлі-жарым фонетикалық өзгерістер ғана болғанымен, сұрау, жалпылау, белгісіздік есімдіктерінде лексикалық, семантикалық айырмашылықтар да кездеседі.

Көне дәуір элементтері, оғыздық белгілер, көшірмешілер тарапынан қосылған кейбір жаңалықтар мен өзгерістер, кірме сөздер ескерткіштің тілін қазіргі тіліміздің алшақтатып, оны текстология ғылымы тұрғысынан жіті зерттеуді талап етеді.

2.5 Ахмед Йүгінекидің «Ћибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы етістік, үстеу сөздердің қолданысы, статистикалық сипаты

Етістіктің жұмсалу ерекшеліктері мен статистикасы. XI-XIV ғасырларда жазылған жәдігерліктердегі етістік категорияларын зерттеудің маңызы зор. Бұл дәуірлерде жазылған шығармаларда етістік категорияларының ерекшеліктері бір-біріне ұқсас. Сондай-ақ, сол уақыт ескерткіштерінің әр қайсысының да өзіне тән кейбір грамматикалық ерекшеліктері бар. Бұл шығармалардың кейбірінде етістік категорияларының сол дәуірге тән ерекшеліктері толығымен кездессе, ал кейбірінде қысқарған немесе қазіргі тілдік тұрғыдан көнерген күйге өте бастаған. Соның ішінде, «Ћибат-ул хақайиқта» етістік категорияларының өз заманына тән талаптары сақталған және кей формалар жалпы қолданыстан шығып қалған. Шығармадағы етістіктерде шақ, жақ, рай және басқа грамматикалық категориялар бар.

Етістік категориясын айтқанда, ең бірінші түбір мәселесін қарастыру керек. Етістіктерді зерттеу барысында бұйрық етістігінің екінші жақ жекеше формасы 2 қызметті атқаратындығы анықталды:

1. екінші жақ бұйрық етістігі жекешенің түбір формасы етістіктің лексикалық мағынасын білдіреді.

2. бұйрық етістіктері екінші жақ жекешенің түбір формасына түрлі сөз жасаушы, өзгертуші аффикстер қосылып, жаңа сөздер және басқа грамматикалық категориялар жасалуы үшін негіз болады: *бил (*біл), *билур* (біледі), *билгән* (білген), *билди* (білді); *қыл* (қыл), *қылдым* (қылдым), *қылсу* (қылсын), *қылур* (қылады).

Түбір етістіктер: *ай* (айту), *ав*(аудар, бұр), айт (айт), *ар* (шарша, жалық)**,** *арқа* (ізде), *арт* (көбей, арт), *ал* (ал), *алын* (иелену, меншіктену)**,** *анун* (дайындал)**,** *арты* (1. айыр, бөл; 2. бақыла, зертте); *ары*(тазар), *асил* (азай); *бақ* (қара, көр, байқа), *бар* (1. бар, кет; 2. о дүниеге кет), *бер* (бер), *бил*(1. біл 2. хабардар бол, түсін, таны, меңгер), *бич* (1. кес, үз 2. жина, тер), *бол* (бол, айнал), *бул* (тап), *бут* (біт, жазыл, оңал), *буш* (ашулан, қаһарлан), *де* (1. айт, де, 2. есепте, сана 3. көмекші етістік), *ег* (иі, жібі, еңкейт), *екси* (кемі, азай), *ет* (ет, қыл, істе, жаса), *ешит* (есіт, тыңда), *йат* (жат), *йе* (1. же, 2. пайдалану), *йет* (түбіне жету), *йу* (жу), *йул* (сақта), *йум* (жұм), *йығ* (1. тый, тарт 2. жина, жи), *кей* (ки), *кел* (1. кел; 2. табыл, ұшыра; 3. көмекші сөз қызметінде жұмсалады), *кер* (кер, көтер), *кес* (кес), *кеч* (кет, өт), *кир* (кір), *көм* (көм), *көр* (1. көр 2. көмекші етістік қызметінде, 3. өзгеден көру, есептеу), *қод* (қалдыр, қой), *қой* (қой, қалдыр, таста), *қон* (қон), *қоп* (түрегел, кетеріл,

орныңнан тұр), *қур* (құр, тарт (садақ)), *қуч* (құш, құшақта), *қыл* (1. қыл, істе, ет; 2. көмекші сөз қызметінде), *қал* (1. қал, қалып қой; 2. көмекші сөз қызметінде жұмсалады), *қамл* (әлсіре, азай), *қары* (қартай), *қат* (қат, араластыр), *қын* (қина, азапта), *мун* (шатас, алжы), *оқу* (оқы), *оқы* (оқы), *оңал* (айық, жазыл), *өг* (1. мақта, мадақта, дәріпте; 2. қаратпа сөз), *өкүн* (өкін, опық же), *өл* (өл), *өрта* (өрте), *өт* (өт, біт), *күй* (күту), *күча* (күштеп ұста), *қаз* (қаз), *өч* (өш, сөн), *сақын* (1. ойлан; 2. сақтан), *сал* (1. сал, қой; 2. шығар, кетір, таста), *сана* (сана, есепте), *сат* (сат), *сач* (шаш, сеп), *сев* (сүй, ұнат), *сун* (ұсын), *сүр* (өмір сүр, жаса), *сы* (сындыр), *сын* (сын), *сына* (сына), *тары* (ек), *тат* (тат, дәмін ал, же), *тег* (1. жет 2. кел, ти, ұшыра), *теңа* (1. теңде; 2. теңеу, салыстыру), *тер* (тер, жи), *тила* (тіле, қала), *тол* (тол), *төрат*(жарат), *тур* (1. тұр, тоқта; 2. көмекші сөз қызметінде жұмсалады), *тут* (1. ұста; 2. сақта; 3. көмекші етістік қызметінде), *тый* (тый), *уза* (ұзап кет, алыста, қашықта), *узат* (ұзарт, соз) *уйат* (ұял), *уқ* (ұқ, түсін, байыпта), *ул* (2. байла, мата; 3. қина, тұйыққа тіре), *ум* (үміт ет, күт), *унут* (ұмыт), *уң-а* (ұқ, түсін), *ур* (ұр, соқ), *уч* (ұш) *чал* (шал, құлат), *адар* (1. бөлу, талдау, айыру; 2. айырып тану, айыру, түсіну) т.б.

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай ескерткіш тіліндегі бірқатар етістіктер *ал, де, ет, кел, кер, кес, көм, көр, қаз, қал, қат, қон, қыл, оқы, оңал, өл, өт, сал, сана, сат, сүр (өмір сүру), сын, сына, тат (дәмін тат), тер, тол, тый, толды, оқысаң, санар, қазып* тұлғасы жағынан да, мағынасы жағынан да қазіргі қазақ тіліндегі етістіктермен бірдей. Яғни, олар арада қанша ғасыр өтсе де ана тілімізге еш өзгеріссіз жеткен. Кейбір мысалдардан қазақ тілімен салыстырғанда фонетикалық жағынан айырмашылықтары байқалады, дегенмен олар да қазіргі түркі тілдерінде осы формада сақталған. *ҺХ* тіліндегі *қамл, өг, мун, адар, ары, қод, сақын, бич, бул* етістіктері қазіргі қазақ тілінде қолданылмайды.

Тілші ғалым Ж. Манкеева «Етістік – бұл тілдің ерекшелігі айқын көрінетін маңызды грамматикалық категориялардың бірі. Әрекет пен күйдің динамикасын білдіре отырып, ол лексикада ерекше орын алады» [117, 14] деп атап көрсетіп, қазақ тілінің базистік лексикасы құрамында көптеп кездесетін өлі түбірлердің, яғни дыбыстық тұлғасы ғана сақталып, мағынасы күңгірттенген лексика-грамматикалық элементтердің табиғатын танып, сырын ашады.

«Е» көмекші етістігі ескерткіште жалаң *е+са* түрінде де кездеседі. ҺХ ескерткішінде *өб, сүй* етістіктері тарихи тұрғыдан варианттас сөздер болып табылады. Мысалы, *сев* (сүй, ұнат), *севдүр* (сүйдір), *севүл* (сүйіспеншілікке бөлен, ұнат). Қазақ тілінде *өп* етістігінің мағынасы – «жақсы көріп сүю» дегенді білдірсе, ал *сүй* етістігінің мағынасы – «ерінді тигізіп, мейірлене өбу». Бұл етістіктердің түбірі *суп.* Сөз басындағы **с** дыбысының түсірілуінен мағыналық айырмашылықты байқаймыз.

Қоп – 1. ұшу, самғау: qara quš qopupan barmïš (Қара құс аспанға ұшты); 2. жоғары көтерілу, көкке көтерілу: er joqaru qopdï (Ер жоғары көтерілді); 3. басқа көтеру, ұлық тұту, дәріптеу: kiši söz bilä qoptï buldï mülük (Кіші сөзімен мүлікті болды); 4. түрегелу, орнынан тұру: Uluγ kelsä qopγïl adaqïn örü (Ұлық

келсе аяғыңнан тік тұр); 5. көтерілу, күннің көтерілуі, жарықтың түсуі: jašïq qoptï jerdin kötürdi bašïn (Күн жерден басын көтерді); 6. көріну, шығу, пайда болу, туу, басталу: istäk qopdï (Тілек пайда болды) [88, 456 б.]. ҺХ жазба ескерткіш тілінде *қоп* етістігі *түрегел, көтеріл, орныңнан тұр* мағынасын береді. Ескерткіш тіліндегі *қоп* етістігі қазіргі түрік тілінде сақталынып қалған, бүгінгі күнге дейін осы мағынада қолданылады.

Бақ – бұл етістіктің көне түркі сөздігінде *айналаны бағдарлау, бағу, қарау* мағынасы тіркелген. Мысалы, Baqar erdi qamaγta (Барлық жерді қарап шықты) [88, 81]. Ескерткіште *қара, көр, байқа* мағынасында қолданылған. Қазіргі түркі тілдерінде түрік, әзірбайжан, өзбек, түрікмен, ұйғыр bahmag, bakmak, bákmák формаларында, ал башқұрт, қырғыз, татар тілдерінде karav, karau, karämák тұлғасында жұмсалады. Төл тілімізде көбінесе *қарау* етістігі қолданылады, *бақ* формасы «бақсам бақа екен» деген тіркесте кездеседі.

Туынды етістіктер: *кизлə* (жасыр), *сөзлə* (сөйле), *езмə* (етпе), *азурла* (түйре, қада, шаншы), *бағла* (байла), *беза* (безендір, әсемде, ажарла, көркемде), *бекла* (1. мықта, берік ет; 2. құрсаулау, тың, тарт), *берил* (беріл), башақтур (жарала, жарақатта), *гезла* (кезе), *гүдаз* (күзет, сақта), *гүдазил* (күзетіл), *йитит* (1. өткірле 2. ұшқырла), *йоқамақ* (сипамақ), *йоқар* (жоғарылау), *йоқла* (көтерілу), *йүрүр* (жүгір), *йүз ур* (көзін сат, жүз сат), *айур* (айтар), *ашын турдуғың* (ас еткенің, пайдаланғаның), *бушруп* (ашуландыр, қаһарландыр, ренжіп), *матур* (татыр), *маты* (таты, дәмін көр), *матыт* (дәмін кіргіз), *көргүлүг* (көрінуші, сезілуші), *көт(ү)р* (1. көтер, арқала; 2. абыройын, мерейін т.б), *көчүр* (көшір, қоныс аудар) т.б.

Ескерткіш мәтінінде де, қазіргі қазақ тілінде де зат есім, сын есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар *-ла, -лə сөзлə*-сөйле, аңла; *-а,-ə* өрт+а.

Екси, ексийүр. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткішінде *екси, ексийүр* етістігі «азаю, кему» мағынасында жұмсалған. Қазақ тілінде «өмір жасы өксіді» деген тұрақты тіркестегі «өксі» сөзімен мағыналас жас кемігендігін, мұқалғандық аңғарылады [54, 78]. Тағы бір мысал келтірсек, 392-бәйіт жолында:

А. ’ариф рақс чығарып **итер хош сама’**
اریف راقس چوغاروپ یتر حوش ساما
Оқымысты билеуді шығарып салар көңілді ән
Ə. ’ариф рақс чығарып **айур хош сама’**
اریف راقس چوغاروپ ایور حوش ساما
Оқымысты билеуді шығарды көңілді әнге басты
Б. ’ариф рақс чығарур **урур хош сама’**
اریف راقس چوغاروپ یتر حوش ساما
Оқымысты билеуді шығарар көңілді әнге төгілтеді.

Дастанның авторы өз шығармасында етістікке бастан-аяқ есімшенің **-ур** жұрнағын қосып отырған. **А** нұсқасының көшірмешісі бұл дәстүрді бұзып, «чығар» туынды етістігіне көсемшенің **-ып** жұрнағын қосса, **Ə** нұсқасының көшірмешісі жедел өткен шақтың **-ды** қосымшасын қосқан. **Б** нұсқасының көшірмешісі ғана дәстүрді сақтаған. Сондай-ақ үш нұсқада

«Хош сама» тіркесі үш түрлі етістікпен тіркес құраған. Олар - «итер» (салар), «айур» (атып жіберу, лақтырып жіберу, ауыспалы мағынасы- басу), «урур» (ұрғылау, ауыспалы мағынасы – төгілту). «Ур» етістігі шығарманың өн бойыда жиі қолданылады. Ескі қолданыстың бірі. «Урур хош сама» (көңілді әнді төгілтер) тіркесін дұрыс деп санаймыз. А, Ә нұсқаларының көшірмешілері өз сөздерін араластырып жіберсе, Б нұсқасының көшірмешісі авторлық қолданысты сақтап еш өзгеріс түсірмеген. Осылайша бір көшірмеші екінші бір көшірмешінің не өзгертіп, не қойғанын ашып беріп отырады. Бұл ретте, көне қолданыс демесе, өзерту жасауға еш негіз жоқ.

Ескерткіш тіліндегі туынды етістіктер зат есім, сын есім, сан есімдерге етістік жасаушы арнайы аффикстер қосылуы арқылы жасалған. Сондай-ақ, етістіктің көсемше формасына -иб//-а, шақ, жақ формалары қосылған. Атап айтқанда, көне дәуірде жазылған шығармада етістіктер морфологиялық, аналитикалық, синтактикалық тәсілмен жасалған. Морфологиялық тәсілмен жасалған етістіктер салт, сабақты категорияларды көрсетсе, аналитикалық жолмен берілген етістіктер предикативтік мағынаға ие және іс-әрекеттің салт немесе сабақты күйін білдіреді. Синтактикалық тәсілмен жасалған етістіктер іс-әрекеттің тұрақты, тұрақсыздығын көрсетеді.

Морфологиялық тәсіл. Поэтикалық шығармада кейбір сөз жасаушы аффикстердің түрлі сөз түбірлері негізінде етістік пайда болуы көп кездессе, кейбірінде мұндай қызметте кем қолданылады. Осыған орай, етістік жасаушы аффикстерді өнімді және жартылай өнімді деп бөлуге болады. Өнімді етістік жасаушы аффикстер көмегімен түрлі сөз түбірлері негізінде жасалған етістіктердің ең көбіне 11, ең кеміне 3 мысал кездеседі.

I. Өнімді аффикстер:

1. -ла//-лә аффиксі зат есім немесе сын есім түбірлерінің қатаң немесе ұяң ерекшеліктеріне сәйкес қосылып, салт етістіктер жасайды. Ескерткіште бұл аффикстің қолданылу аясы ауқымды. Мысалы, *из* (із, жол), *из+лә, излә* (ізде); *сөз*, сөз+лә, сөзлә (сөйле).

2. -ат//-әт аффиксі зат есімдерге қосылып, салт етістіктерді жасайды және шығармада бұл тәсілмен жасалған етістіктерге 6 мысал кездеседі: түн кеш, түн+әт, түнәт (түнет, түнге айналдыр, кештет).

3. -а//-ә аффиксі зат есімдерге қосылып, салт етістіктер жасайды және шығармада бұл жолмен жасалған етістіктерге 5 мысал бар. Олар: аң – онг, ес, тушунча, аң+а (түсін, есіңе түсір); сан - сан+а; (сана, есепте); күч – күч+ә, (күшей); өрт – өрт+ә (жандыр, күйдір, өрте).

II. Жартылай өнімді аффикстер. Шығармада бұл сияқты аффикстермен жасалған етістіктерге бір-екі мысалдан кездеседі.

1. -тә аффиксі зат есімдерге қосылады және салт етістіктер жасайды. Бұл аффикстің функциясы -ла//-лә қосымшасынан айырмашылығы жоқ. Осыған орай, -тә аффиксі -ла//-лә қосымшасының варианты сипатында пайда болғандығы білінеді. Мысалы, (ир)>(из), ир - із, жол ир + тә; иртә – изла (ізде); бек - би, билеуші, бек+тә; бектә –бекіт, жап.

2. -р аффиксі ұяң артикуляциялы сипатта қосылып, сабақты етістік жасайды: ески – ескі, ески+р – ескір.

3. -сын аффиксі қатаң айтылушы сипаттарға қосылып, қалау және бірер белгіге пропорционалдылық мағынаны беруші етістіктер жасайды: улуғ – 1. ұлы. 2. үлкен, ақсақал; улуғ+сын – ұлықсың, өзіңді ұлық тұт, ұлықлыққа беріл.

4. -ик аффиксі ұяң артикуляциялы бір санына қосылып, біріккен мағынаны береді: бир-бір, бир+ик – бірік, бірлес.

5. -үк аффиксі ұяң айтылушы зат есімге қосылып, сабақты етістік жасайды және белгі немесе қасиеттің әрекетке болған қарым-қатынасын аңғартады: өч – өш, кек, өч+үк – өшік, кектен.

6. -ал+а аффиксі қатаң артикуляциялы зат есімге қосылып, салт етістік пайда қылады және әрекеттің қайталану мағынасын көрсетеді: от –дәрі; от+ала – емде.

7. -ал аффиксі қатаң артикуляциялы зат есімге қосылып, сабақты етістік жасайды және әрекеттің оңалу дәрежесін көрсетеді: оң – өң, оң+ал – оңал, түзел.

8. -рә+т аффиксі ұяң айтылатын зат есімге қосылып, салт етістік жасайды және әрекеттің қайталану мағынасын көрсетеді: өг – мақта, мадақта, дәріпте, өг+рә+т – үйрет, оқыт; ед – мүлік, байлық, ед+рә – топта, жина, иелен.

9. -ша аффиксі қатаң артикуляциялы зат есімдерге қосылып, сабақты етістік жасайды және әрекеттің қарқындылық мағынасын көрсетеді: йаң-жау, йаң+ша – жаңылыс, қателес, қате айт.

10. -ла+ң аффиксі қатаң айтылушы зат есімге қосылып, сабақты етістік жасайды: алың – ие, алыңлан – меншікте.

Күрделі етістіктер. Н. Оралбаева екі-үш не одан да көп етістіктердің тіркесіп келуін «етістіктің аналитикалық формантгары» деп атайды [118, 106]. Ескерткіште күрделі етістіктер жасау үшін **қыл, ет, бол** көмекші етістіктері қатысып отырған. Бұл етістіктердің араб, парсы сөздерімен де тіркесіп жасалғаны кездеседі.

Аналитикалық тәсілмен етістік жасау. Бұл тәсілмен зат есім, сын есім, есімдік және басқа сөз таптарына көмекші етістіктер *ет, қыл, бол* формалары қосылып келуімен жасалады: *сабр ет* (سابر بت) (күт, сабыр қыл); ата қылды (اتا قولدو) (тарту етті); *арқаған болур* (ارقاغان بولور) (дәлелдейді); *Уған рахмат етсүн* (وغان راحمات بتسون) (Құдай рақым етсін), *hадийа қылдым* (هادیا قولدوم)(тарту қылдым).

Тіл тарихын зерттеуші ғалым Р. Сыздық Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі күрделі етістіктердің *ет, қыл, әйлә,* көмекші *бол, тұт, сал* сияқты дербес мәнді етістіктерінің тіркесіп келуін былай түсіндіреді: «Сірә, бұндай қатарлардың пайда болуында азды-көпті уәжділік бары байқалады. Мысалы, *әйлә* көмекшісі көбінесе *рахм, душман, ғафу, қаппар* сияқты арабизмдермен тіркес құрайды, олардың *қыл, ет* көмекшілерімен келуі кемде-кем. Соған қарағанда бөгде тілдік күрделі етістіктердің «консервілену» процесі орта ғасырда-ақ басталғаны байқалады. Ал «тірі» процесс те бұл кезеңде мықты орын алған: араб пен парсы сөздерін негізгі компонент етіп, күрделі етістік жасау орта ғасырлардағы түркі жазба тілінің

ең бір өнімді амалы ретінде нормаға айналған деуге болады. Бұл процестің нәтижесі біздің күндерімізге де жеткен. Айталық, көне түркілік (ұйғыр заманынан келген) *әйлә* деген көмекші етістігі қыпшақ тілдеріне еркін ауыспағанын айтпағанда, қалған *қыл, ет, бол* көмекшілерімен араб, парсы есімдерін негіз етіп жасалған күрделі құрылымдар қазіргі түркі тілдерінде, айталық қазақ тілінде де едәуір бар: *ғафу ет, айла қыл, рақым ет, қабыл қыл, қабыл бол, қайран бол* » [119, 147].

Аналитикалық тәсілмен жасалған етістіктердің мағына беруі бірінші компонент арқылы пайда болады, іс-әрекет және предикативтік ерекшелігі екінші компонент көмекші етістіктер көмегімен іске асырылады. Бұл жолмен жасалған аналитикалық етістіктерде түрлі грамматикалық категориялар бар. Аналитикалық етістіктер шақ, жақ категориясында түрленеді. Іс-әрекетті білдіруші аналитикалық етістіктер салт немесе сабақты, шақ, жақ категорияларына ие. Мысалы, *ерүр, турур, дур* көмекші етістіктері, предикатив жалғаулар әрекет мағынасын білдіруші етістіктердің қалыптасуына қатысады.

Синтетикалық тәсіл. Синтетикалық жолмен күрделі етістіктердің пайда болуы көсемшелердің *-б/-п/-ыб/-иб/-ып/-ип/-уб/-үб/-а/-ә/-у/-ү* формалары және көмекші етістік арқылы беріледі: *сыңып турмаса* (сақтанбаса, сақтап тұрмаса, жасырмаса); *арта барур* (артып барады, көбейе береді); *айу бер* (айтып бер). Бұл тәсілмен жасалған етістіктер түр (вид), салт, сабақты категорияларын қабылдайды.

Осы сияқты күрделі етістіктер шығармада екі элементтен түзілген. Бірінші элемент негізгі лексикалық мағынаны береді. Ал екінші элемент күрделі етістіктерде түр (вид) категориясы үшін қызмет етеді. Бірінші элемент, етістіктің лексикалық мағынасына қарай салт және сабақтыны көрсетеді.

1. салт етістік мағынасында келеді: *күтүп тур фаррахқа бала ранж йүтүп* (كوتوپ تور فارّاحقا رانج وىتوپ) (бала ренішті жұтып, қуанышты күтіп тұр); *айибқа қойуп тур халайық ара* (ايبقا قويىپ تور حالايوق ارا) (халық арасында оны кінәлі етіп тұр).

2. сабақты етістік мағынасында кездеседі: серип сендә разың сиңип турмаса (سرىپ ساندا رازون سنىب تورماسا) (сырың сенің өзіңде сақталып тұрмаса); *харыс терип ермәс усанмас болур* (حاروس تترىپ ىرماس وسانماس بولور) (ашкөз теріп ерінбейді, жинаудан қашпайды).

3. аяқталмаған, жалғасу мағынасын береді: *бу мал келсә арта барур баз кечә* (بو مال كىلسا ارتا بارور باز كىچى) (бұл мал келсе, арта береді, көбейе береді, тағы кетеді); *анын күндә арта турур бу бида* (انون كوندا ارتا تورور بو بدا) (соныңменен күннен-күнге бұл жаман күндер артуда).

4. аяқталған, біткен мағынасын береді: *айу бер меңә бу негүгә керәк* (ايو بىر منا بو نىگوگا كىرىك)–(айтып бер маған, бұл не үшін керек); бақа көргил емти уқа сынайу (باقا كورگىل ىمتى وقا سونايو) (енді оқып, сынап, қарап көр).

А.М. Щербак күрделі немесе синтетикалық тәсілмен жасалған етістіктерді олардың сипаты, мағынасына қарай, түр (вид) мағынасын білдіру тарауында берген. Ол көсемшелердің *-иб/-ыб* формасымен жасалған күрделі

етістіктер аяқталған әрекет мағынасын білдіреді деп көрсетеді. Аяқталғандық мағынасы шығармада жалпы көмекші етістіктердің семантикасына байланысты [112, 49].

Ырықсыз етіс. Ырықсыз етіс категориясын жасау үшін **-ыл,** *қайтарыл, санчыл, суғыл;* **-ул** *кутул, сунул, урул;* **-ил** *берил, гүдазил, йерил, тегил, терил, төгүл, иртегил, изләгил;* **-үл** *сөкүл, төгүл;* **-ал** *йоқал.*

Бұл аффикстер салт етістіктерге қосылып, іс-әрекеттің көмегі арқылы субъектіге қатысты екендігін көрсетеді. Ырықсыз етіспен берілген мұндай етістіктерде субъект объектіге айналады, ал объект субъект орнына қалады: *тар ерсә кең ерсә битилди розың* (ومور برسا كن برسا بتتلدى روزون) (өмір сүру күнің немесе өмірің ұзын, қысқа болуы да жазылған); *тилиндин төкүлди телим ер қаны* (тілінің кесірінен көп адамның қаны төгілді); *бүкәнди ол ергә мурувват йолы* (ол адамға жақсылық жолы түсірілді).

С.М. Исаев қазақ тіліндегі ырықсыз етістік жөнінде былай дейді: «Ырықсыз етіс – қимыл-әрекеттің өздігінен орындалуы мәнін үстеп, қимыл-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден **-ыл/-іл/-л** қосымшасы, түбір құрамында **-л** дыбысы болса, **-ын/-ін/-н** қосымшасы арқылы жасалады. Кітап оқылды, үй тазаланды, астық жиналды, сөз сөйленді т.б. мысалдарда, біріншіден, тура объектілер (*кітап, үй*) грамматикалық бастауыш қызметін атқарса, екіншіден, ырықсыз етіс формалы етістіктер салт етістік болып тұр» [120, 83].

Өздік етіс етістік түбірі немесе негізінің сипатына сәйкес *-н/-ын/-ин; -ун/-үн; -л/-ыл/-ил* аффикстері арқылы берілген. Бұл аффикстер салт және сабақты етістікке қосылып, олардан білдірілген іс-әрекеттің субъекттің өзіне қайтқанын білдіреді. Мысалы, *Айа тил түрәт мадқ өтүнгил қаны* (اىا تلڭ تورات مادق وتونگىل قانو) (Кәнекей, өтінгін, сұрағын, тілмен мадақта, мақта); *Улуғлуғ мениңсиз алынмаң теди* (وغلوغ مننسز الونمان تدى) (Даңқты ұлылықты менсіз алуға тырыспаңдар деді); *Қамуғ толған аслур түгәл ексилйүр* (قاموغ تولغان اسلور توگال يكسليور) (Барша толған нәрселер азаяды, бүтіндей өзгереді, кемиді).

Етістіктерде бұл секілді өздік етіс XI-XIV ғасырдағы басқа жәдігерлерде де бар. Қазіргі түркі тілдерінде де өздік етіс *-н* аффиксімен сақталып келеді. Ескерткіште өздік етіс категориясы мына түрде берілген: **-ын** *қылын, салын, сақын,* **-ан** *қатлан, инан;* **-үн** *йүкүн, өтүн*; *-ун* **булун,** т.б. Қазақ тілінде өздік етіс **-ын, -ін, -н** жұрнақтарын қабылдап, іс-қимыл мен әрекетті орындаушының өзі жасайды. Ескерткіш тілімен салыстырғанда тек дыбыстық тұлғалануында айырмашылық болғанымен мағына сақталған.

Өздік және ырықсыз мағына білдіруші етістіктер. Мұндай етістіктер көбіне табиғат оқиғасына тиесілі іс-әрекеттерді білдіреді. Мұндай етістіктерде біріншіден, әсер етуші табиғат құралдары да кездеседі. Осыған орай, табиғат оқиғасына немесе оған қатысты берілген іс-әрекет өздік және ырықсыз етіс мағынасын білдіреді. Шығармада бұл етістіктерге мысал аз кездеседі: *Алыңланса түтнүб ғазаб инад оты* (Ашу оты тұтанып алауласа).

А.Ж. Қалыбаева қазақ тіліндегі етіс категорияларының ішіндегі өздік пен ырықсыз етіске мынадай түсінік береді: «Өздік, ырықсыз етістер, етістіктің өзге түрлеріне қарағанда, әлдеқайда кеш пайда болған. Өйткені олардың тұлғалық көрсеткіштерінде әлі күнге дифференцияланып жетілмегендік кездеседі. **-ын/-ін/-н** өздік етістің, ал **-ыл/-іл/-л** ырықсыздықтың көрсеткіштері болып есептелгенімен, бұлар кейде екі етіске бірдей қатысады. Дегенмен, екеуінің мағынасы мен сөйлемдегі атқаратын қызметі жағынан бір-бірінен айырарлықтай, өздеріне лайық ерекшеліктері бар» [121, 17].

Өзгелік етіс. Етістіктерде өзгелік етістің жасалуында шығарма жазылған дәуір үшін тән болған аффикстер қолданылғанын көреміз. Өзгелік етіс жасаушы аффикстер пассив мағына білдіруші сабақты етістікті актив салт етістікке айналдырады. Ал салт етістік немесе актив мазмұнға ие болған етістіктердің мағына реңктерін арттырады.

Шығармада етістік түбірі немесе негізінің сипатына сай өзгелік етіс етістіктері төмендегі аффикстер арқылы беріледі.

1.*-р/-ыр/-ир/-ур/-үр/-йур/-ар/-әр* аффикстері: *чықарур*(چوقارور) (шығарады), *татруб//татыруб//татруб* (дәм таттырып); *чөкәрди* (چوکاردی) (аударды, айдады, шапты); *сыйур* (сындырады); *тегүрмә* (تىگورما) (тигізбе), *кетүр* (келтір)**,** *көчүр* (көшір), *тегүр*(تىگور) (келтір).

2. *-түр/-дүр* аффикстерімен берілген өзгелік етіс етістіктері: *билдүр* (білдір), *йедүр*(يىدور) (жегіз), *йетүр* (жегіз), *кетүрдүм* (كىتوردوم) *(келтүрдүм>кетүрдүм*) (келтірдім); *билдүрүр* (білдереді), *очүкдүрмә* (өшіртірме).

3. *-т/-ит/-ыт/-ут/-үт/-әт* қосымшалары арқылы берілген өзгелік етіс етістіктері: *ачытма* (اچتوما) (ашытпа); *йетитип* (жеткізіп); *йарутур* (жарытады) *түгат* (бітер, тауыс, түгес), *узат* (ұзарт, соз), *йүрүт* (жүргіз).

4. *-гуз/-гүз* аффиксімен жасалған өзгелік етіс етістігі: *тиргүзмәк* (تىرگوزماك) (тірілту, жандандыру), *келгүзи* (كىلگوزى) (келеді).

Өзгелік етістің -т, -ыт, жұрнағы *түгат, йарат, йитит, айыт, йүрүт* секілді етістік сөздерде ұшырасады. Олар етістік түбірі немесе негізіне және сөздің дауысты немесе дауыссыздармен аяқталуына қарай, *-н/-ын/-ин; -ан/-ән/-ун/-үн; -л/-ыл/-ил; -ул/-үл* вариантар түрінде қосылған. Шығармамен дәуірлес болған немесе одан бұрын не кейін жазылған жәдігерлерде де ырықсыз етістің осы формаларын кездестіруге болады.

Шығармада бұл аффикспен пайда болған мысалдар бұдан басқа кездеспейді. Сондай-ақ өзгелік етісті жасаушы екі түрлі аффикс қатар келген кездер кездеседі: *-р+т* аффиксімен берілген өзгелік етіс етістігі: *татыртыб* (дәм таттырып). Мұндай жолмен жасалған мысалдар шығармада аз кездеседі. Орхон-Енисей ескерткіштерінде, XI-XIV ғасырдың басқа да жәдігерлерінде өзгелік етіс етістігінің жасалуы шығарма тіліне өте жақын. Өзгелік етіс жасаушы жоғарыдағы аффикстер басқа түркі тілдерінде де бар.

1. өзгелік етіс жасаушы аффикстер сабақты етістіктерге қосылып, оларды салт етістікке айналдырады: *Биликсизлик ерни чөкәрди қозы*

(بىلمسزدلىك برنى چوكاردى قوذو) (Білімсіздік адамды төменге түсіреді (сүйрейді)); *Йарағ болсаң офрағ йалыңны бүтүр* (Қолыңнан келсе, жалаңаш хәліңді (ескі, жыртық киімдеріңді) түзет).

2. салт етістіктерге өзгелік етіс жасаушы аффикстер қосылып, бұл етістіктердің мағына реңктерін арттырады: *Ахы бол ахылық сени севдүрүр* (احو بول احولوق سنى سودورور) (Жомарт бол, жомарттық сені сүйікті етеді).

Қазіргі қазақ тілінде өзгелік етіс **-т; -тыр (-тір, -дыр, -дір); -қыз (-кіз, -ғыз, -гіз**) жұрнақтары және сол жұрнақтардың қабаттаса жалғануы арқылы негізгі етіс формасынан жасалады.

Ортақ етіс. Шығармада ортақ етісті білдірген етістіктер өте аз. Ортақ етісті білдіруші етістіктер іс-әрекеттің бірге іске асқандығын көрсетеді және етістіктердің салт және сабақты мағынасы өзгермейді. Етістіктерде ортақ етіс түбір және негіздің сипатына қарай *-ш* аффиксі арқылы беріліп, көсемше формасында кездеседі: *Негүгә бу аны улашу қынар* (نىگوگا بو انو ولاوشو قونار) (Неге бұлар оны тоқтатпай қинайды). Қазіргі түркі тілдерінде ортақ етіс формалары айтарлықтай ерекшеленбейді. Қазақ тілінде ортақ етіс **-с (-ыс, -іс)** жұрнағы арқылы жасалынатыны белгілі.

Академик Р. Сыздық етіс тудыратын жұрнақтарды жалпы сөз жасаушы деп қарастырмай, етістіктің породаларын, яғни етістіктің әртүрлі семантикалық категорияларын жасайтын «грамматикалық құрал» деп тану керектігін ескертеді [119, 145].

Ескерткіште етістікке тән грамматикалық категорияларды жасауға сан алуан жұрнақтар қатысқанын байқауға болады. Етістіктің әртүрлі етіс категориясын жасау үшін мысалы, өзгелік, ырықсыз, ортақ, өздік етіс көрсеткіштері қолданылған. Олардың барлығында дерлік қазіргі түркі тілдерінің етістікке тән грамматикалық категорияларды беруде жұмсалатын жұрнақтары сақталып қалған.

Түркітануда да, қазақ тіл білімінде де рай категориясына қатысты сан алуан пікірлер бар. Көне және орта ғасыр жазба тарихи ескерткіштер тілін зерттеушілер сол дәуірдегі рай қосымшаларының көп мағыналы болғанын, рай қосымшалары шақ қосымшаларынан толық ажырай қоймағанын, рай қосымшаларының саны қазіргі түркі тілдеріне қарағанда анағұрлым көп болған деген пікірді ұстанған.

Етістік райлары. Етістік райларының XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда қандай ерекшелікке ие екендігін қарастыру маңызды.

Шығармада етістіктердің ашық, шартты және бұйрық-қалау райлары бар. Етістіктерде ашық райға болжалды келер шақпен берілген мысалдар көп кездеседі. Шартты, бұйрық-қалау және ашық райлар шақпен өте тығыз байланыста.

Ашық рай етістіктердің өткен шақ, осы шақ, келер шақ, болжалды келер шақ формалары арқылы берілген. Етістік түбірлері бұйрық рай формасын береді. Бұдан бөлек, бұйрық етістігінің туынды формасы да рай категориясын білдіреді. Шығармада етістіктердің шартты рай бұйрық етістігінің екінші жақ жекеше формасына арнайы аффикстер қосылуы арқылы жасалады.

Етістік шақтары. Етістіктерде шақ категориясы XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда форма жағынан қазіргі қазақ тіліне қарағанда жалпы және әр түрлі тараптары бар.

XI-XIV ғасыр жәдігерлерінде өткен шақ, осы шақ, келер шақ, болжалды келер шақ етістіктері кездеседі. «Һибат-ул хақайиқта» етістіктердің шақ білдіруші формалары сол дәуірлерде жазылған жәдігерлердегі ерекшеліктерге көп жағынан сай келеді. Бұдан бөлек, шығармада кездесетін етістіктердің шақ формаларында өзіне тән кей ерекшеліктері де бар.

Етістіктерде өткен шақ формасы қазіргі қазақ тіліндегі өткен шақ формаларына бір жағынан сай келсе, екінші жағынан өзгеше болып келеді. Шығармада қазіргі шақ формасы көмекші етістіктермен берілген. Келер шақтың *-ғусы* формасы қазіргі кейбір түркі тілдерінде сақталып қалған.

Етістіктердің шақ, жақ және көптік жалғауларында үндестік заңы сақталған. Ерін үндестігі болжалды келер шақ III жақ жекеше формасында кездесіп тұрады.

Өткен шақ етістігі. Шығармада *жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, ауыспалы өткен шақ* формалары кездеседі.

Өткен шақ етістікті жасаушы *-ды, -ди, -ты, -ти* аффикстері кездесетін жазба ескерткіштер төмендегі үш топқа бөліп қаралады: 1) Орхон-Енесей текстері; 2) Ескі ұйғыр тілінің ескерткіштері; 3) XII ғасыр ескерткіштері – «Құтадғу билиг» және «Диуани лұғат ит түрк » [122, 154].

Жедел өткен шақ. Жедел өткен шақ етістігі бұйрық етістігі екінші жақ жекешесінің сипатына сай төмендегі аффикстер мен жақ қосымшалары қосылған: *-ты+м/-ти+м/-ди+м/-дү+м*; *-ты+ң/-ти+ң/-ды+ң/-ди+ң*; *-ты/-ти/-ды/-ди/-тү.* Мысалы: *еттим* (еттім); *чықартым* (шығардым); *кетүрдүм* (келтірдім); *йығдың* (жинадың); *билти* (білді); *болты* (болды); *өлмәтү* (өлмеді); *өгди* (мақтады); *қылды* (қылды). Шығармада өткен шақ етістіктерінің бірінші, екінші және үшінші жақ көпше формасы кездеспейді.

Жедел өткен шақ етістігі болымсыз *-ма//-мә* аффиксімен беріліп, шақ білдіруші қосымшаның алдына қосылады: *қалмады* (қалмады).

Өткен шақ етістігінің бұл формасы XI-XIV ғасырдың жазба жәдігерлерінде де бар, шығармадағы ерекшелікпен сай келеді. Сондай-ақ, қазіргі туыстас түркі тілдерінде де дәл осы форманы кездестіруге болады. Жедел өткен шақ етістігінің III жақ формасы көптік *-лар//-ләр* жалғауымен кездеспейді. Жедел өткен шақ іс-әрекеттің жуық арада болып өткенін білдіреді.

Жедел өткен шақ формасының жетекші етістігі *-уп, -а, -у* формалы көсемшелермен берілгенде, түр (вид) мағынасын аңғартады:

1. *билди* (بلدی) формасы *йетә* көсемшесімен бірге әрекетті атқаруға қабілетті болу мағынасын білдіреді: *Ахы ер биликни йетә билди көр*

(احو ر بلکنی یتا بلدی کور) (Жомарт адам ілімнің қадіріне жетті, көр).

2. *барды* (باردو) формасы *қозуп* (کوذوپ) және *көтрү* (کوتورو) көсемшелерімен бірге әрекеттің жалғасатындығын көрсетеді: *Ажунда ат едгү қотуп барды көр* (اجوندا ات یدگو قوتوپ باردو کور) (Дүниеде ат ізгі қойып өлді

көр); *Вабал көтрү барды үзәлә сөкүш* (وابال كوترو باردو وزالا سوكوش) (Обал көтеріп өлді үстіне сөгіс).

Махмуд Қашқари жедел өткен шақ етістігінің берілуі туралы жазып, ұяң дауыссыздардан кейін (немесе дауыстылармен) интервокаль күйінде *-ды//-ди* қосымшасымен жасалады деп көрсетеді. Бұдан бөлек, төрт қатаң дауыссыздар *(п, т, ч, қ)* немесе үнділерден кейін *-д >-т* ға алмасып *-ты//-ти* формасында етістіктің өткен шақ етістігі формасы жасалады деп атап көрсетеді.

А.М. Щербак жедел өткен шақ етістігі туралы айта келіп, бұл шақ формасының айрықша мағына білдіруі жөнінде сөз етеді. Оның ойынша, *-ды// -ди* аффиксі есімшенің *-дуғ//-дүг* формасы негізінде туындаған.

Бұрынғы өткен шақ етістігі. Бұрынғы өткен шақ етістігі түбірдің сипатына қарап, өткен шақ есімшесінің *-мыш//-миш* формасы арқылы көрініс табады. Махмуд Қашқари *-мыш//-миш* қосымшасы салт және сабақты етістіктерге қосылып, іс-әрекетті айтушы тікелей нақты көрмегендігін, күмән қылғанын, есіткенін білдіреді деп айтып өтеді. Шығармада бұл форма аз ұшырасады: *Айтмыш адыб рыққаты тил билә* (ايتموش ادود روقّاتو تنل بيلا) (Жазушы түсінікті тілмен айтыпты (айтқан-мыс)); *Ғалат маъанисын айытмыш йана*

(غالات ماعانسون ايوتماش يانا) (Қате мағынасын да айтыпты (айтқан-мыс)). Бұл шақ формасының есіткенді білдіру мағынасы Орхон-Енисей ескерткіштерінде де, XI ғасыр жәдігерлерінде де көрініс тапқан. Қазіргі кезде туыстас түркі тілдерінің бірқатарында *-мыш//-миш* қосымшасының формалары дәл жоғарыда көрсетілгендей қолданылады. А.М. Щербак осы өткен шақ формасы мен оның мағыналары туралы зерттеген. Бұл форманың ескі өзбек тілінде көбірек сақталғандығын атап көрсетеді.

Шығармада аяқталмаған немесе жалғасы бар өткен шақ етістігінің (-мас ерди) болымсыз формасы кездеседі: *Туға көрмәс ерди адибның көзи*

(توغا كورماس ردى ادبنن كوزى) (Ақынның көзі туылғаннан бастап көрмейтін еді).

Болжалды келер шақ етістігі. Болжалды келер шақ етістігі түбір немесе негіздің сипатына қарай *-р/-ыр/-ир/-ур/-үр/-ар/-әр, -йүр* аффикстері қосылуы арқылы беріледі. Бұл аффикстер негізінде есімше формасы болып, мәлім контекст және функцияда болжалды келер шақты білдіреді: *барур* (барар), барады; *умар-мен* (үміттенемін); *айур-мен* (айтамын); *сөзләйүр* (айтады, сөйлейді); *қизләйүр* (жасырады).

Шығармада болжалды келер шақ етістігі көп кездеседі. Бұл тәсілмен жасалған болжалды келер шақ етістігіне жақ қосымшасы қосылып келеді: *қылур-сен* (қыласың, істейсің); *айур-сен* (айтасың); *айур-мен* (айтамын); *қылурлар* (қылады). Болжалды келер шақ етістігінің болымсыз формасы *-мас/ -мәс/-маз/-мәз* аффикстері арқылы жасалады: *аймас* (айтпас, айтпайды); *сығышмаз* (сыйыспас, сыйыспайды); *ичмәс* (ішпес, ішпейді).

Шығармада бұл форма әрекет немесе жағдайдың үнемі немесе болжамды келер шақ және келер шақта болуын білдіреді: *Түнәтүр түнүңни күнүң кетәриб* (توناتور تونوننى كونون كتابر) (Күндізіңді түнге, түніңді күндізге

айналдырады); *Биликлик керәклик сөзин сөзләйүр* (بىلىكلىك كىراكلىك سوزىن سوزلارى) (Білімді адам керекті сөзді айтады); *Йығар йемәс ичмәс тутар берк аны* (يوغار يچواس توتار بىرك انو) (Жинайды, жемес, ішпес, оны жабық ұстайды); *Аның амры бирлә тегәр теггучи* (انون امرو بىرلا تىڭار تىڭوچى)(Оның әмірімен жүруші өз мақсатына жетеді); *Барур-сен бу малың йағыңға қалур* (بارور سىن بو مالون ياغونغا قالور) (Дүниеден кетесің (өлесің) бұл малың дұшпаныңа қалады).

Келер шақ. Келер шақ етістігі түбір немесе негіздің сипатына қарай, *-ға/ -ғай/-ғу+сы* аффикстері қосылуы арқылы беріледі және әрекеттің болашақта нақты іске асуын көрсетеді. Түркі сөздерін жинап сөздік құрастырған Махмуд Қашқари бұл қосымшалар *-ғай/-қай//-гәй* бұйрық етістігінің соңына қосылып, келер шақ етістігін қосып алады деп көрсетеді.

Шығармада бұл тәсілмен берілген келер шақ формасы аз кездеседі: *Аның түши болғай бу сөзниң азы* (انون توشى بولغاى بو سوزىن ازو) (Бұл аз ғана сөз оның теңі болады); (اچوق بولغا ياورن قوزوب ياردغون) *Ачық болға йарын қозуб бардуғуң* (Ертең (байлықты) тастап кеткеніңде (өлгеніңде), ол ащы болады); (باشو ياردو حاىورنون سونو يارغوسو) *Башы барды хайырның соңы баргусы* (Жақсылықтың басы кетті, енді оның соңы да кетеді). Ескерткіште *-гусы* формасына 1 ғана мысал кездеседі.

Келер шақ етістігінің құрамында ескі көмекші етістік *-у* істей алу, жүзеге асыра алу мағынасында *-ғай* аффиксінің алдына қосылуы кездеседі: *Санаму айуғай саза бу тилим*(ساناامو ايغو سازا بو تىلىم) (Бұл лайықты тілім мадақтау айта алады ма?). Шығармада келер шақ етістігінің бұл формасына жақ, шақ білдіруші аффикстер қосылып келуі кездеспейді. Ескерткіштегі *-ғай/-ға* формасымен жасалған келер шақ етістігі XI-XIV ғасырдың жазба жәдігерлеріне тән. XIV ғасыр және одан кейін жазылған шығармаларда *-ғусы/-ғай* формасымен берілген келер шақ етістігін көбірек кездестіруге болады. Қазіргі туыстас түркі тілдері үшін бұл форма тән емес. Дегенмен, кейбір шығармаларда *-ғай* және *-ғусы* формасы стиль және мазмұн талабымен қолданылады.

Осы шақ етістігі. Осы шақ етістігі *-р/-ыр/-ир, -ур/-үр, -ар/-әр* аффикстерінің етістік түбірі немесе негізіне қосылуымен жасалған болжамды келер шақ есімшесі арқылы беріледі: *айур* (айтуда); *көрәр-мен* (көрудемін); *түшәр* (түсе береді); *айур-мен* (айтудамын). Бұл етістік формасы осы және болжамды келер шақ мағынасында қолданылады. Іс-әрекеттің осы шақта орындалуын көрсетеді: *Биликтин айур-мен сөзүмгә ула* (Білім туралы айтудамын сөзіме құлақ сал).

Етістіктердің есімше, көсемше формаларына, зат есімдерге сын есім және есімдіктерге предикатив жалғаулар және көмекші етістік *-турур; тур; -ерүр, -дур* формаларымен қатар келуі нәтижесінде де осы шақ мағынасын білдіреді: *Ағыз тил безәги көни сөз турур* (اغوز تىل بزاگى كونى سوز تورور) (Ауыз мен тілдің ою-өрнегі дұрыс сөз); *Адаблар башы тил күзәзмәк турур* (ارابلار باشو تىل كوزازماك تورور) (Әдептің басы тіл, оны күзету керек); *Биликсизгә хақ сөз татықсыз ерүр* (بىلىكسىزگا حاق سوز تاتوقسوز ىرور) (Білімсізге дұрыс сөз мағынасыз); *Сөз ол ким такаббурни баштин салып, тауазуны берк*

тут йапуш кәт аңга(سوز ول كىم تاكاپّورنى باشتىن سالوپ، تاوازونو بىرك توت ىاپوش كات انگا) (Кішіпейілдікті берік тұт жабыс қатты оған).

Осы шақ етістігі формасында болымсыз және жақтың берілуі болжамды келер шақ етістігінен айырмашылығы жоқ *-турур, -тур, -дур* формасымен берілген осы шақ етістігінің көпше болымсыз формасы шығармада кездеспейді.

Осы шақ етістігі төмендегі мағыналарда келеді:

1. іс-әрекеттің жалғасы бар екендігін білдіреді: *Ариф рақс чықарды айур хуш сама* (اريف راقس چوقاردو ايور حوش ساما) (Ариф (сопылықтың үшінші дәрежелі өкілдері) ойынға берілді және жағымды ән айтуда); *Анын күндә арта турур бу бида* (انون كوندا ارتا تورور بوبدا) (Сондықтан күнде арта түседі бұл бейбастық).

2. іс-әрекеттің үнемі бар екендігін білдіреді. Мұнда зат есім баяндауыштың орнына қолданылады: *Бу бузун толусы ахы ер турур* (Халықтың жақсысы жомарт адам); (انا پاند ناسحات اسوقسوز درور) *Аңа панд насихат асықсыз ерүр* (Оған үгіт-насихат пайдасыз болар).

Түркітану еңбектерінде осы шақ етістігінің формалары, жасалуы туралы түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Н.К. Дмитриев *-ар/-әр* формасы келер шақты білдіреді, ал *-ыр/-ир* формасы осы шақты білдіреді деп көрсетеді [123, 100]. П.М. Мелиоранский *-ур/-үр* формасы осы шақты білдіреді, ал *-ар/-әр* формасы келер шақ етістігін жасалады деп түсіндіреді. Шығармада *-ыр/-ир/-ур/ -үр/-ар/-әр* формалары осы шақ етістігінің жасалуында бірдей қызмет атқарған. Көмекші етістік орнына келген предикатив жалғаулар *турур* осы шақ басқа түркі тектес тілдерінде: *турур>–тур>–дур>–дыр* формасы баяндауыш қызметіндегі сөздер құрамында қолданылады.

Сөз болып отырған жұрнақ қазіргі түркі тілдерінде де өнімсіз. Ұйғыр тілінде -ар, -әр, -р:ақар, яшар, көкәр, қайғур; түрікмен тілінде -ар, -ер, -р: агар, гөгер; қазақ тілінде -ар, -ер, -р: ағар, жасар, көгер, ескір т.б. [124, 54].

Шартты рай. Шартты рай формасы түбір немесе негіздің сипатына қарай, екінші жақ бұйрық етістігімен қатар *-са/-сә* аффиксі қосылуымен пайда болады: *болса* (بولسا) (болса), *қылса* (قولسا)(қылса); *келсә*(كلسا)(келсе); *бириксә*(بىرىكسا)(біріксе); *чықса* (چوقسا) (шықса). Шығармада шартты райлы етістік көптік формада кездеспейді, тек бірінші, екінші, үшінші жақта берілген жекеше формасы бар: *турса*؛(تورسا) (тұрса); *күзәзилсә*(كوزالسا) (күзетілсе); *сөзләсәң* (سوزلاسان) (сөйлесең); *тиләсәң* (تىلاسان) (тілесең). Бұл етістіктің болымсыз формасын жасаушы *-ма/-мә* шартты рай білдіруші аффикстен бұрын қосылып келеді: *турмаса* (تورماسا) (тұрмаса).

XI-XIV ғасырдың басқа жазба жәдігерлерінде шығармадағы сияқты шартты рай етістігі формасы көп кездеседі.

Қазіргі қазақ тілінде бұл форма өзгеріссіз *«болса», «қылса»* сияқты толығымен сақталып келген. Сондай-ақ, туыстас түркі халықтарының тілдерінде де шартты рай формасы осы зерттеліп отырған шығарма тілінен қатты бір ерекшеленбейді.

Шартты рай етістігі шақ мағыналарын білдіреді:

1. тұрақты етістік мағынасындағы шартты рай етістігінің формасы келер шақта шартты түрде іс-әрекеттің жүзеге асуын көрсетеді: *Қабул қылса тең*

йоқ бу аз һадианы (قابول قولسا تنن یوق بو از حادیانو) (Бұл аз ғана сыйлықты қабыл алса) .

2. *ерсә* (ترسا)көмекші етістігі зат есім немесе есімшелерге қосылып болжамды келер шақта болатын іс-әрекетті білдіреді: *Қавы ерсә қамлур қачар қувваты* (قاوو ترسا قاچار قوواتو) (Күшті болса кемиді, қашар қуаты); *Мың ер достуң ерсә өкүш көрмәгил* (مون ر دوستون ترسا وکوش کورماگیل) (Мың досың болса да көп деп есептеме); *Ахы ерни өггил өгәр ерсә сен* (احو ترنی وگّیل وگار ترسا سان) (Жомарт адамды мақтаса, сен де мақта).

3. *-үр* (ور) аффиксімен жасалған болжамды келер шақ есімшесі және *-ерсәң* көмекші етістігінің формасы (*-үр ерсәң* формасы) болжамды келер шақ етістігінің мағынасын береді: *Алал берүр ерсәң ңечә терсә тер*

(الال بررور ترسان ننچا ترسا تتر) (Адал беріп жатқан болсаң, қанша жинасаң жинай бер).

4. бұрынғы өткен шақ етістігінің формасы *(-ды//-ти)* ға *-ерсә* қосымшасы қосылуымен бұрынғы өткен шаққа байланысты болған шартты уақыт мағынасын білдіреді: (سوچوك تاتّون ترسا اچوقّا انون) *Сүчүк таттың ерсә ачыққа анун* (Тәттіден дәм татқан болсаң, ащы деп ойла); *Байат берди ерсә сеңә сен -дә бер* (Тәңір саған берген болса, сен де бер).

Бұйрық рай. Бұйрық рай етістігінің екінші жақ жекеше түбір формасы да формалардың жасалуы үшін негіз болады. Бұл етістіктің екінші жақ жекеше формасы түбір немесе туынды болуы мүмкін.

1. бұйрық рай етістігінің туынды жасанды формасы басқа сөз таптарына етістік жасаушы аффикстер қосылуы нәтижесінде пайда болады: *аңа* (انا) (түсін); *сөзлә* (سوزلا) (сөйле); *кизлә* (کزلا) (жасыр); *бектә* (بکتا) (бекіт, тық); *тилә* (тіле); *тирил* (өмір сүр), *ешит* (سشت) (есіт).

2. бұйрық рай етістігінің туынды жасанды формасынан бөлек, күрделі формасы да бар. Күрделі форманы қосымша мағына реңктерін білдіру үшін қолданған. Бұйрық рай етістігінің күрделі формасы етістік түбірінің сипатына қарап арнайы аффикстер: *-қыл/-кил/-ғыл/-гил; -ын/-ин* көмегімен беріледі: *алғыл*; *тутғыл*; *чықарқыл*; *көргил*; *салын*; *ташлагин; қылын*.

Э. Фазылов «Гүлстан», «Хұсрау уа Ширин» ескерткіштерінде бұйрықты қалау райдың II жақ жекеше түрінде *-қыл, -кил* тұлғалары жұмсалғандығын айтады. Мысалы, *тутқыл, ачқыл, сүрткил, кәскил* [125, 718].

Екінші жақ көпше формасына екі мысал кездеседі. Бұл мысалдарда бұйрық рай формасы құрмет және көптік мағынасында қолданылған:

1. құрмет мағынасын білдіреді: (بلیك کمدا ترسا سز ارقان ددی) *Билик кимдә ерсә сиз арқаң деди* (Кім білімді болса, сіз оны қошеметтеңіз деді).

2. көптік мағынасын білдіреді: (وغولوغ مننسز الونمان تندی) *Улуғлуғ мениңсиз алынмаң теди* (Сіздер даңқты (ұлылықты) менсіз алуға тырыспаңыздар деді).

Шығармада бұйрық рай етістігінің күрделі формасын жасаушы *-гил* аффиксінен алдына ескі көмекші етістігінің жіңішке варианты *-ү* қосылып келген 1 мысал кездеседі: *йүрүгил* (сайранда).

Бұйрық рай етістігінде болымсыздықты білдіруші *-ма//-мә* аффиксі кездесіп, бұл форма етістік түбіріне немесе негізіне қосылып келеді: *тиләмә* (تىلاما) (тілеме, сұрама); *сөзләмә* (سوزلاما) (сөйлеме); *қылма* (قولما) (қылма, істеме). Етістіктердің бұйрық формасынан соң көптік жалғаулары *-лар//-ләр* қосылып келуі кездеспейді. «Һибат-ул хақайиқтан» («Ақиқат сыйы») бұрын не кейін жазылған жәдігерлерде бұйрық рай етістігінің формасы шығарма тіліндегі ерекшелікке өте жақын.

Қазіргі қазақ тілінде бұйрық рай етістігінің түбір формасымен шығарма тілі арасында айырмашылық жоқ. Бұйрық рай етістігінің күрделі формасының кейбір фонетикалық өзгерістерін есепке алмағанда, барлығы дерлік қазіргі қазақ тіліне ұқсас.

-сун/-сүн/сув/-суу/сүв/-сүү/-су/-сү аффиксі бұйрық рай етістігінің III жақ формасын жасайды: *қалсу* (قالسو)(қалсын); *билсүн* (بىلسون) (білсін); *болсун* (болсын); (بولسون) *қал-қалсу/қалсуу* (قالسو) (қалсын); *алсу//алсуу*(السو) (алсын). Болымсыз түрі: *келмәсүн* (كىلماسون) (келмесін); *билмәсүн* (بىلماسون) (білмесін). Байқап отырғанымыздай, ескерткіште етістіктердің соңында екі түрдің де кездесетін ерекшеліктері бар: билсүн/билсү, болсун/болсу, қылсун/қылсу. М. Қашқаридың «Диуанында» бұйрық райдың III жақ көрсеткіші осы **-сун/-сүн** вариантта кездеседі. Бұл қанша ғасыр өтсе де көне мен жаңа тілдің сабақтастығының үзілмегенін көрсетеді. Шығармада кездескен бұйрық рай етістігінің формалары туыстас түркі халықтары тілдерінде де сақталып келеді. Ал төл тілімізде бұл көрсеткіштер *-сын, -сін* түрінде қолданылады.

*Бұйрық етістігінің қалау райы.*Шығармада етістіктің түбірі немесе негізіне арнайы қосымша қосылып, пайда болған қалау рай бірінші жақ жекеше формасында кездеседі. Бұйрық етістігінің сипатына қарай *айын* аффиксімен беріледі: *айайын* (ايايىن) (айтайын); *қылайын* (قولايون) (қылайын, істейін).

Қазіргі қазақ тілінде бұйрық рай үш жақта айтылады. Бірақ олар үш жақта да үнемі бұйрық мағынада берілмейді. Бұйрық райдың I жағы *-айын, -ейін, -йын, -йін* – таза бұйрық мағынадан гөрі өтініш, кеңес түрінде түсініледі. Қазақ тілінде етістіктің бұйрық райының I жағы етістіктің түбіріне *-йын, -ейін, -айық, -ейік* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. ҺХ ескерткіш тіліндегі сөздің түбіріне жалғанған қалау райдың I жаққа қатысты **-***айын*, **-***йын* формалары қазіргі кезге дейін ешбір өзгеріске түспей қолданылуымен ерекшеленеді.

Шығарма көлемі жағынан шағын болғандықтан қалау рай етістігінің басқа формаларын кездестірмедік. Сондай-ақ, көптік, болымсыздықты білдіретін қалау рай етістігінің формасы да «Һибат-ул хақайиқта» жоқ. Бұл форма XI-XIV ғасырдағы басқа жәдігерлерде де кездеседі.

Етістік етістері. Етіс білдіруші жалғаулар шығармада және оған дәуірлес жәдігерлерде бір жағынан мәлім грамматикалық мағынаны білдірсе, екіншіден, сөз жасаушы функцияны атқарады. Осыған орай, етістік етістері туралы пікір айтқан ғалымдар екі түрлі принципке жүгінеді. Кейбірі грамматикалық категория сипаты басым деп қараса, енді кейбірі сөз жасау қасиеті басым деп қарайды.

Түркі тілдерінде етіс жалғауларын грамматикалық категория сипатында алғаш зерттеген Махмуд Қашқари болды. XI-XIII-XVI ғасырлардағы түркі тілдерінің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардан А.М. Щербак етіс жалғауларының әрбір ерекшелігін есепке алған күйде бұл мәселені сөз жасау тарауында қарастырған. Э.В. Севортян етістіктердің етісі туралы айтып, грамматикалық категория мен сөз жасаушы қасиетін қарастырады және сөз жасаушы тарауына кіргізу керек деп атап көрсетеді. Мұндай пікірлер басқа ғалымдарда да кездеседі. Жалпы айтқанда, етістіктерде етіс қосымшалары, біріншіден сөз жасайды, екіншіден, мәлім грамматикалық категорияларды білдіреді.

«Һибат-ул хақайықта» субъект, объект және предикат арасындағы түрлі семантикалық қарым-қатынастарды білдіруші етістік етістері бар. Шығармада негізгі етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс мысалдары өте көп кездеседі. Етістіктердің ырықсыз, өздік, ортақ, өзгелік етістері арнайы аффикстер көмегімен жасалады.

Негізгі етіс. Шығармада етістіктердің негізгі етіс түрлері аффикстерсіз беріледі. Субъект тарапынан іс-әрекет тікелей іске асырылады. Негізгі етіс білдіруші етістіктер лексикалық-семантикалық ерекшелігіне қарай, салт және сабақты болуы мүмкін.

Кейбір етістіктер салт және сабақты ерекшелікке ие.

1. салт етістік мағынасында келеді: *бахил йығды зар, сим харамтын өкүш* (باحيا ياغدو زار، سم حارامتون وكوش) (сараң харамнан немесе еңбексіз көп алтын, күміс жинады).

2. сабақты етістік мағынасында келеді:*аның мадқы бирлә татыр бу тилим*(انون مادقو ببرلا تاتور بو تيلم) (оның айтуымен мен тілім ләззат алады).

3. салт, сабақты мағынаны білдіреді: *не түрлүк арықсыз арыр йу десә*) (نى تورلوك اروقسوز ارور يو داسا) (түрлі ұқыпсыздарға жу десе, тазалайды немесе тазаланады).

*Көмекші етістіктер.*Шығармадағы көмекші етістіктер *ер* және *бол* сөздері. Бұдан бөлек, бірнеше тұрақты етістік мағынасында келген сөздер кейде көмекші етістік болып келуі мүмкін. Жоғарыда келтірілген екі көмекші етістік шығармада өзіне тән ерекшеліктерге ие.

Көмекші *ер, бол* етістіктері предикативтік көрсеткіш функциясын атқарады және аналитикалық етістік құрамында мәлім болған бір шақты көрсетеді: *аңа панд насихат асықсыз ерүр* (انا پاند ناسحات اسوقسوز ورور) (оған ескерту (үгіт-насихат) пайдасыз); *бу тилтин ким езгү ким ақыр болур* (بو تيلتين كيم نزو كيم اقور بولور) (бұл тіл арқылы бірер адам жақсы, кейбірі құрметті болады); *мажаз болды достлуқ хақиқат қаны* (ماجاز بولدو دوستلوق حاقيقات قانو)(ақиқат қайда, достық жәй сөзге айналды).

Бұл көмекші етістіктердің шартты рай формасы тұрақты сөз таптарына қосылып, синтактикалық жағынан байланыстырушы қызмет атқарады: *меңә болса фазлың қутулды өзүм* (مىنا بولسا فازلون قوتولدو وزوم) (маған ізгілігің (жақсылығың) нәсіп болса, демек, қиыншылықтан өзім құтылдым).

Йоқ (жоқ) және *бар* модаль сөздерімен көмекші етістіктің *ерди* формасы қатар келгенде іс-әрекеттің бұрынғы өткен шақта болып өткендігін білдіреді.

(*бар ерди* формасы қазіргі қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ етістігінің мағынасын білдіруші *«болган еди»* формасына сай келеді). *Йоқ ердим йараттың йана йоқ қылыб* (يوق ردىم ياراتّون يانا يوق قولوب) (жоқ едім, қайтадан бар, жоқ қылып жараттың);(نىچا يىر بار سوغوشماز رى) *нечә йер бар ерди сығышмаз ери* (бірнеше халқы сыйыспайтын өркендеген жерлер бар еді). Бұл форма шығармада аз кездеседі.

Ескерткіш мәтінінде етістіктің түбіріне *-гүлүг* қосымшасы жалғанған бірқатар сөздерді байқауға болады: *йүтгүлүг,* (يتلوگ)*кетгүлүг,* (كىتلوگ) *кечгүлүг, көргүлүг,* (كورولوگ) *көчгүлүг,* (كوچوگلوگ) *кичгүлүг, йүсгүлүг, кисүглүг*.

Біз қарастырып отырғанескерткіш тілінде сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі етістік және оның түрлері. Дара және күрделі, туынды етістіктер саны жағынан көп. Сөзді түрлендіруші функционалды-грамматикалық жұрнақтар ҺХ тілінде негізгі түбір мен ретіне қарай туынды түбір тұлғаларға қосылып, не негізгі түбір тұлғаларға тікелей, не сөз тудырушы жұрнақтардан соң туынды негіздерге қосылып түрленіп отырады.

Есімшелер. «Һибат-ул хақайиқта» ескі түркі тілдеріне тән есімше формаларының бар болуы шығарманың қазіргі қазақ тілінің даму тарихын білуде маңызы зор екендігін көрсетеді. Бұл шығармада кездесетін есімше формаларын зерттеу қазақ тілі және туыстас түркі тілдер арасындағы тарихи жақындықты ашу үшін де маңызды екендігі күмәнсіз.

Ескі жәдігерлердегі болғаны секілді бұл шығармада да есімше формалары іс-әрекет, рай және шақ мағыналарын білдіріп, әртүрлі функцияларда қолданылған: сын есім орнына қолданылып, анықтауыш қызметінде келеді: зат есім орнына қолданылып, зат есімге тән белгілерге ие болады (тәуелдік, көптік және септік аффикстерін қабылдайды, көмекшілермен бірге қолданылады) және бұл қызметте анықтауыш, толықтауыш қызметінде келеді.

Кейбір есімше формаларына жақ аффикстері қосылып, етістік орнына келеді және мәлім бір шақты білдіреді. Есімше жасаушы аффикстерде үндестік заңы бар болып, бұлар етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарап сәйкестендіріледі.

Шығармада есімшелердің төмендегі формаларда кездеседі: *-дуғ/-дүг/-түк; -мыш/-миш; -ған/-гән/-кән; -ан; -р/-ур/-үр/-ар/-әр; маз/-мас/-мәс; -тачы/-тәчи/-дачы/-дәчи; -ы/ғлы/-ы/қлы/-и/гли/-и/кли; -ғу/-гу/-қу/кү.*

Кейбір есімшелер өзінің орны және функциясына қарай басқа грамматикалық формалар құрамында келеді.

1. *-дуғ//-дүг//-түк* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің характеріне қарай қосылып, өткен шақ есімше формасын жасайды.

Шығармада бұл тәсілмен жасалған есімшелер аз кездеседі. Осы сияқты есімшелер негізінен зат есім қызметінде қолданылып, екінші жақ тәуелдік қосымшасы *-уң* мен бірге келеді: *улуғсындуғуң* (ولوغسوندوغون)– ұлықсынғаның; *елик сундуғуң*(يليك سون) –қол созғаның.

Бұл формамен берілген есімшелер көсемше жасаушы *-уңча, -үнчә* аффиксімен қосылып келген күйде кездеседі: *болдуғуңча* – болғаныңша;

келтүгүнчә – келгенше. Түркітанушы ғалымдар А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков *-ғұңча* аффиксті тұлғаны көсемше қатарында қарастырған.

1. *-дуғ/-дүг/-түк* формасымен жасалған есімшелердің өз функциясына қарай таза күйінде кездеспеуі оның шығарма жазылған дәуірде көнеленіп кеткендігін көрсетеді.

А.М. Щербак бұл форманы іс-әрекет аты сипатында қарастырса, Махмуд Қашқари оғыздар *-дуқ/-дуғ/-дүг/-дүк* формасын бұрынғы өткен шақ етістігінің орнына қолданады деп көрсетеді. Ал бұл қазіргі қазақ тілінде бұрынғы өткен шақ аффикстерінің пайда болуында оның қатысы бар деген пікір туғызады. Шығармада бұл есімшелердің болымсыз формасы кездеспейді. Есімшелердің бұл формасын XI-XIV ғасырдың кейбір жәдігерлерінде кездестіруге болады.

2. *-мыш/-миш* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына сай қосылуы арқылы өткен шақ есімшесін тудырады: *қопмыш* –тұрған; *айтмыш* – айтқан; *түрәтмиш* – жаратқан; *темиш* – деген.

Есімшелердің бұл формасы шығармадан басқа жырау мен жыршылардың шығарған жәдігерлерде бар екендігі көрінеді. Бұдан бөлек, туыстас түркі халықтары тілдерінде де есімшелердің бұл формасы кездеседі.

Махмуд Қашқаридың пікірінше, XI ғасырда *-мыш/-миш* пен жасалған есімшелер салт және сабақты етістіктерден жасалады және ырықсыз мағынаны да береді деп көрсетеді.

Шығармада етіс көрсеткішімен жасалған есімше де бар: *урулмыш* – ұрылған (соғылған).

Сонымен бірге, есімшелердің ырықсыз немесе негізгі етіс мағынасы етістіктің мағынасынан да келіп шығады.

Есімшелердің бұл формасы әрекет белгісін білдіріп, анықтауыш болып келеді: *қопмыш арқыш* (قومپوش ارقوش) – жолға түскен, тұрған керуен; *урулмыш масал* (ورولموش ماسال)–айтылған ертегі.

-мыш//-миш аффиксімен жасалған өткен шақ есімшесі тәуелдік және септік көрсеткіштерімен бірге зат есім қызметінде де келеді: *темишим* – дегенім; *демишиң* –дегенің; *аймыши* – айтқаны; *түрәтмишдә* – жаратқанда. Етістіктің есімше, көсемше және кейбір тұлғаларын негізінен қыпшақтық деп тануға болады. -мыш/-міш, -ғу+сы/-гу+сі тәрізді қосымшалары етістіктерде кездесуінде, олардың қызметі мен қолданыс мақсатында қандай да бір уәжділік байқалады. А. Ибатов бұл қосымшаның XIV ғасырдағы хан жарлықтары тілінде жаңа сөз тудырушы жұрнақ ретінде қалыптасқандығын айтады [126, 47].

Бұл форма бұрынғы өткен шақ етістігі мағынасында келеді: *айтмыш адиб рыққаты тил билә* – жазушы түсінікті тілмен айтыпты.

3. *-ған/-қан/-ғән/-кән/-ан* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына сай қосылып, өткен шақ есімшелерін жасайды.

қылған – қылған; *толған* – толған; *учқан* – ұшқан; *өкүнгән* – өкінген; *едрәгән* – топтаған; *ешиткән* – есіткен.

Бұдан бөлек, бір жерде **- ған** аффиксінің қысқарған немесе оның құрамындағы **- ғ** дауыстысы редукцияға ұшырауы нәтижесінде оғыз тіліне

тән **- ан** қосымшасымен берілген есімшелер бар: *қатылан* – қатысқан, шұғылданған, араласқан.

Бұл форма ұйғыр жазуымен жазылған IX-X ғасыр жәдігерлерінде XI-XIV ғасырдың басқа жәдігерлерінде және түркі тілдері негізінде жазылған шығармаларда бар екендігі мәлім. Қазіргі қазақ тілінде *-ған* формасы есімше жасаушы өнімді аффикстер қатарына жатады. Махмудов өзбек тіліндегі *-ған* қосымшасы туралы былай дейді. «Сондай-ақ, өзбек тілі диалекттерінде оның *-ан* формасын есепке алмағанда, басқа формалары фонетикалық вариант сипатында сақталған деуге болады. Сонымен қатар, *-ған* қосымшасы қазіргі қолданыстағы өзбек тілінде келер шақ есімшесін жасаушы *турған>туған//дуған>тыған//дыған//-тиган//>//-диган* аффикстерінің дүниеге келуіне негіз болған [3, 85].

Бұл есімшенің болымсыз формас ына кейбір мысалдар кездеседі: *бермәгән* – бермеген. Басқа түркі тілдерінде бұл есімше формасы толығымен өзгерген тұлғада сақталып келеді. Махмуд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде *-ған/-гән/-қан/-кән* формасымен берілген есімшелерде әрекеттің қайталанатын немесе жалғасатын мағыналарын көрсетіп өтеді.

Шығармадағы бұл есімшелерде іс-әрекет мағынасы үздіксіз екендігін кейбір мысалдардың мазмұнына қарап белгілеу мүмкін болады: *есиз қылған ергә сен езгү қыла* (یسز قولغان ىرگا سن نزگو قولا) – жауыздық, жамандық қылып келген адамға сен жақсылық қыл. Бұл өткен шақ есімшесі күрделі етістіктің жетекші мағына білдіруші бірінші элементі болып келеді: *биликлик биликни едрәгән болур* (بىلىكلىك بىلىكنى ىدراگان بولور) –білімді адам білімді жинаған болады. Есімшелердің бұл формасы салт етістіктерден жасалса, одан берілген әрекет мағынасы актив қасиетке ие: *китабымны көргән ешиткән киши* – кітабымды көрген, есіткен адам.

Сабақты етістіктерден жасалған есімшелерде әрекет мағынасы субъектке қатысты болады: *езгү умған* –жақсы ниет қылған; *сөкүлгән* – сөгілген; *йирилгән* – жырылған (жыртылған, жарылған). Бағытты білдіруші етістіктерден жасалған есімшелерде әрекет мағынасы мекенге болған қарым-қатынасты көрсетеді: *йүгүргән* – жүгірген; *учқан* – ұшқан.

Бұл есімшелер негізінен әрекет белгісін түсіндіріп, анықтауыш орнына келеді: *билик бирлә бил(ә)нүр түрәтгән изи* (بىلىك بىرلا بىلانور توراتگان يزي) – біліммен Жаратқан Тәңір танылады. Есімшенің бұл формасы өз орнына немесе зат есімнің формалы қасиеттерін алып, заттанып келуі мүмкін: *бу көргән ешиткән сеңә күлмәсүн* (بو كورگان شىتكان سانا كولماسون)–бұл көрген, есіткендер саған күлмесін; *сөзләгәндә* – сөйлегенде; *бекләгәндә* –бекіткенде, жапқанда. Бұл есімшелер бағыныңқы конструкциясының баяндауышы функциясында келеді: *биликсиз есән еркән аты өлүк* (بىلىكسىز ىسان ىركان اتو ولوك) –білімсіз адам болса, оның аты өлік.

4. *-р/-ыр/-ир, йүр, ур/-үр/-ар/-әр* аффикстері етістік түбірі немесе негізінің сипатына сай қосылып, болжамды келер шақ есімшесін жасайды: айур – (ايور) айтар; *тутар* (توتار) – тұтар; *қолур* (قولور) – қылар; *арыр* (ارور) – тазаланған; *кизләйүр* (كىزاىلور) – жасырынған; *өгәр* (وگار) – мақтаған; *кемшүр* (كىشمور) – кемітер;*барурсән* (بارورسان) – барарсың; *айурсән* (ايورسان) –

айтарсың; *йейүрде* (ییوردی) – жегенде; *көтүр* (کوتور) – көтер; *кейәр* (کیار) – киер; *артурур* (ارتورور) – арттырар; *тегәр* (تاگار) – жетер; *итар* (یتار) – тұтар; *чатар* – (چاتار) шытар; *күлчирәр* (کولچیرار) – күлімсірейді; *ексийүр*(یکسییور) – кемиді; *түшар* – түсер; *турур* – тұрар; *болур* – болар; *йидар* – жетер; *тейүр* – тұрар; *сөзләйүр* – (توشار) сөйлейді; *билур* (بیلور) – білер; *булнур* (بیلنور) – білінер.

Бұл тәсілмен жасалған есімше формалары шығармада көбірек қолданылған. Түркі тілдерінің түрлі даму тарихында есімшелердің бұл тұлғасы бар екендігі мәлім. Орхон-Енисей ескерткіштерінде бұл есімше формалары кездеседі. XI-XIV ғасыр жәдігерлерінде де бұл форма көп таралған. Сондай-ақ, қазақ тілінде де бұл есімшелер формасын кездестіруге болады. Бұл есімшелер қазіргі қазақ тілінде *«болар іс болды»* сияқты синтактикалық тіркестерде, өнер туындыларында, күнделікті баспасөзде және синтетикалық етістік құрамында аяқталмаған өткен шақ етістігін пайда қылуы үшін қолданылуда. Бұдан бөлек, басқа туыстас түркі тілдерінде де бұл есімше формалары қолданылады. Есімшелердің бұл формасы әр түрлі мағыналарды білдіреді және түрлі грамматикалық категорияларды береді.

Етістік орнына келіп, жақ қосымшаларын алады және болжамды келер шақ мағынасын көрсетеді: *көрәр-мен* – көремін; ал үшінші жақта жақ қосымшаларынсыз болжамды келер шақ беріледі; *Сениң барлығынға тануғлуқ берүр* (سسنن بارلوغونغا تانغولوق بررور) – Сенің барыңа куәлік береді; *кечәрләр* – өтеді; (یوز نوروب کیچالار یوموپ کوزلارن) *Йүз еврүп кечарлар йумуп көзларин* - Жүз бұрып өтеді жұмып көздерін.

Шақ білдіруші есімшелерге сұрақ белгісі қосылып келеді, сұрау мағынасын білдіреді: *санурму* – санап болады ма?. Бұл есімше формасы әрекет белгісін білдіріп, сын есім орнына келеді және аттрибутив мағына береді: *бурун бошқа бөркни кейәр баш керәк* (بورون بوشقا بورکنی کییار باش کارك) – ең әуелі бөрік киетін бас керек.

Болжамды келер шақ есімшелерінің бұл формасы зат есім орнына келіп, өзіне септік қосымшаларын алады:*йейүрдә* (ییوردا) – жеуде; *бушарда*(بوشاردا) – ашылануда, ашуланғанда. Салт етістіктерде пайда болған есімшелер актив мағынасын білдіреді: *түнәтүр* (توناتور) – түнге айналдыратын (айналдырады); *чықарур*(چوقارور) – шығаратын, шығарады. Есімшелер сабақты етістіктерден жасалған болса, пассив мағына білдіреді: *санчлур*(سانچلور) – шаншылар, қадалатын (қадалады); *илнүр*(یلنور) – ілінетін (ілінеді).

5. *-мас/-мәс/-маз* аффикстері етістік түбірі немесе негізінің қатты, жұмсақ артикуляциясына қарай қосылады және болжамды келер шақ есімшесінің *-р/-ыр/-ир/-ур/үр/-ар/-әр* қосымшаларымен жасалған оның болымсыз формасын жасайды: *болмас*(بولماس) – болмас; *арымас*(اروماس)– тазармас (таза болмас); *көрмаз*(کورمس) – көрмес; *тоймаз* (توىماز) – тоймас; *бутмас* (بوتماس) – бітпес; *өкүнмәс* (وکونماس) – өкінбес; *унытмас* (ونوتماس) – ұмытпас; *билмаз*(بیلماز) – білмес; *кечмаз* (کىچماز) – кетпес; *ичмаз* (ىچماز) – жемес; *йимаз* (ییماز) – жемес; *оңулмаз* (ونولماز) – жаңылмас;

Болымсыздық мағына білдіруші болжамды келер шақ есімше формалары шығармада көп кездеседі. Бұл есімшелердің *-маз* формасы Орхон-Енисей ескерткіштері, «Құтты білік» тіліне тән болса, оның *-мас//-мәс*

формасы «Диуани лұғат ат-түрк» және «Қисасул анбияға» тән екендігін зерттеушілердің еңбектерінен байқауға болады.

Өзбек ғалымы Қ. Махмудов *-мас//-мәс* формасы туралы былай деген: «Ескі өзбек тілінде жазылған шығармаларда оның *-мас//-мәс* формасы бар. Ал қазіргі өзбек тілінде оның фонетикалық варианттары бірігіп, *-мас* формасы қолданылуда. Басқа түркі халықтарда болжамды келер шақ есімшесінің болымсыз формасы фонетикалық вариант сипатында сақталып қалған» [3, 87].

Бұл есімшелер етістік орнына келіп, болжамды келер шақ етістігінің болымсыз мағынасын білдіреді: *харис тоймас ачун неңини терип* – хасис, ашкөз дүние малын теріп тоймас (тоймайды). Салт етістіктерден жасалған есімшелердің бұл формасы іс-әрекеттің актив және болымсыз мағынасын береді: *йемәс* – жемес; *ичмәс* – ішпес. Есімшелердің бұл формасы сабақты етістіктерден жасалса, әрекеттен білдірілген пікір пассив және болымсыз мағынаны көрсетеді: *булунмас* – табылмас, табылмайтын.

Болжамды келер шақ есімшесінің болымсыз формасы сабақты етістіктерден жасалса, әрекеттен білдірілген мағына субъекттің өзіне қатысты болады: *арымас* – таза болмас, таза болмайтын; *қарымас* – қартаймас, қартаймайтын. *-мас//-мәс//-маз* формасымен берілген болымсыз мағына білдіруші есімшелер өзі жасалған етістіктің мағынасына қарап, әрекеттен білдірілген пікірдің болымсыз күйде бір бағытқа жөнелуін білдіреді: *йүгүрмәс* – жүгірмес, жүгірмейтін; *тегилмәс* – ұсталмас, қол жетпес, ұсталмайтын, қол жетпейтін.

Бұл есімшелер әрекет белгісін білдіріп, сын есім орнына келеді: *өгә билмәс ергә өгә өгрәтүр* – ілім, жол-жорық білмейтін адамға білім үйретеді; *нечә йер бар ерди сығышмаз ери* – бірнеше халқы сыйыспайтын өркендеген жерлер бар еді. Болымсыз мағына білдіруші бұл есімше зат есім орнына келіп, септік аффикстерін қосып алады: *билмәсин* – білместігін; *билмәсиндин* – білместігінен.

6. *-тачы//-дачы//-дәчи* аффикстері етістік түбірі немесе негізінің характеріне қарай қосылып, болжамды келер шақ есімшесін жасайды: *қылдачы* – қылатын, қылып жатқан, істеп жатқан; *туттачы* – ұстайтын, ұстап жатқан.

Шығармада бұл тәсілмен жасалған болжамды келер шақ есімшесі аз қолданылған. Бұл есімшелер Орхон-Енисей ескерткіштері және осы шығармадан бұрын жазылған жәдігерлер тіліне тән. XI ғасырларда болжамды келер шақ есімшесінің бұл формасы қолданыста болғаны үшін Махмуд Қашқари оның жасалуына тоқталып өткен.

Есімшелердің бұл формасы шығармада аттрибутив қызметінде келеді: *қамуғ теңдәчи нең қазадын ерүр* (قاموغ تنداچی نن قازادون رور)– барша теңдесетін, теңдесіп жатқан нәрселер тағдырдан.

Заттанып тәуелдік және септік қосымшаларын жалғаған күйде кездеседі: *қылдачыңға* (قولداچونغا)– қылатыныңа, істейтініңе, қылып жатқаныңа, істеп жатқаныңа; *туттачымға* (توتّاچونغا)– ұстайтыныма, ұстап жатқаныма.

Жоғарыда берілген 3 мысалда есімшелер салт етістіктен жасалғаны үшін әрекеттен білдірілген пікірдің актив мағынасын береді.

Шығармада *-дачы//-тачы* формасымен жасалған есімшелердің аз кездесуі оның шығармада қысқарған немесе архаикалық күйге айналғанын көрсетеді.

7. *(ы) ғлы/-(ы) қлы/(и) гли* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып келеді және болжамды келер шақ есімшесін жасайды: *оқуғлы* – оқитын, оқып жатқан; *келигли* – келетін, келе жатқан.

Шығармада бұл есімше формасына 13 мысал кездесіп, бұлардан 11-і түрлі етістік түбірі негізінде дүниеге келген. Бұл форманың шығармада көптеп кездесуі есімше жасауда оның өнімді екендігін көрсетеді. Есімшелердің бұл формасы ескі ұйғыр жазуымен жазылған жәдігерлерде, XI ғасырдың басқа жәдігерлерінде де бар.

Кейбір түркі тілдерінде бұл есімше формасы қолданыстан шығып, оның орнына басқа грамматикалық формалар қолданылған.

-ғлы//-қлы//-гли//-кли аффиксімен берілген болжамды келер шақ есімшесі заттанып, атау септік формасында келеді: *бақығлы оқуғлы асыг алсу теб* – (باقوغلو وقوغلو اسوغ السو تىب) білетін, оқитын пайда алсын деп.

Бұл формамен жасалған есімшелер әрекет белгісін түсіндіріп аттрибутив мағынада келеді: *оқуғлы кишиниң севүнсүн жаны* (وقوغلو كشىنىن سىوونسون جانو)– уқийдиган кишининг жони севинсин;*быдатын йығықлы киши қалмады* (بوداتون بوغىقلو كىشى قالمادو)– бидъатдан узини тиядиган киши қалмады.

Салт етістіктерден жасалған болжамды келер шақ есімшесінің бұл формасы әрекет белгісін беруде қатысады: *беригли* – беретін; *қазғанықлы* – жинайтын.

Шығарма есімшелерінің бұл формасы сабақты етістіктерден жасалса, әрекеттің бір бағытқа жөнелу мағынасын береді: *келигли* – келетін, келе жатқан; *түшүгли* – түсетін, түсіп жатқан.

8. *-ғу//-қу//-гү//-кү* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып келеді және қажеттілікті білдіруші келер шақ есімшесін жасайды: *турғу* – тұратын; *келгү* – келетін; *тирилгү* – жасайтын (өмір сүретін); *сарынғу* – жабатын (орайтын). Шығармада бұл тәсілмен жасалған есімшелерге 16 мысал кездеседі, олардың жартысы зат есім жасаушы және тәуелдік қосымшалар қосылған күйде келеді.

XI-XIV ғасырдың басқа жазба жәдігерлерінде де есімшелердің осы формасы қолданылған. Қазіргі кезде түркі тілдерінің бірқатарында бұл аффикспен жасалған есімшелердің қолданылуы жалғастығын тапқан.

Бұл есімшелерге мәлім қосымшалар қосылып, есімшенің жаңа бір түрі жасалады.

-чы//-чи аффиксі: *атқучы* – мерген, тастаушы; *умғучы* – үміттенуші, үміт қылушы; *өггүчи* – мақтаушы, өткізуші, көрсетуші.

Үшінші жақ тәуелдік қосымшасы: *-сы* қосылады: *барғусы* – барғысы. Есімшенің бұл формасы болымсыздық аффиксімен де кездеседі: *ынанмағу* – сенім керек емес, сенбейтін.

-ғу есімшесінің функциялары төмендегідей:

Есімшелер сын есім орнына келіп, аттрибутив мағынаны білдіреді: *сөкүнч келгү йолны ахылық тийүр* (سوكونچ كىلگو يولنو احولوق تىيور)– лағынет, қарғыс келетін жолды жомарттық тияды; (قانو كيندو نزگو كشى تورگو يىر) *қаны кендү езгү киши тургу йер* – жақсы адам тұратын жердің өзі қайда. Жақ зат есімін жасаушы *-чи* аффиксі қосылып келген есімшелер атау септік формасында субъектті білдіреді: (أيا حوكمون اچون تابا وگوچى) *айа хукмын ачун таба өггүчи* – ей, әмірін бүкіл дүниеге өткізуші, көрсетуші; *аның амры бирлә тегәр теггүчи* – оның әмірімен қол жеткізеді. Бұл есімшелер предикатив функцияда келеді: (يوراق تورغو يومشاق تنب بنانماغو) – *йырақ турғу йумшақ теб инанмағу* жырақ тұру керек, жұмсақ деп сенудің қажеті жоқ. Үшінші жақ тәуелдік қосымшасының жекеше формасы *-сы* қосылып келген есімше предикатив функцияда қолданылып, келер шақ етістігін білдіреді:

(باشو باردو حاىرنون سونو بارغوسو) – *башы барды хайрның соңы барғусы* жақсылық, әділеттің алды кетсе, соңы да кетеді. Салт етістіктерден жасалған есімшелер актив әрекет мағынасын береді: *йегү* – жейтін; *сарынғу* – жабатын (орайтын). Есімшелер сабақты етістіктерден жасалса, одан білдірілген әрекет мағынасы пассив болады немесе іс-әрекеттің бір бағытқа жөнелуін көрсетеді: *келгү* – келетін; *тирилгү* – жасайтын (өмір сүретін).

Есімшелердегі етіс көрсеткіштері. Есімшелерде ырықсыз, өздік, өзгелік және ортақ етіс формалары кездеседі. Бірақ кейбір етіс көрсеткішін алған мұндай есімшелер аз қолданылған.

Есімшенің етіс қосымшасыз формасы негізгі етіс екендігі баршамызға мәлім. Шығармада кездесетін барлық есімшелер етіс көрсеткішімен келе бермеген. Есімшелердің *-ур/-үр; -мас/-мәс/-маз; мыш, -гән/-кән/-ан* формалары етіс көрсеткіштерін алған.

1. Ырықсыз етіс көрсеткішін алған есімшелер өзі жасалған етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай *-ыл/-ул/-ун* аффикстерімен берілген. Есімшелердің бұл формасында әрекеттен білдірілген белгі тікелей субъект арқылы іске асырылған болады: *бу бир сөз озағы урулмыш масал*

(بو بىر سوز وزاغو ورولموش ماسال)– бұл сөз алдын айтылған ертегі.

2. Өздік етіс есімшелері өзі жасалған етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай *-ыл/-ил/-үл/-н/-ун/-үн* аффикстерімен пайда болған. Есімшелердің бұл формасында әрекеттен білдірілген белгі субъекттің өзіне қайтуын білдіреді:(تاوارسوزغا بىلگى توگانماس تاوار) *таварсызға билги түгәнмәс тавар*– мал-дүниесіз адамға оның білімі таусылмас байлық; *егилмәс көңүлни ахы ер егәр* (يگىلماس كونولنى احو يگىر) – қатқан көңілді жомарт (жақсы) адам ерітеді; *йирилгән сөкүлгән терип бермәгән* – төгіліп, шашылып, теріп бермеген (біреуге бір нәрсе бермеген адам); *алал йигли қаны көрүнмәс бозы* – адал адамдар қайда, оның қарасы да көрінбес.

М. Оразов М. Қашқари сөздігінде ***-н*** жұрнағы негізгі, өздік, ырықсыз және өзгелік етіс мағыналарын білдіретіндігін, сондай-ақ ***-н*** қосымшасының етіс мағынасынан басқа да көптеген мағыналарда жұмсалғандығын айтады [127, 163].

3. Өзгелік етіс есімшелері өзі жасалған етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай *-үр/-үт; -т* аффикстерімен пайда болған: *илахий кечүргән*

изимсән кечүр – кешірімді Тәңірім кешір; *татурмас ашын-да туз достына* – асынан да, тұзынан да досына дәм таттырмайды; *қазалар йүрүткән йаратқан малик* – қаза, ажалды басқарған дүниені жаратқан патша – иемсің.

Ғалым Ә. Құрышжанов та XIII-XIV ғасырларда жазылған қыпшақ ескерткіштері тілінде ***-т*** қосымшасының өзгелік етіс мағынасында қолданылғандығын мысалдармен көрсетеді [128, 33].

4. Ортақ етіс есімшелері етістік түбірі немесе негізіне *-ш* аффиксі қосылып жасалған. Есімшелердің ортақ етіс көрсеткен формасына шығармада 1 мысал кездеседі: (نچا یر بار ردی سوغوشماز ری)*нечә йер бар ерди сығышмаз ери*– халқы сыйыспайтын бірнеше өркендеген жерлер жайлар бар еді.

XIV ғасырда жазылған «Китаб ат-тухфат уз-закийат фил-луғат ит-туркийа» есткерткішінің тілін зерттеген Б. Сүйеркұл: «Ескерткіштің сөздік бөлімінде -ш тұлғалы жиырмаға жуық сөз кездеседі. Соның он төрті араб тілінде VI және III бап формаларымен, ал қалғандары басқалай тәсілдермен аударылған. Бұған сөздердің орфографиялық тұрғыдан дұрыс жазылмауы себеп болса керек. «Ат-тухфа» авторы да, Әбу Хайиан сияқты, «урушулды» типті форманың болмайтынын, яғни сөйлеу тіліне ортақ етіс пен ырықсыз етіс морфемаларының бір сөз құрамында қатар қолданылмайтынын ескертеді» [129, 271]. Зерттеуші «Ат-тухфа» тілінде орын алған барлық етіс категориясының семантикасын, морфологиялық көрсеткіштерінің қолданылуын түркі тілдері мен қазақ тілінің материалдарымен салыстыра отырып толық тоқталған.

Жалпы алғанда, қазақ тілінде -ын/-ін/-н өздік етістің, ал **-ыл/-іл/-л** ырықсыз етіс көрсеткіші болғанымен олардың кейбір жағдайда екі етіске бірдей қолданылатыны орын алады. Дегенмен беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметі жағынан айырмашылықтары байқалады. **-ын/-ін/-н; -ыл/-іл/-ил** ырықсыз етістің қосымшалары қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобына тән болса, ал оғыз тобында **-ул/-үл; -ун/-үн** формасы сақталып қалған.

Көсемшелер. Шығармада көсемшелер қазіргі қазақ тіліндегі сияқты, әрекеттің күйін білдіреді, жақпен берілмейді және синтетикалық етістіктердің бірінші компонентін қамтамасыз етеді. Етістіктер секілді көсемшелер етіс категорияларын білдіреді, болымды немесе болымсыз формаларда келеді. Көсемшелер жақ, шақ білдіруші етістіктермен бірге сөйлемде қимылдың күйі қызметін атқарады. Күрделі сөйлемдерде көсемшелер бағыныңқы баяндауыш функциясын өтейді.

Көсемшелердің жақ, шаққа болған қарым-қатынасы синтетикалық етістіктің екінші, негізгі элементі арқылы түсіндіріледі. Кейбір көсемше формаларының жақ, шаққа болған қарым-қатынасы предикатив мағына білдіруші предикатив жалғаулар немесе көмекші етістіктер арқылы пайда болады. Шығармада көсемше формалары, бір тараптан, XI-XIV ғасырлардағы жәдігерлерге жақын болса, екінші тараптан, қазіргі қазақ және басқа түркі тектес тілдермен байланысты.

«Һибат-ул хақайиқта» төмендегі көсемше формалары кездеседі.

1. *-а/ə* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына сай қосылып көсемше жасайды: *бақа* (باقا) – байқап; *йыға* (يوغا)–жия; *кечə*(كچى) – кесе; *билə* – біле.

Бұл көсемше формасы Орхон-Енисей ескерткіштерінде, ұйғыр жазуы жәдігерлерінде, XI-XIV ғасырларда шығармаларында жазылған шығармаларда бар. Көсемшелердің бұл формасы көмекші етістік *турур* мен немесе көмекші етістіктермен осы шақ етістігі мағынасын білдіреді: *анын күндə арта турур бу бида* (انون كوندا ارتا تورور بو بدا) – соныңмен күнде бұл жамандықтар артуда; *бақа көргил емти уқа сынайу* (باسقا كورگىل بمتى وقا سويناو) – енді оқып, сынап қарап көр; *йыға тут* –ти, сақтан; بو مال كىلسا ارتا بارور باز) (كچا *бу мал келсə арта барур баз кечə* – бұл мал келсе артады және тағы ғайып болады. Бұл көсемше формасының тұрақты баяндауыш қызметінде келуі тән; бұған жоғарыдағы мысалдың соңғысы құрамындағы *кечə* көсемшесін көрсетуі мүмкін. Көсемшелердің бұл формасы қимылдың күйі қызметін атқарады: *айайын мен аның жувабын кесə* (ايانون مدن انون جوابون كاسا) – мен оның жауабын кесіп айтайын.

2. *-у/-ү/-йу/-йү/-ув/-үвуу/үү* аффикстері етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып көсемше жасайды: *көтрү* – көтеріп/көтере; *улашу* – қосылып/қосыла (тоқтаусыз); *тейү* – деп; *сынайу* – сынап/сынай; *айув (айуу) бер меңə бу негүгə керək* (ايووبرمانابونىگوگاكاراك)– маған айтып бер бұл неге керек; (حاروسلوق قولوومоо قولومо مونو بزگوراك) *харыслық қылувмув қылуумуу муны езгүрək*–ашкөздік қылып күн көру түбінен жақсы болады ма?.

Бұл тәсілмен жасалған көсемшелер XI ғасырдың басқа жазба жәдігерлерінде де қолданылған. Көсемшелердің бұл формасы синтетикалық етістіктің құрамында жетекші мағына білдіруші элемент болып келеді. Екінші элемент шақ, жақпен беріліп, бірінші элементтің шақ және басқа грамматикалық мағыналарға болған қарым-қатынасын көрсетеді: *вабал көтрү барды үзəлə сөкүш* – қарғыс және лағынет сайын күнə көтеріп кетті; *айув (айуу) бер меңə бу негүгə керək* – маған айтып бер, бұл неге керек.

3. *-б/-ыб/-иб/-уб/-үб; -п/-ып/-ип/-уп/-үп* аффикстері етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылады және көсемше жасайды: *теб* – деп; *билиб* – біліп; *көмүб* – көміп; *қойуб* – қойып; *теп* – деп; *йетитиб* – еткізіп; *санып* – ойлап, санап; *қопуп* – тұрып; *көрүп* – көріп;*оталап* – емдеп; *удуп* – өтіп; *талулап* – толғап; *таруп* – тұрып; *қойуп* – қойып; *чықарып* – шығарды; *йүсүп* – көтеріп; *күсүп* – күтіп; *тутнуп* – тұтанып; *сиңгип* – сіңіп.

Бұл формамен жасалған көсемшелер шығармада көп кездеседі. Орхон-Енисей ескерткіштерінде, XI-XIV ғасырдың басқа жазба жәдігерлерінде көсемшелердің бұл формасы кең қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде бұл көсемше формасының фонетикалық варианттары кең түрде қолданылуда. Басқа түркі халықтарының тілдерінде де оның толығымен фонетикалық өзгеріске ұшыраған формасы бар.

Шығармада бұл көсемшелер күрделі етістіктер құрамында бірінші элемент сипатында келіп, негізгі мағынаны білдіреді. Ал мұндай етістіктердің екінші элементі түр (вид) категориясын жасайды. Синтетикалық етістік құрамында келген көсемше формасының жақ, шақ

категориясы екінші элемент арқылы беріледі: *өң арқыш узады қопуп йол тутуб* (ون ارقوش وزادو قوپوپ یول توتوب) – алдыңғы керуен тұрып, жолға түсіп ұзап кетті; *етәр болсаң ишни санып сағнып ет* (نتار بولسان ښنی سانوپ ساغنوپ ت) – істі қылатын болсаң, ойлап, өлшеп қыл.

Предикатив жалғаулар және көмекші етістіктермен бірге көсемшелердің бұл формасы предикатив функцияда келеді: *айыбқа қойубтур халайық ара*(ایوبقا قویوبتار حالایوق ارا)–халық арасында кінәлі етіп тұр.

Көсемшелердің *-теб/-теп* формасы синтактикалық тараптан байланыстырушы қызметте келеді, мұнда көсемше бағыныңқы сөйлем конструкциясын басыңқы сөйлемге байланыстырады. Бұл сияқты бағыныңқы сөйлемдер себеп немесе мақсатты білдіреді, немесе бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлем мазмұнын толықтырып тұру үшін қызмет етеді:*аның йады бирлә ачун толсу теп* – оның жадымен (естелігімен) дүние толсын деп; *ешиткил биликлик негү теб айур* – білімді адам не деп сөйлейді, есіткін; *чығайлық теп айма азуқ йоқлуғын* – азық-ауқат жоқтығын кедейлік деп айтпа.

4. *-ыбан* аффиксі етістіктің қатаң артикуляциялы түбіріне қосылып көсемше жасаған. Бұл тәсілмен берілген көсемше формасы бір жерде кездесіп, көсемше конструкциясын қамтамасыз етеді. Көсемшенің бұл формасы мағына және функция тарапынан көсемшелердің *-ыб//-иб* формасына ұқсас: *ол анда йатыбан берүр санының*(ول اندا یاتوبان بررور سانونو)– ол онда (көрде) жатып есебін береді. А.М. Щербак, Э. Фазылов -ыбан аффиксті көсемше көбінесе поэтикалық мәтіндерде, «Құтадғу білікте», Манихей жазбаларында, ескі өзбек тілдерінде жиі кездесетінін айтады [125, 105].

5. *-матын* аффиксі етістіктің қатаң түбіріне қосылып, көсемше жасайды. Бұл форма шығармада бір жерде кездеседі, ескі Орхон-Енисей, ұйғыр жазуы ескерткіштерінде, XI-XIV ғасырдың басқа жәдігерлерінде де қолданылған. Бұл аффикспен түзілген көсемше формасы етістіктен білдірілген әрекеттің себебін білдіреді және көсемше күйі қызметінде келеді: *биликсиз не айса айур уқматын* (بلیکسز نی ایسا ایور وقماتون)– білімсіз адам түсінбестен не десе, дей береді.

6. *-уңча* аффиксі етістіктердің қатаң түбірі негізінде жасалған есімшелердің *-үг* формасына қосылып көсемше жасайды. Бұл тәсілмен жасалған көсемше формасы шығармада аз кездеседі. Көсемшелердің бұл формасы негізгі әрекеттің іске асуға дейінгі сәтті (моментті) көрсетіп, мезгіл білдіруші көсемше болып келеді. Мысалы, *Улуғ болдуғуңча түзүнрәк болуб, Улуғқа кичиккә сылық тут сөзүң*

(ولوغ بولدوغونچا توزونرال بولوب، ولوغقا کیچیکّا سولوق توت سوزون)– сен ұлық мәртебелі болғаныңа дейін түзу, жақсы мінезге ие болып, үлкен-кішіге жақсы сөйле.

7. *-үнчә* аффиксі етістіктердің жіңішке түбірі негізінде жасалған есімшелердің *-үг* формасына қосылып көсемше жасайды. Шығармада көсемшелердің бұл формасы да негізгі әрекеттің іске асуына болған сәтті (моментті) білдіреді және мезгіл бағыныңқылы сөйлем баяндауышы

қызметінде келеді: *көни келтүгүнчә хайир кеткүлүк* (كونى كىلتوگونچا حاىر كىتكولوك) – дұрыстық, әділет келгенше, жақсылық кетеді (жоғалады).

Үстеудің жасалу жолдары мен статистикасы. Үстеу категориясы басқа сөз таптары сияқты шығарма тілінде көбінесе синтактикалық функциясына қарай белгіленеді. Екіншіден, адвербиализация (үстеуге айналу) оқиғасы да бар. Басқа сөз таптарының үстеуге айналу оқиғасы көбірек сын есімдерде кездескен. Басқа сөз таптарында үстеуге айналу сын есімге қарағанда аз ұшырасады. Шығармада үстеу категориясын білдіруші арнайы сөздер аз. Бұл типтегі сөздер лексика-семантикалық жағынан үстеу саналады. Олардың құрамында, тарихи қосымшалар бар болса да, бірақ шығарма тілінде олар тұтас бір сөзді қамтамасыз етіп, бүтіндей үстеу категориясына өткен. Сондай-ақ, үстеулердің грамматикалық тәсілмен жасалуы да бар. Грамматикалық тәсілмен үстеулердің жасалуы сөз жасаушы аффикстер арқылы беріледі [130, 48].

Шығармада кездескен үстеулер лексикалық тараптан XI-XIV ғасырларға тән ерекшелікке ие. Бұлардың кейбіреулері біздің заманымызға дейін жеткен, ал кейбіреулері қолданыстан шыққан. Түркі халықтары XI-XIV ғасырларда басқа халықтармен жақын араласып кеткендіктен, шет халықтар тілінен кірген кейбір сөздер (кірме сөздер) үстеу ретінде қолданылған.

Кейбір үстеулердің жасалуы жағынан қолданыста болған дәуіріне қарамастан морфологиялық бөліктерге бөлінуін белгілеу немесе оны анықтау мүмкіндігі болмайды. Морфологиялық бөліктерге ажырамайтын түбір немесе жасанды үстеулер тарихи жағынан туынды болуы мүмкін. Шығармада туынды үстеулер грамматикалық тәсілмен жасалған.

Морфологиялық тәсілмен жасалған үстеулер. Морфологиялық тәсілмен үстеулердің жасалуы сөз жасаушы аффикстер арқылы пайда болады. Бұл жолмен жасалған үстеулер шығармада көп кездеспейді.

1. *-а//-ə* аффиксі етістік түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып келеді және әрекеттің жалғасатынын, интенсив мағынасын білдіруші үстеулер жасайды: *ев* – тездет, асық, *евə* – тез, евап сөзləмə – бұрып сөйлеме; *йан* – ён, жуна, юр; *йана* – тағы; кесə – кесіп, дəл; кеч - кеча; күч - күча; қат - қата; муң - муңа; тең - теңа; тил - тила; уз - уза; уң - уңа; өңга/өңа – бұрын;

2. *-чə* аффиксі жұмсақ айтылушы зат есімдерге қосылып, әрекеттің қандай болуын білдіруші үстеулер жасайды: *тилакча тирил* (تىلاكچا تىرىل)– тілегенше өмір сүр; *көңүлча қылын* (كونولچا قولون)– көңіліңше жаса /көңілің қалағандай жаса; турукча китаб (توروكچا كىتاب) – түрікше кітап; унарча айайын) (ونارچا ايايون)– шамамша айтайын;

3. *-л* аффиксі етістіктің жұмсақ түбірі немесе негізінің сипатына қарай қосылып, әрекет белгісін білдіруші үстеу жасайды. Шығармада бұл тəсілмен бір жерде үстеу жасалған: *түгəл ексилиүр* (توگال يكسلور) – түгел өзгереді, кемиді, ескіреді; *түгə* – соңына жет, *түгəл* – бүтіндей, түгел.

4. *-лə* аффиксі жұмсақ айтылушы зат есімдерге қосылып, әрекеттің күйі және белгісін беруші үстеу жасайды. Бұл аффикспен жасалған үстеу бір жерде кездеседі: *тириклə йитүк* (تىرىكلا يىتوك) – тірі болса да өлік.

5. *-ы* аффиксі етістіктің қатты артикуляциялы түбіріне қосылып, әрекет белгісі және күйін білдіруші үстеу жасайды: *чөкәрди қозы* (چوکاردی قوزو)– төмен түсірді; *қоз* –құй, түсір, *қозы* – төмен.

6. -ү, у аффиксі етістіктің түбіріне қосылып, әрекеттің күйін білдіруші үстеу жасайды: *өтүр>өтүр-ү>өтрү* формасы қысқарған күйде кездеседі*өтрү келсә* – қарсы келсе; йашыр (жасыр)(ياشور) – йашыру, йашру ишиң (ياشور) – жасырын ісің; улаш – үнемі, улашу қинар - үнемі қинар.

Үстеу орнына келген сөздер.

1. Сын есімдер үстеу орнына келеді: *қатығ қизла*(قاتوغ قىزلا) – қатты жасыр; *өкүш көрмәгил* (وكوش كورماگىل) – көп көрмегін.

2. Салыстырмалы шырай білдіруші сын есімдер де үстеу қызметін атқаруы мүмкін: *адизрак тутар*(ادىزراك توتار) – биігірек тұтар; *озарақ сақын* – (وزراق ساقون) бұрынырақ сақтан.

3. Көсемшелердің *-ә* аффиксімен берілген формасы үстеу болып келеді: *айайын мен аның жауабын кесә* – айтайын мен оның жауабын кесе.

4. Көне көмектес септігі аффиксі *-ын//-ин* мен берілген кейбір сөздер үстеу болады: *ачық болға йарын қотуб бардуғуң* (اچوق بولغا يارون قوتول باردوغون) – ащы болғай ертең қойып барғаның.

Сондай-ақ, жатыс септігі формасындағы сөз мағынасы және функциясына қарай, үстеу қызметін атқарады: анын күндә арта турур бу бида - сондықтан күнде арта түседі бұл бейбастық; *ол анда йатыбан берүр санының* – ол онда (көрде) жатып есебін береді.

Үстеулердің мағыналық түрлері. Шығармада үстеу функциясын атқарып келген сөздер әрекет немесе қимылдың мөлшері, мезгілі, мақсаты, себептері сияқты мағыналарды білдіреді. Осыған орай, үстеулер төмендегі түрлерге бөлінеді:

1. Сын-бейне үстеулері: *биликлик биликсиз қачан тең болур* (بىلىكلىك بىلىكسىز قاچان تىن بولور) – білімді және білімсіз қашан тең болар. *йашру* – жасырын (171), *кет* – мықтап, қатты, берік (176), *қуруғ* – құр, босқа, бос (202), *тарк* – тез, жылдам (222), *таркин* – тезінен, дереу (380), *ашкар* - әшкере, жария (171), *йакын* – жақын (369), *улашу* – үнемі, әрдайым, үздіксіз (428), *тез* – тез (157), *өтрү* – қарсы, бетпе-бет (369).

2. Мөлшер үстеулері: *Күзәзгил тилиңни аз қыл сөзүң* (كوزاگول تىلىننى از قول سوزون) ҺХ 149– *Күзеткіл тіліңді кел аз қыл сөзің.* Сонымен қатар*, түгал – түгел(199), қамуғ – барша (200), анча* – қанша (123), *мунча* – мұнша (183), *неча* – неше (203), *тилакча* – тілегеніңше, қалағаныңша (401), *көңүлча* – қалағаныңша, тілегеніңше (400), *унарча* – шама жеткенше (4) үстеулері кездеседі.

3. Мезгіл үстеулері: *Бақа көргил емти уқа сынайу* (باقا كورگىل ەمتى وقا سونايو) *ҺХ /Байқап көр енді ұғып сынап*; Ескерткіш тілінде мезгіл үстеуіне жататын өзге үстеу сөздер: кединги – кейінгі (208), емти – енді (21), бурун – бұрын (300), бу кун – бұл күн (3), кечә - кеше (184), илкин (207), йарын (29), келдүгүнча (390), күндүз (13), өтрү (120), соң – соң (14), таң – таң (125), тоға (467), ахир – ақыры (264).

5. Мекен үстеулері: қоды – төмен (282), едизрәк-әрегірек (49), қайда (421), била - бірге (439), ичра – ішінен (8).

А. Байтұрсынұлы үстеу сөздерді нықтаулық үстеу, сынаулық үстеу, өлшеулік үстеу, мезгілдік үстеу, мекендік үстеу деп бөледі. Қазіргі қазақ тілінде нықтаулық, сынаулық, өлшеулік үстеу түрлері кездеспейді. Дегенмен, нықтаулық үстеу сөздерге жатқызатын *ең, әбден, нағыз, дәл, әдейі, қасақана, әсіресе* т.б. сөздердің мағынасын нығыздау үшін айтылған сөздерді қазіргі қазақ тілінде күшейту үстеу сөздеріне жатқызамыз. Ал, *жақсы оқиды, жаман жазады* деген тіркестегі қалай? қалайша? сұрақтарына жауап беретін *жақсы, жаман* сөздерін сынаулық үстеуіне жатқызады. Өлшеуіш үстеу сөздерге істің шамасын көрсететін сөздер деп *шейін, дейін, мұнша, онша* т.б. сөздерді жатқызады [131, 256].

Түркі тілдерінің грамматикасын зерттеушілер көне тілдегі үстеудің қызметі туралы былай дейді: «Үстеулердің мағыналық топтары жоғарыдағыдай тіл-тілде әртүрлі болғанына қарамастан, мекен, мезгіл, сын-бейне, мөлшер үстеулері түркі тілдерінің қай-қайсысында да үстеулердің негізгі мағыналық топтары саналады. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы белгілі контексте, коммуникативтік қызмет өрісінде ғана кездеседі» [132, 281].

Үстеулер тұлғалануы жағынан аз-кем ерекшеленеді. Ескерткіш пен қазақ тіліндегі үстеулер іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, амал-тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын сипаттауы мағыналық жағынан толық сәйкес келеді.

2.6 Ахмед Йүгінекидің «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші А, Ә, Б нұсқаларындағы көмекші сөздердің қолданысы, статистикалық сипаты

Шылаулар. Шығармада кездесетін шылаулар синтаксистік қарым-қатынастарды білдіру үшін қызмет етеді. Синтаксистік функция атқару жағынан шығармада қолданылған шылаулар XI-XIV ғасырда жазылған әдеби жәдігерлердегі жұмсалған шылаулардың ерекшеліктеріне ұқсас. Шығармада шылаулар түркі негізде және араб-парсы формаларында тіркелген.

Қазіргі қазақ тілінде шылауға мынадай анықтама берілді: «Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер» [120, 362].

Қазақ тілі тұрғысынан шылаулар аз да болса, лексикалық мағынаға ие, ал шылаулардың бойындағы қалыптасқан негізгі қасиеті – грамматикалық мағыналар болып табылады. Өйткені шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым болады. Сол мағыналары олардың өзі үшін емес, өзіне тән формалары арқылы өзіндік грамматикалық мағыналарын толық қамти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер есебінде жұмсалады. Сондықтан да шылаулар өз алдына жеке-дара қолданылмай, тиісті сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

«Һибат-ул хақайиқтағы» шылауларды септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер деп бөліп көрсетуге болады.

Септеулік шылаулар. «Һибат-ул хақайиқта» септеуліктер функциясын кейбір сөз таптары және көмекші қызметін атқарушы арнайы сөздер атқарады.

Септеуліктер функциясында келетін кейбір сөз таптарында мәлім грамматикалық формалар сақталған. Мұндай септеуліктер басқа грамматикалық функцияларды да атқара береді.

Шығармада септеуліктер қызметін білдіруші бөлек сөздер бар, мұндай сөздер сөз немесе форма жасаушы ретінде қолданылмайды. Кейбір септеуліктер грамматикалық формаларда түрленіп, шығарма жазылған дәуірдің тіл ерекшелігін сақтайды. Сондай-ақ, XI-XIV ғасырларда жазылған шығармаларда тұрақты септеулік функциясында келген сөздер тарихи өзгеріске ұшырамаған деп пікір айту ақиқатқа жанаспайды.

Септеуліктер түрлі грамматикалық функцияларға, лексика-семантикалық ерекшеліктерге қарай, шығармада мекен септеуліктерінде келіп, себеп, мақсат, нәтиже және басқа мағыналарды білдіреді.

Шығармада төмендегі септеуліктерді кездестіруге болады:

бирла, била/ила (برلا، بىلا/بلا) қазақ тілінде мен, бен, пен септеулік шылаулары көмектесу және ортақ мағынаны білдіреді. Ескерткіш тілінде бирла нұсқасы 15 рет, била нұсқасы 4 рет кездеседі. 393 бәйіттің А нұсқасында ила деп қалған екі нұсқада била деп беріледі. Ила мен била арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. А нұсқасында *б* дыбысының түсіп қалуы көшірмешілер тарапынан болуы мүмкін. Себебі, А нұсқасындағы өзге бәйіттерде *била* деп беріледі. Бұл шылаулардың толық нұсқасын *бирла* деп танимыз. Ал, *била/ила* нұсқасы *р, б* дыбыстарының түсіп қалуынан болған деп түсінеміз. Бұл шылаулардың мәтіндегі беретін мағыналарына мысал келтірсек:

1. Көмек мағынасында былай келеді: Билиг бирла булнур са′адат йолы (بلىگ برلا بولنور ساغدات يولو) hX 83/ Білім менен табылар бақыт жолы; Қаза бирла санчылур адаққа тикан
(قاذا برلا سانچولوراداقا تىك) hX455/ *Бұйрық пенен шаншылар аяққа тікен.*

2. Ортақ және бірлестік мағынаны білдіреді: асал қайдаерса била арысы) (اسال قاندا برسا بىلا اروسو) hX 421/ *Бал қайда болса бірге арасы;*
(بال قاندا بولسا برگى اراسو)Һунар бирла давлат бирикмеклики hX 443/ Өнер менен дәулет бірігуі.

Бирла шылауы мәтіннің үш нұсқасында да түркілік өг және арабтың мадхы сөзімен синонимдік қатар құрған. Мысалы, 27 бәйіттің А нұсқасында аның өгдүсинтин татыр бу тилим(انون وگدوستىن تاتور بو تىلىم) деп, Ә және Б нұсқаларында Аның мадхы бирла татыр бу тилим (انون مادحو برلا تاتور بو تىلىم) деп берілген.

28 бәйіт жолында Ә және Б нұсқаларындағы бирла А нұсқасында болза деп беріледі: Аның мадхы болза шакар шаһд аңга
(انون مارحو بولزا شاكار شاحد انگا) оның жады менен шекер бал оған. Зерттеу барысында болза сөзі мәтін бойынша 3 рет кездеседі. 322 бәйіт жолында А

нұсқасында ерза, Ә нұсқасында болза, 439 бәйіт жолында А нұсқасында ерса, Ә нұсқасында болза түрінде қолданылған. Бұл нұсқалардағы болза және ерза/ерса сөздері етістік мағынасында жұмсалған. Ал, 28 бәйіттегі А нұсқасындағы болза сөзінің қолданылуында ерекшелік бар. Өйткені, мәтінде мағыналық жағынан болза сөзі шылау қызметін атқарып тұр. Бұндай өзгерістің болуын мәтінді транскрипция жасаушылардың тарапынан кеткен кемшілік деп түсінуге болады. Себебі, басқа бәйіттерде бирла шылауы болза формасында кездеспейді.

үчүн (وچون) – үшін септеулік шылауы барыс септігі функциясында келіп, істің мақсат мағынасын кімге, неге арналғандығын білдіреді. Шығармада бұл септеуліктер бір рет қана қолданылған: *Тад Испаһсалар бек үчүн бу китаб* (تار سپاحسالار بك وچون بو كتاب) *ҺХ 69/*Тат Испаһсалар бек үшін бұл кітап.

тапа (تاپا)– қарай, таман (туралы) септеулігі барыс септігі орнына қолданылып, нәтиже, әрекет немесе қимылдың бағытын, орнын көрсетеді. Бұл септеулік шылау ескерткіш тілінде бір жерде ғана кездеседі. Айа хукмин ажун тапа уггучи (اىا حوكمن اجون تاپا وگوچى) ҺХ 449/Ей үкімін дүние туралы шығарушы. ҺХ ескерткішінде тапа нұсқасы жұмсалса, орта ғасыр ескерткіш мәтіндерінде таба варианты жиірек қолданылған.

кәдин/кидин (كدىن /كادىن)– *кейін* септеулігі мезгіл мағынасын білдіреді: Билүп етар ишни өкүнмәс кәдин(بلوپ تتار ىشنى وكونماس كادىن) *ҺХ 114/ Біліп етер істі өкінбес кейін;* Кидинки келигли кишилар ара(كدىنكى كلىگى كىشلار ارا) *ҺХ 73/ кейінгі келуші кісілер арасы.* Бұл форма қазақ тілінде кейін тұлғасының қалпына енген.

соң (سون) – септеулігі шығармада заттанған түрде ұшырайды: *Қамуғ абаданның хараб ол соңғи ҺХ 200/Барлық салтанаттың қарап ол соңы.* Ә және Б нұсқаларында г дыбысы түсіріліп, соңы болып берілген. Біз қарастырып отырған мәтінде соңра шылауы тіркелмеген. Бірақ, орта ғасыр ескерткіштерінде соң және соңра варианты жиі қолданысқа түскен [119, 188].

өтрү (وترو) **-** ҺХ ескерткішінде септеуліктің өтрү формасы 3 рет қолданылған. ҺХ мәтінінде де 1) сонан соң, кейін; 2) үшін, бола мағынасындағы көмекші сөздің қызметін атқарып тұр. Сонымен қатар, қарсы, бетпе-бет, тура мағынасында да жұмсалған. Мысалы, Хасис нәңдин өтрү теп өзүң күча (حاسي ناندن وترو تىپ وزون كوچا) ҺХ 182/ ашкөз зат үшін деп өзің күште; Бу бир ′айбдин өтрү башын кәсгүчи ҺХ 363/ бұл бір айыпқа бола басын кесуші*;* Не иш өтрү килза аңға кәз бақын ҺХ 369/ не іс қарсы келсе саған қатты жақын. Байқап отырғанымыздай көне түркі сөздігімен ҺХ мәтінінде алғашқы екі мағынада ешқандай айырмашылық жоқ. Ал, ҺХ мәтініндегі өтрү сөзінің үшінші мағынасы көне түркі сөздігінде тіркелмеген.

Өтрү шылауының қалыптасуы туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі. М. Сабыровтың айтуынша «өтрү - өртү - ерте» *өтрү* сөзі – бұрын, ерте деген мағынаны берген [133, 141]. *Өтрү* шылауының көне түркі сөздігінде екі мағынасы берілген: 1) потом, затем; 2) послелог – за, из-за, после [88, 393]. Ғалым А. Кононовтың өтрү сөзіне берген анықтамасы көне түркі сөздігіндегі мағынамен сәйкес келеді. Көне түркі тіліндегі шылауларды зерттеген

Қ. Молгажаров ғалымдардың пікірлерін талдай отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Біз оларды шылау тарапынан алып қарастырамыз. Сонымен өтрү шылауының түбірі өт (өту) етістік те, оған жалғанған қосымшалар етіс және көсемше формалары болады» [130, 92].

өң-а/ өңга (ونگا /-ون) – алдын септеулігі шығыс септіктегі сөзбен тіркесіп келіп, мезгіл мағынасын білдіреді: Сәниң рахматиңдин умармән өңга (سانىن راحماتىددن ومارمان ونگا) ҺХ 2/ Сенің рахматыңнан үміт етермін алдымен. Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметінде» *өзгә* формасы қолданылған.

Жалғаулықтар. Ескерткіш тілінде *және* мағынасын беретін *йана, йема* және парсы тілінің *һәм* сөздері жарыса ұшырасады. *Йана* және *һәм* сөзі 6 рет, ал *йема* сөзі 2 рет кездеседі. Бұл сөздер мәтін контексіндегі мағыналық айырмашылықтарына орай *және, тағы, қайтадан, сондай-ақ* мағыналарын береді. Мысалы: Йана бир керәклиг сөзүм бар сәңга (يانا بىر كاراكلىگ سوزوم بار سانگا) ҺХ 265/ және керекті сөзім бар саған; Йоқ ердим йараттың йана йоқ қылып (يوق ىردىم ياراتتون يانا يوق قولوپ) ҺХ 9/ Жоқ едім жараттың және жоқ қылып.

Йана мен *йема* сөздері *және* шылауының көне формасы. Бұл екі нұсқа да Орхон-Енисей, Күлтегін ескерткіші тілдерінде де кездеседі. Кейбір түркі тілдерінде *йана* нұсқасы бүгінгі таңда да қолданылады. Мысалы, қазақ тілінде *және*, башқұрт тілінде *йана*, ұйғыр тілінде *яна*, якут тілінде *уонна*. *Йема* нұсқасына қарағанда, *йана* нұсқасы қазақ тіліндегі *және* шылауына жақын. Г.А. Абдурахманов жалғаулық шылаудың бұл екі түрін екі түрлі сөз деп есептейді: «йема, йана шылау сөзінің фонетикалық нұсқасы болып табылмайды, себебі екі шылау сөз параллель қолданылады және әр түрлі сипатқа ие» [134, 134]. Р. Досжан: «Бізге белгісіз тарихи фонетикалық заңдылықтардың әсерінен ескі *н* фонемасы *м* фонемасына ауысқан. Мысалы, тарихи ескерткіштерде ұныт – қазіргі тілдерде ұмыт. йана, йема паралельдері де осындай заңдылықтардың нәтижесі» дейді [61, 328].

Парсы тілінің *Һәм* сөзі орта ғасыр ескерткіш тілдеріне ислам дінінің келуімен біртіндеп ене бастаған сияқты. Себебі зерттеушілердің айтуынша көне ескерткіш тілінде кездеспейді. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына дейінгі ақын-жазушылардың тілінде де қолданылғанымен, қазіргі қазақ тілінде ығыстырылып қалған.

Араб тілінен енген тағы бір шылаудың түрі *ва лайкин* ол қазақ тілінде *алайда* мағынасын береді. Бұл сөз ескерткіш тілінде 52, 218, 320 бәйіт жолдарында кездеседі. *Ва лайкин* шылауы *уа* және *лайкин* сөздері арқылы жасалынып тұр. Ва сөзі және деген мағынаны берсе, лайкин бірақ мағынасын білдіреді. Біздің қарастырып отырған мәтін бәйітінде *алайда*, *бірақ* деген мағыналарды береді. Қазіргі қазақ тілінде ва лайкин шылауы қолданыста болмағанымен, жыршы-жыраулардың шығармаларынан, Абай Құнанбайұлының қара сөздерінен кездестіруге болады.

һәм шылауы қазіргі түркі тілдерінің бірқатарында: қарақалпақ, гагауыз, татар, өзбек, ұйғыр тілдерінде, ал *ва лайкин* сөзі өзбек, татар, башқұрт, әзірбайжан тілдерінде жұмсалады.

Сол дәуірдегі түркі тілдеріне өзге тілден енген шылаулардың тағы бір түрі аду (арап) және йа (парсы). Аду шылауы қазақ тілінде *не* мағынасын береді. Ескерткіш тілінде 448 бәйітте кездеседі. Аду шылауы бізге белгілі ескерткіштің үш нұсқасында мынадай фонетикалық тұлғаларда берілген: А нұсқасында осу, Ә нұсқасында ату, Б нұсқасында аду.

Йа шылауы 26, 163, 224 бәйіт жолдарында ұшырасады, қазіргі төл тілімізде *немесе* деген мағынаны білдіреді. *Йа* шылауы қазіргі қазақ тілінде я, яки формасына өзгерген. Атқаратын қызметі, білдіретін мағынасы жағынан көне тілге де, жаңа тілге де ортақ. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде: 1) йа шылауы бір тектес сөйлемдердің құрамында келіп, бастауыш мүшенің сипатын немесе қимыл-әрекетін талғап көрсетеді. 2) салаласа айтылған сөйлемдердің басында тұрып немесе жігінде келіп, оларды айтылған ойларды талғап, салғастырып көрсетеді. 3) бірыңғай сөздерді байланыстырып, олардың бірінің талғанатындығын білдіреді.

Парсы тілінен енген *не* шылауына біз қарастырып отырған ҺХ ескерткіш тілінен бір ғана мысал келтіре аламыз. Аны не халайық севар не халық

(انو نی حالایق سوار نی حالوق) ҺХ 272/ Оны не халайық, не құдай сүйер. Қазіргі қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдердің алдарында тұрып, олардағы ойларды я талғап, я салыстырып, кезектестіріп айту үшін жұмсалады. Демек, парсы тілінен енген *не* шылауы фонетикалық және мағыналық жағынан бүгінгі күнге дейін сақталып қалған.

Ескерткіш тілінде сол себепті, сондықтан мағыналарын беретін Анин шылауы 5 жерде кездеседі. Бәйіт жолдарының ұйқасына қарай бағыныңқысы басыңқының қимыл-сын салдарын, нәтижесін білдіреді. Мысалы, Ахы ер билигни йета билди көр, анин сатты малды сәна алды көр

(احو بر بلسگنی بیتا بلدی کور انن ساتّو مالدو سانا الدو کور) ҺХ 237-238 / Жомарт ер білімді жете білді көр, сондықтан сатты малды мақтау алды көр. Анин шылауы осы формада қазіргі қазақ тілінде сақталмаған.

Ағар, қалы парсы тілінен енген шылау. Екі сөз де егер мағынасында жұмсалады. Қалы/халы 6 рет, агар 9 рет қолданылған. ҺХ ескерткіштің А нұсқасымен Б нұсқасының көшірілу уақыты арасында 36 жыл айырмашылық бар. Соған қарағанда нұсқаларды көшіруші көшірмешілер сол дәуірдің сөздік қорына енген кірме сөздерді енгізіп отырған. XI ғасырда қалы шылауы жиі қолданыста болған. XII ғасырдан бастап агар нұсқасының қолданылуы жиірек болғандығын біз қарастырып отырған мәтіндегі қолданылу санына байланысты көруге болады. Соның нәтижесінде *халы* шылауы қолданыстан шығып, орнын *ағар, егер* шылауы басқан. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде татар (әгәр), ұйғыр (әгәр, әгәр дә), әзірбайжан (әкәр), қарақалпақ (эгер) және қазақ (егер, егер де) тілдерінде сақталған.

Демеуліктер. «Һибат-ул хақайиқта» XI-XIV ғасырға тән демеуліктерді кездестіруге болады. Бұл демеуліктер шығармада өзіне тән ерекшелікке ие. Демеулік шылаулардың кейбірі қазіргі түркі тілдерінде сақталған, кейбірі біздің заманымызға фонетикалық өзгерістерге ұшырап, оның орнын басқа жаңа формалар иеленген.

Шығармада төмендегі демеуліктер кездеседі: *ма//-мә* – да/де; *му//-мү* - ма//ме; *да//-дә* – да//-де; *өк* – қой/ ғой.

Бұл демеуліктер сұрау, салыстыру, нақтылық, ұқсату мағыналарын береді.

1. Сұрау білдіруші демеуліктер: Хирадлық му болур тили бош киши ҺХ 137/ *Ақылды ма болар тілі бос кісі.* (اقولدو ما بولار تىلى بوس كسى)

2. нақтылықты білдіруші демеуліктер: Бәлак еттим аны шаһымға мән-өг ҺХ 79/ *Тарту еттім оны шаһыма мен дереу*. (تارتو بتتىم ونو شاحوما مىن دىرىو)

3. Салыстыру-ұқсату демеуліктері: Йазынғы булут дәг йа қуш дәгхалы ҺХ 223/ Жазғы бұлт сияқты я құс сияқты халі.

Одағайлар. Шығармада одағай сөздер өте аз мөлшерде кездеседі. Бұл одағайлар сезіну, қобалжу, таңғалу, таңырқау және басқа мағыналарды береді. «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіш тілінде төмендегі одағайларды кездестіруге болады: *йа* – ей, яки; *айа* – ей (13 рет қайталанады); Мысалдар: *билик татғын ей дост биликлик билүр* (بىلىك تاتغون يي د وست بىلىكلىك بىلىر – ей, дос білім маңызын білімді адам біледі; *биликликкә йа дост өзүңни ула* – білімге ей дос, өзіңді жақын ұста.

Ескерткіштің 106 өлең жолында А нұсқасында Билиг қадрыны һәм биликлиг билур – білім қадірін білімді білер деп берілсе, Ә нұсқасында Билиг татғын ай дост биликлиг билур – білім қадірін, ей дос, білімді білер деп одағай сөз қосу арқылы береді. Ал, Б нұсқасында ай дост емес ей дост деп, а және е дыбыс алмасуларын аңғаруға болады.

Жазба ескерткіш мәтінінде 1 және 37 жолда кездесетін Илаһи (Алла) сөзін Б. Сағындықұлы және Қ. Махмудов Уа, Алла деп аударма жасайды. Дегенмен Илаһи сөзіне ескерткіш тілінде йа немесе айа одағайы қосылып жазылмайды. Бұл одағай сөзді аударма жасау барысында ғалымдар өлең ұйқасына қарай берген деп түсінеміз.

Қазіргі қазақ тілінде одағай сөздердің бірнеше өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар: 1) адамның түрлі сезіміне байланысты шығатын дыбыстық ишарат сөздер (ә, япырмау т.б.). 2) адамның көңіл күйі құбылмалы болғандықтан, одағай сөздердің де мағыналары құбылып, көпмағыналыққа ие болады. Дәл мағынасы сөйлемдегі ойға байланысты болып келеді (уай, әй т.б.). 3) одағай сөздер сөйлемнің басқа мүшелерімен грамматикалық жағынан байланыспайды, олай болса, өзі жарыса айтылған сөйлемнің мүшесі болмайды. Өздері жарыса, қабаттаса айтылатын сөйлемнен дауыс ырғағы арқылы оқшауланып, бөлініп тұратын сөздер (паһ, қап, бәсе т.б.).

Одағай сөздер адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар сияқты болып келеді, бірақ ол дыбыстар жұртшылыққа әбден түсінікті болып, белгілі дағды бойынша сөз ретінде пайдаланылады. Қазіргі қазақ тілінде одағай сөздер негізгі (ау, па, ей, уа, уау, пай, беу т.б.) және туынды (мәссаған, бәрекелді, әттегенай, масқарай т.б.) болып бөлінеді.

ҺХ ескерткіш тілінде кездесетін одағай сөздер *йа,айа* (يا، أيا، قانو) негізгі одағай сөздерге жатады.

2- бөлім бойынша қорытынды

Орта ғасырларда жарық көрген түркі жазба ескерткіштерінің қай-қайсысы да аралас тілде жазылған. Сондықтан да олардың барлығы қазіргі түркі халықтарына ортақ мұра болып есептеледі. Оғыз-қыпшақ, қарлұқ-ұйғыр тілдеріне тән ерекшеліктердің көпшілігі осы орта ғасыр ескерткіштерінен табылады. Зерттеу нәтижесінде белгілі бір ескерткіште қай тілдің элементтері басым түсетіндігі айқындалып көрсетілді. Біз зерттеу жұмысымызда негізінен осы ойды басшылыққа алып отырдық.

Статистикалық әдістерді қолдану тілдік фактілердің жай-күйін, ара салмағын барынша айқын, нақты білуге мүмкіндік береді. Қазақ тіл білімінде ескерткіш тілдеріне лингвостатистикалық талдаулар жасау арқылы жеке сөздердің формалық аясы, жеке аффикстердің жұмсалу дәрежесі статистикалық тұрғыдан бұрын-соңды анықталған емес.

Зерттеу еңбегіміздің нысаны болып отырған «hибат-хақайиқтың» көлемі шағын болғанымен архаизм сөздер көп кездесті. Сонымен қатар, көне тілдік грамматикалық формалар да біршама ұшырасты. Оғыз-қыпшақ және қарлұқ-ұйғыр тілдік формалар да аралас қолданылған. Мұндай алмасуларды көшірмешілер тарапынан жіберілген қателіктер деп түсінеміз. Олар статистикалық талдау жұмысын жасау арқылы нақты фактілермен дәлелденді.

Дастан тілі қай тілге жақын дегенде, зерттеулерімізді осылайша мәселенің морфологиялық жағына, морфологиялық форма, морфологиялық қосымшалар жағына баса көңіл бөлу бағытына негіздеп жүргіздік.

Ескерткіш тілінде қолданылған түркі сөздері шамамен: зат есімдер саны – 142; сын есімдер саны – 89; етістік сөздер саны – 211; сан есімдер саны – 9; есімдіктер саны – 29; үстеу сөздер саны – 51; шылау сөздер саны – 22; одағай сөздер саны – 2. Бұдан байқағанымыздай ескерткіш мәтінінде зат есім, сын есім, етістік категориясы басым екендігі, сан есім, үстеу, одағай, шылау сөздер саны аз кездесетіні анықталды. Түбір сөздерді анықтау қиындық тудырды, себебі, түбір сөз деп танығансөздеріміздің өзі түбірге сіңісіп кеткен қосымшалардан жасалған. Қазіргі қазақ тіліндегі форма тудырушы қосымшалар мен ескерткіш тіліндегі қосымшаларды салыстырып, ұқсастық және айырмашылықтарын анықтадық. Олардың тұлғалануы тұрғысынан оғыз-қыпшақ не қарлұқ-ұйғыр тобына жататындығы анықталды. Ескерткіш тілінде қолданылған түбір зат есімдер шамамен 117, қосымша арқылы жасалынғаны 25, сын есімдер 56, қосымша арқылы 33, сан есімдер 6, қосымша арқылы 3, етістіктердің 126-сы негіз формада, 85-і қосымшалар жалғану арқылы жасалған, есімдіктер шамамен 29, үстеу сөздер шамамен 37, қосымша арқылы 14, шылау сөздер шамамен 19, қосымша арқылы 3 сөз жасалғандығы анықталды.

Ескерткіш мәтінінде араб-парсы сөздері көп кездеседі. Орта ғасырлық тілдің сөздік құрамында да кірме сөздер орын алған. Түркі халықтарының өзге тілден сөз қабылдауын көптеген ғалымдарымыз еңбектерінде атап өтіп отырды. Дастан дидактикалық шығарма болғандықтан, оның сөздік қорында араб-парсы тілінен енген сөздердің қолданылуы тіл тарихында кездесетін

тарихи құбылыс. Тарихи деректер көрсеткендей, IX ғасырдан бастап, түркі топырағында ислам діні кеңінен таралды. Соның нәтижесінде орта ғасыр ақындары өз шығармаларында араб және парсы сөздерін қолданған. Ал, көшірмешілер түркі сөздерін басқа кірме сөздермен өзгерту мен алмастыруды мақсат тұтуы да мүмкін. Ескерткіш мәтініндегі қолданылған кірме сөздер шамамен: зат есім 186, сын есім 53, сан есім 2, етістік 20, шылау сөздер 6, үстеу сөздер саны 5.

Статистикалық талдау жасаудың нәтижесінде ескерткіш тілінде зат есім түркі сөздеріне қарағанда араб сөздері көп жұмсалғандығын, керісінше етістікте араб сөздеріне қарағанда түркі сөздері басым қолданылғандығын байқаймыз. 89 сын есім түркі сөздері болса, 53 сөз араб-парсы тілінен енген сөз. Сан есімдер ескерткіш тілінде аз кездескенмен, басым көпшілігі түркі сөздері болып табылады. Үстеу, шылау сөздерінде түркі сөзформалары басым.

Біз зерттеу жұмысымызда түркі және кірме сөздердің пайыздық қатынасын былайша көрсетуді жөн көрдік:

Ескерткіш	Түркі сөзі	Араб-парсы сөзі	Барлығы
Һибат-ул хақайық	557/67,19%	272/32,81%	829/100%

Ескі түркі тіліне ортақ зат есім сөздердің қазақ тілімен салыстырғанда, дыбысталуы жағынан ұқсас жақтарымен қатар айырмашылықтары да бар. Мәселен, қазіргі кезде қолданылмайтын көнерген сөздердің түбірлері сақталып қалған. Көне элементтер мен жаңа элементтер қатар қолданылады. Біршама зат есімдер лексика-семантикалық жағынан бастапқы мағыналарын жоғалтып, қолдану өрісі тарылған болса, енді біреулері көп мағыналыққа ие болған. Кейбір сөздердің уақыт өте келе алдынан дыбыстар жалғап алуы флексия құбылысының түркі тіліне де қатысты болғандығын дәлелдейді. Ескерткіш тіліндегі тәуелдік жалғауы мен көптік жалғауы қазіргі қазақ тілімен айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, септік жалғауларында кездесетін өзгешеліктерді көрсеттік.

ҺХ-та кездесетін араб-парсы сөздері әуелгі мағыналарын сақтаған. Уақыт өте келе бұл кірме сөздердің біразының мағыналары, тұлғалары өзгеріп, басқаша мәнге ие болғандары да бар.

Сын есім – біразы ешбір өзгеріссіз, бірқатары әртүрлі өзгерістерге ұшырап, қазіргі дәуірімізге жетіп отыр. Бұл барлық сөз таптарына тән заңдылық. Бір сөздердің көнеріп, енді бірі байырғы түбірлердің көптеген сөздердің жасалуына негіз болғандары бар. Кейбір сын есімдер қазіргі тілмен салыстырғанда соңындағы жұрнақтарынан айырылып қалған. Бірақ бұл заңдылық барлығына тән емес. Сын есімдердің барлығы бір, екі буынды. Көбі басқа сөз таптарынан ауысып, сын есім мәніне ие болғандар. Әсіресе есімше, қимыл есімдерден сын есімдер көбірек жасалған. Ескерткіште сын есімдердің кеңінен қолданылуына, сын есім қатарларының молаюына жол ашатын мүмкіндіктердің бірі – араб-парсы сөздерінің кең көлемде жұмсалуында. Араб-парсы сөздерінің көпшілігі қазіргі кезде

қолданылмайды. Тілімізде сақталып қалғандары айтарлықтай өзгеріске түспеген.

Кейбір сөз таптарына қарағанда XI-XII ғасырларда етістіктер бір жүйеге түскен, сөздік құрамы жағынан біршама дамыған сөз табы болып табылады. Қазақ тілі етістіктеріне тән белгілер сол дәуірлердегі ескерткіштер тілінен де байқалады. Сонымен қатар, ҺХ-та қолданылатын етістіктердің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда, морфологиялық жағынан, семантикалық жағынан елеулі айырмашылықтарының бар екені анықталды. *Сүр* етістігі қазіргі кезде жеке-дара қолданылмайды. *Тирил* етістігі ҺХ-та *өмір сүр, тіршілік ет* дегенді білдірсе, қазіргі кезде *тірілу, жан кіру* мағынасында жұмсалады.

Зерттеу жұмысымызда етістіктің етіс, рай, есімше, көсемше, қимыл есім категориялары сөз болды. Олар қазіргі қазақ тілімен салыстырылып, ұқсастық және айырмашылықтары анықталды.

Сан есімдер ескерткіште аз кездесті. Олар фонетикалық пішінін көп өзгертпей сақтаған. ҺХ-тағы есептік, реттік, бөлшектік, болжалдық сан есімнің түрлері талданды. Сонымен қатар, монғол сөзі *түмен* он мыңды білдірсе, парсы тілінен енген *һазар* сөзі мың сан есімінің орнына бір жерде қолданылған. Көне дәуір ескерткіштерінен айырмашылығы *йетти, секкиз, оттуз* сөздерінде дауыссыз т, к дыбыстары қосарланып келеді. XI ғасырлардан бастап санаудың жаңа үлгілері, қазіргі түркі тілдеріне тән үлгілері пайда болды. Санаудың Орхон-Енисей жазбаларының тіліне тән үлгілері тек сары ұйғыр тілінде сақталып қалған. Реттік сан есімдердің бұл дәуірлерде *-инч* пен *-инчи* тұлғалары аралас қолданылады. *-ынч* қысқа жұрнағы руникалық жазбалардан өзге ұйғыр, манихей мәтіндерінде кездеседі. ҺХ-та көне *-ланчи* жұрнағы арқылы жасалынған бір ғана *төртиланчи* сөзі кездесті. Бөлшектік санды білдіретін *мыңында бири* қазіргі кезде *мыңнан бірі* түрінде қолданылады.

Ман, сан, ол, биз сияқты есімдіктердің баяндауыш қызметіндегі есім сөздерге немесе етістіктерге тіркесіп келуі олардың постпозициялық қолданыста болғандығын дәлелдейді. Жіктеу есімдіктердің көне түрлерінің бәрі де қазіргі түркі тілдерінде сақталған. Тіпті араб-парсы тілдерінен енген есімдіктер қазіргі түркі тілдеріндегі қолданыста бар.

Жазба мәтіндегі үстеулер түбір және қосымшалы болып келеді. Үстеудің қосымшалары көнелігімен және әртүрлілігімен ерекшеленеді. Кейбір үстеулер көмекші есімдердің орнына жүрген.

Шылаулардың көне формасы мен жаңа формасы бірдей қолданылған. Кейбір шылаулар септік жалғауларын қабылдап, үстеудің де қызметін орындаған. Ескерткіштегі шылаулардың қолданылу жағынан қазақ тілімен салыстырғанда айырмашылықтарын да көрсеттік.

ҚОРЫТЫНДЫ

Орта ғасыр дәуіріндегі әдеби мұраларда тек ғана қараханидтік жазба әдеби тілінің дәстүрін ығыстыру емес, сол мұраның пайда болу жерінде қай тілдің өкілі көбірек қоныстануына байланысты ол мұралар бірде қыпшақ тілінің элементтерін ығыстыра отырып, оғыз тілінің негізінде жазылған. Кейде оғыз тілінің элементтерін ығыстыра отырып, қыпшақ тілінің негізінде хатқа түскен.

Ескерткіш тілінің көшірмешілер тарапынан түркі сөздерінің түркі сөздеріне өзгертулерінің басты себептері мынадай болған. Орта ғасыр заманында архаизмдерге айнала бастаған сөздерді көшірмешілер жалпы халықтық сөздерге ауыстырып жіберіп отырған. Көшірмешінің қолына түпнұсқа түспеген, өзінің алдындағы көшірмешінің қолжазбасын түсінбеген жағдайда өз жанынан сөз қосып жіберуге мәжбүр болған. Жалпы, сөз қолданысын, сөз мағыналарын, сөз тіркестерін дұрыс түсінбегендіктен, өзге түркі және араб-парсы сөздерімен алмастырып отырған. Нақты мағыналы сөздерді ауыспалы мағыналы сөздермен ауыстырып қолданған. Кей жағдайда шығарманың идеясына, мазмұнына, мәніне аса назар аудармағандықтан, өзгертулер енгізген. Ескерткіш нұсқасының ұйғыр көшірмешілері оғыз элементтерін көп өзгертіп қолданған. Сол себепті, авторлық түпнұсқадан ауытқушылық орын алған. Көшірмешілердің автор қолданған жеке сөздерді бірде сөз тіркесіне айналдырып, бірде керісінше ақын қолданған сөз тіркестерін жеке сөздерге айналдырып жіберген тұстары көп. Кей ретте тіпті сөз тіркесі құрылымын өзгертіп, басқаша құрылым түзіп отырған. Бір бәйіт жолында екі бірдей тіркеске өзгеріс жасалғанын да айқындап, талдадық. Алайда әр тіркестің жекелеген сөздері ғана алмастырылған. Өңделген тіркестердің қай-қайсысы да көшірмешілердің кейде салғырттығын көрсетсе, кейде білімсіздігін айқындап, олардың өз ісіне, көбіне жауапсыз қарайтындығын аңғартты.

Фонетикалық тұрғыдан көрсетілген тілдік ерекшеліктердің бәрі де орта ғасырда өмір сүрген түркі халықтарының тілдеріне тән тілдік элементтер. Түркітанудағы зерттеу еңбектерінде көрсетілгендей, **й** – оғыз тілдері мен қарлұқ-ұйғыр тілдеріне, **ж** – қыпшақ тілдеріне тән белгі ретінде саналады. Яғни, ескерткіш тілінде оғыз және қыпшақ тілдерінің элементтері жарыса қолданылған деген пікірді қолдаймыз.

Жазба дастан тілін фонетикалық тұрғыдан қарастырғанымызда оғыз, қарлұқ-ұйғыр, қыпшақ элементтерінің **д** дыбысы мен **й** дыбысының қатар қолдануымен де ерекшеленетінін байқадық. Ескерткіште **j** дыбысының **д** дыбысына алмасқан тұстары да ұшырасады.

Сөз соңындағы **ш** – оғыз тілдерінің белгісі, **с –** қыпшақ тілдерінің белгісі ретінде есептелінеді. Дегенмен, кейбір қыпшақ тілдеріне жататын татар, башқұрттардың сөз соңында **ш** дыбысымен сөйлейтіні де анықталған. Оның себебі оғыз бен қыпшақ тайпалары бұрыннан қарым-қатынаста болған. Халықтардың өзара араласуы тіліне де ықпал жасаған.

Орта ғасырдың «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші қыпшық, оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдеріне тән тілдік элементтердің негізінде жазылған. Осы ескерткіште қай тілдің элементтері басым түсетіндігін айқындап көрсетуде грамматикалық формалардың атқаратын рөлі өте зор. Дастанда архаизмдер өте көп кездеседі. Көне тілдік грамматикалық формалар жалпытүркілік формалармен алмасып қолданылып отырған. Жазба мәтінде бір диалектілік элементтер, екінші диалектілік элементтермен жарыса жұмсалған. Дастанның нұсқаларында бір жұрнақты екінші бір жұрнақпен ауыстыру фактілері жиі ұшырасады. Ескерткіш нұсқаларында кейбір жұрнақтарды жалғаулармен алмастыру фактілері де кездеседі. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей ескерткіш тілінде қыпшақ тілінің элеметтерінен гөрі оғыз тілінің элеметтері басым келеді. Сол себепті жазба ескерткіштің тілін оғыз-қыпшақ тілінде жазылған деп тұжырымдаймыз.

Ескерткіш тілінде ұшырасатын морфологиялық біраз тұлғалардың қолданысы дастанның жанрлық-стильдік сипатына да қатысты екендігі белгілі. «Һибат-ул хақайиқ» – поэтикалық дүние, ал поэзияда дәстүрлілік пен консервативтік орын алатындығын айта кеткенді жөн көрдік.

Жазба ескерткіш тілінде сөз тудырушы жұрнақтардың мына түрлері жиі ұшырасады: 1) есімдерден есімдер тудыратын жұрнақтар; 2) етістіктерден есімдер тудыратын жұрнақтар. Сонымен қатар үстеу жасайтын жұрнақтар да орын алған. Біз зерттеу барысында «ХҺ» ескерткішіндегі кейбір жұрнақтар сөз жасау процесінде көбірек қолданылса, кейбіреулерінің жұмсалу аясы тар бірлі-жарым сөздердің құрамында кездесетінін байқадық. Яғни, сөз тудырушы жұрнақтардың өнімді, өнімсіздігін көруге болады.

Кейбір сөз тудыратын жұрнақтың беретін мағыналары ескерткіш тілі мен қазіргі қазақ тіліне ортақ. Олардың ерекшелігі тек фонетикалық формасында ғана.

Ескерткіштің аралас тілде жазылғандығы және онда оғыз-қыпшақ элементтерінің басым екендігі осы көп варианты жұрнақтарды қазақ тілімен және басқа түркі тілдерімен салыстырғанда анық байқалды. Сонымен, зерттелініп отырған ескерткіш тілінде сөз тудыратын жұрнақтар қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ болып табылады.

Жазба тілдегі архаизмге айналған сөздердің бірсыпырасы фонетикалық ерекшелігімен қазіргі қазақ тілінде қолданылғанымен, кейбіреулері мүлде кездеспейді.

Ахмед Йүгінеки өзінің дастанында айтқалы отырған ойына екпін жасау үшін «біл», «кел» сияқты қыстырма сөздерді жиірек қолданады. Бұл бір жағынан автордың өзіндік ерекшелігін де көрсетіп тұрады. Көшірмешілер автордың «кел» деген қыстырма сөзін бұйрық райдың **-ғыл** тұлғасымен шатастырған. Ол жұрнақты алдында тұрған «ал» етістігіне жалғап, жаңа сөз тудырған. Яғни алғашқы сөйлемнің соңғы сөзі мен екінші сөйлемнің басқы сөзін біріктіріп жіберген. Автор «ақыл-кеңесімді ал» десе, оны көшірмешілер «ақыл-кеңесімді алғыл» деп жұмсартады. Ақын «Ойлан, өзіңе-өзің кел, амал-айлаға жүгіне берме» десе, көшірмеші «амал-айлаға жүгінбе» деп қысқа айтады.

Ескерткіш тіліндегі септіктердің қызметі қазіргі түркі және қазақ тілдеріндегідей. Ескерткішке тән ерекшелік – бұл септік қосымшасының толық және ықшамдалған екі вариантының қатар қолданыла беретіндігі. Бұндай құбылыс ескерткіш тілінің әртүрлі диалектілік негізде болғандығына немесе көшірушілер мен кейінгі кезеңдердің тіл ерекшеліктеріне қатысты орын алған деп есептейміз. Сонымен қатар, дастанның жазылған дәуірі мен көшірмешілердің өз ортасында қолданылған тілдік нормаларға сүйеніп көшірілгенін байқауға болады. Септік жалғауларының қосымшалары тілдің тарихи даму барысында мынадай өзгерістерге түскен: дауыссыздар ұяңданған, дауыстылар қысаңданған, жіңішкерген.

Кейбір септіктердің қосымшалары уақыт өте келе түбірге жалғанбайтын болған немесе өлі формаға айналып, негізге сіңісіп кеткен. Мысалы: қойун, төрүн, барын, қосын, бирин, онун, мыңин т.б.

Сын есім сөздер ескерткіш тілінде белгілі бір заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түр-түсін анықтап көрсету үшін қолданылған. Ескерткіш тіліндегі сын есімдердің қосымшалары қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда атқаратын қызметі мен білдіретін мағынасында айтарлықтай айырмашылық кездеспейді. Дегенмен де, *едиз, артақ, ахы, көни, кертү, қыз* т.б. сын есімдері қазіргі қазақ тілі тұрғысынан архаизмдерге айналған.

Сан есімдердің бірлік, ондық, жүздік сандардағы морфологиялық құрлымы, жасалу жолдары, қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдердің жасалу жолына өте жақын.

Көшірме мәтініндегі есімдіктер лексика-морфологиялық құрылымы жағынан қазіргі қазақ және жалпы түркі тілдеріне ұқсас болып келеді. Есімдіктер негізінен қыпшақ тілінің тұлғасымен келген, көнерген тұлға кездеспейді.

Жәдігер тілінде қолданылатын етістіктердің қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда морфологиялық және семантикалық жағынан айырмашылықтары бар екендігі анықталды. Ескерткіш тілінде жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктер, күрделі етістіктердің бірқатары ауыспалы мағынаны білдіретін бейнелі тіркестер екені байқалады. Етістіктің шақтық көрінісі аз-кем архаистік тұлғаларды есептемегенде, негізінен морфологияның қыпшақтық сипатын танытады. Ескерткіштің талданып отырған нұсқаларындағы етіс тұлғаларының, есімше, көсемше қосымшалары негізінен қыпшақ тіліне сәйкес келеді.

Жазба мәтінде кездесетін мезгіл, мекен, мөлшер, сын-бейне, себеп-мақсат үстеулердің лексика-морфологиялық ерекшеліктері қазіргі қазақ тілімен бірдей. *Кечә, күндүз* сияқты бірді-екілі тұлға ұйғыр ескерткіштеріне тән екендігі мәлім, яғни бұл көне түркі жазу дәстүрінің аз-кем көрініп қалуын танытады. Сонымен қатар, араб пен парсы тілінен алынған үстеу сөздер ескерткіш мәтінінде ұшырасады. Үстеулер түбір жағынан да, қосымшалардың көнелігімен де ерекшеленіп, көмекші есімдердің де қызметін атқарған.

Ескерткіш нұсқаларында шылау сөздердің септік формасындағы және сөз тіркесі түріндегі қолданыстары жиі кездеседі. Орта ғасыр түркі жазба

ескерткіш тілінде кездесетін шылаулардың тұлғасы көне ұйғырлық, оғыздық, қарлұқтық болып келеді. Нұсқаларда орын алған шылаулардың ішінде *үчүн, соң, ара, ичрə, кидин* қазіргі қазақ тілінде сақталған болса, *бирла, өтрү, тапа, үзила* басқа қолданыстағы түркі тілдерінде кездеседі.

Сонымен, орта ғасырдың көркем туындысы – «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіші тілінде оғыз лексикасымен қатар қыпшақ, қарлұқ элементтері кездескенімен, олар сан жағынан аз. Талдауларымыз көрсеткендей, таразыға салғанымызда, айқын басымдылық оғыз тайпаларының еншісіне тиеді. Сондықтан, ғалымдардың «Һибат-ул хақайиқ» тілінің негізі оғыз-қыпшақ әдеби тілі деген тұжырымына толық қосыламыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Hibetü'l hakayık (Atebetü'l- Hakayik Tercümesi). Çev.: Asım N. – Istanbul: 1918. –112 c.
2 Arat R.R. Atebetü'l- Hakayik. Ankara, 2006. – 163.
3 Махмудов Қ. Ахмад Югнакийнинг «Хибатул хақойиқ» асари хакида. – Узбекистон ССР «Фан» Нашриети. – Тошкент, 1972. – 299 с.
4 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. М.; Л.: Издательство АН СССР, 1951. – 459 с.
5 Бертельс Е.Э. Хибат ал – Хакаик Ахмеда Югнаки. – Труды САГУ. Новая серия. Вып.2. Ташкент, 1945.
6 Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: «Наука» Главная редакция восточной литературы, 1989. – 280 стр.
7 Иүгінеки Ахмет. Ақиқат сыйы. Құрастырушылар: Құрышжанов Ә., Сағындықұлы Б. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152б.
8 Жұбатова Б.Н. Мәтін лингвистикасының негіздері: оқу құралы/ Б.Н. Жұбатова, А.К. Ахметбекова. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 132 б.
9 Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 111б.
10 Günay D. Metin Bilgisi. İstanbul: Multilingual, 2007. – 528 s.
11 Türkçe sözlük. – Ankara, 2005. – 1382 s.
12 Gökçe B. Reşat Nuri Güntekin'in «Aşk Mektupları» Adlı Öyküsüne Metin Dilbilimsel Bir Yaklaşım. Turkish Studies 9(3), 725-743. - 2014.
13 AKBAYIR S. Metin Bilgisi: (Okuma, Anlama, Yorumlama, Çözümleme), Deniz Kültür Yayınları, Samsun. - 2004.
14 Лихачев Д.С. Текстология. Краткий очерк. – Москва.: Изд-во Наука. – 1964. – 102 с.
15 Шамсиев П. «Научно-критический текст Хамса Новой» Ташкент, 1970.
16 Додалишаев Д.Ж. «Поэма «Хафт и Манзар» Хатыфы и ее научно-критический текст». Душанбе, 1974.
17 Рашидова М.Х. «Текстологические исследования произведения Алишера Навои «Назмул Джавахир»» АКД, - Ташкент, 1991.
18 Ругия Г.К. «Подготовка научного текста, текстологические исследование и комментирование труда Фридун-Бека Кочарли» АКД, - Баку, 1981.
19 Галяутдинов И.Г. «Тарих-наме и булгар» Таджетдина Ялсыгулова / лингвотекстологический анализ списков памятника. Фонологические интерпретаций графики, морфология/АКД, - Москва, 1977.
20 Сыздық Р. Текстология мәселелері // Қазақ әдебиеті. –1964. – 27 март.
21 Әбілқасымов Б. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілінің жазба мұралары. - Алматы, 1988. – 144 б.
22 Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тексті. - Алматы, 1990.

23 Жұбанов Е., Малбақов М. Қозы Көрпеш – Баян сұлу эпосының текстологиясы. – Алматы: Ғылым, 1994. – 144 б.
24 Сарыбаев Ш., Құрышжанов Ә. Халық жырларының текстологиясы. ҚазССР Ғылым Академиясының Хабаршысы. – 1959. – №9.
25 Ибатов Ә. Абай тілінің сөздігін жасаудағы кейбір текстологиялық ескертпелер. //Қазақстан мектебі. – 1965. – №8.
26 Мұхамеджанов Қ. Бұхар жырау //ҚӘ. – 1982. – 30 июнь.
27 Келімбетов Н. Жыраулар поэзиясын сөз етсек //ҚӘ. – 1982. – 12 март
28 Өмірәлиев Қ. Иә, терең зерттеу қажет. //ҚӘ. – 1971. – 24 декабрь.
29 Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ.) текстологиясы (жәдігерліктің қазақ тіліне қатысы): Филол. ғыл. канд. дис.: - Алматы. – 2001. – 198 б.
30 Сағындықұлы Б., Тәшімбай С. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ) мәтіні. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 228 б.
31 Әнес Ғ. Текстологиялық зерттеулердің зәрулігі//әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ Хабаршысы. – 1999. – №33. – Б. 19-23.
32 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – 608 с.
33 Литературный энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1987. – 752 с.
34 Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1990. –1632 с.
35 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жауапты редакторы Ысқақов А.: 10 томдық. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9 т. – 560 б.
36 Қазақ совет энциклопедиясы / Жауапты редакторы Қаратаев М.Қ.: 26 томдық. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1977. – 632 б.
37 Қазақ әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
38 Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 543 б.
39 Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Жауапты редакторы / Аяған Б.: 10 томдық. – Алматы, 2006. – 700 б.
40 Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Жауапты редакторы Нұргелді У.: 15 томдық – Алматы: Арыс, 2009. – 750 б.
41 Кулжанова Б.Р., Ильясова Н.Б. Текстология ғылымының өзекті мәселелері //ҚазҰУ хабаршысы. - №2 (170), 2018. – 103-108 бб.
42 Кузьминова Е.А. Лингвистическая текстология. 2010. http://www.lomonosov-fund. ru/enc/ru/encyclopedia:01192:article; 9.11.2011.
43 Жуковская Л.П. Текстология и язык древнейших славянских памятников. – Москва, Наука. – 1976. – 302 с.
44 Панин Л.Г., 1988, Лингвотекстологическое исследование минейного Торжественника. Рукописи XIV–XVI вв., Новосибирск: Наука. Сибирское отделение.

45 Килина Л.Ф. О применении лингвотекстологического метода при проведении комплексного иследования языковых фактов русских летописей. – Москва, Наука. – 2010. – 235 с.
46 ÖZKAN B. Metindilbilimsel Bağdaşıklık ve Haldun Taner'in «Onikiye Bir Var» Adlı Öyküsünde Metindilbilimsel Bağdaşıklık Görünümler. Çukurova Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 13/1, S. 167, s. 168, 182. – 2004.
